

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 378.016:821.512.121-3

Қолжазба құқығында

МАХАШ ГАУХАР АБДУҒАППАРҚЫЗЫ

**XX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдеби сыны және оны оқыту
әдістемесі (1960-1990 жылдар)**

6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
атағын алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшілері:
филология ғылымдарының
докторы, профессор
Т.Н. Рахымжанов

педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент
Әрінова Бахыт Айтуқызы

Шетелдік ғылыми кеңесшісі
профессор Волкан Джошкун

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2016

МАЗМҰНЫ

Кіріспе -----	3
1 XX ҒАСЫРДЫҢ ІІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫ	
1.1 Кезеңдік әдебиеттану және әдеби сынның даму тенденциялары---	11
1.2 XX ғ. екінші жартысындағы көркем әдебиет сынының жанрлық ерекшеліктері-----	23
1.3 Сын және әдеби байланыстар-----	61
2 XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
2.1 XX ғ. екінші жартысындағы қазақ әдеби сынын оқытудың педагогикалық негіздері-----	70
2.2. Әдеби шығармаларды оқытудың әдістемелік жолдары --	102
2.3 XX ғ. екінші жартысындағы қазақ әдеби сынын оқытудың психологиялық және философиялық мәселелері -----	109
3 ӘДЕБИ СЫНДЫ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ	
3.1 Сын жанрын оқытудың тәжірибелік көрінісі-----	121
3.2 Әдеби сынды интерактивті оқытудың моделі -----	129
3.3 XX ғ. екінші жартысындағы қазақ әдеби сынын оқытудың эксперименттік нәтижелері -----	138
ҚОСЫМША -----	157
Қорытынды -----	173
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі -----	176

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта басқа қоғамдық ғылымдар секілді қазақ әдебиеттануы да өзінің жеке ғылым саласы ретіндегі қалыптасу, даму жолындағы жетістігі мен кемшілігіне қайта үңіліп, әділ баға беруге ұмтылуда. Мұның өзі ұлттық әдебиеттанудың бастан өткізген негізгі кезеңдерін, яғни туу, қалыптасу дәуірлерін арнайы зерттеудің, шығармашылық кескін-келбетін, әдіснамалық мәселелерін ғылыми тұрғыда саралаудың шешуші қадамы болып табылады. Қазақ әдебиеттану ғылымы қиын-қыстауға толы ұзақ та күрделі тарихи жолды бастан кешірді. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен айтқанда: «Тәуелсіздік бізге бұрын соңды көрмеген орасан зор мүмкіншіліктер берді. ... Біздің санамызды, зейін-зердемізді, жанарымызды тұмшалап келген бірталай көнерген сарқыншақтардан, теріс пайым-ұғымдардан арыла алмағанымызға да күмән жоқ» [1]. Расында, азаттыққа қол жеткен соңғы жылдары әдебиетіміз бен тарихымызды зерделеуде жаңаша көзқарастар қалыптасып, дұрыс та, келешегі зор бағыттарға бет бұрдық. Әдебиет - қоғамдық өмірдің айнасы, әрі халықтың рухани деңгейінің даму көрсеткіші болатындықтан, мемлекет үшін айрықша маңызды мәселе. Өйткені, әдебиеттану саласындағы іргелі ізденістер жүзеге аспайынша, жалпыхалықтың санасына Отаншылдық, елдік сезімін сіңіру оңай емес. Қай халық болмасын әлемдік өркениетке өз ұлттық құндылықтары арқылы жетеді. Қоғамның рухани-көркемдік дамуына үлес қосып, халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтауда әдебиеттің маңызы ерекше зор. ХХІ ғасырға аяқ басқан қазақ әдеби сыны да жан-жақты өсіп, жанрлық жағынан жетілген, мақсат-мұраты мен атқарар қызметі айқындалған, кез келген елдің әдебиет сынымен иық теңестіре алатын, кей сәтте талдау мен ой-толғау жағынан ағалық жасайтын парасатты да байсалды, салмақты да салиқалы сипатымен ерекшеленеді. Әдеби сынның жеке ғылым, өнер деңгейіне көтерілуіне орай оның өзіндік ерекшеліктері, мазмұны мен түрі, жазылу стилі, басқа да заңдылықтары, яғни теориялық сыр-сипат, айырым-белгілері болатындығы ескеріліп, қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуы жайлы зерттеулер жасалып, еңбектер жазылуы, сөз жоқ, игі нышандардың белгісі. Сондай-ақ, сынның туу алғышарттары, қалыптасу жағдайлары, даму ерекшеліктері жайын, бір сөзбен айтқанда, қазақ әдебиеті сынының тарихын жүйелеу, жанрлық сипаттарын айқындау бағытында ғылыми тұрғыда сарапталған көлемді де салмақты еңбектер жарық көрді. Бұл тұрғыда, М.Қаратаев, Р.Нұрғалиев, С.Әшімбаев, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, З.Серікқалиев, Д.Ысқақов, Ж.Дәдебаев, Б.Майтанов, т.б. ғалымдарымыздың зерттеу еңбектері қазақ әдебиеттануына қосылған сүбелі олжа болмақ. Дегенмен, қазіргі қазақ сыны бірден осындай қалыпқа жеткен жоқ. Бұл жолда сан қилы өсіп, жетілу сатыларынан өтті. Кейде қанатын кең жайып,

қарыштай өркендесе, енді бірде тоқтамаса да тоқырап, саясат сойылын соғып, соның ығына жығылған кездер де болды. Бұл процесс – тарихи шындық. Сондықтан да қазақ әдеби сынының жеткен биігі мен бүгінгі деңгейін, кемшіліктері мен олқы тұстарын саралап, салмақтап отырудың маңызы зор. Мұның ұлттық сөз өнерінің даму жолдары мен эстетикалық, көркемдік-идеялық мұраттарын айқындап, болашақ бағытын белгілеп беріп отыруға тигізер септігі айрықша.

Осы тұрғыдан алғанда, ХХ ғасырдың екінші жартысындағы кезең қазақ әдебиетін салыстырмалы-тарихи теориялық және сын тұрғысынан зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектері бүгінгі таңда арнайы қарастыруды талап етеді. Өйткені, оларды танып, білу арқылы сол кездегі әдебиеттанудағы ғылыми ізденістерді саралауға мүмкіндік туады. Ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің әркелкілігін, ағымдардың пайда болып, өркендеуін, қаламгердің әдеби мұра қорына қосқан үлестерін анықтауда ғылым жолындағы ар тазалығын сақтап, әдебиеттің дамуына ерінбей еңбек еткен, қазақ әдебиетінің көркемдік сапасын саралауда сын жанрының өрістеуіне өз үлесін еселей қосқан ғалым әдебиетшілер аз емес. Олар Кеңес дәуірі кезеңіндегі қазақ әдебиетінің әр түрлі мәселелерін өз еңбектеріне арқау етті. Қазақ ғалымдарының әдеби-сын саласында атқарған еңбектері әдебиеттану төрінен лайықты орын алып, сын жанрының көркеюіне қомақты олжа салды.

Қазақ әдебиеті сынының жеке сала ретінде қалыптасуы мен өркендеуіне үлес қосқан, оның жанрлық сипаттарының дамуына атсалысқан сыншыларымыздың еңбектерін атап көрсетуге, мән-мағынасын ашып түсіндіруге тырыстық. Ұлттық әдебиетті зерттеу және оны зерттеуші ғалымдарымыздың еңбегін лайықты саралап, тиісті бағасын беру, әдеби шығармалардың ұрпақ тәрбиесіне игі әсерін атап көрсету – уақыт талабы. Әдеби сыни мақалаларды зерттеуде, оның жас жеткіншектерге жете түсіндіру әдістемелерін ұсынуда қазақ ғалымдарында М.Қаратаев, Т.Нұртазин, С.Қирабаев «Қазақ совет әдебиеті» (1970), Қ.Жұмалиев «Қазақ әдебиеті». (8-класқа арналған оқулық, 1979), А.Көшімбаев «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» (1969), Ә.Қоңыратбаев «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері» (1962), С.Қирабаев «Мектеп және қазақ әдебиеті» (1979), Т.Ақшолақов «Көркем шығармаға талдау жасау» (1983), Қ.Тасболатов «Әдебиет сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары» (1974), Қ.Бітібаева «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» (1990) т.б. еңбектер жарық көрді. Зерттеуде көркем шығармалардың жас жеткіншектерге адамгершілік, рухани, патриоттық тәрбие берудегі ықпалы педагогика саласында ерекше орны бар ғылым екені көрсетіледі. Әдебиет пәні арқылы тұлға қалыптастыруда ұлт көсемдерінің еңбектері, әдістемелік тұжырымдары, пікірлері басты назарды болды.

Зерттеу жұмысының өзектілігі осы аталған мәселелерден туындайды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. XX ғасырдың 60-90 жылдарындағы қазақ әдебиеттануы мен әдеби сынның даму барысын зерделеу үшін Еуропа және орыс зерттеушілері мен ғалымдары М.М.Бахтин, А.С.Бушмин, В.Белинский, М.Горький, А.В.Луначарский, В.М.Крюков, Л.А.Булаховский, О.П.Пресняков, В.В.Юдинцев, В.С.Библер, П.А.Николаев, А.С. Курилов, С.И. Машинский, Л.М.Землянов, В.В. Виноградов сияқты ғалымдардың ой-пікірлерін назарға ала отырып, маңыздыларына тоқталып өттік. Әсіресе, орыс әдебиетінің айтулы сыншылары – Белинский, Добролюбов, Плеханов, Луначарский еңбектерінің маңыздылығына баса көңіл аудардық. Содан кейін әр жылда жарық көрген «Проблемы литературной критики», «Проблемы развития литературной критики», «Русская литературная критика 70-80 г.г. XIX века» (В.Н. Коновалованың редакциясымен шыққан монография), «Литературно-критическая деятельность русских писателей XIX в.», «Русская литературная критика» (Вопросы истории, теории, методологии) атты ұжымдық еңбектерде орыс әдебиеті сынының қилықилы мәселелері жан-жақты қарастырылған. Оның ішінде В.И.Кулешовтің, В.П.Муромскийдің, Б.Егоровтың т.б. еңбектері жоғары бағалануға лайық. Бұл еңбектерді әлемдік әдебиеттанумен қатар салыстыра қарастырып шықтық. Батыс Еуропа әдебиеті сыны мен әдебиеттануы бойынша А.Эдгердің «История древнегреческой критики», Э.Грукердің «История литературных и эстетических доктрин в Германии», Э.Тиссонның «Эволюция французской критики», XX ғасыр өкілдерінен Дж.Спингарнның «Об истории литературной критики Ренессанса», Ф. Брюнстьераның «Эволюция критической мысли от Ренессанса до современности», Дж. Сэнтсберидің үш томдық «История критики», екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жарық көрген АҚШ әдебиетшісі Рене Уэллектің құрастыруымен төрт томдық «История современной критики, 1850-1950» деген көлемді еңбектері басылып шықты. Сондай-ақ, Н.Т.Нефедовтің «История зарубежной критики и литературоведения», «Зарубежное литературоведение и критики в 1988 году» еңбектерінің маңызы зор болды.

Бұл еңбектерді қазақ әдебиеті сынының даму процесімен сабақтастырып, ұлттық әдебиеттануды биік деңгейге дейін көтерген ұлы ағартушы А. Байтұрсынұлынан бастап, Қ.Жұмалиев, Т.Нұртазин, М.Әуезов, М.Қаратаев, М.Базарбаев, З.Ахметов, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Ш.Елеуқенов, С.Қасқабасов, Х.Сүйіншәлиев, Т.Тоқбергенов, Т.Кәкішев, Д.Ысқақов, Ж.Тілепов, Б.Майтанов, Б.Ыбырайымұлы т.б.ғалымдарымыздың еңбектері қарастырылды. Өткен Кеңестік дәуірде әдебиеттанудың партиялық принциптің қатаң бақылауында болғандығы тарихтан белгілі. Заман қыспағына қарамай, төл әдебиетіміздің биікке көтерілген тұсы – осы тұс. Қазақ қаламгерлерінің көркем туындыларының інжу-маржандары осы кезеңде өзінің барша ұлттық ерекшелігімен әлем халықтарына танылды. Қазақ әдебиеттануы ғылым ретінде қалыптасты. Әдебиет тарихы, әдебиет теориясы және сыны өркендеп, әлемдік әдебиет үлгілерімен сабақтаса

отырып, өзінің ұлттық дәрежесін көрсететін құнды дүниелер өмірге келді. М.Әуезов, І.Есенберлин, Ә.Әлімжанов, М.Мағауин, Ә.Кекілбаев, Ә.Нұрпейісов, Т. Әлімқұлов, С. Жүнісов, Д. Исабеков, т.б. жазушылардың шығармалары ұлттық ой-сананың оянуына ықпал етті. Отыз жылдан астам уақытты қамтитын бұл кезең қоғам дамуы мен идеологиялық ұстанымның, ой-пікірдің алмасуы жағынан бірдей емес еді. Көркем әдебиет күрделі қоғам шындығын бастан кеше отырып дамыды. Коммунистік партия әдеби процеске басшылық жасады. А.В. Луначарский: «Кез келген халықтың қоғамдық ой-пікірінің дамуына, жалпы мәдениет тарихында әдеби сынның маңызы зор», - деп атап көрсеткен болатын [2]. Әдеби процестің ұлғаюы, жаңа туындылардың көбеюі оны зерттеп, ғылыми тұрғыдан бағалап отыратын әдебиет туралы ғылымның қалыптасып, дамуына ықпал жасады. «Әдебиетті жүйелі, жан-жақты қарастыру – әдеби сынның табиғаты», – деген профессор Д. Ысқақұлының пікірі орынды айтылған [3, 31-б.]. Ең алғаш қазақ әдебиетін жүйелі зерттеп, түгендеп көрсеткен еңбек – «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты 6 томдық еңбек болды. Ол 1960-1967 жылдары жұмыла жазылған қазақ ғалымдарының төл әдебиетін ғылыми тұрғыда танытатын алғашқы үлкен өнімді еңбектердің бірі болды. Әдебиеттің даму жолы белгілі жүйеге түсіп жинақталды. Әдебиет оқулықтары, ғылыми-зерттеу жұмыстар көптеп атқарыла бастады. М. Әуезов, С. Мұқанов, М.Ғабдуллин, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, А.Нұрқатов, Х.Сүйіншәлиев, З.Ахметов, З.Қабдолов, С. Қирабаев, Ә.Тәжібаев т.б. әдебиетіміздің дамуына зор үлес қосып, келелі зерттеулер жүргізді. Әсіресе, қазақ қаламгерлерінің поэзия, проза, драма жанрларының дамуы, бағыты, көркемдік келбеті, рухани құндылығы туралы сын-зерттеу еңбектері, әдеби портреттер, әр қаламгерлердің шығармашылық деңгейі туралы ауқымды еңбектер жарық көрді. М.Әуезов «Әр жылдар ойлары», С.Мұқанов «Халық мұрасы», Ғ.Мүсірепов «Суреткер парызы», М.Базарбаев «Әдебиет және дәуір», Р.Бердібаев «Биік парыз», Т.Кәкішев «Сын сапары», Ш. Елеукенов «Замандас парасаты», С.Әшімбаев «Парасатқа құштарлық», т.б. көптеген әдеби-сын зерттеулер оқырмандардың зәру мәселелеріне жауап берді. Зерттеулер сын тұрғысынан сарапталып, шығармалардың көркемдік деңгейі анықталды. Сыни талдаулар арқылы әр дәуірдің шығармалары, әр жанрдағы көркем шығармалары таныстырылады. Әдеби шығарманы талдаудың жалпытақырыптық мәселелеріне байланысты, әсіресе, оның сюжетін, композициясын, әдеби кейіпкерді, әдеби туындының идеялық-көркемдік қуатын танытуды мақсат еткен зерделі зерттеулер мен оны оқытудың әдістемелері жөнінде де құнды еңбектер жарық көруде. Орыс әдебиеттану ғылымында М.А.Рыбникованың «Очерки по методике литературного чтения»(1963), В.В.Глубоков «Методика преподавание литературы» (1962), Г.А.Гуковский «Изучение литературного произведение в школе» (1966), Л.И.Тимофеев «Основы теории литературы» (1971), Я.А. Роткович «История преподавание литературы в советской школе» (1976), А.И.Ревякин «Проблемы

и преподавания литературы»(1972), Т.А.Пахомова «Совершенствование методики анализа эпических произведений в старших классах» (1983), Н.И.Кудряшева «Преподавание литературы по новым программам» (1970), В.Ф.Чертов «Методика преподавания литературы» (2004), т.б. әдеби шығармаларды орта мектепте оқыту әдістемелері өткен ғасырдың 60 жылдарынан жүйелі зерттеле бастады. Жоғарыда атап өткен қазақ әдебиеті зерттеушілерінің сыни еңбектерінің нәтижесінде бірқатар оны оқыту әдістемелері де мерзімді басылымдарда, жекелеген мақалалар мен оқытушыларға көмекші құрал ретінде ұсынылды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. ХХ ғасырдың кеңес дәуірі әдеби процесіне үлес қосқан ұлттық рухани мұрасын түгендеп, көркем әдебиет сынын және Алаш зиялыларының сыни еңбектерін зерттеуде ғалымдарымыздың үлесін анықтау үшін диссертациялық жұмыста келесі мақсат, міндеттерді шешу көзделді:

– Кеңес дәуірі қазақ әдебиеттану ғылымына қатысты ғылыми еңбектерді тұтастай алып, кешенді жүйелеу арқылы ғылымның осы күнгі жетістіктері тұрғысынан жариялылық пен егемендікке орай пайда болған мүмкіндіктерді толық пайдалана отырып, қарастырып, тиісті ғылыми қорытындылар жасау;

– аталған кезеңдегі төл әдебиетіміздің зерттелуінің желісін әр жылдарда ғылыми еңбектер мен пікірлерді салыстыра көрсетіп зерделеу; Сын жанрының қалыптасып, дамуына 60-90 жылдар ғалымдарының зерттеулерінің игі әсерін талдап көрсету;

– сол көрсетілген дәуірдегі әдеби жанрлардың игерілуіне әділ баға беруге қол жеткізу; поэзия, проза, драма жанрларының дамуы туралы сыни еңбектерін сараптау;

– әдеби сын еңбектерін жаңа ғылыми көзқарастарға сай сараптаумен бірге зерттеушілер өмір сүрген дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік талаптарын ескере отырып, шынайы бағалау;

– әдебиеттанушыларының түрлі жанрларға қатысты ой-пікірлерін саралай отырып, ғылыми тұжырымдардың дәуір шындығын ашудағы маңызын көрсету;

– осы кезеңдегі қазақ әдеби сынындағы дәстүр жалғастығы, рухани сабақтастық сияқты әдеби құбылыстар мен ұғымдардың мәнін ашу;

– қазақ әдеби сынының туысқан елдер әдебиетімен байланыстарын нақты мысалдар арқылы дәйектеу;

– алаш әдебиеті өкілдерінің ақталу мен тәуелсіздік қарсаңындағы әдеби-сын жетістіктерін ғылыми тұжырымдау;

– әдеби сын еңбектерінің ұлттық педагогикамен сабақтас қырларын ашып көрсету;

– қазақ әдебиеті пәнін оқыту әдістемесінің қалыптасуы

– әдеби сынды оқыту арқылы жас жеткіншектердің қоғамдық көзқарасын қалыптастыру, өзіндік пікірін айта алу, дүниетанымын кеңейту,

шығармалардағы саяси-тарихи жағдаяттарға пікір білдіре алу қасиеттерін дарыту;

– ұлт тұлғасын қалыптастыруда көркем шығармалардың әсерін көрсету, ұстаз бен оқушы арасындағы шығармашылық байланысты қалыптастыру;

– көркем шығармадағы образдар арқылы ұрпақ санасына адамгершілік-рухани қасиеттерді сіңірудегі әдеби сынның ықпалы.

– әдебиет сабақтарында жоғарыда аталған мәселелерді тиімді әдіс-тәсілдермен көрсету жолдары.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертациялық жұмыста ХХ ғасырдың соғыстан кейінгі қазақ әдебиетін зерттеген ғалымдардың еңбектері ғылыми тұрғыдан жүйелі тұтас бірлікте салыстыра сараланды. Сол арқылы қазақ әдебиеттануындағы әр жылдардағы ғылыми көзқарастардың қалыптасу жолдары айқындалды. Әдеби сынның оқытылу әдістемелері, оның зерттелу, қалыптасу жолдары анықталады. Көркем шығармадағы сынның оқытылу әдістемелері арқылы ұрпақ тәрбиесін ізгілендіру, имандылық-адамгершілік қасиеттерді бойға сіңіру, сол арқылы ұлт патриоттарын тәрбиелеуге қол жеткізу жолдары айтылды. Мектеп қабырғасында әдеби образдар арқылы рухани мәдениетті қалыптастыру әдістемелері көрсетілді. Оқу жүйесіндегі өзгерістер мен дамулар арқылы әдеби сынның да педагогикалық ролі анықталды. Оны тиімді пайдаланудың жолдары қарастырылды.

Қазақ әдеби сынына байланысты отандық зерттеушілердің еңбектері тәуелсіздік кезеңдегі ғылыми ұстанымдар тұрғысынан жүйеленіп, оны оқыту әдістемелері арнайы диссертациялық зерттеу жұмысының өзегін құрады. Қазақ әдебиеттанушыларының өткен ғасыр руханияты мен қоғамның идеялық және әдеби-эстетикалық санасының дамуына қосқан үлесі, педагогикалық ықпалы жан-жақты тарихи-салыстырмалық тұрғыда зерттеліп, тиісті деңгейде бағаланды.

Қайта құру, жариялылық кезеңі, әдебиет қайраткерлерінің ақталуы және тәуелсіздік қарсаңындағы әдеби сын жанрларының жетістіктері, олардың ұрпақ тәрбиесіне тигізер оң ықпалы кешенді түрде ғылыми нысанға алынды.

Қазақ әдеби сынының әдеби байланыстар контекстінде қарастырылуы және оның ұлттық педагогика үдерістеріне үйлестіріле талдануы, оны оқыту әдістемелері – ұсынылып отырған жұмыстың негізгі жаңалықтарының бірі.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.

– ХХ ғасырдағы кеңес-қазақ әдебиеттануының көрнекті өкілдерінің шығармашылығы жайында және өткен ғасыр әдебиетіне қатысты әр жылдары жазылған ғылыми еңбектердің қазақ сөз өнерінің дамуына қосар үлесі елеулі;

– ХХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ қаламгерлерінің портреттерінің жасалуы, әдеби жанрлардың дамуы және олардың бағыттары мен ағымдарын анықтау барысында сыни еңбектердің маңызы;

– қазақ әдебиеттануындағы сын жанрының дамуы, оны оқыту әдістемесі негізінен партия белгілеген дәуір міндеттеріне сүйенді және өз заманының рухани талаптарына жауап берді;

– коммунистік жүйенің саяси қысымына қарамастан, қазақ әдеби сыны ұлттық сипаттарымен ерекшеленеді. Қазақ қаламгерлері баспасөз арқылы бүкіл қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге араласып, әдебиеттегі өзекті мәселелерді шешуге белсене араласты;

– қазақ әдеби сыны көркемдік дамуда ғана емес, жалпы қоғамдық ой-пікірдің өрістеуінде де маңызды роль атқарды.

– алаш қаламгерлерінің туындыларының ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы және ғылыми оралымға енгізуде қазақ әдеби сынының ролі басым болды.

– әдеби сында ұлттық педагогика және оны тиісті дәрежеде насихаттау, дамыту үдерісі айқын көрініс тапты.

– әдеби сын еңбектерінің ұлттық педагогикамен сабақтас қырлары сараланды;

– қазақ әдебиеті пәнін оқыту әдістемесінің қалыптасу жолдары анықталды;

– әдеби сынды оқыту арқылы жас жеткіншектердің қоғамдық көзқарасын қалыптастыру, өзіндік пікірін айта алу, дүниетанымын кеңейту, шығармалардағы саяси-тарихи жағдаяттарға пікір білдіре алу қасиеттерін дарыту сынды әдістемелер атап көрсетілді;

– ұлт тұлғасын қалыптастыруда көркем шығармалардың әсерін көрсету, ұстаз бен оқушы арасындағы шығармашылық байланысты қалыптастыру жолдары айқындалды;

– көркем шығармадағы образдар арқылы ұрпақ санасына адамгершілік-рухани қасиеттерді сіңірудегі әдеби сындының ықпалы айтылды.

– әдебиет сабақтарында жоғарыда аталған мәселелерді тиімді әдіс-тәсілдермен көрсету жолдары нақты мысалдармен сарапталды.

Зерттеу жұмысының ғылыми, теориялық, әдістемелік негіздері.

Диссертацияда көтерілген мәселелердің ғылыми негізделуі мен шешімін табу - әдебиеттану саласына қатысты зерттеу еңбектерге сүйене жүргізілді. Жұмыс барысында М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, М.Қаратаев, С.Қирабаев, З.Ахметов, З.Қабдолов, Ш. Елеукенов, Р.Нұрғалиев, С.Әшімбаев, Ж.Тілепов, С.Абдрахманов, Б.Әбдіғазиев, Ж.Дәдебаев, З.Бисенғали, Д.Ысқақов, Ж.Смағұлов, Ө.Әбдіманов, Б.Ыбрайымов, А.Көшімбаев, Т.Ақшолақов, Б.Әрінова, Қ.Тасболатов, Қ.Бітібаева, Б.Сманов, Р.Құтқожина, С.Мақпырұлы, Қ.Мырзағалиев, С.Қалиев, Ғ.Смағұлова, Т.Жұмажанова, Б.Жұмақаева, Н.Дөкенова, Г.Құрманбаева, т.б қазақ ғалымдары мен Ресей зерттеушілерінің тақырыпқа сай жазылған ғылыми пікірлері, ой-тұжырымдары негізге алынды.

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөзі ретінде А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М. Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ә.Тәжібаев, Б.Кенжебаев, М.Қаратаев,

Е. Ысмайылов, З.Қабдолов, Т.Нұртазин, А.Нұрқатов, З.Ахметов, С.Қирабаев, С.Әшімбаев, Ж.Әбдрашев, С.Сейітов, Ә.Жәмішев, Ж.Жұмаханов, А.Тоқмағанбетов, Т.Тоқбергенов, Р.Нұрғалиев, Ш.Елеуқенов, Ө.Тұрманжанов, З.Серікқалиев, Қ.Әбдқадыров, Б.Майтанов, Р.Бердібаев, Т.Кәкішев, Ф.Оразаев, А.Ісмақова, Т.Тебегенов, Д.Ысқақов, З.Бисенғалиев, Ө.Әбдіманов, Ж.Дәдебаев, С.Негимов, Д.Қамзабекұлы, Б.Омаров, т.б. сынды қаламгерлердің әдебиеттануға, әдеби-сынға қатысты зерттеулері нысанға алынды. М.Қаратаев, Т.Нұртазин, С.Қирабаев «Қазақ совет әдебиеті» (1970), Қ.Жұмалиев «Қазақ әдебиеті». (8-класқа арналған оқулық, 1979), А.Көшімбаев «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» (1969), Ә.Қоңыратбаев «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері» (1962), С.Қирабаев «Мектеп және қазақ әдебиеті» (1979), Т.Ақшолақов «Көркем шығармаға талдау жасау» (1983), Қ.Тасболатов «Әдебиет сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары» (1974), Қ.Бітібаева «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» (1990), Б.Әрінова «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы» (2004), Б.Сманов «Көркем шығарманы талдау әдістемесі» (2011) т.б. еңбектер әдеби сынның әдістемелерін зерттеуде қарастырылды. Бұлар - қазақ әдебиетінің барлық жанрында қалам тербеген ақын-жазушыларымыздың кітаптарына әдеби талдау жүргізген ғылыми еңбектер. Зерттеу барысында әдеби сынның педагогикалық ықпалы, алаш әдебиеті қайраткерлерінің асыл мұралары, олардың оқытудағы әдістемелік тәсілдері және әдеби ортада қалыптасқан жақсы дәстүрлерді құрметтей отырып, оларды игерту, ілгері дамыту ісіне қосылған бағалы еңбектері, тәжірибелері негізге алынды.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы:

Диссертациялық жұмыста ұсынылған тұжырымдарды жоғары оқу орындары мен орта, арнаулы мектептерде әдебиет сыны және оны оқыту әдістемелері, аударма теориясы мен практикасын оқытатын пәндерге дереккөз, әрі арнайы курс ретінде ұсынуға болады. Ғылыми жұмыс қазіргі кезең әдебиеттану ғылымына қатысты пікірлерді тереңдете түсінуге септігін тигізеді. Әдеби сын және әдебиеттер арасындағы рухани байланыс арқылы ұрпақ санасын тәрбиелеу әдістемесі педагогика саласындағы тың тұжырымдар мен ой-пікірлер қосымша оқу құралдары мен кезең әдебиетін оқыту бағдарламаларына қажетті еңбек болады деп санаймыз. Осы бағытта тереңдетілген арнайы курс сабақтарына пайдалануға мүмкіндік мол.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері. Жұмысты жазу барысында әдеби-теориялық, тарихи-салыстырмалы және объективті талдау үлгілері пайдаланылды. Әдістемелік нұсқаулар және оқытудың тиімді әдістері тәжірибелік көрініс ретінде алынды.

1 XX ҒАСЫРДЫҢ ІІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫ

1.1 Кезеңдік әдебиеттану және әдеби сынның даму тенденциялары

Қазіргі кезеңде мемлекетіміз білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бұл педагогика тарихы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр, себебі, білім беру жүйесі өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Тәуелсіз еліміз ширек ғасыр ішінде төл мәдениетімізді, салт-дәстүр, мәдени мұраларымызды жинақтап, қайта қарау мүмкіндіктеріне ие болдық. Әр халықтың өзінің құндылықтары арқылы елдігі, халықтығы танылар болса, қазақ халқының да ұлттық сипаттары – тілі, әдебиеті, тарихы, сал-дәстүрі тереңге тамыр жайған мәңгілік қазынасы. Қазақ мәдениетінің өркениет көшіне ілесуіне айтарлықтай әсер ететін факторлардың бірі – төл әдебиетінің дамуы. Қазақ әдебиеттануы да өзінің жеке ғылым саласы ретіндегі қалыптасу, даму жолындағы жетістігі мен кемшілігіне қайта үңіліп, әділ баға беруге ұмтылуда. Мұның өзі ұлттық әдебиеттанудың бастан өткізген негізгі кезеңдерін, яғни туу, қалыптасу дәуірлерін арнайы зерттеудің, шығармашылық кескін-келбетін, әдіснамалық мәселелерін ғылыми тұрғыда саралаудың шешуші қадамы болып табылады. Қазақ әдебиеттану ғылымы қиын-қыстау кезеңге толы ұзақ та күрделі тарихи жолды бастан кешірді. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың қолдауымен еліміз өзінің рухани мұраларын жинақтап, том-том ұлттық құндылықтарын жарыққа шығару мүмкіндіктеріне ие болды. Расында, тәуелсіздікке қол жеткен соң, кейінгі жылдары әдебиетіміз бен тарихымызды зерделеуде жаңаша көзқарастар қалыптасып, дұрыс та, келешегі зор бағыттарға бет бұрдық.

Әдебиет – қоғамдық өмірдің айнасы, әрі халықтың рухани деңгейінің даму көрсеткіші болатындықтан, мемлекет үшін айрықша маңызды мәселе. Өйткені, әдебиеттану саласындағы іргелі ізденістер жүзеге аспайынша, жалпы халықтың санасына халықтық, елдік сезімін сіңіру оңай емес. Қай халық болмасын әлемдік өркениетке өз ұлттық құндылықтары арқылы жететіні белгілі. Қоғамның рухани-көркемдік дамуына үлес қосып, халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтауда әдебиеттің маңызы ерекше зор. Академик З. Қабдоловтың: «Әдебиет – ақиқат өмірдің сырлы суреті, көркем тарихы», – деген пікірі рас сөз [4,25]. Ендеше, ұлттық әдебиетті зерттеу және оны зерттеуші ғалымдарымыздың еңбегін лайықты саралап, тиісті бағасын беру – уақыттың талабы.

Осы тұрғыдан алғанда, XX ғасырдың екінші жартысындағы кезең қазақ әдебиетін салыстырмалы-тарихи теориялық және сын тұрғысынан зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектері бүгінгі таңда арнайы қарастыруды талап етеді. Өйткені, оларды танып, білу арқылы сол кездегі әдебиеттанудағы

ғылыми ізденістерді саралауға мүмкіндік туады. Әдебиетті зерттеу – ауқымы зор еңбекті талап ететін іс. Ол жалпы әдеби процесті зерттеу бағытында және жекелеген көркем шығарма мен суреткер еңбегін бағалау арқылы жүзеге асырылады. Халқымыздың «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген даналық сөзінің жаны бар. Яғни, сынның дұрыс болуы, дамуы - әдебиетіміздің дамуының айқын көрінісі болмақ. Ал, әдебиеттің басқа көркемөнермен байланысы, қоғамдағы орны, әдебиеттер байланысы, көркем аударма, т.б. зерттеу бағыттары осылардан келіп туындайтыны белгілі. Қазақ әдебиетінің сан ғасырлық өркендеуі жолында біздің ғалымдарымыз соны ізденістер мен тың деректерге толы зерттеулерін жасауда бар қабілет-қарымын, білімі мен біліктілігін көрсетіп отыр.

Қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сыны өкілдерінің өсіп, әртүрлі бағытта, көптеген арналармен жедел дамып, қауырт көтерілген ең жемісті дәуірі – ХХ ғасырдың ІІ жартысы болды. Бұл кезең –Кеңес өкіметінің қатаң бақылауындағы, үнемі коммунистер саясаты мадақталып, әдебиетте, өнерде таптық көзқарастар байқалып тұратыны рас еді. Алаш қозғалысы, ұлттық мұраларымыз, фольклорлық шығармалардың біразы, ежелгі әдебиет туралы бір жақты көзқарастар болған. Дегенмен, тұтастай алып қарағанда, бұл кезеңдегі қазақ әдеби сыны жанр ретінде қалыптасып, әлем әдебиетіндегі, әсіресе, орыс Еуропа топырағындағы методологиялық тәсілдерді, түрлі мектептердің сабақтарын, ұлы ойшылдар, әдебиетшілер, сыншылар мұрасын біраз меңгеріп, оларды ұластыра дамытып, ұлттық өнерді талдап-бағалап, саралауда көп іс тындырды.

Әрбір кезең әдебиеті дамуына ықпал ететін тарихи-әлеуметтік жағдайлар болады. Әдебиеттің де, әдебиет туралы ғылым мен сынның да дамуына бұл тұста Сталиннің жеке басына табыну салтын сынау, демократиялық нормаларды қалыпқа келтіруге тырысу жайлы партияның нұсқаулары әсер етті. Бұрын қатып-семіп қалған коммунистік қағидалардың босаңсуы «жылымық» деп аталатын кезеңді туғызды. Одақтық әдебиет те, ұлт әдебиеттері де осы мүмкіндікті пайдаланып, өздерінің қордаланып қалған мәселелерін көтерді. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті 1957 жылы «Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеудің, сын тұрғысынан қарап пайдаланудың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулы қабылданды. Онда 50 жылдары жаппай сынға ұшыраған мәдени мұраны қайта қарау, сын тұрғысынан қарап, пайдалану жайы қозғалды. Бұл бұрынғы нигилистік көзқарасты қайта қарауға бетбұрыс болды. Осы мақсатпен 1959 жылы Ғылым Академиясында мәдени мұраға байланысты үлкен ғылыми конференция ұйымдастырылды. Конференция ұсыныстарына сәйкес қазақ халқының фольклорлық мұралары мен әдебиеті тарихының мәселелері жан-жақты зерттеле бастады. «Сын көзімен қарай» отырып, бұрын шығармашылығы қайшылықты делінген ақын-жазушылар еңбектері жайлы тың пікірлер туды. Осы тың, жаңа байламдарға сүйеніп, алпысыншы жылдардың басынан бастап, қазақ әдебиеті өзінің туу, қалыптасу, зерттелу

жайын сын тұрғысынан жинақтауды қолға алды. Газет-журналдар, ғылыми басылымдар, баспалар, жоғары оқу орындары, Ғылым Академиясының Әдебиет институты әдебиет сыны мен ғылымының өсуіне мұрындық болды. Жүздеген мақалалар жазылды, ондаған кітаптар, жинақтар жарыққа шықты, диссертациялық еңбектер қорғалды. Конференциялар мен пленумдарда, жыл қорытындыларында, жеке жанрларға, жеке кітаптарға арналған талқылауларда әдебиет мәселелері жан-жақты сарапқа түсті. Қысқасы, тар заманда кеңес заманының қыспағына қарамай көркем әдебиет, соның сыны мен ғылымы ұлттық рухтың негізгі ұраншысы бола білді. Әдебиет сыны басқа жанрлар сияқты өз арнасын тауып, тарам-тарам жолмен өрістей бастады. Жеке жанрлар мәселелері, бір қаламгер шығармашылығы, белгілі дәуір әдебиеті, текстология, библиография, фольклортану, әдебиеттер байланысы, анықтамалық энциклопедиялық еңбектер, оқулықтар, ұжымдық зерттеулер өрістеп, әдебиетші-сыншы, әдебиетші-ғалымдардың маманданған легі пайда болды.

Әдебиеттену ғылымының негізі – әдеби сын. Сын – әдебиеттің айнасы. Қашанда әділ сынға жүгініп, көркем әдебиеттің сипатын, даму жолын, бағытын байқаймыз. Сын - әдебиетті жан-жақты саралап, оқырманға талдап түсіндіретін сөз өнерінің күрделі түрі. Сынның мақсаты – өнер туындыларының тууы, оның оқырманның жанына, ішкі әлеміне әсер етуін анықтау және әдеби пікірталас, әдеби ағымдардың эстетикалық жарысын көрсетіп, жаңашылдықты айтып отыру. «Сын түзелмей –мін түзелмейді» деген, немесе «Сын шын болсын, шын сын болсын» деген қанатты сөздер осыдан келіп туған, яғни қоғамымыздағы көрінісі әдебиетте суреттелсе, сол шығарманың әділ бағасын беретін - сыншылар. Шынайы сын көркем шығармаларды талдау арқылы әдебиетті қалыптастырады. Бұл туралы А.Байтұрсынов: «Әдебиет алқасына кіретін шығармалар қара сөз, дарынды сөз болып екі айырылады. Сынға түскенде, мұның екеуі екі жүйе таразымен өлшеніп, сынға түседі. Қара сөздер, мейлі әуезе, мейлі әліптеме, мейлі байымдама болсын – ғылым таразысына түсіп, ғылым жүйесінің сынымен тексеріледі. Ғылым сыны ғылым жүйесіне дұрыс, теріс қарайды, шынында сондай нәрсе ме, топшылауы дұрыс па, дәлелдері толық па, сипаттары күшті ме деп, со жағынан тексереді», – деген болатын [5, 266-267-бб.]. Ал, «Әдебиеттану терминдер сөздігінде»: «Әдеби сынның негізгі міндеті шығарманы нақты тексеріп, жетістік-кемшіліктерін саралап, эстетикалық баға беру», – деген анықтама берілген. Ендеше, сынның көтерер жүгі ауыр, жазушы алдында үлкен жауапкершілікті талап ететін, ар алдындағы тазалықты талап ететін маңызды жанр.

Классикалық филологияда бірінші болып Буало сыналса, ол өз кезеңінің әдебиетін, яғни француз классикасының ерекшеліктерін анықтап, оны дәлелдеп көрсеткен. ХУІІІ ғасырда Германияда Лессинг, Францияда Дидро еңбектерінің мәні зор болды. Орыс әдеби сынының басы болып, В.Г. Белинский мойындалса, ол да өз уақытының әдебиетінің маңызды

шығармаларымен өз замандастарын таңғалдыра білген. Ұлы сыншы көркем әдебиет пен сөз өнерінің айырмашылығын дәлелдеген. В.Г.Белинскийдің шығармашылығы орыс әдебиетінің қалыптасуына тікелей әсер еткені тарихтан белгілі. Сонымен қатар, Писарев, Н.А.Добролюбов, Н.Г.Чернышевский т.б. әдебиетшілер орыс қоғамының рухани әлемін оятып қана қоймай, басқа халықтардың әдеби-мәдени жағынан дамуына ықпал етті. Пушкиннің, Некрасовтың, Толстойдың, Горькийдің, Маяковскийдің, Шолоховтың әдебиеті – жоғары шеберліктің мектебі болды. Кеңес дәуірі кезінде “социалистік реализм” терминінің туып, қалыптасуына негіз болып, оның өріс алуына жол ашты. Орыс әдебиеті туралы сөз қозғағанда басқалардан биік көрінетін тұлғалардың бірі Н.А.Добролюбов өз еңбегінде жазушының өмірді терең түсініп, оның ең елеулі тұстарын айшықты да ажарлы суреттеуін аса жоғары бағалай келіп, былай дейді: “Нақты сынның міндеті – жазушының шындық дүниеге қатысын анықтау. Шындыққа сәйкестікті көркем шығарманың жетістігі деуден гөрі, оның қажетті шарты деу дұрыс. Ал, шығарманың нағыз құндылығын біз жазушы көзқарасының кеңдігінен, өзі суреттеп отырған құбылыстарды мінсіз дұрыс түсінуден және оны жан бітіре бейнелеуден көреміз”[7,172-б.]. Бұл пікірі А.С.Пушкиннің “Где нет любви к искусству, к справедливости и к истине, там нет и критики” деген пікірімен сабақтасып жатқанын байқаймыз. Шындығында да, өнерге, шындыққа және әділдікке деген сүйіспеншілік жоқ жерде сын да, сыншы да болуы мүмкін емес. Өмірде шындық үшін күресе білмейтін адам, өнерде шындықты айтуды мұрат тұта алмасы анық. Өмірдің жолы ғана емес, шындықтың, күрестің жолы да - шырғалаңы мен шытырмансыз көп жол. Өткен тарихымызға үңіле отырып, сол шындықтан халықтың жүріп өткен жолын ғана көріп қоймайсың, әдебиетін, мәдениетін, салт-дәстүрін, рухани болмыс-бітімін танып-білесің. Өткенсіз бүгін жоқ. В.Г. Белинскийдің: “Адамзат қоғамының даму заңдылығы сондай – бүкіл адам баласының басынан кешкендері уақыт атты тұңғықтың иіріміне батып із-түзсіз жоғалып кетпейді. Шын мәнінде, өмірден өткен жайдың талайы оның санасында тірлік кешіп жатады.”– деуінде терең мән бар [8, 236-б.]. Тарихқа табан тіреп, өткенмен есептесіп отыру – болашақты ойлайтын адамға борыш. Ерте есейген еңселі елдер мен тамырын тарихтың терең қойнауынан таратқан тағлымды жұрттардың қай-қайсы да өткен күнге ой көзімен қарап келген. Кешегісін айтқанда, келешегін ойға алып отырады. Сыншы-ғалым С.Әшімбаевтің сөзімен айтсақ: “Кешегіні ойлау – кемел келешекті ойлау. Бүгінгі жақсылық та, жамандық та көктен түскен жоқ. Бәрі өткеннің жемісі, келешегінің салдары” [9,509-б.]. Олай болса, әдеби-көркем сынымыздың өткен кезеңіне сын көзімен қарап отыру, табысымызға тасымай, шала ісімізге жасымай, жоқты бардай, барды дардай етіп бұра тартпай, объективтік қорытындылар жасау – өмір талабы мен қоғамдық ойдың даму заңдылығынан туып отырған уақыт қажеттілігі.

Бұл тұрғыдан келгенде КПСС Орталық Комитетінің 1972 жылғы «Әдеби көркем сын туралы» қабылдаған қаулысы кеңестік дәуір әдебиетінің бірер жылға емес, сол кезеңді тұтас қамтыған әдеби-көркем сынның жетістігі мен кемшілігін сарапқа салып, саралаудың нәтижесінде қабылданған тарихи маңызы бар құжат болды. Қоғамдық және рухани өміріміздегі дәуірлік мән-маңызы айрықша әлеуметтік факторларға тоқталмай өтуге болмайды. Өйткені, сын эстетикалық қана емес, идеологиялық құбылыс бола білгенін естен шығармауымыз керек. Осы қаулыдан кейін жалпы Одақ көлеміндегі сыншыл ойдың даму процесінде жаңа бетбұрыстар кезеңі басталғаны белгілі. Оның нақты бір дәлелі – «Жазушы» баспасының жанынан сын редакциясы құрылып, сын кітаптарының жаппай жарық көруі. Рас, баспасөз атаулы партия мен өкіметтің қатал бақылауында қала берді, үнемі коммунистер саясаты мадақталды, әдебиет пен өнерге, таптық-пролетарлық көзқарас таңылып отырды. Сол жылдары съездерді, пленумдарды, қаулыларды, Ленин мұрасын, партия қайраткерлері шығармаларын дәріптейтін қаламгерлердің қалың шоғыры қаулап шыққаны жасырын емес.

Ал, тұтастай алғанда қазақ әдебиеттануы мен әдебиет сыны әлемдік орыс, Еуропа мәдениетіне тән методологиялық тәсілдерді меңгеруді, ұлы ойшылдар мен түрлі әдеби мектептерден үлгі алды. Өзге өркениет мұраларын меңгере отырып, өз өткенімізді тануда ұлттық өнер мен әдебиетті дұрыс бағалап, саралауда көп іс тындырды.

Қазақ сөз өнерінде 60-70 жылдары әдеби сынның туып, қалыптасып, даму тарихында ұлы А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, Қ.Кемеңгеров, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов сияқты алыптарымыздың еңбектерінен бастау алып, Ғ.Тоғжанов, Ы.Мұстамбаев, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Ғ.Мұстафин, Қ.Нұрмаханов, А.Нұрқатов, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, С.Қирабаев, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Ш.Елеукенов, Ө.Тұрманжанов, Қ.Әбдіқадыров, А.Токмағамбетов, Ж.Жұмаханов, Т.Нұртазин, С.Сейітов, Р.Бердібаев, т.б. көптеген зерттеуші-ғалымдарымыздың әдеби-сын мен әдебиеттануда қалдырған еңбектерімен ұласады. Қазақ қаламгерлерінің қарымды еңбек еткен жемісті жылдар осы кезең болды.

Елуінші жылдардың соңы мен алпысыншы жылдардың басында әдеби сынға көңіл бөлудің үлкен бір көрінісі – сын кітаптарының басылуы еді. Олардың қатарында М.Әуезовтың «Әр жылдар ойлары» (1959), С.Мұқановтың «Өсу жолдарымыз» (1960) кітаптары бар еді. Осыған жалғас аға буын әдебиет зерттеушілері Қ. Жұмалиев, Е.Ысмайлов, Б.Кенжебаев еңбектері біртіндеп жарық көре бастады. Кезінде әдеби-сыншылдық қызметі партиялық тұрғыдан ылғи сынау астынан шықпаған бұлар ғылыми-шығармашылық ізденудің жана белесіне аяқ басты. Қ. Жұмалиевтің «Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихының мәселелері» (1958), «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» (1960) атты екі томдық зерттеулері жарыққа шықса,

Е.Ысмайловтың «Ақындар» монографиясы, «Сын және шығарма» (1960), «Әдебиет жайлы ойлар» атты зерттеулері мен сын кітаптары шықты. Осы кезеңдегі әдеби сынның дамуына ерен еңбек еткен қаламгерлер Б.Кенжебаев, Е.Ысмайлов, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаевтардың жазған зерттеулері даралықтарымен, өзіндік ерекшеліктерімен бағаланады. Солардың қазақ әдеби сын жанрының дамуы үшін ерекше еңбек еткен М. Қаратаев артына ауқымды еңбектер қалдырды.

Қазақ әдеби сыны мен әдебиеттану ғылымының қаз тұрып, өсіп, өркендеп, жақсы өріс, кең жайлауға шығуына мол еңбек сіңіріп, сол мақсат үшін сапарда көп іс тындырған қарымды қаламгер ағаларымыздың бірі – **Мұхамеджан Қаратаев**. Оның бұл тұста жариялаған кітаптарының ішінде «Туған әдебиет туралы ойлар» (1958), «Шеберлік шыңына» (1963), «Эпостан эпопеяға» (1969), «Әдебиет және эстетика» (1970) т.б. елеулі орын алады. Аталған еңбектерде сын мақалалар мен зерттеулер, әдеби портреттер мен эсселер бар. Өнер табиғатын байсалды түсіну, эстетикалық тереңдік, эрудиция байлығы, публицистік пафос, суреткерлік шеберлік – М.Қаратаевтың сыншылдық талантына етене тән қасиеттер. Ол әдеби процесті бағалаған уақытта объектіні жан-жақты қамтып, түбегейлі қозғайды, салмақты мәселе көтеріп, маңызды ойлар айтады: «Болмашыны місе тұтпайтын бүгінгі биік талапты оқырманға ғылыми-теориялық және идеялық іргесі берік, эстетикалық сапасы мүлтіксіз кемел, көркем туынды қажет, әдеби сын қажет. Жазушы оқырманнан, сыншы жазушыдан зерттеу объектісін артық білмесе кем білмеуі керек» – деп, сыншыға жоғары талап қояды [10, 258-б.]. Академик сыншы жалғыз қазақ әдебиетінің аясында ғана жұмыс жасамай, тұтас орыс әдебиетіне де шолу жасады. Осы қатарда Белинский, Плеханов, Луначарскийлердің эстетикалық мұрасын қарастырған зерттеулерінің құны өте зор. Оның мақалалары «Литературная газета», «Вопросы литературы» басылымында жиі жарияланып тұрды. Орыс оқырмандарының назарына қазақ әдебиетінің мәселелерін тартып «Мировозрение и мастерство» (1956), «От домбры до книги» (1969), «Вершины впереди» (1972) кітаптарын ұсынды. Бұл еңбектерде сын табиғаты, аударма жайы зерттелді, Лермонтов және қазақ әдебиеті, Белинский және қазақ әдебиеті мәселелері қамтылды. Академик-әдебиетшінің үш томдық (1974) ғылыми-сын еңбектері қазақ сынының кәсіби дәрежесінің өсіп, әдеби-эстетикалық салмағының артып, биік өреге жеткендігінің куәсі.

Осы бағытта ауқымды еңбек еткен әдебиетші-ғалым **Бейсенбай Кенжебаев** болды. Оның іргелі зерттеулерінің бірі – «Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы демократ жазушылары» (1958) монографиясы. Мұнда тұңғыш рет мұрағат қорларынан, кітапханалардың сирек газет-журнал, кітаптар сақтайтын бөлімдерінен, жеке адамдардың қолдарында жинақталған қазыналардан алынған бай материалдар, қолжазбалар, әдеби-тарихи деректер, сан алуан шығармалар жаңа методология тұрғысынан

екшеліп, әдебиеттанудың үздік жетістіктері, дәстүрлі үлгісі негізінде талданған болатын. Алғаш 1941 жылы жарияланған «Қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселелері туралы» еңбегінде көне дәуірден жеткен «Диуани-лұғат ат түрік», «Кодекс Куманикус», «Мұхаббат-наме» т.б. шығармалар туралы жеке-жеке арнаулы мақалалар жазған ғалым, оның қазақ әдебиетіне қатысты арналарын терең ашып, көрсетіп берді. С.Торайғыров мұрасын зерттеу, жариялау, бағалау, насихаттауда Б. Кенжебаев көп еңбек етті. Ақын шығармаларының әдебиет тарихындағы орнын айқындап берді. Профессор Б.Кенжебаевтың әр кезеңде, түрлі басылымдардың бетінде, ғылыми кеңестерде айтылған ой-пікір, мақала, рецензия түрінде айтып келген тұжырымдары тереңнен тамыр алатыны сөзсіз. Ғалымның ойлары «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (1973) және «Жылдар жемісі» (1984) жинағында асыл сөз, әдебиет туралы көптеген мәнді мәселелерді қозғайды, терең ой толғайды.

Әдеби сынға жағдай жасау, бағалау бағытында жасалған шаралардың қатарында жазушылардың сыни еңбектерін жариялау дәстүрінің жалғасқанын айтуға болады. *Жетпісінші жылдары Ғ.Мүсіреповтің «Суреткер парызы» (1970), Ғ.Мұстафиннің «Ой әуендері» (1978) кітаптары* жарық көрді. Жұбан Молдағалиевтің үш томдық таңдамалы жинағының соңғы кітабына сын мақалалары енгізілсе, драматург Қ.Мұхамеджановтың екі томдық таңдамалысының бір томы түгелге жуық әдеби-сын мақала, шолу, портрет, рецензиядан тұрады. Жазушы, драматург Т.Ахтановтың екі томдық шығармасының бір томы сын мақалаларға арналған. Белгілі ақын Ғ.Қайырбеков *«Бір кемеңгің үстінде»* деген атпен сын мақалаларының жинағын шығарды. Ғ.Қайырбековтың сын жинағын теориялық-эстетикалық заңдылықтарға бағынатын тараулардан тұратын ғылыми трактат емес, ағымдағы құбылыстарға селқос қарай алмайтын сергек қаламгердің поэзиялық туындыларға жазған пікірлерінің, шолуларының топтамасы деп тұжырымдауға болады. Екінші «Портреттер» деген бөлімде Абай, Ыбырай, С.Сейфуллин, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Орманов, Қ.Аманжолов, І.Омаров, Қ.Жармағамбетов, Ж.Молдағалиев, С.Мәуленов, Қ.Есенжанов, Қ.Бекхожин, Х.Ерғалиев туралы жазылған әдеби-сын мақалалары топтастырылған. «Шығарма арқауы – шындық», «Замандас тұлғасы» монографияларының авторы сыншы-ғалым Нығмет Ғабдуллиннің *«Уақыт сыры» (1981)* кітабы әр кезде жазылған мақала, рецензиялардан құралған. Оның жазғандарынан әдеби құбылыстардың өзгерісі, көркемдік өміріміздегі даму жөнінде бағалы мағлұматтар алуға болады. Н.Ғабдуллиннің сыншы ретінде әдеби қозғалысқа үнемі белсенді түрде қатысып отырғанын байқаймыз. Өмірден ерте кеткен талантты сыншы Айқын Нұрқатов туралы жылы лебізін де осы еңбектерден көре аламыз.

Қазақ әдебиетіндегі сын жанрының дамуына ерекше еңбек еткен қарымды қаламгер – **Серік Қирабаев**. Оның алғашқы зерттеуі «Ғабиден Мұстафин» (1956ж.) атты библиографиялық очерк. Проза шебері Ғабиден

Мұстафин туралы жазылған бірден-бір тиянақты еңбек осы еді. Кейін қазақ мәдениеті тарихында өшпес ізі бар Спандияр Көбеевтің әдеби мұрасына жан-жақты әдеби шолу ғылыми тұжырым жасап, ақындығына әділ баға берген халыққа ұсынған «Спандияр Көбеев» (1958) деген кітабы жарық көрді. Осылайша ғылымдағы өз жолын салып әдеби-ғылыми қауымды елең еткізген С.Қирабаев жаңа белестерге, күрделі тақырыптарға ойысты. С.Сейфуллиннің негізгі еңбектерін, газет-журнал басылымдарын, мұрағат деректерін, ақын шығармашылығына қатысты барлық ғылыми құжаттарды толық жинап, екшеп, жазып шыққан күрделі еңбегі – «Сәкен Сейфуллин» (1962) монографиясы осы бағыттағы үлкен табыс ретінде танылды. Бұл еңбек қазақ және орыс тілдерінде Алматыда, Мәскеуде жарияланды. Орыс, армян, өзбек халықтары әдебиетіндегі Владимир Маяковский, Егише Чаренц, Хамза Хаким-Заде Ниязи тәріздес ғажайып таланттарымен иық тірестірген өнегелі өмір иесі бар Сәкен Сейфуллин туралы Есмағамбет Ысмайылов, Тұрсынбек Кәкішевтің белгілі еңбектерін ескере отырып Серағаң әдебиеттануымыздың жаңа, әрі заманауи бағыты – революция және әдебиет ұғымдарымен өзектес – **Сәкентанудың** берік негізін қалады. Жоғарыда атап өткен Сәкен шығармалары турасында, әдебиеттер байланысы туралы, әдебиеттегі достық тақырыбындағы үндестіктер қазақ әдебиеті үшін үлкен олжа болғаны рас. Тұңғыш әдеби-сын мақалалар жинағы – «Өрлеу жолында» (1960) сыншы С.Қирабаев стилінің қаламгерлік бағытын айқындады. Бұл еңбекте автор екі мәселеге айрықша мән береді. Біріншісі – жалпылық, жинақтаушылық сипаттағы мақала болса, екіншісі – портрет үлгісіндегі материалдар. Ғалымның Ж.Саин, М.Иманжанов, Х.Ерғалиев, Ә.Нұршайықов туралы сын мақалалары кезеңдік әдебиеттануда үлкен із қалдырды. «Октябрь және қазақ әдебиеті» (1968) сын кітабында автор «Әдебиеттің есею жылдары», «Соғыс және әдебиет», «Қазақ поэзиясының елу жылдығы», «Уақыт және қаламгер», «Сыншы еңбегі» секілді проблемалық зерттеулермен қоса, Асқар Тоқмағамбетов, Ғали Орманов, Жұбан Молдағалиев туралы монографиялық этюдтерін енгізген. Сыншы талантының кемелденген тұсында туған «Өнер өрісі» (1971), «Әдебиет және дәуір талабы» (1976), «Революция және әдебиет» (1977), «Шындық және шығарма» (1981), «Талантқа құрмет» (1988) зерттеу кітаптарында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері – Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин, Ә.Кекілбеаев, Ф.Оңғарсынова, О.Бөкеев шығармашылықтары сөз болады. Әдебиеттегі идеялық-әлеуметтік ізденістерге, сын жанрының туып, қалыптасуына, шығармаларының құжаттық деректік негіздеріне, мұрағат (архив) материалдарына көп көңіл бөліп, осы бағытта өнімді жұмыстар жазған профессор **Тұрсынбек Кәкішевтің** «Сын сапары», «Оңаша отау» атты еңбектері әдебиетіміздің тың табысы болды. Кейін ғалымның бұл аталған зерттеулері біріктіріліп, «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994) деген іргелі еңбектің негізін құрады. Бұл кітап қазақ әдебиеті сынының тарихи дамуына үлкен үлес болып қосылды. Мұнда бұрын белгісіз болып

келген тарихи, әдеби, мәдени деректер мен құнды құжаттық, биографиялық мәліметтер де мол. Сәкен Сейфуллин туралы ғұмырнамалық кітап жазып, оны орыс тілінде Мәскеуден шығарып, абыройға ие болған автор қазақ әдебиеттануының тереңірек зерттелуіне зор үлес қосты. Профессор Т. Кәкішев С.Шәріпов, Е.Бекенов, Ж.Тілепбергенов, С.Ерубәев мұрасын жинап, алғысөз, түсініктемелерін жазып, халыққа ұсынған еңбектерін ілтипатпен атауға болады. Профессор Т. Кәкішевтің осы еңбектерінің нәтижесінде 1994 жылы «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» атты ауқымды, әрі қажетті оқу құралы ретінде жарыққа шықты. Сыншы-ғалым Д.Ысқақов: «Бұл еңбек - осы мәселеге алғаш рет барып, тұңғыш рет жол салған іргелі жұмыс болды. Мұнда қазақ әдеби сынының тарихы, әсіресе, жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегі саяси-идеялық тұрғыдан егжей-тегжейлі зерттелінген», – деп атап көрсетеді [11, 5-б.]. Расында, Т.Кәкішев зерттеулері Сәкентану саласындағы елеулі жетістіктеріміздің қатарында саналады. Оның «Сәкен Сейфуллин», «Сәкен сүйген сұлулар» т.б. еңбектері орыс және қазақ тілдерінде бірнеше рет жарыққа шықты. Ғалым С.Сейфуллин шығармашылығын өмірінің соңына дейін үздіксіз қарастыруымен ерекшеленеді.

Жетпісінші жылдардың ортасынан былай қарай сын процесінде едәуір соны серпіліс байқалғанын атап айту керек. Бұл тұстағы рецензия, диалог, шолу, және проблемалық сын мақалалардың мазмұны, концепциясы біршама тереңдеп, формалық тұрғыдан да ептеп елеулі еткізерлік өзгерістер, жағымды жаңалықтар болды. Сынды өркендету және оның дамуы - аға сыншылар қатарының тұрақты кадрлармен толығымен сабақтас құбылыс. Әдебиетші қауым сын төңірегінде қазақ әдебиеттану ғылымына зор еңбек сіңірген ғалымдар Қ. Жұмалиев, М. Базарбаев, З.Ахметов, З.Қабдолов, Ә. Жәмішев, Х. Сүйіншәлиев т.с.с. Аталған ғалымдар еңбектерінде әдеби құбылыстар мен өзгерістерге, прозамыз бен поэзиямыздың өзекті мәселелеріне терең талдау жасады. Олардың еңбектерінде әдебиеттегі негізгі тенденциялар, маңызды шығармалар талданады.

Сын мақалаларымен жұртшылық назарын аударған *Р.Нұрғалиев, Т.Кәкішев, М.Дүйсенов, З.Ахметов, М.Базарбаев, Ә.Нарымбетов, З.Қабдолов, З.Серікқалиев, Ф.Оразаев, Т.Тоқбергенов, Р.Тоқтаров, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, Б.Сарбалаев, А.Егеубаев, Қ.Әбдезұлы, Ж.Тілепов, Б.Ыбырайымов, Б.Майтанов, Ә.Бөпежанова, Д.Ысқақов, Ә.Дербісәлиев, Ж.Дәдебаев, Т.Тебегенов, С.Негимов, З.Бисенғалиев, Ө.Әбдиманов*, т.б. еңбектері бір төбе. Қазақ әдебиетін орыс тілді оқырманға танытып, көп еңбек жазып, ғылыми-танымдық дүниелерін ұсынған *М.Сильченко, Н.Смирнова, З.Кедрина, К.Зелинский, А.Петросян, П. Косенко, И.Брагинский, Е.Лузинова, В.Сидельников* сияқты орыс әдебиетшілерінің еңбегін ризашылықпен атаған жөн. Әдебиетіміздің даму тарихында лайықты орны бар ақын, жазушы, драматург, және сыншылар туралы кең тынысты, шығармашылық

портреттер, кемел ойлы ғұмырнамалық әдеби очерктер, тағылым-тәлімі мол танымдық эсселер жазылды. Осы жылдары зерттеуші, сыншы ғалым **Ш. Елеуқеновтің** шығармашылығы да осы дәуірде жемісті еңбек болды деп айтуға болады. Оның «Казахский роман и современность» (1968), «Замандас парасаты» (1977), «От фольклора до романа-эпопеи» (1987) атты еңбектері қазіргі қазақ романының жанрлық және идеялық-эстетикалық ерекшеліктерін, қазақ әдебиетінде реализмнің даму, баю жолдарын тиянақтылықпен қарастырған бағалы зерттеулер қатарына кіреді.

Осы жылдары **Әуезовтану** бағытында да алғашқы қадамдар жасалғаны мәлім. Орыс тілді басылымдарда Е. Лизунова қазақ әдебиетінің аса көрнекті қайраткері М. Әуезовтің шығармаларын зерттеу ісімен тұрақты айналысты. Оған ұлы жазушының қызы Ләйлә Мұхтарқызы Әуезованың көмегі ерекше болды. Сонымен бірге ғалым М.Әуезовтің «Абай жолы» романының тарихи аспектілері жайында арнайы зерттеу еңбегін жазып, докторлық диссертация қорғады.

Әдебиеттанудың сын жанрына қомақты үлес қосқан ғалым – **Рахманқұл Бердібаев**. Ғалым әуеліде сын жанрында қалам тербеп, қазақ әдебиетінің үлкен өкілдері Абай, Жамбыл, Сүйінбай, Иса, Сәкен, Илияс, Асқар, Әбділда, Сырбай поэзиясы, М.Әуезов, С Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Нұрпейісов, І.Есенберлин, Ә.Әлімжанов, Ә.Нұршайықов прозалары туралы салмақты ойы бар монографиялық еңбектер жазды. Ғалым-сыншыға тән бір ерекшелік – әдебиеттегі жаңалықтарға дер кезінде үн қосып отыруы. Ол С.Мұратбеков, Ә.Кекілбаев, Қ.Жұмаділов, М.Мағауин, С.Сматаев, Д.Досжанов шығармаларына тоқталған сын мақалалары арқылы өзінің дарынды сыншылығын көрсете алды. Р. Бердібаев қаламынан туған «Қазақтың тарихи романы» (1979) ұлттық прозаның үлкен жанрына арналса, «Қазақтың тұңғыш эпопеясы» М. Әуезовтің «Абай жолында» әлемдік көркемдік дәрежені қалай игеріп, қалай дамытты деген сауалдарға жауап береді. Сыншының «Қазақ эпосы» (1982) «Сарқылмас қазына» (1983) «Кәусар бұлақ» (1989) сынды еңбектерінде негізінен көне дәуір әдебиеті мен фольклордың байланыстары, жыршылық пен айтыс өнерінің тарихы, дәстүр проблемалары қарастырылды.

Сол дәуірде шыққан сын, әдебиеттану еңбектерінің тақырыбы, жанрлық ерекшеліктері, авторлар құрамы, көтерген, шешкен мәселелері қазіргі әдебиеттің биіктен көрінуіне мүмкіндік берді. Қазақ сыншылары мен әдебиетшілері көркемдік талдау мен социологиялық, философиялық, эстетикалық саралау үлгілерін ұштастыруға, реализм әдісінің қазіргі кезеңдегі методологиялық мәселелерін қарастыруға, жанрлық-стильдік ізденістерді анықтауға, көрнекті қаламгерлердің шығармашылығын тануға күш салды. Ғалымдарымыздың осы салаларда жеткен белгілі табыстарын көрмеу, айтпау, елемеу, сөз жоқ, әділетсіздік болар еді.

Осы уақытта қазақ әдебиетінің бұрын қарастырылмаған жанрлық проблемалары бойынша көптеген маңызды ғылыми жұмыстар жүйелі түрде

қолға алынып, сан алуан еңбектер жарық көрді. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері С.Сейфулин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Мұқанов, М.Әуезов, Х.Есенжанов, Ә.Тәжібаев, т.с.с. қаламгерлер туралы іргелі монографиялық еңбектермен қоса, әдеби жанрлардың дамуы, поэзия, проза, драма, сатира, аударма, әдебиеттер байланысы, көне әдебиет тарихы, фольклор, текстология сынды бағыттарға арнайы зерттеулер жасалынып, жеке зерттеулер, ұжымдық жинақтар жарыққа шықты. Осы еңбектер нәтижесінде кандидаттық, докторлық, диссертациялар қорғалып, орта мектептерге, жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдары жазылды. Сондай-ақ, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев сынды қабырғалы қаламгерлер өздері өмір сүрген қоғам мен замандас жазушы, ақындар мен олардың шығармашылығы хақында түрлі әдеби мақалалар мен естеліктер жазып қалдырды.

Жалпы, сыншылардың шығармашылығы әр түрлі бағыттағы ізденістерінен хабар берді. Газет-журнал беттерінде қызулы, өткір мақалалар жазған, кейінгі әдеби қозғалысқа білек сыбанып араласқан, қазақ әдебиетін зерттеуші классиктердің ізін абыроймен жалғаған ғалымдар З.Қабдолов, М.Дүйсенов, С.Әшімбаев, З.Серікқалиев, Ә.Нарымбетов, М.Базарбаев, С.Ордалиев, Р.Нұрғалиев, Т.Қожекеев, З.Ахметов, Ш.Сәтбаева, Х.Сүйіншәлиев, Қ.Өмірәлиев, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Т.Кәкішев, Б.Майтанов, А.Егеубаев, Ж.Тілепов, Д.Ысқақов, С.Садырбаев, Ш.Ыбыраев, Е.Тұрсынов, А.Жақсылықов, Б.Ыбырайымов, Т.Тебегенов, Қ.Ергөбеков, Б.Дәрімбетов, Қ.Әбдезұлы, Ж.Дәдебаев, З.Бисенғалиев, Б.Әбдіғазиев, Ө.Әбдіманұлы, Қ.Алпысбаев, т.б. ғалымдарымыздың пікірлерінен, ең алдымен, байқалатын нәрсе – даралық, эстетикалық байлық, көркемдік ізденістер.

XX ғасырдың 60-жылдары сын жанрында, әдебиеттің теориялық бағытында терең де ойлы зерттеулер жазған ғалымдардың бірі – **академик З.Қабдолов**. Ғалымның: «Көркем сөз – құдіретті нәрсе», дей келіп, сөз өнерінің қыр-сырын ашатыны, өмірмен, қоғаммен байланыстыра зерттейтіні заңдылық [12,58-б.]. Сол сөз өнерінің құдіретін сезіндірген қаламгер – дарын иесі. Ол – сол өнердің өлшемі. Суреткер өмірге келтірген өнер туындысы жалпақ жұртқа ләззат сыйлай алса, тұщынып ризалықпен қараса, ол – өнердің жеңісі. Талғам мен таным деңгейі әр түрлі болады. Қаламгер соның биігінен көріне білсе, сыншы соның дәл бағасын уақытында бере білсе – руханиятқа қосылған сүбелі олжа болмақ. Академик З.Қабдоловтың: «Суреткер – қоғам қайраткері, қаламгерлік іс – қоғамдық іс; көркем әдебиеттің қоғамдық мәнін, әлеуметтік мазмұнын еш нәрсемен салыстыруға да, ауыстыруға да болмайды», – деуі де осыдан [12, 59-б.]. Оның «Сөз өнері», «Жебе», «Жалын» сияқты жұртшылыққа белгілі ғылыми-зерттеу еңбектерінде қазақ әдебиетінің теориясы мен әдеби сынға қатысты сүбелі де салмақты ой-пікірлері көрініс тапқан. Сыншыларымыз осындай көркем дүниелерді талғам таразысына салып, екшеп-екшеп саф өнер туындысын ғана халыққа

ұсынуды мақсат етті. Әдеби дамудың ерекшеліктерін көрсетуге дерек боларлық әдеби материалдарға қазақ сөз өнері өте бай. Әдебиетіміз жүріп өткен жолдарды, бел-белестерді айқындау, саралау – қазақ әдебиеттану ғылымының басты нысаны болды.

Дарынды сыншы **С.Әшімбаевтің** «Парасатқа құштарлық» (1982), «Сын мұраты» (1985) тәрізді әдеби-сын кітаптары мен жекелеген зерттеу мақалалары сөз зергерлерінің ықыласына бөленді. Нәтижесінде, С.Әшімбаев «Сын мұраты» кітабы үшін «Жастар» сыйлығын иеленді. Белгілі әдебиет сыншысы профессор **Д. Ысқақовтың** «Сын өнері» (2001), соңғы уақытта жарық көрген ауқымды еңбегі «Әдеби сын тарихы» (2012) кітабында, негізінен, бүгінгі проза материалдары бойынша талдаулар жасайды.

Қорыта айтқанда, жас буын, орта буын қаламгерлер шығармашылығындағы құбылыстарды көрсетуге көңіл бөлген. Қазақ әдебиетінің фактілерін басқа ұлт әдебиеттеріндегі мысалдармен салыстыра қарағанда автор ұтымды тұжырымдар жасайды. Стили салмақты, кәсіби зерттеуге төселген ғалымдардың еңбектері қазақ әдебиетіндегі сын жанры дамуының айқын көрсеткіші бола алды. Оқу құралы ретінде жарық көрген бұл еңбек әдебиет саласына аяқ басқан әрбір шәкірттің ізденісіне жол сілтер, ғалымдарымыздың негізгі сүйенер деректерінің бірі болып, ел игілігіне пайдасын тигізуде.

1.2 XX ғ. екінші жартысындағы көркем әдебиет сынының жанрлық ерекшеліктері

Әдебиет - елдің қуанышы мен мұңын, тарихы мен тағдырын баяндайтын шежіре. Ол – бүкіл өнердің арқауы мен азығы. Кеңес дәуірі кезінде әдебиетіміз кең өркен жайған, әлемдік әдебиет қатарынан өз орнын еншілеген, іргелі әдебиетке айналғаны белгілі. Оған қаламгерлеріміз бен қоса сыншыларымыздың да ерен еңбегі ықпал еткені анық.

Жоғарыда жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби сынының даму жолындағы елеулі ізденістеріне тоқталып өттік. Қай халықта болсын қоғамның дамуы әдебиетінен көрініс береді. Кешегі көне дәуірден бүгінгі күнге дейінгі адам, заман дамуы ертегі, жыр-аңыздан бастап, жекелеген шығармалардың тууынан қоғам көріністерін, адамдар санасының өсуін пайымдаймыз. Кеңес дәуірі кезеңінің соңындағы әдебиеттің зерттелуі де – осының айғағы. Яғни, рухани мәдениеттің қалай ілгерілегенін әдебиетімізден байқап отырамыз. Оны жасаушы адамның талғамы, көзқарасы, арманы, идеясы оны әрқашан жаңартып, жетілдіріп, отыратыны белгілі. Сонымен қатар, сол көркем дүниеге деген жекелеген пікірлер мен көзқарастардың таласы, жиынтығы пайда болады. Көркем әдебиеттегі сын - шығармаларға берілген халықтың ілтипаты мен дүниетанымынан туатын нәрсе. Оны ғалымдар мен зерттеушілер сараптап, талғам таразысына

салады. Жалпы не нәрсе, құбылыс болсын оған сын көзімен қарап, баға берушілік – кез-келген халықтың бойынан табылатын қасиет. Ал, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде сөз өнеріне ерекше мән беріп, қоғам өмірінде аса маңызды қызмет атқаратыны белгілі. Орынды сөзге тоқтау, уәжге тоқтау, тауып айтқан оң шешімді бала болсын, дана болсын құрмет тұту – қазақ халқына ғана тән асыл қасиеттердің бірі. Халық арасында ел билеген әкімдерден гөрі, сөздің майын тамызған шешендер, көркем сөзден кесте тоқыған ақын-жыраулар көбірек танымал болған. Ел билеуге сөздің құдіретін түсінетін, аузы дуалы азаматтар араласқан. Сыншы-ғалым Д.Ысқақұлының. «Халық арасынан сөз өнерімен арнайы айналысатын ақын-жыраулар шыға бастағанда халықтың ұлттық талғамымен бірге олардың өздерінің де эстетикалық көзқарастары дами түсті»,– деуі де осыны аңғартады [13,7-б.]. Көркем әдебиеттегі сын жанры туралы әрдайым айтылып келеді, айтыла да бермек. Олай дейтініміз – әдебиетсіз сын, сынсыз әдебиет болмайтынын аға буын ғалымдарымыз дәлеледеп, айтып кеткен. Ә.Жәмішев: «Әдебиеті өспеген елдің сыны да керенау, ал сын өспеген жерде әдебиет те әлжуаз, мешеу. Сондықтан да бұл екеуі «көркем творчество атанатын рухани байлықтың қатар жиналатын жиһазы, біртұтас рухани құбылыстың айнымас, ажырамас сипаттары»,– деп атап көрсеткен еді [14,5-б.].

Кеңес дәуірі әдебиетінің 60-90 жылдарындағы көркем әдебиет еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеудің басты құралы – көркем әдебиет деп түсінді. Барлық жанрдағы шығармалар әуелі партиялық тұрғыда қатаң бақылауда болды, сөз еркіндігі, ой бостандығы шектелгенін тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі уақытта айқын аңғардық. Әдебиет сынының атқаратын міндеті де, жауапкершілігі де заман жүгін арқалауымен құнды, бағалы болуы осыдан келіп туындаса керек. Сөйтіп, көркем әдеби сын екі жақты міндет атқарды деп атап айта аламыз: бірі– идеялық жоғары адамгершілік бағыттағы эстетикалық көзқарастарды қалыптарстырып, әдебиеттің көркемдік талғамын жетілдірсе, екіншіден – қаламгер мен оқырман арасындағы дәнекерші. Көркем өнерді халыққа жақындатуда, оның табыстарын насихаттауда, сонымен бірге, халықтың эстетикалық танымын молайтуда, оқушы талғамын тәрбиелеуде сындың рөлі айрықша. Сыншылық пікірлердің негізі көркем әдебиеттен, оған деген көпшіліктің көзқарасынан, қоғамдық өмірдің рухани қажеттілігінен барып туындайды. Орыс әдебиетінде В.А.Жуковский: «Сын дегеніміз – жетілген талғамға негізделген тура және еркін айтылған пікірлер. Сіз поэма оқисыз, сурет көресіз, соната тындайсыз, сонда қанағаттанғандықтан сезімге бөленесіз – осы талғам, осылардың себебін талғасаңыз ол – сын», - деген қарапайым, әрі тура анықтама береді [15,95-б.]. Өткен ғасырда орыс әдебиетіндегі сыншылдық дәстүр В.Г.Белинскийдің, Н.Г.Чернышевскийдің, Н.А.Добролюбовтың, Д.И.Писаревтің, т.б. талантты шығармалары арқылы классикалық дәрежеге көтерілді. Орыс әдебиетінің алтын ғасыры алыптары

А.С.Пушкиннің, Л.Н.Толстойдың, И.С.Тургеневтің, Ф.И.Достоевскийдің, т.б. әдеби сынының әдеби дамудағы маңызын аса жоғары бағалап, оған белсене араласқандығы сынның қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-әдеби шоқтығын жоғары көтеріп жіберді. Г.В.Плехановтың, А.В.Луначарскийдің, В.В.Воровскийдің, А.М.Горькийдің эстетикалық ой-пікірлері орыс әдеби сынының таптыққа негізделген жаңа дәуірін бастады.

Кеңес кезеңіндегі қазақ әдеби сынының *идеялық, эстетикалық және танымдық құндылықтармен* сабақтастығы дау тудырмайды. Көркем образ бен айшықты әдебиет үшін күресте, қоғам дамуының көркем шежіресін жасауда сынға жүгінетініміз белгілі. Әдебиет пен өнер таразысы – сын. Ал, халықтың рухани байлығы болған әдебиет пен өнер туындылары – елдің қымбат қазынасы, халық игілігі, оның бұрынғы тарихы мен бүгінгі өмірінің көркем шежіресі, келісті кестесі, асқақ арманы. Оны жеткізуші суреткер еңбегі, қиялы, ой-пікірі халық үшін маңызды. Шын талант, нағыз суреткер халық талабын қастерлей біледі, халыққа қызмет етуді зор бақыт деп біледі, үлкен абырой, қасиетті парыз санайды. Халық қаламгердің оқушысы ғана емес, бағалаушысы, әрі ұстазы. Бұл турасында М.Горькийдің халықты барлық материалдық игіліктерді жасаушы күш қана емес, рухани қазына-байлықтың бірден-бір және сарқылмас қайнар көзі, сұлулығы мен даналығы жөнінен жер бетіндегі барлық ұлы поэмаларды, барлық трагедияларды, бұлардың бәрінен де ұлық – бүкіл ғалам мәдениетінің тарихын жазушы философ, әрі ақын деп танығаны ойға оралады. Талант пен айқын көзқарас күш қосып, тұтастық тауып көркем шығарманың биігін мұрат тұтқан жазушы - әрқашан да мерейлі, абыройлы, қадірлі. Кеңес дәуірі әдебиетінің біз нысанға алып отырған тұсы көркем әдебиеттің ең гүлденген, жемісті шағы деп атап көрсетуге болады. Қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге дейін көтерген туындылар әдебиеттің барлық жанрында да көрініс берді. Ол арқылы халықтың өмірін, адамдар арасындағы қарым-қатынас, қоғам дамуы, ұлттық сана, тұрмыс-тіршілік көз алдымызға келеді. Сол дәуірдегі идеология бойынша жазушылар мен ақындарымыздың алдына үлкен жауапкершіліктер жүктелген еді. Социалистік өмірдің жарқын көріністерін, соғыстан кейінгі тіршілік, колхоздастыру, тың игеру, техниканы меңгеру, адамдардың тең дәрежелігі, әйел азаматтарының белсенділігі көркем әдебиетте көрініс тапты. 1972 жылғы КПСС Орталық Комитеті «Әдеби көркем сын туралы» қаулы қабылдағанын алдыңғы бөлімде айтып өттік, осы қаулының жүзеге асуына мәдениет мекемелері, шығармашылық одақтар, баспасөз орындары қызу кірісті. Сын міндеттері шығармашылық топтардың жиналыстарында, басқосуларында жиі талқыланды. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының да сын мәселесіне арналған пленумдары болып өтті. Бұл мәселені талқылауға сыншылар мен бірге жазушылар мен ақындар да, драматургтер де, баспасөз қызметкерлері де қызу қатысты. Онда сынның методологиясы мен теориясы, өмірмен байланысы көркем әдебиеттің эстетикалық тәрбие берудегі рөлі, сыншылардың кәсіби

біліктілігі мен шеберлігі, таланты мен еңбегі туралы пікірлер мен ойлар ортаға салынды. Күнбе-күн әдеби процеске сынның араласып, қатысуы айтарлықтай жандана түсті. Әдебиет тарихын зерттеу саласында, әдеби-теориялық және әдеби-сын жұмысының өзекті де көкейтесті проблемалары төңірегінде елеулі еңбектер жарыққа шыққаны тілге тиек етілді. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін осы қаулылардың, кеңестік идеологияның шырмауынан шыға алмаған сын туралы зерттеушілеріміз С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Д.Ысқақұлы еңбектерінде атап өтеді. Коммунистік партияның бұл әрекетін өткір сынға алған ғалымдар: «Әдеби сынның әлеуметтік-саяси мәселелерге еркін араласа алатын мүмкіндігін коммунистік партия өз мүддесіне барынша пайдаланып келді. Мәдени өмірді, әдебиеттегі идеологиялық жұмыстың бір түрі ретінде қарап, әдеби сынды партияның идеологиялық қаруы деп білді. Бірақ, өмірдің өзі көрсеткендей партиялық қаулылармен әдебиет те, сын да өркендемейтінін өмірдің өзі көрсетіп берді» дейді. Әдеби сынның әлеуметтік, идеологиялық сипаты да оның басқа да қасиеттерімен тығыз байланыста болады. Әдеби сын ғылыммен де, баспасөзбен де, шығармашылық еркіндікпен де байланыстағы күрделі құбылыс. Д.Ысқақұлының зерттеу еңбегінде сынның сан қырлы қасиеттеріне сипаттама бере келіп, оның маңызына айрықша тоқталады. Ғалымның пайымдауынша, сын сан қырлы сыпатта, яғни, ол көркем туынды жайлы пікір білдіргенде әдебиеттану ғылымына сүйену керек, бұл оның ғылыми сипатын көрсетеді, оқушы тұшынып оқуы үшін сын көркем тілмен жазылуы керек, бұл оның көркемдік сипатын айқындайды; сыншы шығармада әлеуметтік мәселелер қалайша көрініс тапты, соған баға беруі тиіс, бұл оның идеологиялық сипатын белгілейді; әдеби сын баспасөз арқылы ғана жемісті дами алады, бұл оған публицистикалық сипат беретінін атап көрсетеді. Әдебиетті жүйелі, әрі жан-жақты қарастыру - әдеби сынның табиғаты. А.М.Корокотина: «Сын – ғылыми-көркем шығармашылықтың ерекше түрі» –деп жазды» [16,12-б.]. Сонымен, әдеби сын дегеніміз, көркем әдебиет күнделікті әдеби үдерісті зерттейтін, оның жетістіктері мен кемшіліктерін саралап, көрсететін, оқырман мен қаламгердің арасындағы оң көзқарасты қалыптастыратын, рухани әлем аясында қызмет атқаратын күрделі сипатты шығармашылық ізденіс. Көркем әдебиет туралы заман үні, дәуір көзқарасы. Оның ғасырлар бойы қалыптасқан, өзіндік құрылымы, жүйесі бар.

Бүгінде **қазақ әдеби сынының жанрлық формалары** толық қалыптасты. Олар негізінен мыналар: *мақала, рецензия, аннотация, эссе, шоғыр мақала (цикл), сұхбат, сын-биографиялық очерк, шолу, әдеби портрет, әдеби айтыс, (полемика, пікірталас), теориялық, проблемалық сипаттағы ғылыми пайымдама, монография, оқулық, көп томдық зерттеулер.* Кеңес дәуірі әдебиетінің сын жанрындағы жетістіктер бүгінгі күнмен салыстырғанда анағұрлым өткір болды деп айтуға болады.

Әдеби сын көркем әдебиетті тануға ұмтылғанда нақтылы бір зерттеу негіздерін басшылыққа алады. Көркем шығарманы талдау - сыншының білім, саяси деңгейіне сәйкес қалыптасқан көзқарастарына сай зерттеу бағытын анықтап, оған қажетті жоспар құрып, принциптерін, әдістерін айқындаудан басталады. Өмір құбылыстары шексіз болғандықтан оның көркемдік көрінісі болып саналатын әдебиеттің қыр-сырлары да ұшан-теңіз. Әдеби шығарма тұтас бір әлем десек, оны сын тұрғысынан талдау үшін, суреткердің өзінен де ұшқыр ойлы, сол материалдың артық-кемін анықтай алатын терең білім, биік парасат иесі болу ләзім.

Г.В.Плеханов көркем әдебиетті сыни талдау барысында екі бағытты ұсынады: бірі – шығарманың идеясын ашу болса, екіншісі – көркемдік қасиеттерін анықтау қажет деп атап көрсеткен еді [17, 51] Сыншы әдебиетті көркем шығарма ретінде жеке талдаудан оның әлеуметтік мәнін, әдеби дамуда алатын орнын анықтауға тырысады. Сыншы көркем шығарманың қадір-қасиетін анықтаудың нақтылы жолдарын іздеп, қаламгердің жазу мәнеріне, образ сомдау, характер беру тәсілі, қоғамдық ой, заман көрінісі әр қырынан қарастырылып, тұтастай алғанда, бұл шығарма арқылы рухани дүниемізге не қосылды, қандай жаңалықтар бар, несімен құнды, замандастарға, кейінгі ұрпаққа қалдырар үлгісі неде деген мәселе бойынша талдау жасалады. Сыншы әдебиетті талдап-бағалау үшін қандай әдістерге сүйенеді, көркемдік жинақтау әдісіне сүйене ме, әлеуметтік мәніне назар аудара ма, ол да ескерілетін негізгі мәселелердің бірі. Жалпы әдебиеттің негізгі үш қыры бойынша тілдік, көркемдік, әлеуметтік жағынан қарастыратынын байқаймыз. Ол сыншының алдына қойған мақсатына тікелей байланысты. Әлемдік әдебиет тұрғысынан қарастыра болсақ, шетелдерде әдебиет сынының мынандай әдістері қарастырылады: феноменологиялық, интуитивтік, импрессионистік, символды-мифологиялық, сихолингвистикалық, бихевиористік, стилистикалық, структуралистік, социологиялық әдістер қолданылады деген фактіні кездестіреміз. Көркем шығарма – тұтас бір көркемдік жинақтаудың нәтижесі. Суреткер оны жасау барысында өзінің білім, дарын, шеберлік дәрежесіне орай қаншама бейнелеу амалдарын қолданады. Сыншы да суреткермен бірдей шығармашылық жұмыс атқарады. Көркем әдебиетпен бірге оны тану-зерттеу де дамудың ұзақ жолдарынан өткен. Яғни, көркем әдебиетті сын тұрғысынан саралау әдістері де жетіліп отырады. А.Бушмин әдебиетті зерттеу ғылымының тарихында филологиялық, эстетикалық, формальдық, биографиялық, тарихи-мәдени, салыстырмалы-тарихи, социологиялық әдістердің пайда болғандығын атап көрсеткен болатын [18, 26] .Осы тұрғыдан келгенде, 1960-70 жылдары елімізде көркем шығармалар үшін жауапкершілікті арттыру, әдеби шығарманың идеялық дәрежесін көтеру айрықша аталды. 1967 жылы КСРО-ның 50 жылдығы аталып өтілгені белгілі. Осы жиналыста Л.И.Брежнев «Кемелденген социалистік қоғам құрылды» деп жариялады. 2005 жылы жарық көрген “Мәдени мұра”

мемлекеттік бағдарламасы бойынша шығарылған “Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабында бұл туралы: «Бұл – И.В.Сталиннің құрған социализмінің тігісі сөгіле бастаған тұста, оның атын өзгертіп сақтаудың амалы еді. «Кеңес халқы» деген ұғым кеңестік ұлттардың әрқайсысына тән өзгешеліктерді мойындамау, олардың психологиясымен санаспау, бәріне бір көзбен қарау саясатының көрінісі болды. Осы негізде партия біртұтас мәдениет туралы пікірді енгізді. Саяси-қоғамдық ғылымдар саласында бұл ұғымдар жиі қайталанғанмен, көркем әдебиет өзінің ұлттық сипатынан айырылып кете алмады. Әдебиет - ұлттық болмыстың көрінісі екенін дәлелдеді», – дейді [19, 298].

Проза сыны. Өткен ғасырдың екінші жартысында әдеби сын саласында көркем шығармаларды проза саласы бойынша қарастырсақ, заманымыздың заңғар жазушысы М.О.Әуезовтің («Өскен өркен») прозалық шығармаларынан бастап, Б. Майлин («Азамат Азаматыч»), С.Мұқанов («Ботагөз»), Ғ.Мүсірепов («Қазақ солдаты», «Ұлпан», «Кездеспей кеткен бір бейне», ана тақырыбындағы цикілді әңгімелері), Ғ.Мұстафин («Қарағанды», «Миллионер») Ә.Нұрпейісов («Қан мен тер» трилогиясы, З.Шашкин («Доктор Дарханов», «Теміртау», Т.Әлімқұлов («Ақбоз ат»), Т.Ахтанов («Боран»), Р.Тоқтаров («Ғасыр наны»), Б.Соқпақбаев (Менің атым Қожа)), Ә.Нұршайықов («Ақиқат пен аңыз», «Махаббат қызық мол жылдар»), Ө.Қанахин («Құдірет»), Б.Момышұлы («Волокаламск тас жолы»), І.Есенберлин («Айқас», «Ғашықтар», «Алтын құс», Қ.Ысқақов («Тұйық»), Р.Тоқтаров («Сусамыр»), Қ.Жұмаділов («Соңғы көш») З.Қабдолов («Жалын»), Ш.Мұртаза (Қара маржан»), М.Сәрсекеев («Жаңғырық»), А.Жақсыбаев, («Егес»), Д.Досжанов («Дария»), С.Бақбергенов («Кентау»), Қ.Исабаев («Сұңқар самғауы»), Б.Нұржекеев («Бір өкініш, бір үміт»), т.б. көптеген жазушылардың роман, повесть, әңгіме жанрындағы шығармалары өз дәуірінің үнін, өмір шындығын көрсетуге қалам тербеді. Осы кезеңде шығармаларды көркемдік тұрғысынан талдап, жарық көрген еңбектердің ұлттық әдебиетіміздің ілгері дамуы кең өріс алды. Мәселен, І.Есенберлин қаламынан сол жылдары туған “Айқас”, “Қатерлі өткел”, “Ғашықтар”, “Қаһар”, “Алтын құс” тәрізді романдар көтерген тың мәселелерімен де, көрсеткен адам тұлғаларымен де қызғылықты, елеулі шығармалар екені әркімге аян. “Айқас” романы үшін кітап авторына Қазақстан Мемлекеттік сыйлығы берілуі, “Алтын құс” романы бұл айтқанымызды сипаттайды. “Қатерлі өткелдің” кезінде КСРО Мемлекеттік сыйлығына ұсынылып, бүкіл одақтық оқырман ілтипатына ілінуі кездейсоқ болмаса керек. Ал “Қаһар” романының идеялық – көркемдік ірі деңгейін жұртшылық жақсы түсініп қабыл алды. Бұл шығармасы арқылы жазушы тарихи тақырыпты игеру жөнінде батыл жаңашылдық көрсетті. Аз жылда тақырыбы, проблемасы түрлі-түрлі оншақты роман жариялау фактісінің өзі І.Есенберлиннің шығармашылық қуаты мен құлашын айқын аңғарта алады. Ал, “Алмас қылыш” романы көне тарихтың көмескі тұстарын қайта жаңғырта көрсетуге арналған. Романның оқиғалық негізіне сонау XV

ғасырдағы біртұтас қазақ хандығын құру жолындағы әрекет, күрестер, кейіпкерлер ретінде аты тарихқа белгілі хандар, ақын, жыраулар, қарапайым халық өкілдері алынуы бұл шығармаға деген заңды қызығу тудырады. Өйткені әдебиетіміз қанша өсті – өркендеді дегенмен, бізде соңғы кезге дейін ХІХ ғасырдан ілгерідегі оқиғалар мүлде дерлік суреттелген емес. Мұндай жағдайда халық тарихындағы аса жауапты, ұрымтал тұстарды тұңғыш рет таныстырған шығармаларға әділдік пен ықыласымыз да айрықша болуға тиіс. І.Есенберлиннің “Алмас қылыш” романы – оның қазақ халқының ХV-ХVІІІ ғасырлардағы тарихынан жазған трилогиясының бір бөлігі. Бұл туралы сыншы Р.Бердібаев: «Архив тереңінде қозғаусыз жатқан неше алуан қымбат деректі ыждағатпен жинап, тарихи адамдар тұлғасының диалектикалық шындығын ашатын көркем шежіре, тартымды роман ұсынған автордың азаматтық еңбегі қалың оқырманын – шын сыншысын тауып отыр. Жазушы үшін бұдан артық мәртебе жоқ» [20,114-120], – деп жазған еді.

М.Әуезовтің «Өскен өркеннің» жазылу барысына сын көзбен қарап отырып, қайнаған өмір өмір проблемаларын көтеру жалаң публицистикаға апарып соқпас па екен деген қауіп болды. Автор «қазіргі роман және оның кейіпкерлері» деген мақаласында ойтолғақ жанрын көркемдік дәрежеге көтеру үшін психологиялық, портретке, ішкі монологке, кейіпкерлер кеңесіне, ойға шомуына, іс-әрекетіне психологиялық тәсілдермен уәждеу қажеттілігіне назар аударады. Б. Майлиннің «Азамат Азаматыч» романын алғашқы кең тынысты романдардың қатарына жатқызғанмен, «мұнда қаладағы эпизодтар мен интеллигенттер бейнесі ауыл өміріндей, ауыл адамдарындай сәтті шыға бермеген. Коллективтендіру ісіне қаланың қатысы көрінбеген шығармада белгілі бір олқылықтар бар» деуі осыны байқатады. Ол революциядан кейінгі дәуірдегі өмір шындығын кезең-кезеңімен көрсетуде Ғ. Мұстафиннің индустрияландыру тақырыбын көтерген «Қарағанды», жаңа экономикалық саясат пен одан соңғы уақытқа арналған «Дауылдан кейін» романдарының әдебиетіміздегі елеулі құбылыс болғанын айтса, Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ содаты», Б. Момышұлының «Москва үшін шайқас», Т. Ахтановтың «Қаһарлы күндер», Ә. Нұрпейісовтің «Күткен күн», Қ. Исабаевтың «Бетпе-бет» романдарын Ұлы Отан соғысының көркем шежіресі деп бағалайды. Ал, Ғ. Мұстафиннің «Шығанақ», Ғ. Слановтың «Шалқар», Ө. Қанахиннің «Дәмелі», З. Шашкиннің «Теміртау», «Сенім», М. Әуезовтің «Өскен өркен» романдарын бейбіт өмірдегі ауыл еңбегі, тыныс-тіршілігі, адамдардың психологиялық дамуы, қарым-қатынасы, достық, махаббат сезімдері арқылы қоғамның көкейтесті мәселелерінің көркем көрінісі екенін танытатын шығармалар екенін көрсетеді. Заман ағымымен өзгерген дәуір шындығын, жаңашылдық пен дәстүрді өз шығармаларында бейнелеуді әр қаламгерден талап ететін қатаң сын ғана төл әдебиетімізді сапалы ететінін сыншылар терең түсінді. Мысалы, Т.Ахтанов – көркем проза мен драматургия саласында елеулі еңбек еткен жазушы. “Қаһарлы күндер”, “Махаббат мұңы” (1960), “Дала сыры”

(1963) және “Сәуле”, “Боран”, “Күтпеген кездесу”, “Махаббат мұңы”, “Ант”, “Шырағың сөнбесін” сияқты драмалық шығармалар жариялаған. “Боран” романы үшін Абай атындағы мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Т.Ахтанов шығармалары орыс, неміс, парсы, түрік, т.б. шет ел тілдеріне аударылған. Жазушының 1974 жылы екі томдық таңдамалысы, 1983-85 ж. бес томдық шығармалар жинағы басылып шықты. Т.Ахтанов бірнеше рет орденмен, медальдармен марапатталған. “Боран” романы арқылы автор шаруашылық проблемасын ғана көтеріп қойған жоқ, адамды тәрбиелеу проблемасын да қисынын тауып, қиын келтіріп шешен тіл, шебер шешіммен күн тәртібіне қойды. Осы шырайлы шығарма арқылы жазушы әдеби образдар галереясына Қоспан, Қаламұш, Қасболат сияқты толыққанды жаңа образдар әкелді. Жазушы “Махаббат мұңына” жанұя, адамгершілік тақырыбын арқау ете отырып, қоғамдық мәні зор мәселелерді қозғайды. Сайып келгенде, Нияз біреу емес. Мұндайлар өмірде әр жерде әр түрлі формада кездеседі. Қосалқы кейіпкер ретінде алынса да өсекшіл Бағила бейнесі біршама сәтті шыққан. “Махаббат мұңының” көркемдік дәрежесі жоғары болуымен бірге көтерген жүгі салмақты, тәрбиелік мәні де зор [21, 24-25].

Кеңес дәуіріндегі сыншылар ең тәуір деген шығармаларды ғана баспадан шығарып, көркемдік кеңес талқылауынан таразылап өткізетін. Көркем әдебиеттегі *дәстүр мен жаңашылдық, түр мен жанр* ізденістер арқылы даму сипатына ие болды. Халқымыздың Ұлы Отан соғысындағы ерлігін көркемдік тұрғыдан зерттеп, қаһармандық жасау психологиясын, философиясын ашуға ұмтылыс жасалды. Ұлы Отан соғысы тақырыбы соғысты басынан кешкен *М.Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарым» (1947), Б.Момышұлының «Төлеген Тоқтаров», «Біздің генерал» (1963), Ә.Шәріповтің «Ормандағы от», Қ.Қайсеновтың «Жау тылында» (1967), «Партизан ақын», Ж.Саинның «Жорық жолдары» (1970), Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» (1973), Ә.Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» (1970), «Ақиқат пен аңыз» (1976), С. Мәуленовтың «Жеңіс жүрек» (1985), Т.Бердияровтың «Оқ пен гүл» (1967)* сынды туындылары публицистикалық толғау, роман, повесть, әңгіме, т.б. алуан жанрда жарық көрді. Ұлы Отан соғысы жастық шағы сол кезеңге сәйкес келген ұрпақ өкілдері Б. Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» (1967), Н.Ғабдуллиннің «Жігер» (1983), М.Мағауиннің «Бір атаның балалары», Д.Исабековтың «Біз соғысты көргеміз жоқ», С.Мұратбековтың «Жабайы алма» повесть-романдарында, Е.Ибрахимнің «Өмір өлмейді» (1963), Ө.Нұрғалиевтің «Соғыстың соңғы жазы» (1978 – 1984), т.б. поэмалар мен өлең кітаптарында көрініс тапты. Бұл жылдарда жарияланған экология мәселелерінің жалпы адамзаттық мәніне көңіл аударыла бастады. Экологиялық күйзеліске ұшыраған ауылдың экономикалық, әлеуметтік, философиялық тұжырымы Т.Ахтановтың «Дала сыры» (1968), «Боран» (1968), Қ.Жұмаділовтың «Саржайлау» (1978), «Сәйгүліктер» (1984), С.Жүнісовтің «Жапандағы жалғыз үй», Д.Исабековтың «Гаухартас», С.Шаймерденовтың «Селдің екпіні» (1977), З.Шашкиннің «Сенім»,

І.Есенберлиннің «Көлеңкемен қорғай жүр», т.б. шығармаларда көрініс тапты. 1960 – 90 жылдары жарық көрген Т.Әлімқұловтың «Ақбозат» (1962), «Кертолғау»(1973), «Тұлпарлар тағдыры» (1975) жинақтарына өнер адамдары мен тарландар тағдыры арқау етілді. Мәселен, қазақ әдебиетіндегі тарихи-ғұмырнамалық шығармалардың бірі – дарынды жазушы Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» (1971) атты романы. С.Жүнісов есімі оқырман жұртшылыққа бірнеше прозалық жинағы, «Жапандағы жалғыз үй» романы, тартымды драмалық шығармасы арқылы таныс. Бұл аталған туындылар қазақ әдебиетіне қаламы жүйрік, шығармашылық қабілеті айқын жазушының келгенін әйгілеген болатын. Әсіресе, «Жапандағы жалғыз үй» романы, «Аманай мен Заманай» повесі автордың ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің елеулі, мәнді шығармаларының бірі ретінде қабылданған. Жазушының «Ақан сері» романына тоқталудан бұрын осы тақырып төңірегінде ертелі-кеш жазылған шығармалар жайында да аз-кемтоқталып өтейік. Қазақтың классикалық ән өнерінің асқар таудай биік тұлғаларының бірі, әрі керемет ғазалдар жазған шайыр Ақан сері Қорамсаұлының өмірі мен өнер жолы талай суреткерді қызықтырып келген. Отызыншы жылдарда ірі ақын Ілияс Жансүгіров Ақан өмірінің аса бір маңызды тұсынан «Құлагер» дастанын жазды. Онда Құлагердей дүлдүлдің дүлей қастандық құрбаны болғаны, Ақан жанының жараланып, қасірет шегуі үлкен көркемдік күшпен бейнеленген. «Құлагер» - өзінің идеялық-көркемдік қуаты жағынан осы күнге дейін бірегей бітімді дастандардың бірі. Осы дастан оқиғалары негізінде «Құлагер» фильмі түсірілгенінен де жұртшылық хабардар. Ақан сері өмірінің тағы бір кезеңін әйгілі драматург Ғабит Мүсірепов «Ақын трагедиясы» пьесасында бейнелегені белгілі. «Құлагер» дастаны секілді бұл пьеса да қазақ драматургиясының қымбат мүлкінің біріне айналып отыр. Аталған тақырыпта күш сынап, қарымын байқап көрген өзге де қаламгерлерді білеміз. Солардың ішінен төрт құбыласы тең дерлік шығарма Тәкен Әлімқұловтың «Көк қаршыға» әңгімесі. Бұл айтылғандардан Ақан сері өмірі мен өнегесі бірталай сөз зергерін өзіне ынтық етіп, шабытқа бөлегені көрінеді. Ақан серінің ақындық ерекшелігі мен қазақ поэзиясына қосқан үлесі Әбділда Тәжібаевтың зерттеу еңбегінде әділ бағасын алған. Тамылжыған әсем әндері қазақ елінің бүкіл атырабына әйгілі, талай жанға сұлулық, пәктік, іңкәрлік сабағын дарытқан Ақан есімі тарихымыздағы ең нұрлы, қымбатты есімдердің біріне айналған. Құдіретті әнші, алғыр ақын, айтыс сөзде дұшпанын қырғи тілімен қиып түсетін, жамандық атаулыны өшпестей таңбалай білетін, тек ақыл, жүрек қалауымен ғана өмір кешуді аңсаған, достыққа, шапағатқа жүрегі ашық Ақан - ортасынан бойы биік тұрған парасат иесі. Өнер мен дарынды керек етпейтін мансапқор, дүниеқоңыз, айнымалы, азғын әкімдер үшін Ақан істері елден шыққан ерсілік болып көрінсе, қарапайым, момын халыққа оның әні мен сөзі майдай жағады. Бірақ ол заманда шындық, әділдік деген “қос жетім” ешкімнен төрелік сұрап бара алмайтын еді, халық бұқарасының алып күші тізгіндеулі, матаулы болатын. Ақан серінің әндерінде өмірге құштарлық, махаббат іңкәрлігі

мен улы өкініш, шерлі, сарындар қатар өріліп отыратыны да осыдан болса керек. Роман бойында Ақанның өмірінде із қалдырған үлкен істер, мінез дараланып көрінерліктей шытырман аз айтылмайтын. Соның бәрінде де Ақанның асыл бейнесі, ірі адамдық бітімі елес беріп отырады. «Сырымбет», «Үш тоты», «Құлагер» сынды әндер тарихы романның үш бөліміндегі оқиғалардың, байланыстардың астарын ашуға көмектеседі. Шығармада қызғылықты тұлғалар қатары бар. Ақанның арманда айрылған ғашығы – Ақтоқты, сүйген жары – Ұрқия, серілік дәуірінің серігі – Қадиша дара пішінді, дала гүліндей көрікті, жанды бейнелер. Ал Ақанның анасы – Жаңыл тұлғасы жазушының соны табыстарының бірі десе болады. Ақылды, әдепті, алғыр ана Жаңыл - Ақанның қамқоры ғана емес, оның мерейі үстем болуын бәрінен де жоғары санайтын жүрегі жылы, ойы нұрлы жан. Қазақ жуаны Сүлейменнің, оның әйелі мен қызының мінез ерекшелігі аз айтылса да, айнымай сурет боп түскен. Роман көлеміндегі елеулі тұлғалар легінде адуын мінез, адал жанды Әлібек батыр, паңдығы нойыстықпен ұштасып жатқан Нұрмағамбет, даланың тежеусіз өскен бәлеқор байы – Батыраш, ойы терең, билігі кемел, сөзі сараман Саққұлақ би бейнелерін атау керек. Орыс адамдарынан ояз бастығының әйелі Анна Ивановна бірсыпыра дараланып елестейді. «Ақан серінің» поэзияға, көркемдікке толы тұстарын атап өтуге болады. Бірінші бөліміндегі елден мал қоймаған даланың тағы көкжал арланы Біршектің жыртқыштығын бейнелеген беттер автордың суреткерлік шалымын қапысыз танытады. Романда терең монологтар, өткір диалогтар, дәл табиғат суреттері аз емес. Ақан серінің аузымен берілетін шабытты, шешен ақ өлеңдер шығарма кеудесіне таққан танадай әсер қалдырады. Жалпы алғанда, С.Жүнісовтің «Ақан сері» романы оқырман қызығып оқырлықтай, көп мағлұмат бере алатын, тілі көркем, тұлғалары қызғылықты шығарма, автордың шығармашылық сапарындағы көп ізденіс жемісі. «Ақан сері» – ұлы композитор, әрі ақынға жасалған татымды ескерткіш [22,183-187]. Прозада лирика мен эпика, реалистік, романтикалық әдістер үйлесіп, дерек пен ойдан шығару түйіндесіп жатты. Ә.Әлімжановтың «Отырардан келген сыйлық» (1964), «Махамбеттің жебесі» (1960), О.Бөкеевтің «Қамшыгер» (1970), «Ән салады шағылдар» (1978), Т.Әбдіковтың «Ақиқат» (1978), С.Елубаевтың «Ойсылқара» (1972), Т.Жармағанбетовтың «Соңғы хат» (1974), Д. Исабековтың «Қарғын» (1980), «Тіршілік» (1975), Ә.Кекілбаевтың «Дала балладалары» (1967), «Шыңырау» (1982), М.Мағауиннің «Көкмұнар» (1972) жинақтарында жанрлық, стильдік соны ізденістер байқалды.

Сын да өткір болатын. Оның бар мінез-құлқы, ой-мақсаты, іс-әрекет қимылы барша қоғамдық, мемлекеттік тұрғыдағы таразыға түсетін. Бүгінгі әдебиетіміздегі осындай сынның дәрежесі төмендеп кеткені өкінішті жәйт. Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытты «өтпелі кезең» деп атауымыз дұрыс та шығар. Сын – талғам таразысы. Біздің қаламгерлеріміз бен ғалымдарымыз әдебиет мүддесі мен мақсатын қандай дәрежеде ұғынып-түсінетіндігін, олардың шығармашылығына көзқарасы мен жауапкершілігін осы таразы көрсетіп тұрмақ. Сондықтан оған қойылатын талаптың да күн санап

отырғаны заңды. «Өсер әдебиетке өсірер сын керек» деген сыншы Ә. Жәмішевтің сөзі өте орынды айтылған. Осы ретте М.Қаратаев «Туған әдебиет туралы ойлар» (1958), Ғ.Мүсіреповтің «Суреткер парызы» (1970), Ғ.Мұстафиннің «Ой әуендері» (1978), Т.Ахтановтың «Әдебиет туралы ойлар», Н.Ғабдуллиннің «Уақыт сыры»(1981) С.Сейітовтің «Қырық жылда» (1967), «Өнер өрнектері»(1978), Ә.Жәмішевтің «Жыр жанары» (1970),«Биік мәртебе» (1974), С.Әшімбаевтің «Сын мұраты» (1974), «Талантқа тағзым» (1982), «Парасатқа құштарлық» (1985), З.Серікқалиев «Ойлар, толғаныстар» (1967), «Жылдар сазы» (1971),«Ақыл таразысы» (1976), Т.Тоқбергеновтың «Үш тоғыс» (1977), «Тоғыз тарау» (1994) қазақ әдебиетінің қорына қосылған бағалы еңбектер болды. Осы кезеңдегі шығармашылық жұмыстардың көркемдік кестесін сын тұрғысына талдауда атап айтар бір еңбек Ілияс Омаровтың «Әдебиет туралы ойлар» (1962), «Серпін» (1970), «Шабыт шалқары» (1973) атты бірнеше зерттеулері жарыққа шығып, әдебиет пен қоғам байланысын сараптаған, көрнекті қаламгерлердің басты шығармаларын тап басып, жақсы талдаған, өнердің әртүрлі салалары туралы пікір білдірген сыншы-публицист ретінде танылған айтулы еңбектердің бірі болды.

М.М.Бахтин: «Әдебиет – адамның жаны, оның ішкі әлемінің өзгеруі, санасының көркем бейнеленуі» десе [23], А.Байтұрсынұлы: «Асыл сөз адам санасының үш негізіне тіреледі – ақылға, қиялға, көңілге. Себебі: ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау»,– дейді [24]. Сыни жанрлардың ішіндегі шапшаң, әдеби-мәдени оқиғаларды дер кезінде хабардар етіп, таныстырып, сол арқылы көркемдік процестің елеулі жаңалықтарына елді үгіттеп отыруда маңызды қызмет атқарғаны рецензиялар, очерктер, хабарлар, мақалалар. Әрине, мұның сыртында әдебиет мәселелері өз алдына бір төбе. Дегенмен, газет беттерінде жарық көрген көп мақалаларының негізі әдебиет мәселелерімен сабақтасып, поэзия, проза, роман, лирика туралы мәнді әдеби мақалалары да публицистикалық еңбектерін толықтырып кететіні рас. Жоғарыда атап өткен жазушыларымыздың еңбектері өз кезінде әуелі газет-журнал беттерінде жарияланып, сын таразысынан екшеліп, халыққа ұсынылған, оң бағаларын алған көркем дүниелер еді. Ол кезең әдебиеті үшін публицистикалық зерттеулерінің ішінде маңызды мақалаларының легі шығармашылық портреттер болды. Ол қазақ әдебиетінің айтулы тұлғалары, ғалымдар, ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері туралы терең зерттеулер жүргізіп, шығармашылық өміріне талдаулар жасалды. Сыншылар еңбектерінде қазақ әдебиетінің әр қырлы қаламгерлерінің туындылары идеялық-көркемдік, шеберлік жағынан талданып, эстетикалық сарапқа түседі. Өз дәуірінің өмірін суреттеу, замандас образын жасау міндетін іске асырудың практикалық жолдары айтылады. Мәселен, көркем әдебиеттің

проза жанрында жазылған шығармаларына көркемдік тұрғыдан талдау жасалған ауқымды зерттеулер жасаған Т.Нұртазиннің, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов сынды әдебиет алыптарының іргелі шығармаларын талдауда сын жанрының методологиялық тәсілдерінің шеберлігін аңғарамыз. Сондай-ақ, поэзия саласындағы зерттеулері де Жамбыл Жабаев, Жұмағали Саин, Қалижан Бекхожин, Сырбай Мәуленов шығармашылығының қыр-сырына тоқталып, олардың портреттік бейнесін ашып, оқырманға таныстырады. Қазақ әдеби сынының дамуында байқалған бір жақсы құбылыс – қысқа ойларды рецензия, іргелі проблемаларды қозғайтын қомақты мақала, көп түйіндердің басын біріктіріп, жинақтап айтатын шолулармен қоса, әдебиет тарихының үлкен дәуірлерін көрсететін, жеке жазушылардың туындыларын жан-жақты зерттейтін монографиялық еңбектердің тууы осы кезеңде үлкен өріске ие болды. Сондай зерттеулердің бірі – Т.Нұртазиннің «Бейімбет Майлин творчествосы» атты кітабы 1966 жылы жарыққа шықты. Б.Майлин – қазақ әдебиетінің барлық жанрының кәсіби дәрежесінің көтерілуіне, биік мәдениетке жетуіне айрықша еңбек сіңірген құнарлы талант иесі. Оның шығармалары белгілі бір кезең талабына үн қатып қалу ниеті ауқымынан биік тұр. Б.Майлин шығармалары – өмірдің терең шындықтарын реалист суреткердің көзімен жіті байқап, кәнігі шеберлікпен бейнелеген туындылар. Сыншы өзінен бұрынғы зерттеушілер еңбектеріне сүйеніп, олардың қисынды пікірлерін ескеріп, жазушының өміріне қатысты тың деректермен толықтырып, соны зерттеу жасаған. Бейімбет өмірі мен шығармашылығы арқылы Б.Майлиннің жазушылық қыры, білім деңгейі, эрудиция мөлшері, стилі, көркемдік кестесі туралы жан-жақты сараланған құнды монография болды. Б.Майлин – қазақ классиктерінің бірі, оның портреттік, шығармашылық бейнесі арқылы қазақ қоғамының сол дәуірін тұтас көре алатынымыз сыншының үлкен еңбегінің арқасы. Бұл дәуірдегі әдебиеттану ғылымы мен сыны уақытпен бірге тыныстап, талап деңгейінен шығуға үлес қосты. Сондай-ақ бұл кітап Бейімбеттануға қосылған зор үлес ретінде бағаланған болатын.

С.Қирабаев «Шындық және шығарма» /1981/, «Талантқа құрмет» /1988/, Тоқбергенов Т. «Қос қағыс» /1974/, «Үш тоғыс» /1977/, «Тоғыз тарау» /1974/, Т.Ахтанов «Көкейкесті» /1980/, Ә.Нұрпейісов «Жүрегі тола жыр еді» /1978/, З.Қабдолов. «Жебе» /1977/, Р.Бердібаев «Қазақ тарихи романы» /1979/, «Замана сазы» /1985/ «Тарихи роман» /1997/, Ж.Дәдебаев «Шымырлап бойға жайылған» /1988/, «Өмір шындығы және көркемдік шешім» /1991/, А.Егеубаев «Сыр мен сымбат» /1981/, «Сөз жүйесі» /1985/, Елеукенов Ш. «Қазақ романы және қазіргі дәуір» /1977/, «Замандас парасаты» /1977/, «Жаңа жолдан» /1989/, «Әдебиет және ұлт тағдыры» /2001/, Ә.Кекілбаев «Дәуірмен бетпе – бет» /1972/, М.Мағауин «Ғасырлар бедері» /1991/, Р.Нұрғалиев «Өнердің эстетикалық нысанасы» /1979/, «Айдын» /1985/, З.Серікқалиев «Ақыл таразысы» /1976/ және «Уақыт және қаламгер», «Стиль сыры», «Сөзстан», т.б. жинақтарында жанр

сипаты, шығарманың көркемдік ерекшелігі, жазылу тарихы, характер, типтендіру т.б. мәселелерді кеңінен сөз етті.

60-90 жылдары библиографиялық зерттеулер, жекелеген авторлар, олардың шығармалары туралы зерттеулер қарқынды түрде жүргізілді. Мәселен, І.Жансүгіров туралы М.Дүйсеновтың, С.Сейфуллин туралы Е.Ысмайылов, С.Қирабаев, кейін Т.Кәкішев зерттеулерінде, Қ.Аманжолов туралы Т.Әбдрахманова, С.Мұқанов туралы Т.Нұртазин, М.Хасенов, Х.Есенжанов туралы З.Серікқалиев, М.Әуезов шығармашылығын зерттеуде М.Мырзахметов, Л.Әуезова, Ә.Тәжібаев туралы М.Дүйсенов, Қ.Бекхожин туралы Ә.Нарымбетов, сынды ауқымды талдаулар мен сыни сараптаулар жасалды. Бұл қазақ әдебиетінің ұлы көшін әлемдік деңгейге көтерген Мұхтар салған сара жол еді. Ол шығармалардың құндылығы, көркемдік бейнесі, сөз саптау құдіреті, астарлы образдар, бейнелі сөздердің қолданысы тұтастай алғанда қазақтың қара сөзінің жіліншігін шағып, майын тамызып сүбесін алдына әкеп бергендей зерттеулер еді.

«Әдебиет – өмірдің айнасы да, сын – әдебиеттің айнасы» деген қанатты сөз бар. Р.Бердібаевтың «Роман және заман» /1967/, «Дәстүр тағылымы» /1978/, «Аңыздан романға» /1976, орыс тілінде/, «Биік парыз» /1980/ секілді еңбектерінде қазақ прозасының елеулі мәселелері қарастырылды. «Қазақ тарихи романы» /1980/ монографиясында ғалым роман туралы бұрын айтылған ойларын одан әрі дамытты. Дәстүр жалғастығы мен әдеби процесс мәселелеріне байланысты автор бұған дейінгі еңбектерінде де толымды талдаулар, жинақтаулар жасаған болатын. Кейінгі еңбектерінде автор бұрын байыпталған ғылыми тұжырымдарын жаңа арнаға салып, толықтырып, өзекті жаңа мәселелермен байытып, қазақ прозасының дамуы туралы соны ойлар ұсынды. Р.Бердібаев тарихи проза жанрының тарихи роман, тарихи – биографиялық роман, тарихи – революциялық роман, роман – хроника, тарихи – ұлттық роман сияқты салаларға жіктелетіндігін көрсетіп, әр сала аясына жататын шығармаларды арнайы қарастырды. Ғалым роман – хроника қатарына І.Есенберлиннің тарихи трилогиясын жатқызды. Кей романдарға қатысты автор аңыз – роман /роман – притча/ деген атауды ұсынды. Ә.Әлімжановтың тарихи романдарын тарихи – публицистикалық роман тобында қарайды. Ал, С.Мұқановтың – Ш.Уәлиханов, Д.Әбілевтің – С.Торайғыров, С.Жүнісовтың – Ақан сері, А.Тоқмағамбетовтің Сыр бойы ақын – жыраулары, Т.Әлімқұловтың – Махамбет, Ақан сері, Сәкен, Ықылас, Тәттімбет, Сүгір, Сейтек туралы туындыларын тарихи – биографиялық шығармалар қатарына жатқызды. Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы мен Д.Досжановтың «Жібек жолы» шығармасын тарихи өткен дәуір туралы романдар типіне қосты. Ә.Кекілбаевтың романының «жабық романдарды» еске салатынын атап өтіп, өзінің бітімі жағынан бұл шығарманың «философиялық романдардың да реңін танытатынын» анықтайды. Көркемдік дәстүр мен әдеби процесс мәселелері, әдеби шығарманың көркемдік – идеялық, эстетикалық жарытылысы туралы 80 – жылдардағы әдебиеттану ғылымының жаңа бір жетістігі академик

З.Қабдоловтың «Мұхтар Әуезов және оның әсемдік әлемі» /Алматы, 1986/ атты еңбегі болды. Еңбекте М.Әуезовтің өмірі мен өнер жолы, оның шығармашылығындағы дәстүр мен жалғастық, ұлы суреткердің творчествосының жанрлық құрамы мен тақырыптық, идеялық тұтастығы, алуан қырлы шеберлік сырлары әңгімеленеді.

60 – 80 жылдардағы зерттеулерде әдебиет дамуындағы жалғастық, дәстүр мен оның жаңғыруы секілді мәселелерді зерттеуге арналған еңбектер кеңінен көрініс берді. Әдебиеттану ғылымында дәстүр, оның жалғасуы туралы академик М.Қаратаевтың әр жылдарда жарық көрген еңбектеріндегі ғалымның тұжырымдары социалистік реализм аясында болғанымен, нақты қаламгерлер туралы пікірлері маңыздылығын жойған жоқ. Ғалымның бұл саладағы еңбектерінде дәстүр мен жалғастық мәселесі әр қырынан қарастырылды. Өмірді әдебиет арқылы танитын да, әдебиетті өмір арқылы саралайтын да түрлі тәсіл бар. Осы екі шарт тұтас сақталғанда ғана сын толыққанды болмақ. Бұл жанр көркем әдебиетпен сабақтаса, жарыса өмір сүреді. Көркем әдебиет, оның ішінде проза, аралас өнердің баршасының қасиетін бойына сіңіреді. Архитектураның сырттай сымбаттылығы мен ішкі үндестігі, музыканың сазы мен әсерлігі, сурет өнерінің түрлі бояу құбылысы көркем прозаға өз ыңғайымен енеді. Бұл жанрда шығарманың идеясы, философиясы қаһармандардың қақтығысы, жеңісі мен жеңілісі, дүниеге көзқарасы, тағдыры арқылы жүзеге асырылады. Осыны тәптіштеп түсіндіріп, ара-жігін айырып, жасандылық пен табиғи талантты саралап беретін нәрсе – сын. Оның өзі белгілі бір шығарманы талқылау үшін әдеби теорияға, жетістіктің үстіне, өмірдің шындығын, құбылысын, қайшылығын мейлінше жақсы білуге тиіс. Әрбір жазушы әдебиетке өзінше жаңалық әкеледі. Әр қаламгер - өзінше бір тұлға. Сол тұлғаның тақырыпты тыңнан табуында, характерлер мен тағдырлардың қайталанбауын, дүниені өзінше көре білуін, қолтаңбаның даралығын анықтап беретін де – сын. Осыны жан-жақты көрсетіп беру, тереңнен қазып талдау – сыншының міндеті. В.Г. Белинскийдің «Сыншылық дарын – сирек кездесетін дарын», – деген сөзі бар. Кез-келген қаламгер сыншы бола алмайды. Оған терең білімділікпен бірге адам бойындағы ең тамаша қасиеттер – қырағылық, тазалық, өткірлік қажет. Өзінің бір мақаласында ол: «Сын әрі батыл, әрі белсенді болуы керек», – дейді [25,19]. Өнер бар жерде сын бар. Бағзы замандағы шешендер сөзінде, ауызекі айтыста, дауда, өнер мүсінінің сыны, сыпаты, жарыстың бағасы кейде тікелей, кейде мегзей айтылатыны бар болатын да, тапқырлық таластырудың ақыры бейтарап төрелікпен шешілетін. Төреші – кейде біреу де, кейде – көпшілік. Осының нәтижесінде сара сыншы танылады. Оның өзінің өнерпаз болуы, көркем дүние тудыруы шарт та емес, қара қылды қақ жаратын қазының өнерді іштей түсінуі шарт. Жүйрік пен шабанды кәміл танудан сүйініш пен күйініш сезімі туындайды. «Сөзінің бірі құрау, бірі жамау» деген сынды айтқан Абайдай сауатты талғам мен эстетикалық жүйе қажет. Тура сынға мол ақыл, биік

парасат қажет. Көркем шығармадағы терең сырды оқырманға сыншы ашып көрсетеді. Сол еңбек жемісті болса, көкейден шығып жатса, әдеби сын анық өнерге айналады. Сын – әдебиеттің төрешісі. Талант пен шеберлік бірігіп, заманның негізгі ойын көркем өнер тілінде жеткізе алса, ол - қаламгердің жетістігі. Табиғи талант болмаған жерде елеулі көркем дүние тумайды. Бұның ара-жігін айырып отыратын сыншы ғалымдар, зерттеушілер екені белгілі. Ал сыншы шығарманы эстетикалық сипаты жағынан, әлеуметтік күш-қуаты жағынан толық талдау үшін өмір, тіршілікті жақсы білуі керек. Ол үшін үнемі өмірді зерттеп, қадағалап, күнбе-күн әдебиет мәселелерінің тыныс-тіршілігін, жеке қаламгерлер шығармашылығымен танысып отыру қажет. Осы кезең әдебиетінің сыншылар тарапынан назардан тыс қалғаны шамалы. Өйткені әдебиетке бүгінгі күнгі көзқараспен қарағанда, ол уақытта халықтың ықыласы да, әдеби ортаның қызығушылығы да, қаламгерлердің еңбектері де ерекше болды. Сондықтан да сыншыларымыз жалт етіп шыққан жақсы дүниені халыққа дер кезінде хабардар етіп, өз бағаларын беруде ұтымды жұмыстар атқарды. Жоғарыда атап өткеннен тыс, әдебиетіміздің проза саласы бойынша Ш.Елеуқеновтың, Ә.Шәріповтің, Б.Майтановтың сыни еңбектері жазылды. Қазақ әдебиетінде проза жанры, оның ішінде роман сияқты салмақты туындылардың өмір материалын қамтудағы кең тыныстылығына, содан туатын зор тәрбиелік, эстетикалық маңызына жете мән берген кезең – сол кеңестік дәуір кезеңі болғанын атап өттік.

Роман – қазақ әдебиетіндегі жетекші жанрлардың бірі. Қазақ романдарының мазмұн-мағына жағынан, сюжеттік құрылымы жағынан, көркемдік шеберлігі жағынан биік белестерге көтерілген тұсы өткен ғасырдың 60-80 жылдардың соңы болды. Одан бұрын да сапасы жоғары көркем шығармалар жоқ деп айта алмаймыз, дегенмен осы уақытта шығармашылық дамудың көрінісі жақсы байқалды. Мәселен, **Ә.Кекілбаев шығармаларында** өз заманының келелі проблемалары мен маңызды тақырыптары көтерілгенін байқаймыз. Қазақ жазушыларының ішіндегі өзінше көркемдік көкжиегі, өзінше ізденісі, философиялық ой-толғауы бар ерекше дарын иесі. Оның прозасында ешкімге ұқсамайтын кең тыныс, ойлы астар бар. Ең алғашқы жарық көрген “Бір шөкім бұлт”, “Дала балладалары” атты екі кітабы қазақ әдебиетіне өз айтары бар, интеллектуалды прозаның мықты өкілі келгенін дәлелдеді. Бұл екі хикаят та кейін орысшаға аударылып “Дружба народов” журналына басылды. “Күй” деген хикаяты қазақ новелистикасының елеулі туындысы ретінде немісшеге аударылып Берлинде жарық көрді. Кейінірек “Ханша-дария” хикаясы “Хатынгол балладасы” деген атпен неміс тіліне аударылып жарияланды. Артынша “Фольк унд Вельд” (“Бейбітшілік және ілгерілеу”) баспасы бұл жазушының екі томдық прозасын жарыққа шығарды. Д.Қонаев атамыздың жас жазушыға қасиетті батасын беретін кезең де осы екі томдыққа байланысты. Әрине, мұның бәрі өзінен-өзі бола салған нәрсе емес. Мәскеулік үлкен әдеби журналға басылған хикаяттарын

тілге тиек ете отырып Мұрат Әуезов, Л.Теракопян, Г.Бельгер, Л.Аннинский, Е.Сидоров секілді сыншылардың арнайы мақала жазуы жазушыға шығармашылық серпіліс туғызумен қатар, ұлт әдебиетінің жаңа белеске көтеріле бастағанын байқатқан айшықты кезең болатын.

Әдебиет, бейнелеп айтсақ, кең ағысты, тасуы мен тартылуы қатар алмасып жатқан арналы өзенге ұқсайды. Сол бұрқ-сарқ тасыған үлкен өзеннің кеңістігін бұл күнде өзіндік бірегей сабылған толқыны бар Кекілбаев қара сөзінсіз елестету мүмкін емес. Жазушы Ә.Кекілбаев алпысыншы жылдар ішінде тынымсыз, табанды еңбек етіп, талантын әр қырынан таныта білді. Өлеңдер жинағынан басқа повесть, әңгімелердің, сыни еңбектерінің бірнеше кітабын шығарды. “Аңыздың ақыры”, “Үркер” атты романдар жазды. Г.Мопассанның “Өмір”, “Пьер мен Жан” романдарын, Л.Толстойдың “Соғыс және бейбітшілік” романының тарауларын, шет ел авторларының әлденеше пьесаларын, әңгімелерін қазақ тіліне аударды. Оның қаламынан шыққан дүниелер оқушыны да, сыншыларды да немқұрайды қалдырған емес. Жазушы шығармалары орыс, неміс, венгер, болгар, чех, эстон тілдеріне аударылған. Ә.Кекілбаевтың алғашқы өлеңдері, мақалалары, әңгімелері арқылы ол шығармашылық мүмкіндігінен хабар берсе, кейінгі жылдары жазған шағын көлемді повестері автордың жазушылық қарымын, өзіне тән қолтаңбасын, қалыптасқан стилін айқын танытты. “Бір шөкім бұлт”, “Дала балладалары”, “Бір уыс топырақ” кітаптарына енген прозалық шығармалар оның творчестволық мұрат-мақсаттарының ауқымын анықтап, оның стиліндегі пиктерге тән байсалды баяндау, философиялық, психологиялық тереңдіктерге бару, кең тынысты, бейнелі, иірімді тілдік құралдарды пайдалану секілді ерекшеліктерін байқатты.

Бұл кезең қаламгерлері, әсіресе, прозаиктердің жоғарыда атап өткеніміздей, тамаша туындыларды төл мәдениетіміздің, ұлттық руханиятымыздың алтын қорына қосқандығын атап айтқымыз келеді. Бұларды халыққа насихаттауда, көркемдік табиғатын танытуды сыншылардың еселі еңбегі көз қуантады.

Поэзия сыны. Қазақ әдебиетіндегі ең асыл қазына саналатын жанр – поэзия жанры. Кеңес дәуірі кезең әдебиеті осы жанрдың көркемдік кестесі жағынан, өмір шындығын танытатын алуан тақырыптық жағынан да, шеберлік шыңдау тұрғысынан кең өріс алып дамыған кезі. Ақынның жыры – уақыттың сыры. Поэзия – өмір айнасы, уақыт тынысы. Дүние жүрегіне түскен жарықшақ ақын жүрегіне соқпай өтпейді. Бұл – бағзы заманнан бері айтылып келе жатқан айнымас қағидалардың бірі. Әдебиет теориясын таусыла зерттеген академик З.Қабдолов пен Қ.Жұмалиевтің пікірінше: «Бүкіл әлем, гүл, бояулар, дыбыстар, бар жаратылыс, барлық өмір – поэзия дүниесі, осы құбылыстардағы құпия қуат, оларға тіршілік, ойнақы өмір беретін сырлар – поэзияның тетігі мен жаны. Поэзия – әлемдік өмірдің қан тамырының соғуы, сол өмірдің қаны мен оты, жарығы мен күн. Өлең – өмір, өмір – өлең екенін бұдан артық түсіндіру мүмкін емес дейді. Заман

көшімен бірге жасап келе жатқан өлең, өлеңді тудырған ақын туралы әңгіме де кең арналы, ағысты болып өзгеріп отыруы заңды құбылыс. Поэзия туралы, ақын міндеті жайында әңгіме толастап көрген емес, толастауы мүмкін емес. Әр кезеңнің, уақыт пен дәуірдің, тіпті әрбір жылдың, ай мен күннің өз лебі мен демі бар; өз мүддесі мен мұраты бар; талабы мен қалауы бар; таңдауы мен талғамы бар. Әсіресе, кеңес дәуірі кездегі қазақ әдебиетінің айтулы ақындары ауыр жүкті көтеріп, дұрыс бағытты бастау жауапкершілігін мойнына көтерген кезең болатын. Заманның талабын өтеуді, уақыт тамырын дөп басуды, игілік пен озықтық атаулыны қолдауды, адамгершіліктің асыл қасиеттері мен биік мұраттарын, ұрпақтар бақытын, ел мүддесін өз шығармашылығының бүкіл өзегіне айналдырған сол дәуір өкілдері бұл борышты жан-жүрегімен сезініп, оны қайткенде жақсы орындауды, қайткенде заман сөзін жеткізе айтып, тарих бетінде айшықты із қалдырды. Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда, көлеңкелі тұстары көп болғанмен, қазақ әдебиетінің алтын ғасыры деп біз алыптар тобы өмір сүрген ХХ ғасыр әдебиетінің салмағы бар екенін баса айтқанымыз дұрыс. ХХ ғасырдың ІІ жартысынан бастап, қазақ өлеңі тақырып жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да жаңғырып, түледі. Жаңа сарындар, жаңаша леп пайда болды. Әбділда Тәжібаевтің Еуропа сапарынан туған жырлары, Асқар Тоқмағамбетовтың халықаралық памфлеттері, Тайыр Жароковтың Кавказ тақырыбына жазылған өлеңдері, Ж.Молдағалиевтің Монғолия сапарынан туған жырлары, Олжас Сүлейменов, Сағи Жиенбаев, Аманжол Шамкеновтердің көршілес мемлекеттер мен алыс шетелдерде көргендері әсерінен туған туындылары қазақ өлеңінің тақырыптық, көркемдік көкжиегінің кеңейе бастағанының белгісі іспетті болды. Бір кездері шет ел, шет жер тақырыбын қиялмен, естіген мәліметтері, оқыған кітаптары әсері бойынша жазатын еді, енді өз көздерімен көрген, өз жүрегінен өткізген мәселелері бойынша жазатын болды. Кеңес дәуірі кезеңіндегі поэзияда сол заманның өзекті мәселелері: адамдардың отаншылдық сезімі, кешегі өткен соғыс пен бейбітшілік туралы толғаныстар, ғарышты игеру, тың игеру, халықтар достығы, адамгершілік, мораль, этика мәселелері кең жырланды. Осы тақырыптар арқылы ақындар азаматтық көзқарасты, өмірді сүюді, оны бекіте түсуге құштарлықты ашуға тырысты. Осы тұстағы қаламы қарымды поэзия саңлақтары жоғарыдағы аталған және соғыс өртіне дауылпаз жырларымен қарсы тұрған С.Мәуленов, Х.Ерғалиев, М.Әлімбаев, Ж.Молдағалиев, С.Сейітов, Қ.Аманжолов, А.Жұмағалиев, Ж.Саин, Қ.Бекхожин, Т.Айбергенов, кейін Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Қ.Шаңғытбаев, Ғ.Қайырбеков, Қ.Жармағамбетов, Ж.Нәжімеденов, М.Мақатаев, Қ.Шаңғытбаев, С.Жиенбаев, т.б. көптеген ақындар легі қазақ өлеңінің күдіретін сезіндірген, жаңа белеске көтерген кешегі ұлы Абай, Шәкәрім, Мағжан ақындар өлең көшін өрге сүйреді. Поэзия жанрының көркемдік деңгейінің шыңы Абай есімін аттап өте алмасымыз заңды, өйткені ол өзіне дейінгі сан ғасыр «эстетикалық

таңбалардың» шоғырын жинап келген қазақ поэзиясы мектебінің барша көркемдеуі бейнелеуіш құрал-тәсілдерін дұрыс танып, жақсы қабылдап қана қоймай, оның көп тетігін қайта бұрап, көп кетігін жаңадан қалады, яғни поэтикасында құралдарды пайдалану принциптеріне, әдіс-тәсілдеріне өзгерістер енгізді, кейбіреулерін жүйеге айналдырды, жаңаларын қосты, барларының аясын кеңейтті. Абай поэтикасы қазақ өлеңінің бұрынғы көркемдік дүниесінің синтезі ғана емес, жаңа кезеңінің, классикалық жазба түрінің бастамасы, кейінге жол салған үлгісі болды. Сол үлгіні жоғарыда атап өткен өр дауысты саңлақ ақындарымыз заман үнін кейінгі дәуірге жеткізді. Бұл кезең поэзиясы көркемдік қуатының өсуімен, ұшқырлығымен жұртшылық арасына кең тарап, халық арасында үлкен ілтипатқа ие болды деп айта аламыз. Поэзия саласы бойынша М.Базарбаев, Ә.Нарымбетов, З.Ахметовтер сынды ғалымдарымыз сын тұрғысынан терең зерттеді. Әдебиет сыншылары поэзияның бүкіл табиғатын, оның бойындағы игілікті өзгерістер мен бетбұрыстарды үнемі қадағалап, үзбей насихаттап отырды. Олар қазақ әдебиетінің бар саласымен қоса барлық жанрдың да дұрыс бағытта дамуы үшін салиқалы сын қажет екенін дер кезінде түсінді. Оқымыстылар мен ғалымдар қазақ мәдениеті мен ғылымының дамуы жолында аянбай тер төкті. Әдебиеттің көркемдік сапасы, шығармалардың рухани деңгейі туралы көптеген пікірсайыстар мен кеңестер, конференциялар өткізілді. Әдебиеттанушылар түбегейлі осы мәселені шешуге кірісті. Әдебиетші қауым «Сын – шын болсын, шын – сын болсын» деген қағиданы ұстанды. Е.Ысмайлов, М. Қаратаев, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, Ә.Тәжібаев, З.Қабдолов, С.Қирабаев, т.б. ғалымдарымыз осы бағытта ауқымды істер тындырғаны белгілі. Олар поэзия қай бағытта, қандай деңгейде даму керек, көркемдік тәсіл, сөз қолданысы, оқырманға ой тастау мәселелері қандай дәрежеде деген мәселелерге үлкен көңіл бөлді. Поэзия тағдыры туралы осындай сауалдарға жауап іздеу үшін сыншылармен бірге ақындарымыз да ізденіске кірісті. Әркім өз көңіліндегіні, өз бойындағыны өзгелерден гөрі бұрынырақ та, жақсырақ та көре алатыны сияқты, ақын туралы, поэзия туралы ақын айтар пікірдің де пайдасы мол екенін байқадық. В.Г.Белинский айтқандай: «Ақынды зерттеу – тек оның шығармаларымен таныс болып қою ғана емес, соның үстіне оларды өз жүрегіңмен сезініп, өз басыңнан өткере білу қажет. Ақын шығармаларын өз басыңнан өткеру деген сөз – олардың бүкіл мәнін бар байлығымен, бар тереңдігімен өз жаныңа қабылдай білу, өз жүрегіңнің сезім әлемінен сол күйі қайта өткізу, олардың дертіне қоса шалдығу, қасірет-қайғысын бірге шегу, олардың қуанышы мен қызығынан, үміт-армандарынан қуат алып рахаттану болмақ» [25, 49]. Яғни, сыншы да ақынша тебіренуі керек. Ал, ақын өзі сыншы болып, әдебиет майданына қаламын қару етіп, күреске шықса, ол халық игілігінің пайдасына шешілетін оң іс екенінде дау жоқ. Көркемөнер туындыларына биік талғам мен талап тұрғысынан қараған сыншылар 60-70 жылдардағы әдебиетіміз нағыз шеберлік пен көркемдік

мүддесінен сапалы шығармаларымен ерекшеленеді. Қазақ поэзиясында айтулы шығармалардың жарық көрген тұсы – осы кез. Қ.Аманжолов, Ә.Тәжібаев, Т.Айбергенов, О.Сүлейменов, М.Мақатаев, Х.Ерғалиев, Ғ.Орманов, Ғ.Қайырбеков, С.Мәуленов, С.Сейітов, Ә.Жәмішев, М.Әлімбаев, Қ.Шаңғытбаев, С.Жиенбаев, Ж.Нәжімеденов, Ж.Әбдрашев, М.Айтхожина, Ф.Оңғарсынова, Қ.Бекхожин, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, т.с. с. таланттар тізбегі – осы дәуірдің өкілдері. Ұлттық поэзия көкжиегі жаңа көркемдік бояулармен молыға түсті: Ә.Тәжібаев «Таныс дауыстар» (1984), О.Сүлейменов «Әр күн – арайлы таң»(1986), С.Мәуленов «Жапырақтар жанады»(1964), Т.Айбергенов «Арман сапары» (1963), «Аманат» (1975), Ә.Ахметов «Тырау-тырау тырналар»(1974), Қ.Салықов. «Жезкиік» (1973), Ж.Нәжімеденов «Темірқазық» (1982), К.Ахметова «Жапырақ жаздың жүрегі»(1974), С.Жиенбаев «Іңкәр дүние» (1981), Ж.Жақыпбеков «Саратан» (1979), т.б.

Бұл кезеңде қазақ лирикасын мазмұндық, көркемдік тұрғыдан дамытқан лириктеріміз: **Т.Айбергенов, М.Мақатаев, Т.Молдағалиев, М.Шаханов, Ж.Нәжімеденовтердің стильдік ерекшеліктері** дара, дара болғанымен, кейде уақыт ортақтығы кезеңнің суреткерлік тұтастығын құрады. Бұл жылдары да сюжетсіз лирикалық – философиялық поэмалар көптеп жазыла бастады. Мұндай ізденістерге *Қ.Бекхожиннің «Сұңқар туралы жыр», Х.Ерғалиевтің «Аңыз ата», «Жылдар, жылдар», Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақпын», «Байқоңыр баспалдақтары», «Қыран дала», Ә.Тәжібаевтың «Портреттер», М.Әлімбаевтың «Менің Қазақстаным», Т.Бердияевтың «Жер мен адам», Қадыр Мырзалиевтің «Данышпан», М.Мақатаевтың «Өмір дастан», «Аққулар ұйықтағанда», «Моңарт», «Жан азасы», т.б., Т.Айбергеновтің «Жүрекке айтылған өлеңдер», Т.Молдағалиевтің «Жер» т.б. шығармалар жатады.* Балладалық жанрдың дамуы. М.Шаханов өз шығармашылығын сазды лирикадан бастап, лириканың баллада жанрына, сюжетті өлеңге ойысты. Ақын түлеткен бұл жанр арқылы ұлттық тіліміздің поэтикалық қабаты дамыды. М.Шахановтың «Сейхундария», «Махаббатты қорғау», «Сенім патшалығы», «Барселона аэропортындағы сұңқарлар», «Жеңілген жеңімпаз хақындағы дастан», т.б. балладалары жанрдың ішкі қуатының молдығын байқатады. Аталған поэзия саңлақтарының бірі – **Қадыр Мырзалиев**. Оның тұңғыш өлеңдер жинағы “Көктем” 1959 ж. жарық көрді. Мырзалиев – қырыққа тарта поэзиялық жинақтардың, балаларға арнаған топтамалар мен әдеби-сын кітаптардың авторы (“*Жаңғалақтар*” (1960), “*Кішкене қожанасырлар*” (1961), “*Данышпан*” (1961), “*Ноян қоян*” (1962), “*Алуан палуан*” (1963), “*Сабак*” (1964), “*Ой арманы*” (1965), “*Дала дидары*” (1966), “*Бұлбұл бағы*” (1967), “*Ақ отау*” (1968), “*Домбыра*” (1971), “*Жерұйық*” (1976), “*Алақан*” (1977), “*Қорамсақ*” (1980), “*Көкпар*” (1981), “*Сөз сиқыры*” (1982), “*Қызыл кітап*” (1983), “*Шымыр жаңғақ*” (1984), “*Күміс қоңырау*” (1970, 1985), “*Көш*” (1973), “*Домбыра*” (1979), “*Мәңгі майдан*”, “*Биік баспалдақ*”, “*Ғибрат-нама*” т.б.). Ол сондай-ақ, “Заман-ай” аталатын поэмалар жинағын, “Жаралы Жолбарыс”, “Қасқыр қақпан” драмаларын жариялаған. Алдыңғы драмасы үшін 1997 жылы

Махамбет сыйлығына ие болды. 1989 жылы шығармалар жинағының үш томдығы, кейінгі жылдары екі томдығы жарық көрді. Кейінгі екі томдық бұрынғы топтамалардың жалғасы (4,5 томдары) іспетті. Отан, замандас, табиғатты қорғау, бейбітшілік, адам, өмір, заман туралы іргелі әлеуметтік, азаматтық ойлар толғайды. «Ол – әлем әдебиетінің озық үлгілерін өз жырларына дарыта білген, философиялық-дидактикалық дәстүрді жаңғырта, дамыта жырлаған өзіндік өрнегі бар ақын. Қадыр Мырзалиев – қаламы әбден ұшталған, ой-өресі шындалған өте шебер ақын екенін артына қалдырған мол әдеби мұраларымен дәлелдеп кеткен ақын. Таныс құбылыстың астарына үнілу, қарапайым детальдан қабырғалы ой түю, тіршілік философиясының тамырын танып басып, тауып айту – мерген ақынның қанына сіңген қасиет.

«Адам күліп тумайды, туа сала күлмейді,

Үйренеді күлуді, бірақ күліп өлмейді.

Адам жылап туады, жүреді жұрт жұбатып,

Және жылап өледі, өзгені де жылатып.

Жылайтыны туарда – жамандар бар қинайтын,

Жылайтыны өлерде – жақсылар бар қимайтын» – деп, адам ғұмырының қамшы сабындай ғана келте болмысынан мұңлы да мағыналы сыр түйген ақын алақандай өлеңге атан түйе тарта алмас жүк артып, өлеңнің бойымен емес – ойымен, көлемімен емес – кенеуімен көгеретінін көлегейсіз көрсете білуі, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен айтқыш бабаларындай алып романға арқау болар өмір драмасын алты жол өлеңмен таңбалап беруі - әрі шеберлік, әрі ерлік.

Әдетте, Қадыр поэзиясы өзгеше бітім, басқаны қайталамайтын бітім деушілер бар. Ал, бұл жөнінде ақынның өзіне жүгінсек: «Тапқырлық – бір ойды бірінші рет айту, тапқырлық – бірінші рет солай суреттеу, тапқырлық – ескіні су жаңа етіп бірінші рет қайтадан құлпырту, тапқырлық – бірінші рет жаңа түрге жол салу. Қысқасы, тапқырлық – тапқырлық қана, оны басқаша айтуға болмайды» [26, 336], – дейді. Ақынның «Ой орманы» қазақ поэзиясына философиялық жаңа бір құбылыс енгізді. Ақынның лирикалық қаһарманы жүйемен тұтаса келіп, заманымыздың ойлы да парасатты философиясын көз алдымызға әкеліп, жүрегімізбен сырласты. Бұл жөнінде ақын Жүмекен Нәжімеденов: «Бұл – осы күнгі, өзіміз күнде көріп жүрген орман. Бірақ, күнде көріп жүрсек те, араламаған екенбіз. Араласақ та, мән бермеппіз, ештеңе де ұқпаппыз. Тіпті, орманда қандай құстар қалай сайрайтынынан да хабарымыз жоқ екен. Ағаш көлеңкелерінің қай жағына қарай құлайтынын да білмейді екенбіз. Бір сөзбен айтқанда, бұл жинақ – орманның картасы, жанды карта. Орман құстары тамылжытып әдемі сайрайды ғой деуші едік, жоқ ол әдемі де емес, тұрпайы да емес... дәл осылай сайрайды екен. Бұл – таң жаңа атқан кездегі орман, алда түс бар, екінді бар. Түн бар!» – деп баға берген еді. Бұл өмірдің, бұл қоғамның, бұл заманның негізі – адам. Қадыр ақын осыны анық аңғарады. Адамның мықтылығын, құдіретін жырлай отырып, ақын сол құдіреттілікке жауап іздейді. Жауабын таба да біледі. Адамның құдіреті байлығында да, аса даналығында да емес, оқырманның дүниетанымына

жаңалық кіргізетін құдіретті қабілетінде ғана жатыр. Қадыр тек қалам қайраткері емес, қоғам қайраткері де. Ақын: «Қазақстанда ұлтыңды сүйу, ұлтыңды мақтаныш тұту саясаты ешқашан мемлекеттік дәрежеде жүргізіліп көрген емес. Қазір де солай...». «Ұлттық сана әбден қалыптасып болмай, интернационализмді қызықтау жақсылыққа апарып соқпайды екен. Біз мұны әлі де түсінбей келеміз...» [27, 45], – дейді. Қадыр ақын тағы бір сөзінде: «Өткен өмірімізге табыстар биігінен көз жүгіртіп, рухани шолу жасар болсақ, жіберген кемшіліктеріміз де аз емес. Алдын ала ескертетін бір жайт: сол кеткен үстірттіктердің бәрі дерлік, негізінен, қоғамның болмысынан шығып жатқан қателер емес, сол қоғамда өмір сүріп отырған жеке адамдардың қатесі,» – деген екен.

Бұрысы не өткеннің,

Дұрысы не?

Таң қаламын тарихтың жүрісіне!

Бұл қазақты әлі де ұғу керек

Қайшы келер бір ісі бір ісіне, – деген жолдарынан Қадыр ақынның заманынан қалмайтындығын, қырағы көзі мен ұшқыр ойы қалт шалмайтындығын, өле-өлгенше қазақпен бірге болып, оның өмірін назарынан тыс қалдырмау ақын мақсаты екендігін айқын аңғаруға әбден болады. Қадыр – заман мен адам арасындағы елгезек елші тәрізді. Зейнолла Қабдоловша айтқанда, «қазіргі қазақ поэзиясын көп дауысты, қуатты оркестр десек, мұның құрамында Қадыр мұрасының қайталанбас өз үні, машығы мен мәнері, айшығы мен өрнегі бар. Қадыр лирикасының сыңғыры бөлек, сыры терең».

Атап өткеніміздей, поэзия саласы бойынша қазақ лирикасының қыр-сырына теориялық талдау жасаған Ә.Тәжібаевтың «Өмір және поэзия» атты кітабы 1962 жылы жарыққа шықты, онда қазақ өлеңінің көркемдік әлеміне, шеберлік сырларына ерекше мән беріп, әдеби сараптаулар жасаған. Бұл еңбекте ұлттық мәдениетіміздің деңгейін танытатын құнды зерттеулер еді.

Әдеби сынның басты қызметі – әдебиет әлемінде болып жатқан құбылыстар жайлы қара қылды қақ жарып шындықты айту. Әдебиет сыншысы Д.Ысқақов: «Әдеби сынның шыншылдығы әдебиеттану ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, әдебиетіміздің жай-күйін, жетістіктері мен кемшіліктерін ешбір бүкпесіз тура айтуынан көрінеді. Оқырманға керегі – шындық. Ал, мынау шындық деп жалғанды ұсынғанда, оқырман оған сенбейді де, оған деген сенімін жоғалтады. Шындық айтылған жерде ол әділеттілік атты үлкен күшке айналып, оқырмандар жүрегіне жол табады. Әдебиеттегі кемшіліктерді жоюға деген қоғамдық пікір туғызып, алғы шарттар жасайды. Әдебиеттің тура жолда дамуы үшін күрес қоғамдық пікір арқылы жалпы халықтық сипат алады», – деген сөзі дұрыс [28, 97].

Қазақ сөз өнерінің құдіретін, поэзия жанрының қыр-сырын терең зерттеген айтулы әдебиет сыншысы, ғалымдарымыздың бірі – академик

Зәки Ахметов. Ол өзінің шығармашылығын таза ғылыми сипатта, әдебиеттің поэтикалық элементтерін, көркемдік құндылықтарын, құрылымдық-өрнектік сипаттарын зерттеді. 1973 жылы жарық көрген «*Өлең сөздің теориясы*» жоғары оқу орнына арналған оқу құралы ретінде ықшамдалған бұл кітап - 1964 жылы қорғалған ғалымның докторлық диссертациялық жұмысы. Мұнда өлең сөздің теориясы, қазақ өлеңдерінің тілі, өлең құрылымының ерекшеліктері, әдеби-тарихи құбылыс, сөз өнерінің дамуындағы негізгі заңдылықтарды ашып, ұлттық сипаттың басты белгілерін анықтап, поэзия тілінің негізгі бейнелеу құрал-тәсілдерін жіктеп береді. Қазақ өлеңінің негізгі құрылысы айқындалып, ырғақ құрайтын бөлшектер, түрлі ұйқас, тармақ, шумақ, кезеңдер нақты мысалдармен көрсетіледі. Ғалым поэзиялық шығармаладың тақырыптық шеңберіндегі кендік пен кемелдікті, өлеңдегі көркемдік күш пен эстетикалық әсер туралы таратып айтады. Қай ақынның поэзиясын қарастырса да, қаламгердің өз дәуірінің өмір сыры – таза махаббат, биік адамгершілік, жақсылық пен жамандық, қуаныш пен қасірет, достық пен қастық сияқты өмір шындығы өлеңге арқау болғаны белгілі. Бұған қоса, туған жер, өскен орта, Отан, шағын шаңырағың мен шалқыған елің, соғыс пен бейбітшілік, халықтар достығы бұлардың бәрі сол дәуір ақындарының поэзиясында өлең болып өрілді. Олар көне фольклордан тартып, қазіргі поэзия үлгілерін де қамтиды. Еңбекте қазақ, орыс, еуропа ғалымдарының бұрын айтылған пікірлерін жаңаша қорыта отырып, түрлі бейнелеу, көріктеу, суреттеу құралдарына қазақша анықтама беріп, олар сан-алуан өлең мысалдары арқылы түсіндіріледі. Қазақ өлеңінің көп ғасырлық байлығын ғалым ерекше жітілікпен зерттеп, оның күллі құрылымдық бөлшектерін жан-жақты жіктеп, әр дәуірде туған жаңа формаларды дөп басып, дәл тауып айтып, ақындық сөздің көркемдік құндылығын, мәңгі өшпес сұлулық мәнін эстетикалық саралау әдісімен ашып береді. «Қазіргі даму және қазақ әдебиетінің дәстүрлері» 1978 жылы орыс тілінде жарыққа шығады, он тараудан тұратын күрделі еңбек мұнда қазақ әдебиетінің жаңа дәстүрлері Абай сабақтарымен тығыз байланыста қаралады. М.Әуезов туралы жазған әртүрлі еңбектерін қорыта келіп, З.Ахметов «Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания» деп аталатын монографиялық еңбегі 1984 жылы жарыққа шыққан болатын. Мұның өзі Әуезовтану бағытындағы жаңа бір бағалы зерттеу ретінде жоғары баға иеленді. Шығарманың идеялық нысаны мен көркемдік сипаты, дәуірдің әлеуметтік-рухани болмысын танытатын тарихи тұлғалар және сан-алуан ұлттық бейнелер жасау шеберлігі мәселелерін шешіп берген монографиядан эстетикалық-көркемдік саралау мен жинақтаудың жақсы үлгісін көреміз. М.Әуезовтің атақты ақын туралы жазған романы хақында зерттеуші жекелеген ғылыми мақаларында да жазды [29]. Сондай-ақ, қазақ поэзиясының осы кезеңінде ауқымды зерттеу жүргізген ғалымдар З.Қабдоловтың «Әдебиет теориясының негіздері» (1970) кітабы сөз өнерінің табиғаты, негізгі жанрлық сипаттары, көркемдік

құралдар, әдеби әдіс, стиль мәселелерін ашып көрсетеді. Бұл «Сөз өнері» деген атпен өңделіп, жоғары оқу орындарына арналған оқулық ретінде бүгінгі күнге дейін оқырман қажетіне пайдаланып келеді.

Әдебиет жақсы үлгіге қарап өседі, содан үйренеді. Өнегелік туындылар мен таланттарға бет бұру, озық әдебиет ізденістерін қадағалап, барлап отыру – кез-келген қаламгер үшін қажет. Тарих – әділ төреші. Өзі екшеп, керегін алады. Мәселе, өнегелі өлмес туындылар мен заманауи бетбұрыстардағы соны ізденістерді, шалапісті дүниелерден айыра біліп, дер кезінде бағалау абзал. Жоғарыда атап өткен зерттеулер халықтың рухани мұрасын еселеуде өзіндік орны бар, өз кезінде де, бүгінгі күні де құнды еңбектер болып табылады.

Поэзия – қай тілде де жүрек үні. Барлық ақынға ортақ бір ғана қасиет бар, ол – халықтың ұлы, өз жерінің перзенті. Өлеңдерінде осыны көрсетеді. Сыншы әр ақынның талғамын, өнердегі өрісін таразылайды.

Драматургия сыны. ХХ ғасырдағы классикалық әдебиет, әдебиеттану, әдеби сынның дамуына орай олардың жанрлық ерекшеліктері біршама түрленіп, әлемдік мәдениет көшіне батыл бағыт алғанын аңғару қиын емес. Жоғарыда сын тақырыбындағы еңбектер арқылы әдебиетіміздің негізгі проза, поэзия жанрларының кезеңдік әдебиеттегі орнын анықтасақ, ұлттық сөз өнерінің тағы бір саласы – драматургия жанрына да арнайы тоқталып өту орынды деп санаймыз.

Ғалымдардың анықтауы бойынша: **драматургия** (грек. Dramaturgia – 1. драмалық шығарманы құрудың теориясы; 2. белгілі бір халықтың я автордың драмалық шығармаларының жиынтығы») [30, 227]. Драматургия – көркем әдеби тек (драма, трагедия, комедия) жанрларының өнернамалық жүйесі. Қазақ сөз өнеріндегі дәстүрлі негізі әдебиет шығармалары мен фольклор мұраларында (би-шешендер сайыстары, ақындар айтыстары, жар-жар, беташар, алтыбақан, т.б.) негізі қаланған ұлттық сөз өнерінің бұл саласы қазақтың рухани мәдениетінің әлем өркениетіндегі көрнекті орнын да танытты.

Аристотельдің «Поэтика», Никола Буалоның (1682), «Поэтикалық өнер» (1674), Дени Дидроның «Актер туралы парадокс» (1830), «Драмалық поэзия туралы», Гаттохольд Эфраим Лессингтің «Гамбургтік драматургия» (1769) атты еңбектерінде классикалық драматургияның поэтикалық табиғаты туралы бағалаулар жазылды. В.Ф.Гегельдің (1770-1831), В.Г. Белинскийдің (1811-1848) еңбектерінде де драматургия мәселелеріне байланысты пікірлері бар. Әдебиеттану, театртану-өнертану тұрғысында жазылған қазақ зерттеушілерінің – С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ж.Шанин, А.Тоқпанов, Ә.Тәжібаев, С.Ордалиев, Б.Құндақбаев, Р.Нұрғалиев, Р.Рүстембекова, Ә.Сығаев, Ә.Бөпежанова және т.б. еңбектері осы саладағы зерттеулер жүйесін құрайды.

ХХ ғасырдағы әдеби үдерістегі ұлттық әдебиет алыптарының драматургияны құрайтын шығармашылығы көрнек өнері туындыларына тән ортақ көркемдік-эстетикалық дүниетаным болмысын дәлелдеді. Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926) кітабында «Айтыс-тартыс»

тақырыбымен берілген драматургияға байланысты айтылған бағалау да сахналық қойылымның көру, қабылдау аясындағы танымдық-эстетикалық табиғатын түсінуге бағдарлайды: «Уақиға көз алдымызда болып, адамдардың тіршілік жүзінде айтысып-тартысып өмір шеккенін көреміз. Тіршілік майданында адамдардың ақылы жеткенше амалдап, қайратына қарай қару қылып, алысқаны, арбағаны, қуанғаны, жылағаны, ойнағаны, күлгені, сүйінгені, күйінгені, жауласқаны, дауласқаны, бітіскені, жарасқаны өмір жүзіндегідей көрініп, көз алдыңнан өтеді» [5,175].

Драматургия бойынша да қарымды зерттеулер жасалды, ол туралы М.Әуезов, С.Ордалиев, Ә.Тәжібаев, Р.Рүстембеков, Е.Жақыпов, Р.Нұрғалиев сынды ғалымдар соны ізденістер жасады, Ә.Тәжібаевтің қазақ әдебиетінің ірі классиктері С.Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, М.Әуезовтің, Ғ.Мүсіреповтің драмалық шығармаларының көркемдік әлеміне, шеберлік сырларына ерекше мән беріп, әдеби сараптаулар жасаған «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы» атты монографиясы 1971 жылы басылып шықты. Драматургия шығармалары қаламгерлердің тарихи кезеңдердегі халық тағдырын көркем шындық поэтикасы заңдылықтары аясында бейнелеуімен ерекшеленеді. Драматургия туындылары (пьесалар, спектакльдер, либреттолар) арқылы әдеби тек саласы драма жанрларының (драма, трагедия, комедия) теориялық ерекшеліктері саралана айқындалады. Драматургия ұғымының аясында театр сахналарындағы туындылар мен деректі, ғылыми-фантастикалық, көркем фильмдердің де қойылымдық-режиссуралық көркемдік шешім ерекшеліктері айқындалады.

Драматургиялық шығармалар – әдебиет оқырмандары мен театр, кино көрермендеріне арналған көрнек өнері (көркемөнер) рухани құндылықтары. Қазақ топырағында драматургияны дамытқандар қатарында Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Жұмат Шанин пьесалары және олардың драматургия саласының дамуы туралы жазған зерттеулері ұлттық классикалық дәстүр жолын қалыптастырды және т.б. кейінгі толқын драматург-қаламгерлер шығармашылығы арқылы жалғасты. Драматургия саласындағы әдебиеттану мен театртану, өнертану тұрғысындағы егізделе, теориялық-тәжірибелік тұтастықпен өрілген зерттеулер, танымдық бағалаулар да үздіксіз жазылумен келеді.

Қазақ драматургиясы – әлем өркениетіндегі классикалық жанрлар үлгілерімен үндес туындыларымен өзіндік даму белестерінен өтіп келеді. XX ғасырдың басындағы қазақ драматургиясы Көлбай Тоғысовтың «Надандық құрбаны», Жүсіпбек Аймауытовтың «Рәбиға», «Ескерту», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар», «Қанапия мен Шәрбану», «Шернияз», Қошмұхаммед (Қошке) Кемеңгеровтің «Алтын сақина», «Парашылдар», «Ескі оқу», Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Ел ағасы», «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөз», «Абай», «Хан Кене», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Айман-Шолпан», «Тас түлек», «Шекарада», «Түнгі сарын», «Сын сағатта», «Намыс гвардиясы» (Ә. Әбішевпен

бірігіп жазған), Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», «Бақыт жолына», Бейімбет Майлиннің «Шаншар молда», «Ел мектебі», «Неке қияр», «Айша», «Сәлде», «Көзілдірік», «Майдан», «Аманкелді» (Ғ. Мүсіреповпен бірігіп жазған), Ілияс Жансүгіровтің «Кек», «Түрксіб», «Біздің жігіттер», «Исатай-Махамбет», Сәбит Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов», «Күрес күндерінде», Ғабит Мүсіреповтің «Аманкелді» (Б.Майлинмен бірігіп жазған), «Ақан сері – Ақтоқты», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» операсының либреттосы т.б. көрнекті драматург-қаламгерлердің (Ж. Шанин, Ә.Тәжібаев, Ә.Әбішев, М.Ақынжанов, т.б.) пьесалары-спектакльдері ұлттық әдебиет пен театр өнерін дамытуға мол үлес қосты.

Бұл шығармалардың көркемдік келбетін, образ сомдау, характер берудегі ерекшеліктер, заман көрінісін көрсететін шынайылығын көркемдік тәсілдер туралы әдебиет зерттеушісі, ғұлама жазушы М.Әуезовтен асыра талдаған әдебиетші жоқ. М.Әуезов зерттеулеріне сүйенсек, 60-90 жылдар аралығындағы драмалық шығармалардың ішіндегі қатарынан анық, даусыз көркемдік қасиетімен, талантты пьеса есебінде үздік шығатын – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу». Сол дәуірдегі өзекті тақырыпқа жазылған шығармалар ішінде, "Қозы Көрпештің" көркемдік дәрежесіне жетпегенмен, өз орнында тұрақты, салмақты бағасы бар, кеңестік тақырыптағы анық табыс деп айтуға келетін бірнеше пьесалар да бар. Тек реалистік пьесаны шарт етумен қатар, біз реализмнің өзі туралы тағы бір ойымызды анықтай түсейік. Тегінде, реализм адам баласының көркемдік жолындағы дамуының ең жоғарғы сатысы болумен қатар, жалпы реализм түсінігі, реализм дейтін ұғым – ол өзі де үдеп, дамып отыратын ұғым. Реализм бұрынғы әдебиетте де болған. Тіпті бағы замандағы Софоклдың трагедияларында орын алған реализм де бар. Шекспирдің реализмі өзіне бөлек, Пушкиннің, Гогольдің реализмін де бірінен-бірін басқалап айыра танимыз. Сол сияқты социалистік реализм дәуірінде реализмнің сипаты бөлек. М.Әуезов: «Бұл реализм – жалпы барлық әдебиетіміздің негізгі әдісі социалистік реализмнің драматургиядағы талабын топтап түйіп айтатын әмірлік шындықтың, социалистік эстетиканың ең зор негізі»,– деген баға берген болатын. Енді осы тұрғыдан қарап, қазақ кеңес дәуірі драматургиясының ірі табыстарының бірі – қазақ драматургиясының ең зор табысы саналатын Ғабит Мүсірепов жазған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасы болды. Осы пьесаны сын тұрғысынан саралап қарағанда, жоғарыда атап өткендей реалистік пьеса жөніндегі барлық талаптардың тірегі, тетігі ретінде алынды. Белинскийдің айтқанына орай, бұл пьеса адам жайында. Ал адамдары сом, салмақты, шебер қалыптанған. Өзінің поэзиялық, психологиялық шындықтарымен аса көркем кейіптелген адамдар бар. Горькийдің пьесаға қойған талабы бойынша – пьеса сюжетті болу керек. Оқиғасы шиеленіскен, қою құрылысты болу шарт. «Қозы Көрпештің» құрылысында бұл зор талап та ақталған. Пьесада халықтық тілге поэзиялық қасиет бітіріп, әсем күйлілік қалпында кестелеген. Бұл пьесаның ішінде жырланған сезімдер, молынан ашылған жеке-жеке мінездер, барлық тартыс

атаулының өсіп, өрбуі, шарықтап жетіп, шарт сынып аяқталуы — барлық осы сипаттары өз қалпында, өз орнында үлкен шеберлікпен қиюласқан. «Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш» пьесасы – қазақ драматургиясының көркем шығарма туғызу жолындағы биік белінің бірі болып бағаланды. «Қозы Көрпеш» пьесасы – қазақ әдебиетінің бір салада ірілеп өскендігінің айғағы. Драматургия құрылысы қиын, ауыр жанр болғанда, «Қозы Көрпештің» жазушысы сол қиыншылықтарды шеберлікпен, ақындық, көркемдік ұсталықпен шеше білген. Пьеса осы сипаты арқылы қазақ әдебиетінің қатты өскендік айғағы болып шықты. «Қозы Көрпешті» қазақ әдебиеті өзінің үлкен мақтаны ете алады. Сондықтан да қазақ театрының сахнасында, қазақ совет көрушілерінің көңілінде бұл спектакльдің аса ыстық мәнді, тұрақты қазыналық қадірі бар», – деген баға берген қазақтың заңғар жазушысы М.Әуезов өз зерттеуінде [31, 121]. Сонымен қатар, М.Әуезов кеңестік дәуірдегі драматургия саласын мынандай топтарға жіктеп талдайды: реалистік және романтизм үлгісіндегі шығармалар деп қарастырғанда, «бұл пьеса реалистік пьеса болып шықпайды. Бұл – романтизм үлгісіндегі пьеса» деген байлам жасайды. Екі түрлі романтизмнің – реакциялық романтизм, революцияшыл романтизм деп бөлінетін жіктерін бұл пьесадағы романтизмге шендестіріп, «Қозы Көрпеште» ол екі романтизмнің екеуі де жоқ дейді. Социалистік реализм үлгісінде жазылған «Қозы Көрпеш» болса, онда біз «революцияшыл романтизм пафосына құрылған шығарма» дер едік, бірақ бұл пьеса ол қалыпта шықпаған.

Идеялық ең биік мүддесі – халықтық ұғым, сезім, санасы, махаббат азаттығы. Содан ары, ескі тақырып көлемінде социалистік реализм әдісімен жазылатын қоғамдық ірі талап, идеялық терең пафос, мысалы, ескілік атаулыны әшкерелеу пафосы, соны құрту, жою пафосы дейтін еңсесі биік ойлар бұнда жоқ. Өз орнында, өз дәуірінде, өз тақырыбына сай ағартушылық бағасы бар «Қозы Көрпештің» идеялық салт-санасының ең биіктеп барып жеткен төрі әлгі ғана деген сараптама жасайды ұлы зерттеуші. Қаламгерлік шеберлік пен образ жасау әдістері Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» атты Қарағанды тақырыбына жазылған көлемді шығармасында біршама биік дегейден көрінгені мәлім.

Қазақ драматургиясында қалам ізін қалдырған, бірнеше пьеса жазып, кейбіреулері сахнаға қойылған, өз заманында бағасын алған драматург Әбділда Тәжібаевтың алғашқы «Ақ қайың» атты пьесасы М.Әуезовпен бірлестікте жазылған болатын. Одан кейін «Көтерілген күмбез», «Біз де қазақпыз», «Жомарттың кілемі», «Гүлден, дала», «Дубай Шубаевич» сияқты пьесалары туды. Соңғы аталған бір топ пьеса түрліше стильде жазылған. Кейбіреулері «Жомарттың кілемі» сияқты ертегі-аңыз тақырыбына жазылса, «Көтерілген күмбез» – тарихи аңыз. «Біз де қазақпыз» символистік сарында, «Гүлден, дала» комедия стилінде, «Дубай Шубаевич» сатира үлгісінде жазуды мақсат, мүдде еткен еді. Төл мәдениетімізді ілгерілетуде бұл еңбектердің айтарлықтай үлесі болды.

Шынында, XX ғасырдың 60-90 жылдары аралығындағы шоқтығы биік шығармаларда драматургиялық әр алуан стильдерге барған тәжірибелерді сын тұрғысынан екішеп, көркемдік деңгейін, олқылықтарын терең бойлап айтқан М.Әуезов еді. Сол драмалық шығармаларды сахнадан көргеннен кейінгі сында олқылықтар өткір айтылатын. Мәселен, классик жазушының: «Сол олқылық пен кемшіліктердің ең әуелгі жиын себебі, зор себебі – бұл жазушының реалистік пьеса жазу жолына түспей, адасуынан. Бір кездегі идеялық, творчестволық адасуының себебі формалистік түрдегі еліктегіштік болды. Сол кезде ол Орталық партия Комитетінің қатал сынап, әшкерелеп, мінеген тізімінен шықты. Онда Әбділда Г.Ибсен пьесаларының ескі жолына еліктеді. Оған қызыққанда, драматургияның дүниежүзілік даму тарихын білгендіктен, әдебиеттік мәдениетті терең түсініп танығандықтан барған жоқ. Тек жеңіл ғана жұқалаң ғана дерек алып, дақпыртқа сеніп, қызықыштықпен ғана барды. Қай заманда болсын драматургияның ұлы асқарлары символистік пьесалар емес, реалистік пьесалар арнасында жүріп жатқанын аңдамай барды. Ол жолда реалистік, шын бағалы көркемдік Әбділдаға табылатын түрі жоқ еді. Абырой, қасиет табу орнына, біле-білсе, қасірет тауып шықты. Өмір шындығы мен көркем әдебиет шындығы терең тамырларымен айқыш-ұйқыш нық байланысып, айқасып жатпаса, көркем шығарма тумайтынын ойлау керек, жауапты түрде ұғыну керек еді. Әбділда сол қорытындыны алғашқы сәтсіздік тәжірибесінен жасай алмады» [31, 142], – деген сын пікірлері аса талғампаздықпен қоса, қатал идеологиялық саясаттан да хабар беретіндей. С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Тәжібаев, т.б. классик жазушыларымыздың драмалық шығармаларына талдау жасай келіп, қазақ драматургиясының көркемдік деңгейін таразылап, өз дәуірінің көшін түзеп берген де М.Әуезов болатын.

С.Мұқановты «Күрес күндері», «Шоқан», т.б. пьесалары туралы өз баяндамасында сөз еткен М.Әуезов әріптесінің шебер жақтарымен қатар олқы, кемшін тұстарына да арнайы тоқталып өткен. Мысалы, алғашқы шығарма жайында сыншы: «Сәбит – реалист жазушы. Ол анық өмірге жақын етіп алған адамдарына аса қонымды, нанымды тіл де, сөз де, сезім мен іс-әрекет те бере білді. «Күрес күндері» пьесасы типтік жағдайда қалыптанған типтік кейіптерді сол пьесаның бас геройы Жақыптың бейнесімен де, жағымды герой, халық өкілі кедей Қыстаубай бейнесімен де нанымды етіп көрсеткен. Осы екі герой – Сәбиттің кейін прозалық үлкен шығармаларында да үнемі көрініп жүретін, революцияның алғашқы жылдарындағы қазақ еңбекші аулы тудырған шынайы, толыққанды образдар», – деп лайықты баға береді. Ал мына тұста жазушы-драматургтың кемшілігін де баса айтады:

«Реалистік пьеса жасау жолында алғашқы елеулі бір табысты «Күрес күндерімен» танытқан Сәбит Мұқанов кейінгі көп жылдар бойында сол алғашқы табысының бетімен үдеп өрлеп кете бермеді. Жалпы алғанда, келесі көп жылдар бойында С.Мұқанов жазған бір топ пьесаның бәрі де сол солғын, сәтсіз шығармаларда кездесті. «Бұның себебі, Сәбиттің кейде өзі мейлінше бар

сезімі, демі, тілі, әрекетімен қақ қарсында тұрған шын өмірдің шынайы адамын жасай біле тұра, бірақ сол бейнелерді бірталай кездерде шегінен асырып, жалған жайға, жасанды оқиға, ертегі тәрізді қызықсымақ күйлерге бұрып әкетеді. Сәбитте бұл жағына келгенде көбінше натурализм, арзан қызық қуған үстірт схематизм дендеп кетеді» [31, 152].

Сәбит Мұқановтың драмалық шығармасының бірі – «Шоқан» пьесасы. Бұл шығарма алғаш «Әдебиет және искусство» журналының жетінші санында басылып шыққан болатын. Осы пьеса туралы М.Әуезов: «Шоқанда» да Сәбиттің реализмі, шығарманың маңызды, шыншыл, қонымды қасиетін, жақсылығын қалыптаған, қазақ тіршілігіне, тарихына жақын қабысатын қалалық, семьялық, қоғамдық, тарихтық және жеке адамдық болмыс шындық пен қарым-қатынастарды суреттеген жағында пьеса жақсы шыққан. Мысалы, Шоқан, оның әкесі Шыңғыс, шешесі Зейнеп, Мұса бейнесі, Айжан, Жайнақ, Малтабар, Ерден образдары өздерінің бар рольдерімен сезім, сана, психологиясымен анық реалистік қалыпта бейнеленген. Сол ретте генерал Гасфорт, Фредерике, Катерина Гутковская, Лиза образдары да қазақ бейнелерінен басқаша мінез, машықтарымен, сөз, сезім өзгешеліктерімен жанды, нанымды бейнелер болып қалыптанған. Қысқасы, Омбы қаласын, қыр жағдайын, тарихтық салттық заман шындығын, сол замандағы жаңағы аталған адамдардың басқаша психологияларын Сәбит реалист жазушының алғыр өнерімен сенімді бейнелеген», – деп бір мақтап алады да артынша Сәбеңнің пьесасын аяусыз сынайды. «Бірақ осындай жақсы сипаттарымен қатар, – дейді жазушы, – «зор адам жөніндегі ұлы нысана реалистік көркем шығарма ретінде ойдағыдай шыққан ба?» десек, бұл қалыпта «Шоқан Уәлиханов» атты пьеса әлі көп жағынан жетісе алмай, толыса алмай тұрған сияқты». М.Әуезов осы кемшіліктің екі себебін ашып көрсетеді: «Бірінші себебі – пьеса қанша айтқанмен шақ мезгілдің, шағын материалдың көлемінде қызық құрылады. Ал Шоқан деген тақырып, оның барлық мол арналы, әр тарау өмірін алсақ, бір пьесаға әсте сыймайды. Пьеса үшін Шоқанның не Омбы дәуірін алып қана, немесе Түркістанға қарай аттанған жолын ғана суреттеумен, көп түйінді сол кезендерге түйіп беру дұрыс болар еді... Осындай үлкен материалдың бар бойын пьесаға сыйғызам деп, тартыс оқиғасын көпсітіп, далитып алу – драмалық құрылыстың заңына қайшы келіп жатыр. Бұл – бір себеп. Екінші себеп – Сәбит осы пьесаның әр вариантында орыс тарихындағы, Россия көлеміндегі аса ірі адамдардың атына құмар. Солардың әрбір оқушы мен көрушінің санасында салмағы зор екеніне сенеді де, Сәбит «сахнаға өздерін кіргізем болады» деп ойлайды. Драмалық белі бекіп, идеялық еңсесі көтеріледі, биіктейді деп сенеді. Ал шынында осы пьесаға Семенов Тянь-Шанский, Чернышевский, Александр II патша, Авдотья Панаева, Потанин тәрізді адамдардың бір-бір суреттерде, немесе екі суретте араласып, тез жоғалып кетіп отыратыны шығарманы қатты әлсірететінін» атап көрсетеді.

Қазақтың кеңестік дәуіріндегі драматургиясында едәуір табысқа жеткен қазақ драматургінің бірі – Әлжаппар Әбішев. Жазушының өндіріс

тақырыбына, оның ішінде Қарағанды туралы ұзақ еңбектеніп, еселеп ізденіп жазу нәтижесінде туған туындысы – «Достық пен махаббат» пьесасы. Өз дәіріндегі қазақ пьесаларының ең тәуірі, ең тұрақты көркемдік сипатқа ие болып шыққаны осы «Достық пен махаббат» деп бағаланды. «Достық пен махаббатты» бұл жағынан қарасақ, ондағы конфликт өте нық шиеленіскен берік тартысты баян етеді. Ондағы жағымды-жағымсыз елеулі образдардың, мінездердің көбінде анық типтік сипаттар бар. Осындай драматургиялық элементтері берік материалға сүйенгендіктен, бұл шығарма сюжеттік жағынан мейлінше қою, қалың оқиғалы, келісті боп шыққан. Кемшілік те жоқ емес еді, Әлжаппардың ең жақсы пьесасының өзінде де, мысалы, орыс адамы Миронның сөйлеу, ойлау тілінде анық орыс адамының психологиялық, ұлттық өзгешелік-ерекшеліктері, аса шартты, қажет ерекшеліктері дәл шыға бермейді. Қазақылану көбірек болады. Екінші, кейбір адамдары өзінің ішкі сырын, көңіл күйін айтар шағында әсірелеп, лепіре жалындап кетеді. Осы екі жайдың екеуі де, әсіресе пьесада тілдің, сөздің ең талғағыш таразы болатын ерекшелігін ойдағыдай ескере алмай жатқандықты көрсететіндігі сыншылар назарына ілікті. Ә.Әбішевтің қаламынан туған «Бір семья», «Күрес әлі біткен жоқ», «Әке үкімі» тәрізді пьесалар да сол кезеңнің көркем драмалар қатарын толықтырды. «Бар пьесаның көбіне ортақ бір жақсылығы: автор барынша, конфликтіні нық шиеленістіріп алуға тырысады. Адамдарының тартысы өмірлік қатаң, ширақ тайталасқа арналады. Бұнысы шығармасының қызықты, сюжетті болуына көп көмек етеді. Ал, кейде, бір мықты конфликт, қызық сюжет іздеймін деп «Әке үкімі», «Күрес әлі біткен жоқ» сияқты пьесаларда өмір шындығы жағынан даулы көрінетін жасанды, шытырман оқиғаларға қызыққыш боп көрінеді. Әлжаппар тәжірибесінен реалистік пьеса тудыру шарты осындай жайларды талап еткізді» [31, 163].

Қазақ драматургиясының дамуына бар саналы ғұмырын арнаған тағы бір талантты жазушының бірі – Шахмет Құсайынов. Оның қаламынан туған пьесалар саны онға жуық. Ш. Құсайыновтың көптеген шығармалары шеберлік, шешендігімен танылып, сахналардан қойылып жүрді. Солардың арасында «Алдаркөсе» комедиясын, «Сахара үстіндегі жалау» атты Амангелдіге арналған тарихи пьесасын және кейінірек сахнаға шыққан «Көктем желі» сатиралық комедиясын ерекше атауға болады. М.Әуезов жазғандай, «Алдаркөсе» гротесккомедия есебінде, жанрлық ізденулері бар, фольклор күлкісіне заңды, қонымды түрде қабысып шыққан, әсірелеген сықақ есепті болады. Халықтың қоғамдық мазақ, әзілін творчестволық түрде жеңіп меңгерген табыс барын танытты. Өз дәуір шындығына негізделіп жазылған «Көктем желі» атты комедия «Алдаркөседен» стиль, әдіс жағынан мүлде басқа шыққан. Ол комедия стиліндегі реалистік жанрға көп сипатымен көңілдегідей қонымды боп шыққан. Қазіргі қатаң сыналып жүрген фальштік тартысқа, іске, мінезге құралған соңғы жылдар комедияларынан «Көктем желінің» көп жақсы айырмасы бар. Шахметтің пьесасында жағымсыз адамдардан, Мойтық, Шаймұқандардан жағымды адамдар ортасы сонағұрлым көп. Олар күшті,

есті және салмақты істермен, сөз, мінездермен анау құнсыз бірлі-жарымды қатты қағып, өздері де әйгілеп, әшкерелеп жүреді. Қазақ драматургиясында сатиралық жанрды дамытуда Ш.Құсайыновтың осы шығармалары дәлел бола алады» [31, 174].

Қазақ-совет драматургиясына күрделі бір ғана пьесамен-ақ салмақты үлес қосқан жазушы – Ғабиден Мұстафин. Қаламгердің қазақ сахнасына елеулі олжа салған драмалық шығармасы – «Миллионер» пьесасы. Бұл шығарма реалист жазушының көптеген тілдерге аударылып, көп елдердің оқушыларына мәлім болған атақты «Миллионер» повесінің негізінде жазылған. Екі шығарма көлемінде де жазушы Ғабиденнің нанымды, көркем жаңалық туғыза білетін шеберлігі анық аңғарылады. М.Әуезовтің жазуынша, пьесаның кемшіліктері де жоқ емес. Реалистік көркемдік "Миллионер" пьесасының ең алдымен өмірлік шындыққа нық байланысты бекем негізінде. Өмірлік болмыс тұрғысынан қарағанда әрі көркем нанымды және соның үстіне орамды, шебер түрде қамтыған шындықтар бар. Замандық-қоғамдық, ішкі психологиялық сипаттарды тартыс үстінде, әр кезеңде, көңілдің әр сәтіне орай келетін тілмен өте орынды таратып беретін келісімдер бар. Жарастық, келістілік бар. Әсіресе Ғабиден творчествосының ең асыл қасиеті – адамдарының аузына оралатын, өз лайығымен берілетін тілде. Сол ретте Жақыптың аузындағы сөздер, Жомарттың тілі, өз орнында Алманың, Жанат сияқты адамдардың сөйлейтін тілдері бүгінгі ең шебер, тапқыр ойлы, тартымды сөздер деуге болады. Анығында, жазушы өзі суреттеп отырған халықтық, қоғамдық ортаның жағымды адамдарына шешен, тапқыр, ойлы, көркем тіл бітіре білу керек. Қай заманда болса да халықтың ішкі қасиетін көркем шеберлікпен сипаттайтын, бағалы еңбегі бар жазушының бәрі де сол халықтың жүрегінде жүргенін тіліне оралтады, ойында дәл қалыптанып аталып, таңбаланып шықпаған, бірақ санасының түпкірінде тұнып жатқан шындығын тапқыр ой етіп, көркем сөз, монолог, диалог үлгісінде көрсетеді. «Миллионер» пьесасы қазақ сахнасына соншалық қонымды, орамды, соны тіл алып шықты. Бұнысы «Миллионер» пьесасының оқшау, үздік шыққан қасиеті, анық жақсылығы болатын. Зерттеушінің сөзімен айтқанда: «Бірақ сонымен қатар және айтуға тура келеді, «Миллионер» пьесасы, осындай бағалы қасиеттері бола тұра, екінші бір жағынан ойдағыдай жерден шыға алмай, олқы соқты. Онысы пьесаның сюжеттік, драматургиялық тартыс, құрылысының біртұтас толық шебер құрылысқа жете алмау себебінен. Бұл пьесаның тартысы соңғы актыларға ауысқанда әлсіреп, босаңсып, нашарлап кетеді. Ал, осы кемшілік пьеса «Миллионер» ғана емес, повесть «Миллионердің» де елеулі олқылығы еді» [31, 216].

Қазақ драматургиясының жаңа толқын қаламгерлермен толығы кезеңі – ХХ ғасырдың 60-90 жылдары. Бұл кезеңдегі қазақ драматургиясына қосылған қаламгерлер – *Қалтай Мұхамеджанов, Қанабек Байсейітов, Қуандық Шаңғытбаев, Тахауи Ахтанов, Сәкен Жүнісов, Әкім Тарази (Әкім Әшімов), бұлармен ілесе Әбіш Кекілбаев, Оралхан Бөкеев, Қалихан Ысқақов,*

Баққожа Мұқаев, Оразбек Бодықов, Дулат Исабеков, Асқар Сүлейменов, Софы Сматаев, Төлен Әбдіков, Нұрлан Оразалин, Иранбек Оразбаев, Сұлтанәлі Балғабаяев, Жолтай Әлмашұлы, Роза Мұқанова, т.б. каламгерлер қазақ драматургиясының көркемдік-эстетикалық қазынасын еселей түсті. Қазақ драматургиясы тақырыптық, көркемдік жағынан байып, жетіле түсті. Қ.Мұхаметжановтың драмалық туындылары, Ш.Айтматовпен бірігіп жазған «Көктөбедегі кездесу», Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер», Т.Ахтановтың, С.Жүнісовтің, Д.Исабековтің пьесалары сахналық мәдениетті кемелдендіруге үлес қосты [32, 216]. Қазіргі қазақ драматургиясы әлемдік классикалық дәстүрді шығармашылықпен қабылдай отырып, ұлттық топырақтағы осы өнердің өркендеуіне жаңашылдықпен үлес қосып келеді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жазылып, бірқатары театр сахналарында қойылып келе жатқан әртүрлі тақырыптардағы пьесалар классикалық драматургия жанрларының уақыт пен кеңістіктегі өміршең, ұлағатын айғақтайды. **Қалихан Ысқақовтың** «Қараша қаздар қайтқанда», «Таңғы жаңғырық», «Есеней – Ұлпан», «Жан қимақ», «Сабатаж!», «Қылкөпір», «Мазар», «Ерліктің екі сағаты», «Апатай», «Жәке-Жәкетай», «Сайқының тұқымдары», «Қазақтар» (Шахимарданмен бірлесіп жазған) барлығы жиырмаға жуық пьесасы бар. **Дулат Исабековтің** пьесалары да әралуан тақырыптық, жанрлық ерекшеліктерімен әдебиетіміздің драматургия саласының дамуы қорын молайтты. Драматургтің «Ректордың қабылдау күндері» (1975), «Әпке» (1982), «Ертеңді күту» (1979), «Мұрагерлер» (1982), «Алыстан келген ананас» (1984), «Кішкентай ауыл» (1986), «Анасын аңсаған қыз», «Ескерткіш операциясы», «Алтын тордағы топты» («Актриса»), «Ескі үйдегі екі кездесу», «Тор» пьесалары театрлар сахналарында үздіксіз қойылуда. Қаламгердің «Жеті желкен» (1987) атты таңдаулы пьесалар жинағы жарық көрген.

Иранбек Оразбаевтың (Иранғайып) «Хайуандық комедия», «Алтын адам», «Естайдың Қорланы», «Қорқыттың көрі», «Махамбет», «Мауглидің оралуы», «Шоқан», «Мен ішпеген у бар ма?..», «Былыққа батқан қала» пьесалары бар. Нұрлан Оразалиннің «Шырақ жанған түн», «Тас киіктер», «Ақ құс туралы аңыз», «Қара қазан ғасыры» пьесалары оның ақындық сыршылдығы ықпалындағы лирикалық, психологиялық сарындылығымен ерекшеленеді.

XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап дамуының үдерісінде қазақ драматургиясы игерген өзекті мәселелердің бірі – ұлттық тарихымыздағы ақтандақ болып келген тақырыптарды көркем шындықпен жазу. Қазақтың ұлттық тарихындағы дербес мемлекеттік құрылыммен қалыптасуымызға, халық болып танылып, сақталуымызға қайраткерлікпен-көсемдікпен өмірін арнап, еңбек еткен хандарымыздың (Керей, Жәнібек, Абылай, Кенесары), би-шешендеріміздің (Төле, Қазыбек, Әйтеке, т.б.), ақын-жырауларымыздың (Асан Қайғы, Бұқар, Махамбет, т.б.), батырларымыздың (Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Сырым, Исатай, Жанқожа, т.б.), ғұлама-ағартушыларымыздың, қоғам қайраткерлерінің (Әбунасыр әл-Фараби, хакім

Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов), т.б. ондаған тарихи тұлғаларымыздың сөз өнері туындыларындағы көркем бейнеленуі жаңаша серпінмен өркендеді. Әсіресе, ХХ ғасырдың 80-жылдарының ортасынан басталған ұлт тарихының бұрын әдейі назарға алынбай келген тұстары асқақ рухты романтизм мен сыншыл реализм көркемдік әдістері тұрғысынан мол қамтыла жазыла бастады. Әдеби тек түрлері (эпос, лирика, драма) жанрларының барлық салаларында елеулі туындылар жазылып, оқырмандарға ұсынылды. Драматургия саласында да халық ықыласпен қабылдаған тың туындылар жазылып, республика театрларының сахналарында қойылумен келеді. **Сәкен Жүнісовтің** «Кемеңгерлер мен көлеңкелер» (Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов бейнелеріне арналған), **Әбіш Кекілбаевтың** «Абылай хан», **М.Байсеркеұлының** «Абылайханның ақырғы күндері». ХХ ғасырдың басындағы қазақ сөз өнеріндегі шығармашылықты мемлекеттік жауапты қызметтерімен сабақтастыра еңбек еткен қайраткерлердің саяси қуғын-сүргін жазалауларына ұшыраған – ұлттық трагедиямыз. Табиғи қабілеттерін туған халқына, ұлтына қызмет етуге арнаған дарынды тұлғалардың жазықсыз жазаланғаны – қазақ ұлтын әлсіретуге, тарих сахнасынан біржолата жоюға арналған зұлым саясаттың жендеттік ұстанымының нәтижелері.

Әрине, қазақ әдеби сыны осы аталған үш жанр – поэзия, проза, драматургиямен ғана шектелген жоқ. Түйіндей айтқанда, ХХ ғасырдың 80-жылдары ортасында қазақ қоғамында орын алған жаңа саяси-әлеуметтік өзгерістер, қайта құру үдерісінің демократиялық сипатын көрсеткен – сөз бостандығы әдеби сынға оң ықпалын тигізуінде күмән жоқ. Қазақ әдебиетінде енді көсемсөз, әсіресе, саяси және азаматтық публицистика кең қанат жайды. Бұрынғы фельетон жанрының орнына пародия, интермедия, эпиграмма секілді шағын әрі жедел жанрлар бағытында жазушылар көбейді. Ал көлемді проза жанрларынан гөрі әңгіме, повестерге ден қойыла бастады. Қуанарлығы, қазақ поэзиясы бұрынғысынша шабытына шабыт қосып, жаңа дәуір құбылыстарын жырлауға шындап кірісті. Бірқатар қаламгерлер бұрын қазақ әдебиетінде онша ескеріле бермеген эссе жанрында жазумен машықтанды. Осының бәрі қазақ әдеби сынына әсер етіп, сын жанрлары да кеңейіп жаңаша рең алғанын көреміз. Алайда, кейінгі кездегі әдеби сынның деңгейін қай жағынан алсақ та, алаш және кеңестік әдебиет тұсындағы қарқынмен салыстыруға келмейді. Цензура мен көркемдік кеңестердің тоқтатылуы әсіресе, әдеби шығармалардың сапасына кері әсер етті. Жадағай жазушылар, ала-құла ақындар, дарынсыз журналистер көбейіп кеткендігі соның дәлелі болса керек.

1.3 Сын және әдеби байланыстар

Әдеби үдеріс – әрбір халықтың ұлттық мәдениеті дамуының жетістіктерінен құралатын шығармашылық қозғалыстар жүйесі. Ұлттық

әдебиеттің көркемдік таным тұрғысындағы үлгілері жалпы халықтың эстетикалық қабылдау деңгейіне орай бағасын алары анық. Әдеби даму қозғалысындағы ықпалды, қозғаушы күштер ретінде көрнекті, дарынды тұлғалар сөз өнерінің рухани танымдық әсері мен қоршаған ортаның қоғамдық-әлеуметтік мәселелерін ұштастырады. Көркемдік күші мен әлеуметтік мәселелерін тұтастыққа айналуынан ұлттық әдебиеттің халықтық сипаты қоғамдық маңызға ие болады, жұртшылықтың рухани демеушісіне айналады. Халық тарихының жаңа кезеңдегі оқиғалары ақындардың көркем шығармаларының әдеби дамуындағы ортақ мүдделерді жырлағандарынан байқалады. Әлбетте, тегі мен діні бір, тілі ұқсас халықтардың ортақ мүдделері ұлт зиялыларының басын біріктіріп қана қоймай, шығармашылық үндестікке де итермелейді. Сондықтан әдебиеттегі тоғысулар, қарым-қатынастар мен шығармашылық ықпал-әсер әдеби процестің өз заңдылығы болумен қатар, сөз өнерінің қалыптасып, дамуының негізгі формасы ретінде де қабылданады. Бұл ретте В.Г.Белинскийдің мына сөзі дәйек боларлық: «Жалпы, әлемде еш саңылаусыз, томаға-тұйық, өз қалпымен, өз сұраныс, талаптары тұрғысында ғана өмір сүретін әдебиет жоқ. Қай әдебиеттің жүріп өткен жолына қарасаң да, қандай айқын, қайталанбас жағдайда қалыптасса да, сол не өзге деңгейі басқа әдебиеттер жетістігінен көрініс береді. Тек өз тұрғысында және бірыңғай өзінің ғана күш-қайратынан нәр алып өркендеген әдебиет жоқтың қасы» [33, 143].

Әдебиет зерттеушілері мен ғалымдардың осы іспеттес ой-пікірлері қандай да бір халықтың мәдени-рухани даму тенденциясында өзара байланыстың баға жетпес рөлі бар дегенге саяды. Бұған батыстық, кеңестік және отандық оқымыстылардың еңбектері куә. Жалпы, әдебиеттердің байланысу мүмкіндігі мен өзара жақындасуы – олардың даму заңдылығының сәйкестігіне, шындықты бейнелі көркемдеу тәсілдерінің ортақтығына негізделеді. Өзара байланыс пен рухани құндылықтардың алмасуы әдебиеттің қалыптасуы мен өсуін неғұрлым толық бағалау мен сараптауға қызмет етеді. Сондай-ақ, олардың жаңа жағдайда дамуына жағдай туғызады. Әдебиеттің даму деңгейі жоғары болған сайын, оның басқа халықтың көркем өнерімен қатынасы да ұлғайып, нығая бермек. Бұл жөнінде академик В.М.Жирмунский былай дейді: «Халық неғұрлым мәдениетті болған сайын, соғұрлым оның басқа халықтармен байланысы мен өзара қатынасы қарқынды болмақ» [34].

Әдеби байланыстар – түрлі әдеби-тарихи және көркемдік-эстетикалық фактілердің өзіндік көрінісі ретінде үнемі ауысатын өте күрделі, көп қырлы диалектикалық құбылыс. Біріншіден, олар әдебиеттердің әлемдік деңгейдегі өсу жолдарына, екіншіден, әртүрлі ұлт мәдениетінің тарихына, үшіншіден, нақты әрбір қаламгер шығармаларына қатысты туындайды. Әдебиеттанудың өзекті мәселесі болғандықтан да, әдеби байланыстар көптеген ғылыми зерттеу

еңбектері мен пікірсайыс, конференциялардың өзегіне айналды. Осы ретте, 1960 жылы Мәскеуде өткен пікірсайыстың орны мүлдем бөлек. Бұл жиында сөз өнеріндегі алмасудың екі негізгі түрі атап көрсетілді. Бірі-әдеби процестердің тарихи келісім ұқсастығы болса, екіншісі-өзара тығыз қарым-қатынас. Бұл жіктеу бұдан кейін жазылған еңбектерге басты нысана болды.

В.М. Жирмунский, Г.И. Ломидзе, Н.И. Конрад, И.Г. Неупокоева және т.б. көрнекті ғалымдар өз еңбектерінде Кеңестер Одағы аясындағы ұлттар әдебиетіндегі байланыстардың маңызды проблемаларын әлемдік деңгейге көтеріп, әдеби байланыстардың жалпы теориясына үлкен үлес қосты. Алайда, әдеби байланыстардың теориялық мәселелерін арқау еткен бұл еңбектерде зерттеушілер мәселесі тұтас әрі жүйелі зерттеуді мақсат етпей, көркемдік тәсілдердің дәйектеріне ғана иек сүйеген. Мәселен, танымал ғалым Н.И. Конрадтың еңбегінде [35] әлем халықтары сөз өнерінің қарым-қатынасы, бір-біріне еткен ықпалы мен жекелеген ақын-жазушылардың шығармашылық әсері, бәрі Батыс - Шығыс контексті тұрғысында қарастырылған. Жалпы, аталмыш зерттеу объектісін жан-жақты және жүйелі қарастыру міндеті әдеби байланыстың бірқатар теориялық әрі методологиялық мәселелерін анықтауды талап етеді. Кейінірек ғалым И.Г.Неупокоева осы пікірсайыста білдірген көзқарасын дамыта отырып, әдеби қарым-қатынастың ерекше түрі ретінде этногенетикалық байланысты атап көрсетеді. Ғалымның пайымдауынша, көркем әдебиеттің жалпы даму заңдылықтары ұлт әдебиеттерін салыстыра зерттеуде айқын көрінеді. Демек, әлемдік әдебиет тарихында тарихи процесс бірлігін айқындау өте күрделі. Ал, әлеуметтік-тарихи процесс негізінде қалыптасатын ұлт әдебиеттерінің өсуі өзара қарым-қатынас өрісімен тығыз байланысты. Әдеби байланыстардың тарихи кезеңдерге байланысты әртүрлі сипатта байқалатыны және жалпы даму үрдісінде ұлт әдебиеттерін жан-жақты байытатыны рас. Демек, ұлт әдебиеттерін түгел қамтитын байланыстар тарихының әлем әдебиеті тарихында алатын өзіндік орны. Алайда, ғалым әдеби процесс пен байланыс мәселелері төңірегіндегі ой-тұжырымдарын негізінен кеңестік жүйе тұрғысында сараптайды. Мәселен, ұлттық әдебиеттердегі әлемдік әдеби даму деңгейінің көріністері мен ілгері жылжуына жол ашатын жаңа өзгерістерді әлем әдебиетінде сол дәуірде социалистік реализмнің қалыптасуымен байланыстырды. Сөйтіп, маркстік ілім негізіндегі әдебиеттануды дәріптейді. Әлбетте, бұл - қасаң қағида, қатал жүйе үстемдігі тұсында жаңылыс айтылған, қисынсыз ой-пікір екені даусыз. Мысалы, зерттеуші өз ойын былай жалғастырады: «Әрине, халықаралық әдеби байланыстарды зерттемей, олардың әлем мәдениеті тарихындағы рөлі мен маңызын білмей белгілі бір ұлттық әдебиеттерді әрі қарай тыңғылықты зерделеудің қажеті шамалы. Бұл мәселеге біздің елдегі марксистік әдебиеттанумен қатар, шетелде де айрықша назар аударылуда. Ғалым И.Г.Неупокоева зерттеудің методикасы мен

методологиясына қатысты маңызды мәселелерді атап айтқанда тақырып пен әдеби қарым-қатынасты зерттеудің әдістемелік принциптері туралы; тарихи жағдайға байланысты қалыптасқан әдеби байланыс түрлері мен формалары жөнінде; тарихи даму үрдісіндегі рухани алмасудың бірқатар заңдылықтары жайында толғақты проблемаларды алға тартады. Сөйтіп, байланыстың екі түріне айрықша тоқталады. Оның бірі - өзара жанаса қарым-қатынас жасау болса, екіншісі - тарихи жағдайға орай қалыптасқан әдеби процесс тұрғысындағы байланыс. Міне, осы байланыстар әлемдік тарихи-әдеби процестің әртүрлі сипатын білдіреді деп келсек, бұл-марксистік әдебиеттану теориясы тұрғысынан жасалған байлам болатын. Бұдан мынадай тұжырымдама жасадық: бұл екі әдеби байланыс түрі өздерінің табиғаты тұрғысында әралуан болып келеді. Нақтырақ айтқанда, әрқайсысының өз мақсат-міндеті бар. Соған орай, оның әрқайсысының ерекше ықпал ету аумағы мен өзіндік проблемасын әрі методикасын зерттеу көзделінген. Мәселен екі ғасыр аралығында түркі халықтарының өзара тығыз қарым-қатынас жасауын сол тұстағы тарихи-мәдени процесс орасан зор қозғау салды.

Ал, бұл жөнінде пікір қосақтаған шетел зерттеулеріне «буржуазиялық әдебиеттану түсінігінде» деп сын айтылды. Атап айтқанда, әдеби байланыстарды жіктеудің ғылыми тұжырымы зерттеудің салыстырмалы не тарихи тәсіліне сәйкес жасалынды және бұлайша бөлшектеудің методологиялық себептері бар дегенге саяды. Ол себептер біріншіден, әлемдік тарихи-әдеби процесті ұлттық және халықаралық дамудың диалектикалық бірлігі ретінде түсінбеу болса, екіншіден, тарихи-әдеби даму заңдылықтарын жалпы адамзат өркениетінің өнер ерекшелігі деп танымаудан туындаған деген ой сілемесі сезіледі. Сондықтан, ғалымның пайымдауынша, тарихи түрде қалыптасқан.

Әдеби байланыс түрлерін зерттеуде ұлттық әдебиеттердің әр алуан даму жолдары мен әлемдік көркем өнер өрісінің жалпы тенденциясын үнемі назарда ұстаған жөн. И.Г. Неупокоева сол тұста айқын көрініс тапқан түрлі ұлттық әдебиеттер тарихындағы параллельді құбылысты, олардың даму үрдісіндегі тарихи ұқсастықты айрықша көрсету тенденциясы барын сынайды. Ол әдебиеттерде ерекше із қалдырған көп қырлы байланыстарды байқауға ұмтылыс жоқтығы айтылды. Сөйтіп, сол кездегі кеңестік әдебиеттегі ортақ мүдде тұрғысындағы көзқарас дәріптелді, яғни, жалқыдан гөрі жалпыны уағыздаған қоғамдық жүйе қатынасында ұлттық әдебиеттің өзіндік ерекшелігін емес, интернациональдықты айту көзделді. Осы орайда, ұлттық әдебиеттердің өзара қарым-қатынасы мен байланыстарын жай ғана атап қоймай, әдеби процестің күрделі ішкі заңдылықтарын қамтып, бұл алмасулардың ұлттық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуындағы ролін және шығармашылық өрістегі

алатын орнын айту لازم. Әлбетте, ұлттық көркемдік дамудың тарихи-әлеуметтік жағдайлары мен алғы шарттары туралы мәселенің көкейкестілігі-әдеби қарым-қатынастарды өзара тығыз көркемдік алмасуларға итермелеп, маңызын арттырады. Бұл ретте, ғалым әдеби байланысудың мәні мен өзектілігіне қатысты мәселелерді атап көрсетеді: тағдыр-талайы бір-біріне ұқсас халықтар әдебиетінің байланысы; тілі жақын туысқан ұлттар әдебиеттерінің қарым-қатынасы; идеялық-эстетикалық тұрғыда ортақ әдеби бағыттар байланысы және т.т. [36]. Бұл мәселелердің шешімі қазіргі әлемдік әдеби үрдістің қыр-сырын танумен қатар, әдеби байланыс пен өзара қарым-қатынас жөніндегі теорияны білу үшін де қажет. Осы орайда, тарихи-әдеби процесс тұрғысындағы аймақтық әдеби байланыс мәселесі аса маңызды. Жасыратыны жоқ, бұл мәселе төңірегінде бұрын-соңды айтылған ой-пікірлердің қайшылығы бар екені анық. Оның заңдылығы мынада: Бірінші – кеңестік кезең тұсында таптық тұрғыдағы тұжырымдама бұл мәселенің шынайы бағасын беруге тосқауыл болды. Екінші – аймақтық әдеби байланыстың тірегі болып табылатын туысқан халықтардың түп бірлігіне, тектік бауырластығына назар аударылмады. Үшінші – атеистік ұғым белең алған тұста бұл байланысқа себепкер болған ірі қаламгерлер шығармаларындағы діни дүниетаным ашып көрсетілмеді. Осының салдарынан мәдени байланыстар тұрғысында шынайы зерттеулер мен сараптаулар жасауда бірқатар қиындықтар туды. Сондай-ақ, тек түркі тілді әдебиеттердің ғана емес, Кавказ және Балтық бойындағы халықтардың сөз өнерін зерттеуде де бұл жағдайдың әсері болмай қалған жоқ. Әлбетте рухани алмасу процесін аймақтық аспектіде алып қарастыру қашан да нәтижелі болмақ. Түрлі жағдайлардың әсерімен қандай да бір өңірде әдеби байланыстар өз заңдылығымен дамиды. Осы орайда, түрлі ұлттық әдебиеттердің тарихи құнды мұра ортақтығы тұрғысындағы аймақтық алмасуының негізгі түрі зейін қоя зерделеуді қажет етеді. Мәселен, көне ғасырлардан бері бірге жасасып келген ортақ әдеби мұраларға ие түркі ұлыстары жайында осыны айтуға болады. Сонау түркі қағанаты дәуірінде туып, тасқа қашалып жазылған жәдігерлер – «Күлтегін», «Тоңыкөк» жырларынан бастап одан беріректегі Алтын Орда дәуірінің мұралары бүкіл түркі жұртының рухани нәр алар қайнар бұлақ, бастау көздері ғана емес, сонымен қатар аймақтық аспектідегі мәдени алмасу процесіне жол ашушы дәнекерлер еді. Рухани құндылықтар жөніндегі бірқатар ортақ сабақтастығы бар бұл әдебиеттердің халық тарихымен байланысты өзіндік даму жолы әрі ұлттың менталитетіне орай нақыш-өрнегі де қалыптасты. Сонымен қатар олардың арасында көнеден келе жатқан көркемдік, дәстүрлік негіздегі байланыстар берік сақталды. Мәселен, қазақ, татар, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түрікпен әдебиеттеріндегі біте қайнасқан шығыстық-түркілік әдеби дәстүрлер, көркемдік тәсілдер осыны айғақтайды. Қазақ, татар, өзбек және т.б. поэзияларында жиі

ұшырасатын нәзиралық дәстүр мен ғазал, мәснауи жанрларындағы шығармалар бұған толық дәлел. Жоғарыда қарастырылған әдеби байланыс түрлерінің шығармашылық қарым-қатынас мәселелерін тереңірек түсінуге септігі тигенімен, әдеби процесс болмысын толыққанды сипатта көзге елестете алмасы анық. Өйткені, әдеби байланысты тарихи-әдеби процестің ең бір маңызды буыны ретінде танытын болсақ, ол тікелей көркемдік, шығармашылық үрдіспен, сондай-ақ әдеби бағыт, жанр, стиль және т.б. дамуына да тікелей қатысты. Әдебиеттердің өзара қарым-қатынасы көп қырлылығымен ерекшеленеді. Мысалы, сарындас әдеби ағымдар бір-біріне ықпал етеді, идеялық-эстетикалық бағыт-бағдары ұқсас қаламгерлер өзара үндестік танытып жатады. Бұл жекелеген ұлттық әдебиетте белгілі бір жанрдың қалыптасып, өріс жаюына әрі жаңа және ескі поэтикалық формалардың жетіліп, дамуына, көркем сөз шеберлерінің тіл, стиль тұрғысындағы өркендеуіне игі ықпал жасайды. Әлбетте, әдебиеттер арасындағы байланыс олардың жалпы тарихи-әдеби дамуына сәйкес бір-біріне айрықша ықпалы түрінде болмақ. Ал әртүрлі жағдайдағы шығармашылық қарым-қатынастың нақты формалары шексіз. Бұл көпқырлылық шығармашылық байланыс секілді күрделі процестің маңызды жағын қамтитын негізгі түрлерінде анық байқалады. Ал шығармашылық қарым-қатынастың негізгі түрлері тарихи құбылмалы құбылыс ретінде қарастырылады. Мысалы, шығармашылық байланыстың ең бір маңызды формасы аударма туралы түсінік түрлі тарихи кезеңдерге орай әр алуан мағынаға ие болды. Бұл жөнінде жазылған еңбектер бұл ойымызды дәлелдей түседі. Сонымен, әдеби қарым қатынас формаларына аударма, үлгі алу (взаимствование), еліктеу (подражание), стильге салу (стилизация), образды ұқсастық (образные аналогии) және тағы басқалар жатады. Демек, шығармашылық қарым-қатынастың анағұрлым қарқынды түрі – ықпал – әсер (влияние) болып табылады десек қателеспейміз. Жүздеген, тіпті мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан әдебиет аралық шығармашылық алмасулар шексіз әр алуан. Сондықтан әдебиет зерттеушілерінің алдында қашанда байланыс пен қарым-қатынас процесінің күрделілігімен қатар кезеңдік, ұлттық және эстетикалық көрініс ерекшеліктерін қамтып көрсету міндеті тұрады. Сөз өнерінің өзара алмасу арқылы баю процесі бір қалыпты емес, өзгермелі, құбылмалы. Себебі, әдеби даму - бірде қарқынды, бірде баяу жүретін заңды құбылыс. Әдебиеттер арасындағы байланыс туралы да осыны айтуға болады. Әдеби алмасудың заңды құбылыс ретіндегі белсенділігіне мына секілді қоғамдық-әлеуметтік себептер тірек болғанын байқаймыз. Бірінші-бұл елдер өмірінде қоғамдық-саяси сана өсіп, әдебиеттер өзара тығыз қарым-қатынасқа түседі, яғни, халықтың рухани күш-қуаты анағұрлым айқын көрінеді; екінші-идеологиялық күрес түрлі позиция өкілдерін халықаралық тұрғыда рухани байланыс жасауға итермелейді, үшінші мемлекеттер арасындағы саяси-экономикалық және мәдени байланыстарға кең жол ашылады.

Әлем халықтары әдебиеттерінің осы секілді қарқынды, игілікті байланыстары Ресейдегі бірінші орыс төңкерісі кезінде қоғамдық-саяси өсу жағдайымен бір мезгілде болғаны мәлім. Бұл қоғамдық жағдай империя аймағын мекендеген бүкіл халықтың ұлттық-идеологиялық күресі мен қозғалысына көп ықпал етті. Сонымен қатар, төңкеріс ауқымындағы қозғалыстармен тығыз байланысты дамыған орыс әдебиетінің басқа елдер әдебиетіне әсері де аз болмағаны анық. Мысалы, түркі халықтарының сөз өнерінің осы кезеңде өрістеуіне батыс, орыс әдебиеті мен мәдениеті біршама ықпал еткені рас. Тарихи-қоғамдық жағдайдың өзгеруіне орай, әдебиет аралық қарым-қатынас та бірте-бірте ауысады. Сөйтіп, бұрын өзінің көркемдік жетістігі төмен болғандықтан өзгелерге елеулі әсер ете алмаған әдебиеттер басқалардан үйрену арқылы белгілі бір шеберлік қырларын игеріп, өз ішінен белгілі-белгілі көркем сөз қайраткерлерін ұсынуы мүмкін. Бірте-бірте бұл өзара алмасудың күрделі процесіне әлем әдебиетінің бәрі тартылады. Мәселен, тарихи-қоғамдық жағдайларға байланысты томаға-тұйық күй кешіп келген қазақ әдебиеті ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап, шығармашылық қарым-қатынас үрдісіне бойлай енді. Тіпті, еніп қана қоймай, әлемді аузына қаратқан қайраткерлерді (Шоқан, Ыбырай, Абай) дүниеге әкелді. Ал олардың ізін ала өмір кешкен ХХ ғасыр басындағы қаламгерлер өз алдына бір үлкен шоғыр құрды. Оларды былай қойып, әдебиеттегі бір ғана Абайдың құбылыстық сипатының өзі ұлттық әдебиетіміздің көкжиегін кеңейткені тарихтан белгілі, оны алдыңғы тарауларда атап көрсеттік. Олай дейтініміз, «қазақтың бас ақыны» әкелген әлемдік деңгейдегі әдеби жаңалық, өзгерістер туысқан татар, башқұрт, қырғыз, өзбек, түрікпен және т.б. халықтар әдебиеттерінің дамуына өзіндік игі әсерін тигізді деуге толық негіз бар. Түркі халықтарының рухани алмасуы жөніндегі зерттеу еңбектері бұған толық куә.

Бұл ретте мына бір жайттың маңызы ерекше. Жалпы, империялық-басқыншылық әрекеттер негізінде, яғни, басқа ел мәдениетінің күшпен танылуының нәтижесінде пайда болған әдеби байланыстар, тұрақты әрі табысты қарым-қатынасқа әкелмесі анық. Басқыншы ел жеңілген халықтың ұлттық мәдениетін құрту мақсатында небір сұрқия, аяр әрекеттер, атап айтқанда, ұлттық тілге зорлық, ұлттық баспасөзге шектеу, мәдениетін өзінің көркемдік өнімдерімен басып-жаншу және т.т. іске асыруға тырысады. Бұл секілді шаралар басқа әдебиетке өз формасын ғана емес, өз дүниетаным-түсінігін де тықпалауға негізделеді, бағынышты елдің қоғамдық және мәдени дәстүрлерін елеп-ескермеуге, таптап-жаншуға итермелейді. Осынау зорлық-зомбылыққа қарсы үн көтеретін наразылықтың туындауы заңды. Бұл ретте халықтың өткенге қызығушылық танытуы, өз руханиятын әспеттеуі, сөйтіп, діні мен

мәдениетінің бостандығын талап етуі сөзсіз бой көрсетеді. Сонымен, белгілі бір халықтың рухани әлеміне басқа ел мәдениетінің басқыншылықпен енуі бұл әдебиеттердің дамуына ерекше ықпал етерліктей шығармашылық қарым-қатынасқа апармайды. Бұған дәйек болар дерек көздері жеткілікті. Әлем әдебиетінің тарихына көз жіберсек, мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Мәселен, орыс тілі мен әдебиетінің түркі халықтарының рухани әлеміне зорлықпен енуі мен байланысқа түсуі - осыны айғақтайды. Түркі жұрты жүздеген, мыңдаған жылдар бойы орыс империясы тарапынан жүргізілген тілі мен мәдениетіне қарсы зорлықшыл әрекетіне қатты қарсылық білдіргені тарихтан мәлім. Шынында, бұл қоғамдық құбылыс XIX ғасыр мен XX ғасырда бүкіл түркі әдебиетінде із қалдырғанын байқаймыз. Нақтылай айтқанда, сол тұста қазақ, өзбек, қырғыз, түрікпен, қарақалпақ қоғамында бой көрсеткен тарихи-әдеби бағыт, ағымдар осыны дәлелдейді. Алайда, жаулап алушы ел мен тәуелді елдер арасында шығармашылық дамуға тиімсіз болса да әдеби қарым-қатынастың болғанын байқауға болады. Мұны ескермеу-әдеби байланыстың күрделі әрі көп қырлы тарихи процесін түсінбеу болар еді. Әрине, бұл ретте әдеби байланыс сипаты нақты тарихи жағдайға қатысты анықталары анық. Сондықтан саяси не идеологиялық жағдайлардың етек алуына орай туындаған әдеби қарым-қатынастарды қарастыруда мына төмендегі жайттарды ескерген жөн. Ең алдымен, басқыншы жаудың бұғауына түскен халық өз әдебиетінің ерекшеліктерін сақтап қана қоймай, оған өз әсерін де тигізетінін көреміз. Мәселен, Рудаки, Фирдауси шығармаларының араб классикалық поэзиясының қалыптасуына мол ықпал еткені бүкпесіз шындық. Ал, егер әдебиетті ұлттық сана-сезім формасы ретінде қабылдасақ, онда езгідегі халықтың ұлт-азаттық күресі мен санасының өсуіне қарай, оның әдебиеті өзінің дербестігін, тәуелсіздігін, өз тілін, өзіне тән ерекше тақырып пен идеяны, сондай-ақ этикалық әрі эстетикалық идеалын сақтап, прогрессивтік әлем әдебиеттерімен тығыз қарым-қатынас жасауға ұмтылыс жасайды. Бұған мысал ретінде, алысқа бармай-ақ, төл әдебиетіміздің XX ғасыр басындағы кезеңін көзге елестетсек те жеткілікті. Бұл түркі халықтары әдебиеттерінің рухани алмасуы осынау халықтардың тарихи тағдырының ортақтығын ғана көрсетіп қоймай, рухани мұра бірлігін, олардың мақсат-мұраттар сәйкестігін, этика-эстетикалық идеал үйлестігін де білдіреді. Сондықтан ол әдебиеттердің өзара тығыз байланыс жасағаны айдан анық. Демек, ғалым И.Г.Неупокоеваның әдеби алмасу түрлерінің негізгі есебінде генетикалық байланысты атауы өте орынды. Жалпы, адамзат тарихындағы сөз өнерінің даму заңдылықтарын зерттеу, яғни, әдебиеттердің типологиялық ортақтығын зерделеу әлемдік деңгейдегі көркемдік шындық эволюциясының негізгі заңдарын ашып көрсетуде аса маңызды. Сондай-ақ, мәдениет түрлерін анықтауда мұның қажеттілігі аса зор.

Академик В.М.Жирмунскийдің пайымдауында, әдебиеттанудың «салыстырмалы әдісі» астарында «әсер мен ықпал» атауын зерттеудің ұғымы жатыр. Сондықтан да бұл әдіс тарихи не әдеби дамудағы белгілі бір әдеби құбылыстың оған қатысын, қоғам шындығымен байланысын ескермейді. Өйткені қоғам шындығы тарихи, ұлттық және өзіндік ерекшеліктерін білдіреді. Сондай-ақ, осы ерекшеліктер негізінде жасалып, пайдаланылған үлгілерді байқатады [34, 156].

Мұндай салыстыру ұлттық, тарихи құбылыс ретіндегі өзіндік ерекшелігін жоймайды, қайта салыстыру арқылы ол өзгешеліктің түйінін айқындауға болады. Демек, салыстыру - тарихи зерттеудің методикалық әдісі. Ал, әр алуан ұлт әдебиеттеріне салыстырмалы-тарихи тұрғыда зерттеудің негізгі алғы шарттарының бірі – адамзаттың әлеуметтік-тарихи ілгерілеуінде идеологияға икемделген әдебиет пен өнер атаулының уақыт талабына сай дамудағы процесс бірлігі мен заңдылығының ортақтығы болып табылады. Бұл тәрізді өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың феодализм заманындағы ортақ жағдайы қоғамдық-саяси қарым-қатынастар бәріне сәйкес типологиялық ортақ сипаттар ретінде Орта Азия елдерінің әдебиеті мен өнерінде аңғарылды. Әрине, шындықты образды түрде тану - қоғамдық дамудың бірдей сатысындағы әр алуан халықтың ұқсастығын байқатары анық. Осы секілді жалпы және жеке ортақ сипаттар тікелей байланыс пен қарым-қатынастар жоқ тұста тарихи-типологиялық үйлесім не ұқсастық деп аталуы мүмкін. Мұндай ұқсастықтар әдебиетте жиі ұшырасады. Сондықтан оларды әдебиеттер арасындағы байланыстардың алғышарттары деп қабылдаған жөн. Сонымен қатар, қоғам өмірінің әртүрлі жақтары болатыны секілді, бұл ұқсастықтар да тарихи процестің жергілікті ерекшеліктері саналатын және осы ерекшеліктер арқылы тарихи-ұлттық өзіндік өзгешелікті қалыптастыратын негізгі жеке айырмашылықтарға тиесілі. Оларды салыстырмалы зерттеудің маңызы мынада: ол-ұлттық әдебиеттің ерекшелігі-салыстыру мәні мен қоғамдық талаптарға сай әдеби дамудың жалпы заңдылықтарын айқындауға мүмкіндік туады. Әдебиеттің дамуында ерекше орын алатын құбылыс, ол – басқа халықтар әдебиетімен байланыс орнату. Бір-бірінен үйрену, біріндегі жақсы үлгіні бір-біріне үйрету [37, 202].

Қазақ ақын-жазушылары – С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов, М.Әуезов, С.Мұқанов тағы басқа қаламгерлер М.Горькийден бастап М.Шолохов, А.Фадеев, Л.Соловев, А.Твордовский, Мирзо Тұрсын-Заде, Ғ.Тоқай, Расул Ғамзатов, Шыңғыс Айтматов, Эдуард Межелайтс пен тағы басқа көптеген туысқан халықтар әдебиеті өкілдерімен шығармашылық байланыста болып, ұлттық әдебиетіміздің кең өркен жаюына дәнекер болды. Әсіресе, орыс әдебиетінің Абайдан бастау алған достық байланысы Кеңес дәуірінде шарықтау шегіне жетіп, нәтижесінде ұлттық әдебиетіміздің құлашын кеңге жайған ауқымды шығармалар әкелгені рас. Оны ғалым да

жақсы байқаған. Жан-жақты тәптіштеп талдап көрсеткен. М.Горький мен Белинскийден басқа М.Шолоховтың, А.Фадеевтің, Л.Соболевтың, Д.Фурмановтың, Н.Островскийдің, поэзия саласында В.Маяковскийдің, А.Твардовскийдің, Д.Бедныйдың, Н.Тихоновты, Я.Смеяков, М.Луконин, Е.Евтушенко, Е.Винокуров т.б. орыс әдебиетшілері мен көптеген ақындардың ықпалы да аз болмағаны белгілі. Әдебиеттер байланысы бір жақты мәселе емес. Осы тұрғыдан келгенде, қазақстан, қазақ халқы тақырыбы орыс әдебиетіне не берді деген жауап іздесек, сол сияқты басқа халықтар әдебиеті де орыс әдебиетіне өзіндік ықпалы, әсері болуы мүмкін нәрсе. Осы жағынан да зерттеулер мен пікірталастар, ізденістер болды. Бұл мәселе әлі күнгі байыпты зерттелмей, толғамды ойлар айтылмай келе жатқан әдебиеттің өзекті сұрақтарының бірі болды. Республика жазушыларының ҮІІ съезінде (1976 жылғы апрель) сөйлеген сөзінде көрнекті ақын М. Луконин өз шығармашылығының Қазақстанмен байланыстарына тоқтала келіп, онда қазақ әуендері кездесетінін, әсіресе, Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын орыс тіліне аудару кезінде, шығармадан үлкен әсер алғанын, өз шығармаларын жазу барысында осы поэмаға еліктеп, тың дүниелер туғанын айтқан болатын. Әдебиеттердің бірін-бірі байытуы жолында көркем аударманың атқаратын қызметі зор болды. Елімізде осы кезден бастап, шын мәніндегі, көркем аударма мектебі құрылды. Аударма төл әдебиетіміздің бөлінбес бір саласына айналды. Көркем аударманың жай-күйі төл әдебиеттің поэзия, проза сияқты жанрларындағы шығармаларды өз тіліміздегі, сондай-ақ, өзге тілдегі құнды шығармаларды аударумен айналысты. Аудармашылардың алдына қойылған талап – түпнұсқаның мазмұнын, формасын, ұлттық ерекшеліктерін түгел сақтау, аударылып отырған тілдің ішкі заңдарына бағындырамын деп, түпнұсқаның көркемдік бояуын солғындатып алмау, бейнелік-стильдік сындарлығына нұқсан келтірмеу. Ол кезеңнің бір сүйсінерлік жайы – ұлт тілінде туған шығарма дереу орыс тіліне аударылу арқылы Бүкілодақтық оқырманның назарына ілігіп, ортақ әдеби қазынаға қосылатын. Әдебиеттер байланысының екі түрі – контактылы байланыс және әдеби процестердің тарихи жағдайдан туатын ұқсастығының байланысы, әсіресе, соңғы жетпісінші- сексенінші жылдар ішінде мазмұн жағынан байып, ұлғая түсті. Бұл жөнінде тағы бір айта кетер жай – бір суреткердің екінші бір өлкемен, елмен шығармашылық қатынасы да орын алды. Ақын-жазушылардың сараптамалары, жолжазбалар, қайсыбір лирикалық арнау өлеңдер осындай байланыстың көрінісі. Үндістан, Монғолия, Қырғызстан, Азербайжан, Тәжікстан т. б. көптеген елдерге шығармашылық жолсапарлармен барған қаламгерлеріміз өзінің көрген-білгенін, көкірекке түйген ой-пікірлерін ортаға салып, мәдени ахуалдың дамуына атсалысты. Ұлт әдебиеттерінің күндері өткізілді, оған туысқан әдебиеттердің көрнекті өкілдері қатыстырылды. Онда әдебиеттің өмірмен байланысы, жазушының бүкілхалықтық мәселелері кеңінен талқыланып, өзара пікірталастар

ұйымдастырылды. Республикаға келген меймандар Қазақстанның өмірімен танысып, өнеркәсіп алыптарын аралады, ауыл шаруашылығының еңбеккерлерімен, атақты диқандарымен кездесті, интеллигенция өкілдерімен сұхбаттасты, сөйтіп әдеби-мәдени ахуалды дамыту бағытын айқындауға талпынды.

Белгілі ғалым, көрнекті сыншы М. Қаратаевтың: «Халықтар достығы идеясы әріптес әдбиеттердің өзара қарым-қатынасынан да, тақырып ортақтығы мен стиль бірлігінен де көрінеді. Бұл достыққа әдеби апталық, декада, симпозиум, пленум, жазушылар съездері сынды алқалы жиындар да тамаша дәнекер болды», – деп көрсетеді [38, 235]. Осындай апталықтар мен онкүндіктерге, жиындар мен конференцияларға үнемі қатысып, өзінің қаламгерлік қызметінің бір бағытын осы орайда жүргізген көптеген қаламгерлердің шығармашылығы – әдебиеттер байланысы, достық қарым-қатынас туралы болды. Қазақ әдебиетінде бұл саланы арнайы зерттеушілер де көптеп саналды. М.Әуезов, С.Қирабаев, М.Қаратаев, Р.Нұрғалиев, С. Сейітов, т.б. жазушыларымыз бен ақындарымыз осы достық байланысты шығармаларына арқау етті. Журналистеріміз күнбе-күн халықтар арасындағы дәнекер қызметін атқарды. Әдебиетшілер қызмет бабымен болсын, өзінің ізденушілік мақсатымен болсын, алыс-жақын шетелдерде жиі болып, Азия-Африка жазушылары арасындағы әдеби-рухани байланыс туралы толғана жазған құнды-құнды зерттеу мақалалар жазды. Танымдық деңгейі жоғары, оқырманға сол ел туралы толыққанды мағлұмат бере алатын бұл материалдар бүгінгі күнге дейін маңызын жоғалтпаған рухани қазыналарымыз қатарында.

Кеңес дәуірі әдебиетінің тарихына көз жүгіртсек орыс әдебиетінде татар, қазақ, қырғыз, өзбек, түрікпен, грузин, армян т.б. халықтар өкілдерінің бейнесі жүрсе, осы халықтардың қай-қайсысының болсын әдебиетінде де орыс, татар, өзбек халықтарының өкілдері суреттеледі. Мұны қай ұлт әдебиеті қалай, қандай дәрежеде жасап келеді деген мәселе өз алдына, бірақ орыс ұлтының бейнесін жасауға тырыспаған, талап етпеген ұлттар әдебиеті жоқ деуге болады. Сондай әдебиеттің бірі - қазақ әдебиеті болды. Ұлы Абайдан бастап, «орысша оқу керек, қызмет те, мал да, өнер де ғылым да бәрі орыста» деген. Осы сөзді желеу еткен кеңестік дәуір қаламгерлері өз шығармаларына орыс ұлтының өкілдерін кейіпкер етіп енгізуді дәстүрге айналдырды десек болады. Рас, орыстың, еуропаның зерттеушілеріне сүйеніп, өз ғылымымызды қалыптастырды. Олардың озық идеялары мен методологиялық бағыттары, айқын көзқарастары сол кезеңдегі Одақ көлеміндегі үлкенді-кішілі халықтар мен ұлттардың алдыңғы қатарлы адамдарына барынша ықпал етіп, әсер етіп келгендігін халықтардың өткендегі тарихынан сызып тастай алмасымыз ақиқат. Мәселен, украин халқының дара тұлғасы Тарас Шевченконың суреткерлік шеберлігі мен ақындық талантының көзін ашқан, оған барынша жағдай жасап, мүмкіндік тудырған орыстың белгілі суретші-живописеці Брюллев

пен ақын Жуковский болғаны белгілі. Чернышевский мен Добролюбов ұлы ақын Шевченконың шығармаларын құрметтеп, бағалаған. Әсіресе, оның шығармашылығының нағыз халықтық қасиетін көре білген. «Жалпы мағынасында алып қарағанда, әдеби байланыстар бір әдебиеттің екінші әдебиеттің әлеміне кірігуі болып табылады. Мұндай кірігудің пішіні әр қилы. XIX ғасырдың екінші жартысынан бері әдеби байланыстар жалпыәлемдік ауқымға ауысты да әр халықтың әдебиетіндегі өзіндік белгіге, сонымен бірге әлемдік әдебиеттің өзіндік фактісіне де айналды» – дейді Н.И. Конрад [35, 101]. Басқа халықтың жан әлемін, оның мәдениетін, рухани дүниесін танып-білу арқылы өз мәдениетің мен өнеріңнің деңгейін парықтайсың. Тарихи тағдырлары бойынша өзара жақын халықтар әдебиетінің – славян, скандинав, латын-американ әдебиеттерінің, Азия, Африка елдеріндегі халықтар әдебиеттерінің өзара байланысы. Бір-біріне ұқсас тарихи жағдайда дамып жатқан әдебиеттердің (Кеңестік кезеңдегі одақтас елдер әдебиеті) байланысы. Тілдері жақын немесе әдеби тілі ортақ әртүрлі әдебиеттердің (ағылшын және американ, ағылшын және австралиялық, австралиялық және немістік, т.б. әдебиеттердің) өзара байланысы. Әртүрлі тарихи жағдайда және әртүрлі ұлттық көркемдік дәстүрлер негізінде дамығанымен, идеялық-эстетикалық мақсаты бойынша жақын әдеби бағыттардың (кеңес әдебиеті мен социалистік елдердегі социалистік реализм әдістерінің) өзара байланысы. Тарихи бастау-тегі ортақ әдебиеттердің (тәжік және парсы әдебиеттері) байланысы. Тарихи тұрғыдан бір-бірімен аралас-құралас болған мәдениеттердің әлемдік тарихи үдеріске қатысын көрсететін өңірлік байланыстар болады. Осының бәрі айналып келгенде біртұтас әлем әдебиетін құрайды. Әдеби байланыстар рухани саланың әлемдік деңгейін танытатыны ақиқат. Жер бетін мекендеген жүздеген, мыңдаған халықтардың рухани қазынасымен танысып, оның игілігін өз халқыңа көрсетуге жарасаң, қаламгердің алдына қойған басты мақсаты да осында.

Кеңес кезеңінде «совет адамы» деген атаумен барша адамдар бір-біріне дос, бауыр, туыс деген гуманды пікірді қалыптастырды. Адамгершілікті ту еткен осы идея қазақ әдебиетінде жаңа образдардың дүниеге келіп, ұрпақ тәрбиесіне өзіндік ықпалын тигізгені тарихтан белгілі. Мұның теңгенің екі жағы сияқты екі түрлі сипаты болды. Бірі – басқа халықтармен тығыз достықты қалыптастыру арқылы өзгеден үйрену, даму, өркениетке жол ашу тәрізді жағымды жағы болды. Сонымен қатар, бүгінгі көзқарас тұрғысынан келсек, ұлттық құндылықтарымыздың кейінге ысырылып, басқаға еліктеуге ұрынғанымыз. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлттық құндылықтарымызға сын тұрғысынан қарап, бірқатар ғалымдарымыздың осындай болжамдар айтқаны рас. Дей тұрғанмен, ол дәуір үшін 60-90 жылдар әдебиетінде туысқан халықтар әдебиетімен тығыз қарым-қатынас жасау – әдебиеттің өсу тенденциясына оң ықпалын тигізді деп батыл айтуға болады. Ұлттар әдебиетінің бірін-бірі байытуы, ұлттық

және интернационалдық сипаттардың диалектикалық бірлігін барған сайын таныта түсті. Кеңес дәуірі әдебиетінде қалыптасқан «социалистік реализм» терминінің негізі осы халықтар достығын насихаттаумен ұштасып отырды. Бейбіт еңбек адамының бейнесі, олардың бойындағы жаңа қасиеттер қалам қайраткерлерін терең мазмұнды, биік сапалы шығармалар тудыруға құлшындырды. Кеңестік кезең әдебиетінің негізгі ұраны «мазмұны - социалистік, формасы - ұлттық» деген қағиданы берік ұстанды. Бұл қағида әр тілде, әр түрлі формада көптеген ұлттар әдебиетінің толып жатқан теориялық, практикалық мәселелерін қамтыды. Әдебиет пен өнер қай проблемада болса да мазмұн мен формаға соқпай өте алмасы белгілі. Алайда, ол кезең әдебиетінің мазмұны мен ұлттық формасы мәселесінің ең басты, нақтылы проблемалары бар болатын және оның өзі совет әдебиет зерттеу ғылымында жетпісінші жылдардың соңында ғана қолға алына бастады да, алғашқы адымдар жасалды. Жеке ұлт республикаларындағы тип-қашты жазылған мақалалар көлеміндегі еңбектерді былай қойғанда, осы мәселені кең көлемде көтеріп, жан-жақты қарастырған К. Зелинский, Л. Новиченко, Н. Шамото, Г. Ломидзе сияқты әдебиет зерттеушілерінің аттарын атауға болады. Бұл мәселені мақала түгілі бірді-екілі монография көлемінде де толық қамту қиын екені белгілі. Сондықтан сол кездегі жекелеген мақалалар осы проблеманың жекелеген жақтарына ғана арналып келді. Қазақ әдебиетінде бұл туралы жиі-жиі жазып, үлкен еңбек сіңірген әдебиетшілер М. Әуезов, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, Ә. Тәжібаев, Қ. Жұмалиев, М. Қаратаев, М. Дүйсенов сынды ғалымдарымыз болды. Сол кездегі Одақтық көлемде көретін және туысқан халықтар әдебиетінің социалистік дәуірдегі дамуының ерекшеліктері туралы, әсіресе, М. Әуезовтің еңбегі айрықша болды. Кеңес дәуірі әдебиетшілерінің алдында М. Горький атындағы Дүниежүзілік әдебиет институты осы мәселенің басты алғы шарты – халықтар әдебиетінің өзара байланысы және әсер-ықпалы жайында арнаулы пікір алысу ұйымдастырылған болатын. Мұндағы айтыс пен пікірталастың өзегі болып отырған жай – халықтар әдебиетіндегі көркем шығармалардағы ұлттың немесе халықтың өзіндік ерекшеліктерін сақтай отыра, бір-бірімен тығыз байланыста даму, бір-бірінен үйрену, әдеби шығармалардың өзге тілге аударылуына ден қою. Бұл туралы кезінде Л. И. Тимофеев, Г. И. Поспелов, Л.В.Шепилова т.б. ғалымдарымыз да өз зерттеулерін жасаған болатын. Көптілді әдебиеттің мазмұны ортақ болатыны – олардың экономикасы, саяси бағыты, мақсаты ортақ, дүниеге көзқарасы бір болды, ол – шығармашылықтағы эстетикалық идеялар бірлігі болып табылады. Әрине, қандай да болсын бір ұлт жазушысы өз халқының өмірін, оның тіршілігін, әдет-ғұрпын, яғни өзіне тән ерекшеліктерін көрсетуге тиіс болды. Оны көрсете алмаса, реалист жазушы бола алмайды. Мәселен, М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында жазушы қазақ халқының өмір тіршілігін, тынысын кең көлемде, қомақты түрде шынайы көрсетуге ұмтылды. Халық

өмірінің сол шындығын әр көзқарастағы жазушы әр түрлі идеялық, эстетикалық талғам тұрғысынан суреттеуі әбден мүмкін. Олай болса, көркем шығарманың мазмұнының сапасы мен көркемдік кестесін, халықтар әдебиетіндегі өзіндік болмыс-бітім қалай берілді, қай суреткер қандай әдіс-тәсілді қолданды дегенде сыншыларымызға арқа сүйейтініміз рас. Айталық, кейбір ұлттық ерекшеліктері, характер жасаудағы көптеген өзіндік нәр нақыстары болады. М. Шолохов, М. Айбек, М. Әуезов, Янка Купала, А. Умит, Самед Вургун, Қ. Аманжолов, Л. Киачели т.б. әр халықтың ақын-жазушыларының шығармалары формасы жағынан әр алуан болғанымен оларды бір-бірімен жақындастыратын, бәріне ортақ олардың шығармаларының идеялық бағыты, эстетикалық талғамы. Әр тілде, әр түрлі формада туып, дамыған, ұлт республикалары әдебиеттерінің бір-біріне жақындығы, өзара байланысы, ең алдымен, әдебиеттің осы «социалистік» мазмұнында жатқаны белгілі еді. Сондықтан да халықтар достығы идеясы совет әдебиетінің басты тақырыптарының бірі болып саналады. Совет дәуірінің шындығынан жазылған шығармаларда, әсіресе, орыс адмдарының ағалық достық көмегі қазақ әдебиетінде ерекше айқын көрінді. Қырғыздың атақты ақыны А. Тоқамбаевтың:

«Өлең тілі, ойы бірге қандасым,
Қызық думан, тойым бірге жан досым.
Алатаудың сарқыраған мөлдірін
Қатар іштің, араласып мал, басың.

Өзбек ақыны Ғ. Ғұламның:

Батыр халық, ер қазағым, сәлем өзбек еліңнен,
Аясында қызыл тудың туыстастық сенімен.
Бір үйді жан секілдіміз, тынысымыз бір алған,

Қазанымыз ортақ біздің, ошағымыз бір жанған», – деп қазақ халқымен шын достық қарым-қатынаста болғанын аңғартады. Міне, осыдан-ақ, халықтардың арасындағы достық сезімінің нығайып, бір-біріне туысқандық құшағын жайып, жәрдем қолын ұсынып отырған дәуірде, бірінен-бірі үйреніп отырған кезеңде бір ұлтта бар сипаттар екінші бір ұлтта болуы әбден заңды құбылыс екені аңғарылды. Бұл әдебиетте де үлкен көрініс тапқаны түсінікті.

Әдебиеттер байланысы туралы сөз болғанда екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі оқиғалардың соғыстан кейінгі қаламгерлердің шығармаларынан көрініс тапқанынан айқын аңғарамыз. Ұлы Отан соғысы жылдарында, тарихи-революциялық тақырыпқа арналған шығармалардың қай-қайсысында болсын еліміздің әр алуан ұлттарының өкілдері, олардың ауызбірлігі, мен достығы суреттелетіні айтылады. Сондай-ақ, ауылшаруашылық, өнеркәсіп, ғылым саласында жазылған көркем әдебиеттер туралы да шолу жасайды. Қаламгерлердің шығармаларында елімізде ұлттардың өзара жақындасу жолдарының ұлғая түсуі, жан-жақты

өрістеуі, кеңес қоғамының моральдік-саяси бірлігінің нығаюы, жалпы бүкіл экономикалық және рухани өміріміздің табиғаты көрініс тапқанын, олардың нанымды суреттелгенін тұщына жазады. Үлкен кәсіпорындар мен ірі-ірі құрылыстарда, колхоздар мен совхоздарда бірнеше ұлттың адамдары «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» ұжымдаса еңбек еткені тарихи деректерден белгілі. Ол кеңес дәуірінің «ұлы жеңістерінің» бірі екені де рас. Адамдардың осындай интернационалдық рухта бірігуіне біздің қоғамдық-саяси көзқарасымыздың мән-мақсаты тікелей ықпал етті. Біртұтас туыстық сезімі совет адамының жүрегінде айналадағы бүкіл мінез-құлықтың, өмірлік атмосферада тәрбиеленіп қалыптасатыны белгілі. Кеңес халықтары арасындағы интернационалдық байланыстар бұл күнде тамыр-тармақтарын кең жайып, бірлескен берік күшке айналғаны ақиқат. Міне, сондықтан да кеңес дәуірі әдебиетінде патриотизм мен интернационализм бүкіл сипатына сіңісті болып, негізгі тақырыптардың біріне айналғаны түсінікті. Біздің қаламгерлеріміз осынау идеялық тұғыр биігінде тұрып әлеуметтік өмір мен күрестің, адамзат бақытының проблемаларын қозғады. Халықтар арасындағы достық – тақырыптың тек сыртқы атауында ғана емес, суреткердің идеялық позициясында, оның болмысқа көзқарасында болды. Біздің бүкіл өміріміздің табиғатынан заңды түрде өріс алып, өркен жайған, біздің халықтың жүрегіне ұялап, қанына сіңген осы интернационализм рухы көркем әдебиет кейіпкерлерінің бойынан тұтас табылуы талап етілді. Қазақ жазушылары осы мәселені өз шығармаларының негізгі өзегі етуге тырысып, проза жанрында жоғары да атап өткен шығармалардан басқа да көптеген кітаптарды жарыққа шығарды. Кейіпкерлері әр ұлт өкілдерінен құралған романдар мен повестер, шағын әңгімелер дүркін-дүркін шығарылып жатты. Әдебиеттің партиялығы деген принцип қатаң ұстанымға айналды. Сыншыларымыз осы бағытта жазылған шығармалардың идеясы мен образдарына, көркемдік кестесіне талай сын айтып, сапалы шығармаларды іріктеп, халыққа насихаттауда өнімді еңбек етті. Осы ретте жазылған Ә.Жәмішевтің әдеби-сын пікірлері М.Әуезовтың «Өскен өркен» романындағы Карповтың бейнесі, Т.Ахтановтың «Дала сырындағы» Гусев, З.Шашкиннің «Өмір тынысы» повесіндегі Северюгин, Ж.Тілековтың «От кешу» романындағы Шевчук пен Громов образдары, Ә.Әлімжановтың «Көгілдір таулар» повесіндегі Сергей, Кузнечик образдары туралы болды. Ол: «Бұлар – ең алдымен туған жерді, халқын қадір тұтып, қастерлей білетін шын патриот адамның тебіреніс-толғаныстары. Бұлар – кешегі сұрапыл соғыс кезінде, әлі балғын бала қалпында қиын-қыстау ауырлықты көп көрген тағдырлас замандастар туралы шығармалар. Бәрі де елді, Отанды жан-тәнімен сүйетін, оның ыстық-суығына ортақ, өнерлі, жігерлі, ойлы жастар. Бәрінің де жүрегі халықтар достығы, гуманизм мен интернационализм сезіміне толы. Бұлардың туған халқына, өз жеріне деген сүйіспеншілігі бүкіл адамзат игілігінің қам-қарекетімен ұштасып жатыр», – деген ой түйеді [14, 58]

Біздің жерімізде қазір де жүзден аса ұлт өкілдері қоян-қолтық араласып, тату-тәтті өмір сүріп жатқаны белгілі. Ол Кеңес кезеңінде «совет адамы» деген атаумен барша адамдар бір-біріне дос, бауыр, туыс деген гуманды пікірді қалыптастырды. Адамгершілікті ту еткен осы идея қазақ әдебиетінде жоғарыда сөз еткеніміздей, жаңа образдардың дүниеге келіп, ұрпақ тәрбиесіне өзіндік ықпалын тигізгенін біз бүгін жасыра алмаймыз. Мұның теңгенің екі жағы сияқты екі түрлі сипаты болды. Бірі – басқа халықтармен тығыз достықты қалыптастыру арқылы өзгеден үйрену, даму, өркениетке жол ашу тәрізді жағымды жағы болды. Сонымен қатар бүгінгі көзқарас тұрғысынан келсек, ұлттық құндылықтарымыздың кейінге ысырылып, басқаға еліктеуге ұрынғанымызды да жасырып қалуға болмайтын шындық. Дей тұрғанмен, ол дәуір үшін 60-90 жылдар әдебиетінде туысқан халықтар әдебиетімен тығыз қарым-қатынас жасау – әдебиеттің өсу тенденциясына оң ықпалын тигізді деп батыл айтуға болады. Кеңес дәуірі әдебиетінде қалыптасқан «социалистік реализм» терминінің негізі осы халықтар достығын насихаттаумен ұштасып отырды. Бейбіт еңбек адамының бейнесі, олардың бойындағы жаңа қасиеттер қалам қайраткерлерін терең мазмұнды, биік сапалы шығармалар тудыруға құлшындырды. Сонымен қатар, ол кезеңдегі әдебиет жазушылар алдына жоғары талап пен талғам қойғанын айтып өттік. Қазақ ақын-жазушылары – С.Сейфуллин, І. Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов, М.Әуезов, С.Мұқанов тағы басқа қаламгерлер М.Горькийден бастап М.Шолохов, А.Фадеев, Л.Соловев, А.Твордовский, Мирзо Тұрсын-Заде, Ғ.Тоқай, Расул Ғамзатов, Шыңғыс Айтматов, Эдуард Межелайтспен тағы басқа көптеген туысқан халықтар әдебиеті өкілдерімен шығармашылық байланыста болып, ұлттық әдебиетіміздің кең өркен жаюына дәнекер болды. Әсіресе, орыс әдебиетінің Абайдан бастау алған достық байланысы Кеңес дәуірінде шарықтау шегіне жетіп, нәтижесінде ұлттық әдебиетіміздің құлашын кеңге жайған ауқымды шығармалар әкелгені рас. Оны ғалымдарымыз да жақсы байқаған. Жан-жақты тәптіштеп талдап көрсеткен. Әсіресе, XX ғасырдың алғашқы ширегінде-түркі ұлыстарының тұтасуынан басталып, ұлт болып ұласуына жалғасқан тарихи-мәдени процесте айрықша роль атқарған түркілік түлектердің еңбектерін атаған жөн. Мәселен, қазақ Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Мағжан, татар Бурнаш, Такташ, Наджми, әзірбайжан Тахир, Зергар, Мехди, түрікмен Аллақұлы, өзбек Фитрат, Чолпон, Авлони, қырғыз Қасым, Сыдық және т.б. шығармаларында түрікшілдікті дәріптеу, ұлттық құндылықты насихаттау басымырақ болды. Әлбетте, аталған ақын-жазушылардың шығармашылықтары арқылы бүкіл түркі жұртының өзара қарым-қатынастарын, алмасу үрдісінің арасындағы әдеби байланыстардың түрлерін, алғы шарттарын белгілеп, бағамдау үшін әдебиетіміздің ақтаңдақ беттерін ашып, дұрысы мен бұрысын айқындауымыз керек. Қай ұлттың әдебиеті болсын, өз алдына дербес жеке дара өсіп, өркендемек емес. Ол басқа елдер әдебиеттерімен тығыз

қарым-қатынаста дамитыны бәрімізге белгілі жайт. Ұлттар әдебиетінің бірін-бірі байытуы, ұлттық және интернационалдық сипаттардың диалектикалық бірлігін барған сайын таныта түсті. Сыншылар осыған қызмет етті. М.Горький мен Белинскийден басқа М.Шолоховтың, А.Фадеевтің, Л.Соболевтың, Д.Фурмановтың, Н.Островскийдің, поэзия саласында В.Маяковскийдің, А.Твардовскийдің, Д.Бедныйдың, Н.Тихоновты, т.б. орыс әдебиетшілері мен көптеген ақындардың ықпалы да аз болмағаны белгілі. Біз орыс сөз өнерінің қазақ жазба әдебиетінің дамуына зор ықпалы болғанын жасыра алмаймыз. Бұл – тарихи шындық.

Белгілі әдебиеттанушы, көрнекті зерттеуші-ғалым М.Базарбаев: «Достық, жақындық рай көптеген әдебиеттерде көптеген жүз жылдардан келе жатқанын ескеру керек, советтік идеология осы қасиетті мүлде жаңа арнада, жаңа бағытта дамытты да, туысқандық байланысты күшейтті, бүкіл адам баласын болашақ мәдениетке жетелеуде. Қазіргі дәуірде бұл құбылыс көлемі жағынан одақтық, әрі дүниежүзілік масштабта қаралып, ал мағынасы жағынан көркем әдебиеттің даму заңдылығын және оның ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттелуін аңғартатын дәрежеде қалып отыр. Әдебиеттердің ілгері басып, өсіп-өнетін жолы дүниені көркем образдар арқылы танытып, өмірдің объективтік шындығын ашуы – әдебиеттер арасын жақындата түсетін негізгі факторлар», – деуі өз дәуірі үшін орынды айтылған пікір [41,101-102]. Прозаның ауқымы кең сала екенінде дау жоқ. Әсіресе, ол Кеңестік дәуір кезеңінде барлық халықты ортақ идея мен бір мақсатқа біріктіруге қызмет етті. Мәдениет пен әдебиеттің қалыптасып, үлкен бір арнасымен тасқындай даму жолында оған жаңа әдебиеттер үсті-үстіне келіп қосылып, тұтас алғанда халықаралық әдеби байланыс, әлемдік әдебиетке бет бұрды. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы, Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тері» сынды қазақ әдебиетінің шоқтығы биік шығармалары да осы мақсатта жазылғаны баршаға мәлім. Бұл әдебиеттердің әрқайсысы барлық көп ұлтты әдебиеттің дамуына өзіне тән көркемдік үлес қосумен бірге өздері де басқа әдебиеттерден көптеген жаңалықтарды оқып үйренді. Әдебиеттер байланысын күшейте түсетін негізгі сипат – мазмұн бірлігі, қоғамдық шындық, көркем образдар. Әрине, бейнелеу құралдары әртүрлі болған соң, әр әдебиетке жаңа қоғам өмірі әр қырынан көрінуі ықтимал. Бұл - заңды нәрсе. Бұл туралы алдағы тарауда кеңірек тоқталмақпыз. Бірақ түпкі мақсат – жаңа өмір шындығын көрсету, еңбек адамдарының бейнесін беру екені айқын. В.Г. Белинский: «Біздің ғасырымыз – роман ғасыры» деген байлау айтқаны бар [42, 39]. Ал А.С. Пушкин өзімен тұстас жазушыларды осы жанрға бет бұруға шақырады. Ол бұл жанрдың өте күрделі екенін және ендігі орыс романы бұған дейінгілерден басқаша болуы керектігін ойлады, алдына таудай міндеттер қойды [43]. Міне, сыншыларымыздың зерттеулерінде осы мәселелер тарау-тарау тарқатылып айтылады. Кеңес жазушылары М. Горький, А. Фадеев, М. Шолохов, К. Федин, Л. Леонов, М. Стельмах, О. Гончардың шығармаларын қазақ жазушылары

С. Мұқановтың («Мөлдір махаббат»), Ғ.Мүсіреповтің («Қазақ солдатты»), Ғ.Мұстафинның («Қарағанды»), Х. Есенжановтың, Т. Ахтановтың («Қаһарлы күндер»), Ө. Қанахиннің («Дәмелі») т.б. Бұларда қаһарлы шайқас пен қаһарман ерлік, майдан өртіндегі жауынгерлер мен тылдағы еңбекшілердің бір-бірімен қарым-қатынасы, ой-сезімі, махаббаты, тылдағы қайсарлық пен қажырлы еңбек, патриотизм мен адамгершілік қасиеттердің қалай берілуі, суреттеу шеберлігі туралы салғастыра-сараптай талдау жасайды. Бұл қаламгерлердің романдарынан сол кезеңнің өмірін, қалыптасу, өсу, өрлеу жолдарын көрсететін суреттерді, көптеген жеке характерлерді, образдар табиғатын өзіндік ерекшелік, суреттеу әдісі тұрғысынан тануға талпынысын аңғарамыз. Сыншы сол зерттеулері арқылы сол кезеңнің жанрлық өсу қарқынын, сыр-сипатын, бағыт-бағдарын, қойылатын талаптарын атап-атап көрсетеді. Б. Рюриков романды заманымыздың эпосы, адам жанына өмір туралы кең ұғым ұрығын егетін, адам мен қоғам жөніндегі білімімізді молайтатын және осының бәрінде де дәуірдің озық идеялық тенденцияларын көрсететін үлкен эпикалық жанр деп түсіндіреді.

Мәселен, М.Әуезовтің шығармашылығындағы басқа әдебиет өкілдерімен қарым-қатынасы өз дәуірінің алтын көпірі болды. Оның Орта Азия халықтарының әдебиеті – тәжік, өзбек, түркмен, қырғыз әдебиеттері және орыс, украин, белорус сынды әдебиетшілерімен өзара байланыстары туралы айтқан құнды тұжырымдары кейінгі қазақ әдебиетінің осылардың әрқайсысымен тарихи және осы заманғы байланыстарын әдейі, арнайы тексерген зерттеулерге негіз болды.

Қазақ халқы мен бүкіл әлем халықтарының рухани мәдениетінің аясында Мұхтар Әуезовтің тамаша тұлғасы Қазақстанның құдіретті бейнесінде бұрынғыдан да жарқырап көрінуде. Ұлы жазушының ұлан-ғайыр мұрасы зәулім көркем ғимараты іспетті, оның ішкі жиһазының сыр-сипатын білу, тану, рухани азық ету әлі талай жылдар мен ғасырларға созылады. Әр ұрпақ сол мұраны көздің қарашығындай сақтай отырып жан-жақты зерттелуіне, әр алуан қырларын аша түсуге атсалысады. М.Әуезов әлем әдебиетінің өзара байланысы туралы, әсіресе, сол кезде көп ұлтты совет әдебиетінің даму заңдылықтарын көп зерттейді. Әдебиет туралы құнды ойларын ортаға сала отырып М.Әуезов былай деп жазды: «Әдебиетіміздің ішінара байланыс қарым-қатынастарын олардың бір-біріне жақындаса араласуымен қатар зерттеу дұрыс. Бұны әдебиет тарихы ғылымының және зор мұраты деп санау керек» [44, 67].

М.Әуезов творчествосы арқылы қазақ әдебиеті бүкіл әлемдік мәдениет пен әдебиеттің арнасымен жалғасты, тоғысты, соның шырқау деңгейіне көтерілді. Жазушының «Абай жолы» эпопеясы және басқа әңгіме, повестері көптеген шетел тілдеріне аударылды (орыс, ағылшын, неміс, поляк, румын, грек, венгер, болгар, чех, т.б.). Бүкіл әлемдік екі жүз томдық «Дүние жүзі әдебиетінің кітапханасы» сияқты ғажайып серияда М.Әуезовтің «Абай

жолы» эпопеясы 134, 135-том болып басылуы қазақ жұртшылығының мәртебесін биікке көтерді.

Әрине, қазақ жазушысының қаламынан туған қазақ эпопеясының халықаралық беделінің сыры тереңде жатыр. Оның бұл шығармасы барлық халықтардың жанына жағатын, маңызды мәселелер мен идеяларды, барлық прогрессивтік адамзат баласына қымбат асыл ой, сезімдерді қамтуында жатыр. Сонымен бірге, осылардың бәріне шебер суреткердің шығармашылық күшпен айта, жеткізе алуында, ең бастысы, жазушының жаратылысында, дарынды тәжірибесінде, кемелденген үздік, зор талантында.

«Абай» романын француз тіліне аудартып, редакциясын басқарған Луи Арагон «Совет әдебиеті» деген арнаулы еңбегінде: «Мен оның (М.Әуезовтің) шығармаларын туған еліме таныстырушы болуды өзіме үлкен абырой санаймын. Эпикалық роман «Абай», менің ойымша, ХХ ғасырдағы ең үздік шығарманың маңдай легінен орын алады деу аздық қылады, ондай шығарманы табу қиын» деп бағалады. Андрей Стиль «Юманите» газетінің бетінде Луи Арагон пікірін қуаттай келіп былай депті: «М.Әуезовтің романын алар болсақ, мұнда, ең алдымен, поэзияның легін сезінесің, қиыр кеңістіктің кереметін сезінесің». Француздың белгілі сыншысы Бержарон өзінің үлкен мақаласының қорытындысында: «Әуезовтің үніндей үнмен, Әуезов жырлаған ұлылықпен, керемет махаббатпен жырланған бақытты халықтың, шіркін, не арманы бар екен!», – деп түйіндейді.

Австрияның «Вег унд циль» журналы «Абай» романын қазақ халқының тарихына байланысты кең алып бағалайды. «Біздің көз алдымызда Абай ақынның өмір тарихы тар кемерінен тасып шыққан жеңімпаз, өрен өзен сықылды, сол кездегі көшпелі қазақ халқының тарихына астасып кеткен. Әуезов үлкен суреткерге тән нәзіктілікпен, толып жатқан әсем детальдармен, үш ұрпақты көрсететін туған халқының келелі кезеңін көзімізге елестетеді», – деп жазды. М.Әуезов жасаған асыл туындылар қазақ әдебиетін озық әдебиеттер қатарына қосып, қазақ халқының тарихын, өмірін, мәдениетін, талантын, ұлттық характерін жер жүзі оқушыларына танытты, сөйтіп кеменгер жазушы тек қазақ әдебиеті ғана емес, бүкіл әлем әдебиетінің мақтанышына айналды. Сондықтан да М.Әуезовтің есімі мен еңбегі жаңарған адамзат өмірімен бірге мәңгі жасайды. Дана Әуезов – қазақ әдебиетінің классигі, дүние жүзі әдебиетіндегі алып тұлғалардың бірі. Оның халық даналығынан нәр алған, өмір өзенінің тұнығынан суарылған тағылымы мол, тартымды шығармалары қайталап оқыған сайын рухани дүниемізді байытып, баға жетпес жан азығы бола бермек.

М.Әуезовтің «КСРО халықтары әдебиетінің орыс тіліне аударылуы», «Социалистік ұлттар әдебиетінің даму ерекшеліктері» сынды мақалалары әдебиеттер байланысын тереңірек талдауына арналған. Мұнан да басқа артында қалған бай әдеби-ғылыми мұрасы әдебиетшінің, оның қаламгерлік қарымының, ой-арманы мен мақсат-мұратының биік мүдделері туралы сыр шертуге үлкен темірқазық екені баршаға мәлім. Жазушы,

драматург, сыншы, әдебиетші ғалымның өлмес туындылары ұлы суреткердің жеке басының зиялылығының, асқақ азаматтығының, қаламгердің шығармашылық қызметте де шексіз адал болуының жарқын өнегесі болды. М.Әуезовтан басқа да осы тақырыпты тереңдей зерттеген ғалымдарымыз – С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Әлімжанов, Ә.Шәріпов, Ж.Молдағалиев, О.Сүлейменов, С.Сейітовтің, Ә.Жәмішевтің, С.Қирабаевтың, М.Мағауиннің, Т.Нұрмағанбетовтың, Д.Ысқақовтың, т.б. зерттеулерінде терең талданған. Бұл еңбектердің біразы төл әдебиетіміздің орыс және басқа еуропа елдері әдебиеттерімен қарым-қатынасына арналса, енді бірқатары қазақ әдебиетінің көршілес туысқан елдер әдебиетімен байланысын сөз етеді. Алайда, осы әдебиеттер арасындағы өзара байланыстың күні бүгінге дейін жеткілікті зерттелмей келе жатқан салалары бар. Солардың бірі - қазақ пен басқа түркі халықтары әдебиеттерінің өзара байланыстар мәселесі. Бұл мәселе жөнінде, яғни, жекелеген түркі халықтарының рухани алмасуы туралы Б.Ысқақовтың, А.Мусиновтың, С.Тойшыбаеваның монографиялық еңбектерінде арнайы сөз болғанмен, қазақ пен басқа түркі халықтарының әдеби байланысы тұтастай жеке зерттеу нысаны етіп алынған емес. Сонымен қатар, бұл еңбектердің бәрі дерлік кеңес өкіметі тұсында жазылғандықтан, тоталитарлық идеологиядан асып кете алған жоқ. Сол себепті түп, тіл, діни негізіне сүйенген түркі жұртының сөз өнеріне тән ортақ сипаттар-ұлттық болмыс, діни дүниетаным-түсінік т.б. толыққанды күйінде зерттелінген жоқ. Орыс патшалығынан «мұра» болып қалған «ұлы державалық» саясат түбі бір түркілікті, діни тұтастықты насихаттауға жол бермеді. Соның кесірінен түркі халықтарының әдеби байланысына септігі тиген тамаша дүниелер жылдар бойы жабулы жатты. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі уақыттан бері бұл мәселелер жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеліп, қазақ әдебиетінің ұлттық болмысын, төл туындыларын басқа халықтармен бірге әлемдік деңгейде қарастырылып, өзіне лайықты бағасын алуда. Әдебиеттер байланысының жоғарыда атап өткен түрлері тарихи дамуы жағынан да, тілдік ұқсастығы жағынан да одақтас елдер арасында рухани кең өріс алды. Әсіресе, 60-80 жылдарда соңғы байланыстың мазмұн жағынан байып, ұлғая түскенін байқаймыз. Көп ұлтты әдебиетімізде тұтас бір идеялық-тақырыптық арна – комплексті байланыс (шартты түрде осылай аталып жүрген) түрі орнығып, қанат жайды. Бұл арада әңгіме суреткердің шығармашылығымен контактылы байланыс жөнінде емес, бір ұлттың өкілінің – қаламгердің екінші бір өлкемен, елмен шығармашылық қатынасында болып отыр. Осы бағытта әдебиетіміз көптеген жаңа шығармалармен толықты. Прозада Ғ.Мүсіреповтың, Т.Ахтановтың, Ә.Нұрпейісовтің, Ә.Әлімжановтың, З.Қабдоловтың, Ш.Мұртазаның, Ә.Кекілбаевтың т.б. романдары мен повестері, поэзия жанрында Ғ.Ормановтың, А.Тоқмағамбетовтың, Х.Ерғалиевтің, С.Мәуленовтың, Қ.Бекхожиннің, Ж.Молдағалиевтің басқа да ақындардың жаңа жыр жинақтары, поэмалары

қалың жұртшылықтың қолына тиді. Қазақ пен шығыстың басқа халықтарының әдеби-мәдени байланыстарын ашуда, олардың этникалық бірлігін, діни тұтастығын, тілін үнемі есте тұтқан жөн. Демек, қазақ-шығыс әдеби байланыстарының тамырын тауып, ауылын анықтау, ең алдымен, төл әдебиетіміздің көкжиегін көрсету үшін, сосын соған үлес қосқан көрнекті сөз зергерлерінің шығармашылықтарын айқындау үшін де аса қажет. Жоғарыда келтірілген алғышарттар қазақ әдебиетінің де ұлтаралық байланыстарында маңызды роль атқарды. Тарихи тағдырларының бірлігі нәтижесінде қазақтың жазба әдебиеті өзінің алғашқы даму сатысында орыс және басқа ұлт әдебиеттерімен жанаса байланысқа түсті және ол жалғасу аумағы кеңес өкіметі тұсында одан әрі ұлғайды. Бұған М.О. Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, З.С.Кедрина, Р.Фетисов, З. Ахметов, С.Қирабаев, Ш.Қ.Сәтбаева, К.Кереева-Қанафиева, М. Базарбаев, С.Сейітов, Р.Бердібаев, Б.Ысқақов, А.Мусинов, Р.Қойшыбаева, С.Тойшыбаева, Б.Мамыраев сынды ғалымдардың және т.б. зерттеу еңбектері толық айғақ.

2 XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 XX ғ. екінші жартысындағы қазақ әдеби сынын оқытудың педагогикалық негіздері

Тоталитарлық жүйенің күйреуі мен еліміздің тәуелсіздік алуы ұлттық мәдениеттің қайта өрлеуіне кеңінен жол ашты. 80-ші жылдардың аяғында басталған тың үрдістер қазақ зиялы қауымының шығармашылық-мәдени мұраларының толығымен ақталуына алып келді. Тәуелсіздігіміз мерзімінде жарық көрген еңбектер де жоғарыдағы пікірлерімізді қуаттай түседі.

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті жанрлық тұрғыдан болсын, идеялық тақырыптық жағынан болсын сапалы, биік беңгейге көтерілген кез болып саналады. Осы кезеңде әдебиетке, өнерге жазушы, қаламгерлердің жаңа легі келді. Бұл халықты надандықтан жирентіп, өнер, білімге, кәсіпке үйретуді мақсат тұтқан, бірнеше тілді жетік меңгерген, жаңаша ойлайтын жаңа формациядағы толқын болды. А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев, М. Дулатов, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин және тағы да басқа көптеген оқыған, көзі ашық азаматтардың шығармалары ақталып, халық игілігіне айналды. Олардың еңбектері арқылы жас ұрпақ кешегі қоғамдық жағдайды біліп, қараланған тұлғалардың патша өкіметі тарапынан отаршылдық саясаттың жүргізіліп отырғанын ашық сынағандарын оқып, түсінді. Қазақ халқына жасалып отырған қыспақты көріп, тұтастай жүйеге қарсы шыққандарын, осындай белсенділігі мен білімдарлығынан, халқына деген махаббатынан тоталитарлық жүйенің құрбаны болып, қуғын-сүргінге ұшырады, ешбір кінәсіз жалалы деп танылды, түрмелерге қамалғандарын қайта құру кезеңдерінде анықтауға қол жеткіздік. Ұлт көсемдері атылды. «Саяси қатесі бар», «теріс шығарма» деген сияқты жала жабылып, кітаптары жойылды. Бірақ, ұлт санасынан ардақты азаматтардың есімін өшіру мүмкін болмады, қанша қырағылық жасалғанымен ел ішінде бірлі жарым тыйым салынған кітаптар сақталып қалды. Қайта құру кезеңінің нәтижесі осындай үлкен рухани олжаны қайтара алуында болды.

Қазақ зиялы қауымының шығармашылық-мәдени мұраларының ақталуы республикада 1988 жылдың басынан бастап өз күшіне ене бастады. 1988 жылдың басында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанында сталиндік репрессиялардың құрбаны болған халқымыздың ардақты ұлдары мен қыздарының саяси және шығармашылық-мәдени қызметтеріне оң баға беру туралы арнайы Комиссия құрылып, ол өз жұмысын бастады. Аталмыш Комиссияның шешімдері бойынша 50-ші жылдардың соңында ақталған, алайда қайсыбір "объективтік" себептерге байланысты 60-80-ші жылдары кеңінен насихатталуға бөлендей құлық көрсетіле қоймаған қазақ зиялыларымен қатар (мәселен, С.Қожанов, Н.Төрекұлов және т.б.), бұған дейін есімдерін атауға да тиым салынған ғасыр басындағы ұлт зиялылары,

олардың қоғамдық-саяси, тарихи-әдеби және мәдени-шығармашылық мұралары халқымен қайта қауыша бастады [45,144]. Осылайша, саяси қудалау кезіндегі, яғни, отыз жеті-отыз сегізінші, қырық алты-елу үшінші жылдардағы жарияланымға тиым салынған шығармалар мен жекелеген авторлық құқықтар қалпына келтіріліп, «тәжірибе» жинақталған соң, ұлт көсемдерін ақтауға ұмтылыс басталды.

Қазақ зиялылары өздері қуғында жүрсе де елі үшін азаттық жолындағы күресінен таймағанын ұрпақ оқып, таныды. Олардың өмір сүрудегі мақсаттары бүгіннің емес, болашақтың қамы екендерін түсінді. Өмірлерімен ұрпаққа үлгі болғанын әдебиет арқылы халыққа ұсынуға мүмкіндіктер жасалды. Бұл ұлтымыздың рухани қазынасына қосылған асыл мұралар болды. «30-40 жылдар кезеңі мен 50-жылдар басында орын алған репрессиялармен байланысты материалдарды қосымша зерттеу туралы СОКП ОК Саяси бюросының комиссиясын құру туралы», «Заңсыз қуғын-сүргін, репрессиялар құрбандарына ескерткіш орнату туралы» сияқты бірқатар қаулы-қарарлар қабылданған. Осы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде ақтандақтар ақталып, олардың мұрасын жинау, кітаптарын басып шығару сияқты ауқымды жұмыстар қолға алынды. Осындай ұлы істердің жүзеге асырылуына қазақ әдебиеттанушы ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушыларымыз қуана қарсы алып, Алаш қайраткерлері шығармаларын жинақтауда, бастыру, насихаттау істеріне атсалысты. Қолда бар, кітапханада тұрған ұлт қайраткерлері шығармалары түгелге жуық жиналып, жарыққа шығару ісі қолға алынды. Сол кезеңде жандарын шүберекке түйіп, үкімет қаһарынан қорықпай кейбір адамдар үрейлі кітаптарды үйлерінде ұстаған. Бұл қатарда жазушы Сапарғали Бегалин – Мағжан, Жүсіпбек, профессор Бейсенбай Кенжебаев – Ахмет, Міржақып еңбектерін алпысыншы жылдарда сақтаған екен. Мұндай байланыс әртүрлі арнада өрбіді. Мысалы, Мекемтас Мырзахметов болса Бауыржан Момышұлы, ал Әди Шәріпов Төкен Әбдірахманов қоймасында жатқан оқуға тыйым салынған жазушылардың шығармаларын оқыған. Университетке түскен ақын Құрманбай Толыбаев Қытайдан жасырын алып келген М.Дулатовтың "Оян, қазақ!" жинағын студент кезінде оқыған екен. Сондай деректердің жинақталуынан, үлкен іс – Алаш қайраткерлерінің еңбектері басылды. Солардың бірі Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, филология ғылымдарының докторы, профессор Рымғали Нұрғалидың қосқан үлесі зор. Өлі ресми түрде алаш азаматтары ақталмаған уақыттың өзінде М.Құлмұхамедпен үлкен жауапты іске барғанын айту абзал. «Қазақ ССР» қысқаша энциклопедиясының үшінші және төртінші томдарына Алаш ардақтылары туралы мағлұмат беруі аса батылдықты талап ететін қадам еді. Ә.Ермеков, Ақбаевтар жайлы жазылған мақалалар жай ғана кешегіні ұлықтау емес, қазақ ұлтының асыл азаматтарын қайта тірілту, рухани мұраны жандандыру және сол арқылы қазақ әдебиеті тарихы ғылымын жаңа тұжырымдармен байыту болды. Мұндай тарихи істің басталуына ұйытқы болған Р.Нұрғали алаш

әдебиетіне қатысты мағлұматтарды өзі ізденіп жүріп, білген түйгенін аздап студенттер қауымына айтып жүрген. Ұстазы Бейсенбай Кенжебаевтың ұзақ жылдар бойы көзінің қарашығындай сақтап келген, уақытында қолданарсың деп берген Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» кітабын оқып, өзінің ой-тұжырымын баспасөзде жариялауы, мұның кейін біраз дау туғызғаны туралы автор өз еңбегінде атап көрсеткен. Негізінен бұл мақала алаш ақтандақтарын ақтау бағытындағы үлкен істің бастамасы болды.

С.Қирабаевтың «Өмірдің өз сабағы бар», Ж.Бектұровтың «Айыбы не еді ағалардың?», Т.Кәкішевтың «Қағидаға айналған қателер түзелсе», Д.Кішібековтың «Өткенді білу-өнегелік белгісі» сияқты көптеген мақалалар баспасөз бетіне шықты. Олардың барлығында алаш идеясы ұлықталып, ақтандақтар еңбектерінің әдебиеттегі, тарихтағы орнына лайықты баға берілді. Алаш әдебиетінің белді өкілдері А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов және Ә.Бөкейханов сынды қайраткерлердің өмірі мен қоғамдық қызметі, қуғын сүргінде жүріп жазған еңбектері, олар жайлы ғалымдардың ой-пікірлері көптеп басыла бастады. Ұрпақ тәрбиесіне арналған еңбектерінен А.Байтұрсынұлының «Оқу жайы», «Бастауыш мектеп», «Қазақша оқу жайынан» мақалалары, Ж.Аймауытовтың «Психология», «Ана тілі», «Ана тілін қалай оқыту керек?», «Хат таныту әдістері», М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбектері ұрпақ тәрбиесіндегі негізгі бағдарламалар болып оралды. Архив құжаттары мен естеліктер монографиялар мен диссертацияларға арқау болды. Қазақ әдебиетіндегі «ақтандақтар» мәселесі қазір жан - жақты қаралып, тың деректермен толығып, бірқатар белгісіз болып келген жәйттердің басы ашылды. Бұл әдебиет алыптарының құнды еңбектері арқасында ұлттық руханияттың толысуы ғана емес, ұрпақ тәрбиесіне арналған, бала тәрбиесіне, ұлт санасына игі әсері бар құнды еңбектер ғылыми айналымға үлкен үлес болып келді. Бұл бағыттағы Рымғали Нұрғалидың «Әуезов және Алаш»(1997), «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» (2002), «Алашордыңы» (2005), «Алаш туы астында» (2005) деген іргелі еңбектері осы көп жылғы ізденістен туған. Әдебиет тарихында көрнекті орын алған алаштықтардың асыл қазынасын жан-жақты саралап, ғылыми тұрғыдан оларға баға берді. Аталған кітаптарында ғалым ХХ ғасыр әдебиетінің көрнекті тұлғаларының әдеби мұраларын тұтас бір көркемдік құбылыс ретінде қарау керектігі туралы ұсынысын білдіреді.

«Ұлт ұстазы» атанған А.Байтұрсыновтың еңбектерінің ішінде әдебиет теориясы, сыны, тарихы, жанрлары туралы ғылыми дәлдікпен жазылған «Әдебиет танытқыш» кітабының орны ерекше. Бұл көркем сөз өнерінің сан саласын ажыратып, арналарын жіктеуде басшылыққа алар бірден-бір теориялық еңбек. Қазақ халқының ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің түрлері, оларды жіктеудің жолдары деген мәселелерге де тоқталып, эстетикалық-теориялық тұжырымдары жасалған. Көркем сөздің жас жеткіншектердің рухани әлеміне игі әсері, дүниетанымына ықпалы зор екенін осы еңбектер арқылы толық аңғаруға болады. Р.Нұрғали осы

айтылғандардың барлығын қамти келе, қазақ тіл білімі мен әдебиетіне айтарлықтай жаңашылдық енгізген реформатор жайлы: «Әдебиет танытқышта» Ахмет Байтұрсынов әдебиеттануды әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді. Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан, әдеби тілге еніп кеткенін жазды. А.Байтұрсыновтың «Әдебиеттанытқышта» көрсетіп берген негізгі терминдері мен категориялары, жанрлар жайлы ұғымдары ұлттық әдебиеттану ғылымында кейбірі сол қалпында, енді бірі сәл ғана тілдік өзгеріске түсіп қолданылып жүр. Автордың эстетикалық-философиялық танымын, сыншылығын танытанын осы еңбекті Р.Нұрғали аса жоғары бағалаған. Ал З.Қабдолов болса, аталған кітапты Аристотельдің «Поэтикасымен» салыстырады, бұның қазақ қоғамындағы сөз өнерін сараптап, саралаған алғашқы еңбек екенін айта келе, «Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиеттанытқышы» арқылы қазақтың таза ұлттық топырағына егін өсіріп, жалпы әдебиет дегеннің болмысы мен бітімін Ахаңша есіліп, Ахаңша көсіліп бір толғап берді. Бұл сөз өнерінің басы – «әліп-биі» деді [46,144]. Сонымен қатар ғалым өз зерттеулерінде «Маса», «Қырық мысал» сияқты жинақтарға енген мысал, өлеңдерді талдап, автордың аудармашылық қырын жан-жақты ашып көрсеткен. Қызықты формамен қазаққа етенеден таныс, тіршілігін жақсы білетін жан-жануарлар арқылы айтпақ ойын кейде нақты, кейде ишарамен беру үлгісін ұстанғаны және түпнұсқадағы негізгі идеяны ғана сақтап, өз жанынан қосымша суреттер қосу әдісін қолданғанын байқайсыз. Абай аудармалары көбіне түпнұсқамен бірдей болса, Ахметтің аударуында еркіндік басым. Зерттеушінің көрсетуінше, бір ғана «Өгіз бен бақа» мысалының орысшасы 17 жолдан тұрса, қазақшасында 36 жол болып келеді. Яғни, «Ол И. Крылов мысалдарының әңгімесі мен сатиралық-әжуалық ең қымбатты ішкі мәнін алады да, өзінше жазады. Сыртқы түр өзгешелігін көп құнттай бермейді. Өйткені, Ахмет елді ағартушылыққа шақырып, қазақ оқырмандарына ой салу мақсатын көздей отыра, мысалдарға неғұрлым саяси-әлеуметтік мән-мазмұн беруге тырысады» [47, 26].

Алаш көсемінің қоғамдық, әлеуметтік қызметінің маңызы С.Сейфуллиннің «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деген мақаласында дәл көрсетілген. «А.Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі, оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патша арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттығы кейбір оқығандары уез, губернатор, соттарға күшін сатып, тілмаш болып, кейбір оқығандары арларын сатып, ұлықтық істеп жүргенде Ахмет қазақ халқына жанын аямай қызметтерін қылды». Рымғали Нұрғали да Ахметтің халқы үшін жасаған қызметі мен көрген қиындықтары жайлы осы сарындас

пікір білдірген. Сондай-ақ, А.Байтұрсыновтың әдеби мұрасы мен жалпы шығармашылығына байланысты зерттеулерді Ш.Сәтбаева, С.Қирабаев, Ж.Бектұров, Р.Сыздықова сияқты ғалымдардың еңбектерінен кездестіруге болады. «Алаш арыстарының әдеби мұрасын, шығармашылығын қарастырған мақалалар олардың азаматтық және қаламгерлік мақсаты қашанда ұлттық мұратпен тамырласып жатқанын тарихи шындық тұрғысынан ғылыми негізді бағалауымен құнды. Ол ХХ ғасыр басындағы Алаш ұранды ұлт әдебиетінің даму белестерін тарихи сабақтастық тұрғысынан қарастыруға, көркемдік ұласудың дәстүрлік негіздерін айқындауға мүмкіндік берді» [48,439].

Қайта құру кезеңінде халқымен қауышқан құнды еңбектердің қатарында Мағжан поэзиясын айтар едік. Ақынның «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» өлеңдерінен мұң мен нәзіктікке, махаббат пен әсемдікке құмарлығы жастарды эстетикалық сұлулыққа, сөз сиқырының талғам таразысын өсіруге тәрбиелейтінін осы ақыннан байқаймыз. «Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да» деп жырлаған Мағжан Жұмабаев поэзиясының ерекшелігі — бірде табиғатпен, қоршаған ортадағы жанды, жансызға тіл бітіріп, сырласса, енді бірде көз алдыға түсі қанық көркем пейзаж үлгісін әкелетін ғажап суреткерлігінде. Сәуле мен көлеңке, уақыт пен кеңістік сияқты қарама қайшылықты сәтті қолдану нәтижесінде әдемі, айшықты өлеңдер туғызған ақын. Зерттеуші лирик ақынның поэзиясын сөз еткенде пейзаждардың шебер, көркем жасалғанын, түрлі сезімдер арпалысын үлкен суреткерлікпен бейнелегеніне мән берген. «Ақын шыққан аса бір эстетикалық тұғырдың бірі – пейзаж лирикасы. Халық әдебиетінен, Абай дәстүріндегі, жыл маусымдарына қатысты әлеуметтік терең сарындардан алынған үлгілерді терең дамыта келе, Мағжан табиғат көріністерін бейнелеуде әлем поэзиясындағы классикалық тәжірбиелерге ден қоя отырып, жаңа көркемдік игіліктер жасады», – деп жазды [48, 98].

Ақынның сөздерді, сөз тіркестерін ойнатып, құлпыртып қолдануы, соның нәтижесінде өлеңдерімен «сұлу сарай соққанын» Өзбекстан, Қырғызстан, Татарстан, Башқұртстанның ақындары да мойындап, әділ бағасын берген. Ж.Аймауытов пен А.Байтұрсынов еңбектерінде де Мағжан поэзиясының көркемдік қырлары мен ақындық шеберлікке қатысты құнды пікірлер айтылған.

Ал С.Мұқанов, Ғ.Тоғжанов сынды әдебиетші, сыншылар «махаббатқа тым берілген», «қызқұмар», «өлеңдерінің атауы анық емес» деген сияқты пікірлер айтып, сынаған. Бұл пікірмен Р.Нұрғали келіспейді, аталған әдебиетшілердің еңбектерінде «Деректі социологиялық өлшемдермен кетіп қалып, кей тұстарда дәлелсіз саяси уақыт орын алып келгенін жасыруға болмайды» деп көрсетті. Мағжан шығармашылығын зерттеген Ш. Елеуқеновтың де пікірі осы сарындас. «Сен сұлу» дүние жүзі поэзиясынан оқшау тұрған жоқ. «Сен сұлу» өлеңінен сонау Пушкин, Абайлардан тарайтын, биік адамгершілігімен баурайтын қымбат, асыл сезімді жолдардың жалғасын танимыз. ...Мағжан махаббат лирикасында ұстазынан алшақ кетпегені былай

тұрсын, қайта Абай салған құнарлы арнаны кеңіте түсті». [49,214]. Мағжанның өлеңдерінде басқа ақындар шығармашылығында кездеспейтін салыстырулар, әдемі тіркестер мол. Махаббатты, сүйіспеншілікті жырлауда ақын бағындырған биік тым асқақ. «Тұтасымен алғанда, Мағжан өлеңдері қазақтың сөз өнері үшін жаңа, соны дүние. Мұндай абстракциялық ой-толғамдарды Мағжаннан бұрынғы поэзиядан көру қиын. Ақын өлеңдерін оқи отырып, оның түйсіну, қабылдау қабілетінің айрықша мол, әрқилы екенін аңғарасың, сонан да терең эстетикалық ләззат табасың» [50,27]. М.Базарбаевтың айтуынша, ақынның «Жел», «Толқын» өлеңдері К.Бальмонттың «Я вольный ветер, я вечно вею», А.Блогтың «ветер налетит, завоет снег» өлеңдерімен үндес. Мағжан шығармашылығын сөз еткенде оның «Батыр Баян» поэмасына соқпай кету мүмкін емес. Тарихта болған оқиға, тарихи жер-су аттары мен белгілі тұлғалар есімдері аталатын поэманың сюжет желісі Абылай хан айналасына қол жинап, қалмақ шапқыншылығына қарсы көтерілуінен басталады. Одан әрі күрес, шайқас үстіндегі Батыр Баянның ерлік қимылы, қалмақ қызы Бөбекті тұтқындыққа алуы, сосын бұл қызға ғашықтық сезімнің оянуы, бірақ ол батырдың інісі Ноянмен көңіл қосуы. Оқиғаның ширыққан тұсы туған бауырының тұтқын қыздың соңынан кетуі. Поэмада осыншама қым-қуыт жағдайлар, сезімдер арпалысы психологиялық дәлдікпен суреттелген. Ақын батырды қайнаған тіршілік ортасында сомдайды, бірде ол жауға қарсы шапқан ержүрек болса, енді бірде махаббат сезіміне берілген нәзік жан. Рымғали Нұрғали ақынның шеберлігі мен тілінің шұрайлылығын осы поэманы талдағанда жақсы байқалады. Ғалымның басқа ақындардан бөле-жара алып, ішінде ерекше бір қызығушылықпен зерттегені осы - Мағжан Жұмабаев. Оның зерттеулері арқылы Мағжантанудың жаңа бір кезеңі басталды десек артық айтқандық емес. Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын зерттеудегі негізгі мәселелер, жасалар жұмыстың бағыт-бағдары Р.Нұрғали еңбектерінде анықталып берілді. Ақынның бұл шығармалары жастарды ерлікке, отансүйгіштікке, адалдыққа, жамандық пен жақсылықты айыра білуді үйрететін ғалымдарымыз өз еңбектерінде атап көрсетеді. Қайта құру кезеңіндегі жазушылардың шығармаларын ақтаудан бастап олардың шығармашылығына ғылыми-теориялық талдау жасалуы, еңбектерін қалың көпшілікке табыстау жұмыстары филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Нұрғали есімімен тығыз байланысты. Ғалымның өзі әзірлеп, енгізген «Алаш ұранды әдебиет» атты арнауы курсының өзі жылдар бойғы үздіксіз ізденіс пен терең білімнің жемісі. Сондықтан ақтаңдақтардың саяси-әлеуметтік көзқарасы, ұстанған принциптері мен идеясы туралы айтқанда, алдымен, ғалымның еңбектеріне сүйенетініміз анық.

Қоғамдағы өзгерістермен бірге тарих ғылымында да маңызды өзгерістер орын алды. Қазақстан Республикасының Президент жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңес қабылдаған "Қазақстан Республикасының тарихи санасын қалыптастыру тұжырымдамасында" атап өтілгеніндей, "өткенді және қазіргіні ой елегінен өткізу қажеттігі Қазақстанның, оның

халқының тарихи тағдырына талдау жасауды жандандырып, терендете түсуді мейлінше талап етеді. Кеңестік кезеңге дейінгі және кеңестік кезеңдегі тарихты сын көзбен қайта ой елегінен өткізу демократиялық үдерістің дамуындағы маңызды белес болды. «Басқаша болуы мүмкін емес», «Тарихшылар дауласады», «Бұл жайында айтылмады», «Қазақстан тарихы: актандақтар» атты жарияланымдарда, мақалалар жинақтарында Қазан революциясына, Азамат соғысы мен Отан соғысына, большевиктер жетекшілерінің В.Лениннің, И.Сталиннің, Ф.И.Голощекиннің т.б. қайраткерлігіне жаңаша берілген бағалар пайда болды. Қазақстан қоғамы ешқандай кінәсы жоқ жүздеген мың адамдарды қырып-жоюдың қитұрқы әдістері, бөгде ойлыларды қуғындаудың жымысқы жүйесі т.б. туралы шындықты біле бастады. Ұрпақ әдебиет арқылы тарихи шындыққа, қоғамдық өзгерістердің ұрпақ санасына ықпалын ашып көрсетіп берді. Ең бастысы, Алаш қайраткерлері қазақ ұлтының қас дұшпаны болып көрсетіліп, олардың шығармаларына тыйым салынды. Әділіне келгенде, Алаш қозғалысына қатысқан азаматтардың басым көпшілігі ұлт мүддесіне арналған күнделікті аршынды іс, қарымды әрекеттермен айналыса жүріп, қуғын-сүргін азабына қарамастан, әдебиет, публицистика, ғылым, аударма салаларында орасан бай мұра қалдырды. Кейін қолдарынан билік кетіп, халыққа қызмет етудің бір-ақ жолы – оқу-ағарту саласы ғана қалған аз уақыттық тыныс шақта ұлт тілінде ғылымның барлық жүйесі бойынша оқулықтар жазуға кірісті. Алаш ұранды әдебиетті жасаған қаламгерлердің жеке басына, шығармаларына тән ортақ, сапалы белгілер олардың тағдырын, мұрасын біртұтас құбылыс ретінде қарауға мүмкіндік береді. Қоғамдық белсенді әрекетке, негізінен ХХ ғасыр басында шыққан бұл толқын 1905 жылғы алғашқы орыс революциясы, 1917 жылғы ақпан, қазан революциялары, өкімет басына большевиктердің келіп, Кеңес өкіметінің орнауы секілді аспан жарылып, жер сілкінгендей ғаламат жарылыстар тұсында қайрат көрсетті. Осы ұлы ағыстардың баршасы олардың жеке өміріне, қоғамдық, шығармашылық тағдырына ықпал жасап, терең із тастады. Табиғатынан дарынды жаратылған бұл буын өкілдері қазақы тал бесікте тербетіліп, исламның иманды бұлағынан нәр алып, мұсылманша хат танып, одан кейін жәдитше, орысша оқып, орта, жоғары дәрежелі білім алған: Орынбор, Омбы, Семей, Алматы, Ташкент, Уфа, Қазан, Мәскеу, Петербор секілді шаһарлар тәрбиесін көрген, өз заманының көзі ашық зиялылары. Бұлар мұғалімдік, инженерлік, заңгерлік, экономистік, дәрігерлік секілді сан алуан мамандық иелері. Түркі, славянды былай қойғанда, араб-парсы, ағылшын, неміс, француз секілді жеті жұрттың тілін меңгерген. Күрес жолына шыққан кезде бұл ерлердің бес қаруы сай еді. Сол замандағы кез келген озық елдің зиялыларынан асып түспесе, кем соқпайтын, әр түрлі ғылым негіздерін меңгерген, сегіз қырлы, бір сырлы тұлғалар еді. Алаш қозғалысына қатысып, Алаш партиясын құрысып, Алашорда өкіметін жасаған қайраткерлер ішінен қазақ әдебиетінің алтын дінгек, сом тұлғалары шықты. Отаршылдықпен шайқас, артта қалушылыққа қарсылық, надандықты мансұқтау, азат, тәуелсіз

демократиялық, дербес мемлекет құруды биік нысана ету, белгілі бір тап мүддесі емес, жалпы ұлт мақсаты үшін күресу, өркениетті нысана тұту – бұл ағымда болған ұлылы-кішілі азаматтардың баршасының дүниетанымына ортақ, етене қасиет сапалар болатын. Осы идеялар қазақ әдебиетінде бұрыннан бар үлгілермен қоса жанрлық формалар арқылы жүзеге асырылып, роман, драма, публицистиканың соны түрлері туды. Әлем әдебиетінің классикалық шығармалары аударылды. Сөйтіп, әсіресе Абай сабақтарын нысана тұтқан, бұрынғы озық дәстүрлерді жалғастырған жаңа сапалы Алаш ұранды әдебиет тарихымыздағы ерекше кезең болып табылады.

1997 жыл – «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» жылы ретінде жарияланып, 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде белгіленді. Осыған орай көптеген құпия мұрағаттық құжаттардың сыры ашылды. Мәскеу мұрағатынан «Әділет» қоғамы жетекшілерінің өтініші бойынша 1938 жылы атылған адамдардың тізімі алынды. Тізімдегі 631 адамның басым көпшілігі қазақтың маңдай алды азаматтары. Осы жерде негізгі мақсат-қазақтың бетке ұстар азаматының көзін жойып, бүтіндей бір халықты бассыз қалдыру болғаны айқын байқалады. Тізімнен қай арыстың қай күні зұлымдықтың құрбаны болғанын көруге болады. (25ақпан күні Санжар Асфандияров, Құдайберген Жұбанов, Сейтқали Мендешов, Измұқан Құрамысов, Сәкен Сейфуллин, 27 ақпанда Бейімбет Майлин, Ілияс Қабылов, 28 ақпанда-Ораз Жандосов). Мәскеуден жеткен тізімдегі 631 атылған адамдардың 80 пайызы-қазақтың белгілі адамдары болған [50]. Олардың көбі қазақ зиялылары. Тарихи деректерде, 1927-1953 жылдары 40 миллион адам, оның ішінде Қазақстан бойынша 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған. 1929-1933 тек Қазақ АССР-ы ОГПУ саяси өкілінің үштігі 9805 іс қарап 22 933 адам жөнінде шешім қабылдаған, соның ішінде 3386 адамға ең жоғары жаза – ату жөнінде үкім шығарған. Соның ішінде Батыс Қазақстан облысы бойынша 1937 ж. 853 адам қуғынға ұшырап, оның 335-і атылған, қалғандары әр түрлі мерзімдерге еңбекпен түзеу лагерлеріне жіберілген. 1938 ж. 936 адам тұтқындалып, 690-ы атылған, 246-сы сотталған [51, 26].

Жазушы, алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбайдың ұлт зиялыларының үстінен жүргізілген тергеу материалдарының негізінде жазылған «Ұраным-Алаш!» атты көп жылғы зерттеу еңбегінде төмендегідей деректер келтірілген: «1988 жылы қаңтарда Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Олжас Сүлейменовтің сұрау салуы бойынша Қазақ ССР-нің Бас прокуроры Ғ.Б.Елемесов «Алашорда» қайраткерлерінің үстінен жүргізілген тергеудің заңсыз жүргізілгеніне наразылық білдіріп, Қазақ ССР Жоғарғы сотына ұсыныс жасады [51, 32]. 1988 жылы 4 қарашада Жоғарғы соттың қылмысты істер жөніндегі алқасының мәжілісінде «Кеңес өкіметін қарулы көтеріліс арқылы құлату мақсатында ұйымдасқан «Алашорда» қайраткерлерінің контрреволюциялық, террористік астыртын құпия ұйымын әшкерелеу ісіне» қатысты сот үкімі қайта қаралды. Оған Қазақ КСР Жоғарғы сотының төрағасы Т.К.Аймұхамбетов, Жоғарғы соттың мүшелері К.Т.Кенжебаев, Е.Л.Грабарник

және Қазақ КСР Бас прокуроры Ғ.Б.Елемесов қатысты. Жиыны 14 томдық тергеу ісінің егжей-тегжейін зерделей тексеріп, барлық куәлардың шағымдарымен танысып, тергеу тарапынан өрескел бұрмалаушылық пен заңсыздықтардың жол берілгенін анықтады. Сонымен қатар, сол кездегі Құқықтық комиссияның төрағасы, «Жұлдыз» журналының сын бөлімінің меңгерушісі, жазушы Т.Жұртбайдың Жоғарғы соттың мүшесі К.Кенжебаевқа берген әдеби сараптамалық қорытындысы бойынша «Алашорда» қайраткерлерінің шығармалары мен ғылыми еңбектерінде кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізілмегені расталды. Соның нәтижесінде Қазақ КСР-нің Қылмыстық және қаралық Кодексінің 375-бабын басшылыққа ала отырып Жоғарғы сот: «Шешім: СССР Халық Комиссарлар Советінің жанындағы ОГПУ-дің ІҮ коллегиясының 1930 жылғы 4 сәуірдегі және 1931 жылғы 13 қаңтардағы Байтұрсынов Ахмет, Дулатов Міржақып, Аймауытов Жүсіпбек, Есполов Мирза-Ғазы, Ғаббасов Халел, Әділев Дінмұхамед, Бірімжанов Ғазымбек, Юсупов Ахмед-Сафа, Жұмабаев Мағжан, Омаров Елдес, Битілеуов Дамолла, Болғанбаев Хайретдин, Байтасов Абдолла, Жәленов Кәрім т.б жөніндегі қаулысының күші жойылсын, олардың іс-қимылдарынан қылмыстық әрекеттер табылмағандықтан да тергеу барысы тоқтатылсын. Қазақ ССР прокурорының наразылығы қанағаттандырылсын. Қазақ ССР-нің Жоғарғы соты Т.К.Аймұхамбетов. Коллегия мүшелері - Е.Л.Грабарник, Қ.Т.Кенжебаев», – деген шешім шығарды.

Көп ұзамай, Қазақстан Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Ө.Жәнібековтің араласуымен Ғылым академиясында арнайы комиссия құрылды, сол комиссияның шешімі бойынша Алаш қайраткерлерін саяси және шығармашылық тұрғыдан ақтау туралы арнайы қаулы шықты [52, 34]. Осылайша, қоғамда қордаланған мәселелермен табандылықпен күрес нәтижесінде жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Шоқай, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев т.б. көптеген Алаш қайраткерлері мен ғылыми-шығармашылық зиялы қауым өкілдері саяси, кейінірек азаматтық тұрғыда ақталды. Олардың мұраларын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік берілді. Ұрпақтың ұлты үшін аянбай тер төгуі осы істерден айқын көрініс берді. Бұл қайта оралған еңбектер нәтижесінде ғалымдар ұлттық құндылықтарын көзінің қарашығындай сақтау, оны дамыту, насихаттау сынды игі істер қолға алынып, болашақ жастардың тәрбиесіне зор үлес болып қосылғанын іс жүзінде көрсете бастады.

80-ші жылдардың соңында басталған қазақ зиялы қауымының шығармашылық-мәдени мұраларын жаппай түрде ақтау үрдістері Қазақстандық қоғамда аса зор рухани өрлеуге жол ашты. Бұған дейін тиым салынған, беймәлім мәселелердің беті ашылып, халықтың еншісіне тие бастады. Осы әзірде қазақ зиялы қауымының ғасыр басындағы шығармашылық-мәдени мұралары негізінен 90-шы жылдары аталмыш салада толымды ғылыми зерттеулерімен әйгілі отандық тарихшы ғалымдарымыздың

бірі, академик К.Нұрпейісов: «Алаштану саласында зиялы қауым бірлесіп зерттейтін ғылыми шешімін күтіп отырған мәселелер жетерлік. Олардың ішіндегі кейбір маңыздылары, меніңше, мыналар, - дей отырып, - Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің көзқарас эволюциясы мен Алаш қозғалысына қатынасушылардың 1920 жылдан кейінгі қасіретінің» де аталмыш мәселеге жататындығына үлкен мән береді [53, 67].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қайта құру кезеңіндегі рухани олжалар ұлттың рухани-мәдени деңгейін көтеруге сіңірген еңбегі өте зор болды. Мәселен, Қазақстандық тарихшылар М.Қойгелдиев пен Т.Омарбековтың ойларынша, екі негізгі мақсатты басты назарда ұстаған. Олар: біріншіден, қазақ елін отарлық езгіден азат ету, ал екіншіден, қазақ халқы мен дәстүрлік қоғамын ортағасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына алып шығу. Қайта оралған әдеби мұралар арқылы, ұлттық құндылықтарымыздың маңыздылығы ұлт болашағын саналатын жастарымызға рухани азық, ұлттық тәрбиенің бастау көздері болып табылатын зерттеулердің жарық көре бастағаны, оларды зерттеп, оқып қана қоймай, оқыту жүйесіне енгізу, ұрпақ тәрбиесіне пайдалану ісі қоғамдағы ұлы бетбұрыстардың бірі болды. Тәуелсіздік кезеңіндегі руханияттың еселенуі болашақ ұрпақты ұлттық санамен рухтандыруға, төл мәдениетімізбен тәрбиелеуге қол жеткіздік. Бәлкім, сондықтан да болар, аталмыш ғалымдар алаштық зиялы қауымды "ұлттық-демократиялық зиялы қауым (интеллигенция)" деп, ал Алаш партиясын "ұлттық-демократиялық партия" деп атағанды жөн көреді [54].

Тәуелсіздік жылдарында Алаш қозғалысын зерттеуші ғалымдардың үлкен шоғыры қалыптасты десек, заңгерлер С.Зиманов, М.Құл-Мұхаммед, Ө.Озғанбаев, С.Өзбекұлы, философтар Ж.Әбділдин, Ө.Нысанбаев, Ғ.Есім, тарихшылар М.Қозыбаев, К.Нұрпейісов, М.Қойгелдиев, Е.Сыдықов, Х.Әбжанов, әдебиетшілер Қ.Мұхаметқанов, Ш.Сәтбаева, Р.Нұрғали, Б.Әбдіғазиев, Ш.Елеукенов, М.Базарбаев, А.Еспембетов, Т.Жұртбай, Р.Тұрысбек, Д.Қамзабекұлы, Ө.Әбдиманов, тілшілер Т.Қордабаев, Р.Сыздықова, Ш.Құрманбайұлы, баспагерлер Ғ.Әнес, Д.Әшімханов, Е.Тілешов, Т.Шаңбай еңбектері толық дәлел бола алады. Бұған Алматыда, Астанада, Семейде ашылған, жұмыс істеп жатқан оқу орындары, әдеби шығармаларды мектептерде оқытудың жаңа әдістемелерін жазуды қолға ала бастады. Газет-журналдарда сыни мақалалар, тың көзқарастар, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын мақалалар шыға бастады. Қайта құру кезеңіндегі әдебиет әлеуметтік істердегі салған арнасы азат Қазақстан мұраттарымен сабақтас болды. Рухани, шығармашылық мұраттар көркем шығармашылығымызбен кіндіктес ұлт тарихы – жаңаруға ұмтылған, тарихи сабақтастықты үзбеген, білім мен елшілікті басым бағыт еткен ұлттық серпілудің тарихы болып қайта қолға алынды. Сондықтан ғалымдар мен зерттеушілер осыдан бірнеше жыл бұрынғы саяси қозғалыс пен күресті ғана емес, бүгінгімізді ертеңге жалғайтын жасампаздық істерді сараптауға кірісті.

Қайта құру ұлтқа, дәстүрге қаншалықты адал екенін айғақтайтын құнды әдеби шығармаларды халыққа қайтарып берді. Ол шығармалар ұрпақ санасын ұлттық рухта тәрбиелейтін тәрбие құралына айналды. Қайта оралған Алаш көсемдерінің еңбектері – өткен тарихтың ғана олжасы емес, бүгінгі ұрпақтың да елдік іске олжа салар мүмкіндігі болып танылды. Әлемдегі қазақтың да, қазақ ішіндегі әлемнің де тұтастығы, үйлесімділігінің өлшемі бола алды. Кезкелген елді алға ілгерілететін ұлттық идея. Тіпті, бүгінгі әлем ұлт пен мемлекет ұғымдары арасына теңдік белгісін қойып отырғаны жасырын емес. Кеңестік түсінікте ұлттық идея әсіре ұлтшылдықпен теңестірілді. Бұл қай тұрғыдан қарасақ та ақылға сыйымсыз еді. Расында, қасаң да бұрқасынды жылдары ұлттық идея дегеніміз – мемлекеттік, елдік мүдде идеясы деген мағына беретіні ұмытылды. Алаш идеясы – қазақтың ұлттық идеясы болатын. Жаңа түрдегі елдігіміздің, байырғы айбарымыздың рәмізі қолға алынып, ол әдеби шығармалар арқылы көрініс тапты.

Бүгінгі тәуелсіздігіміздің іргетасы – ұлттық идея. Ол төл шығармаларымызда сомдалған образдар арқылы ұрпақ санасын ізгілікке тәрбиелеуге арналған. Көркем әдебиетте көрініс берген тарихи ақиқаттар болашақ ұрпақтың елжанды, отансүйгіш болып өсуіне қызмет ететінін айқындап берді. Ұлт қайраткерлері туралы шетелдерде қазақ Мұстафа Шоқай, башқұрт Зәки Уәлиди Тоған, өзбек Баймырза Хайт, орыс, неміс, ағылшын, жапон ғалымдары еңбектері басылды. Анықтама, энциклопедияларда мәлімет берілді. Ең үлкен ерлікті Қытайдағы Такламакан шөлінен өтіп, Гималай тауларынан асып, Кашмир арқылы Түркияға жеткен көштің басшысы Қалибек хәкім Рахымбекұлының перзенті Хасен Оралтай жасады. Ол 1973 жылы Түркияда «Алаш – Орта Азия түркі қазақтарының ұлттық ұраны» атты кітап шығарды. Автор өз қолы жеткен құжаттар, деректер, суреттер, мәтіндер арқылы Алашорда, Алаш қайраткерлері туралы қысқаша анықтамалық, миниэнциклопедия дерлік еңбек тудырған.

Бұл еңбектердің қоғамның дамуы, ұлттық сананы дамытуда ерекше ықпалды қанатты сөздері бүгінгі ел тәуелсіздігін алғаннан кейінгі уақытта маңызы ерек болды. Ұлт көсемдерінің маржан ойлары, құнды пікірлері ұрпақ санасына әсер етіп, отаншылдыққа, батылдыққа баулитыны рас. Әдеби сын осыларды халыққа түсіндіруші қызмет атқарды. Ол арқылы өмірлік құбылыстар мен адамдардың іс-қимылына, мінезіне деген көзқарастағы анықтық, ой шындығына адалдық, пікір жинақтап қорыту мен түйін жасаудағы логикалық жүйелілік және ойды жеткізудегі дәлдік пен қысқалық. Бір ғана Әлихан Бөкейханның: «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген пікірі қаншама ұрпаққа сағаттап берген білімнен артық ұтымды сөз. Бұл сөздің мағынасын түсінген жеткіншек өз еліне қызмет етудің абыройлы ісін жалғастыруды мақсат тұтатыны сөзсіз. Автор Әлихан Бөкейхановтың бұл сөзі Джордж Вашингтонның «Елім маған не береді деп емес, мен еліме не беремін» деген пікірімен үндес екеніне назар аударады. Жалпы алғанда, бір-

бірінің орнына қолданса, артықтық етпейтін сияқты. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлының маржан-ойлары да жеткілікті. Оның «Басқадан кем болмас үшін білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», «Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең, құл болмақшы», «Қазақ жазушылары өзінің шығармаларында қазақ ұлтының мүддесін қорғау керек» деген сияқты көптеген қанатты сөздері бар. Сондай-ақ, Ақанның «Ақ болсын, қызыл болсын, маған бәрібір. Мен Қазақ мүддесін көздейтін үкіметті ғана жақтаймын» деген сөзі де ерлікке бара-бар.

Кеңес өкіметі құлап, Компартия билігі құрығанға дейінгі жетпіс жыл бойы әдебиет, өнер, гуманитарлық ғалымдар марксизм-ленинизмнің аузына қарады. Бейнелі өнер, ишарамен сөйлейтін әдебиет тұп-тура саясат шапанын кие алмайды, бірақ әдебиеттану, сын саласында зорлықпен енгізілген қисындар көп болатын. Сондықтан да, XX ғасыр әдебиетін жаңаша пайымдау, оның кезең-кезеңіндегі стильдік-жанрлық ізденістеріне, бейне, көркемдік қазынасына баға беру, талантты қаламгерлер шығармаларының эстетикалық байлығын анықтау, бір сөзбен бос топырақтан кенді аршып алу – жеңіл-желпі шаруа емес, бұл – көп қажыр-қайрат жұмсауды талап ететін ауқымды еңбек.

Қайта құру кезеңінде халыққа оралған қайраткерлер еңбектері орасан зор рухани байлық болды. Олар қазақ руханиятының шоқ жұлдызы іспетті қазақ елінің барлық өлкелерінде туған аса дарынды, жан-жақты таланттар еді. Олар партиялық ұйымдастыру істерінде, құрылтайлар өткізуде, бағдарлама жасауда, көркем әдебиетте, публицистикада, ғылымда, педагогикада жан-жақты іргелі зерттеулер арқылы қазақ қоғамының тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлттық сипатта дамуына зор үлесін тигізді. Әдебиеттің алып тұлғаларының көркем туындылары, зерттеулері, идеялары қазақ халқының санасында, ержүрек перзенттерінің іс-әрекетінде жалғасып жатты.

Қай ел, мемлекет болса да ұрпақ тәрбиелеудің тарихи тәжірибесінен құр алақан емес. Рухани мәдениет пен материалдық мәдениеттің дамуы халықты ұлт дәрежесіне көтеруге сепігін тигізеді, әрі ұлттық дамудың тарихи жолына салады. Қазақ халқы да осы белеске жиырмамыншы ғасырда келіп, Кеңестер одағы идеологиясымен құрсаңған қатаң қалыптағы тәрбиеден өз ұлтық болмысын, тілі мен ділінен, салт-дәстүрінен ажырап қала жаздады. Ұлы Абай мен Шәкәрім туындылары мен халық ауыз әдебиетінің інжу-марждарының өзі екшеленіп, ұлттық сипаттағы құндылықтарымыз кейінге ысырылып, орысшыл, ортақ көзқарастыр ғана іріктелініп сыңаржақ пікір қалыптасқаны алдыңғы бөлімдерде аталып өтілді. Ұлттың ең басты тәрбиешісі – халықтық санасы, салт-дәстүрі, тілі, әдебиеті, өнері. Төл әдебиетіміздің классиктерінен бастау алатын А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, С.Көбеев, С.Торайғыров, М.Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ж.Молдағалиев, Қ.Аманжолов, І.Есенберлин, Б.Момышұлы, Қ.Мырзалиев, М.Мақатаев, Ф.Оңғарсынова, т.б. сынды әдебиет тұлғаларының туындылары тұнып тұрған

ұлт өнері, әдебиеті мен мәдениеті, ғұрпы, тұрмыс-салты, мен мінез-құлық, болмыс-бітімі десек болады. Мәселен, олардың шығармаларындағы отбасы мәселесі, бала тәрбиесі, қарттардың абыз әңгімелері, аналардың мейірімі, ағаның ініге, інінің кішіге деген ізет-қызметі ғасырлар бойғы елдік нышанымызды танытқан болмысымызға тән қасиеттер. Халқымыз болашақ қоғам мүшелері – жеткіншектерді сапалық жағынан өсуіне жете көңіл қойған. Осының баршасын біз кітаптан - оның ішінде көркем әдебиеттен оқып танытамыз. Қоғамдық сананың қалыптасуындағы ұлттық әдебиеттің, этномәдениеттің елеулі орны бар екенін анық байқадық. Ал, адамның сапалық өсуі қоғамдық санадан көрініс береді. Белгілі бір ұлттық немесе мемлекеттік ғылым мен мәдениетсіз, әдебиетсіз биік өркениетке жетуі мүмкін емес нәрсе. Бірақ, соның бәрі ұлттық реңкте, ұлттық бояумен ерекшеленуі қажет. Сонда ғана этномәдениет өз тұғырында тұра алады. Өнер мен мәдениеттің кеңестік кезеңін зерделегенде әдебиеттен озып халық, ұлт болмысын барынша толыққанды жеткізген саланы кездестіру қиын. Белгілі болғандай, барша ғылым салаларының пайда болуындағы алғы шарт – өмір қажеттігі. Кейін тәрбие идеялары адамдар өмірінде аса маңызды рөл атқара бастады. Себебі әр түрлі қоғамда өсіп келе жатқан әулетке берген тәрбиесіне орай өмір қажеттігі де жылдам немесе шабан дамидыны белгілі. Осыдан тәрбие тәжірибесін топтастыру және қорытындылау, арнайы оқу-тәрбие мекемелерін ұйымдастырып, жастарды өмірге дайындаудың қажеттігі туындады.

Ежелгі дүниенің Қытай, Индия, Египет, Греция сынды аса дамыған елдерінде сол заманның өзінде тәрбие тәжірибесі бір арнаға келтірілді, одан теория түзу қадамдары жасалды. Ол кезде табиғат, адам, қоғам жөніндегі барша білімдер философия шеңберінде жинақталатын, алғашқы педагогикалық тұжырымдарда сол ғылыми аумақта дүниеге келді. Барша замандарда адамдардың рухани және тән-дене дамуында шешуші рөл атқарған қуаты мол күшті халық педагогикасы беріп келген. Инабаттылық, еңбектік, тән-дене тәрбиесі бойынша халық қайталанбас ғажайып өміршең жүйе түзді. Еуропалық тәрбие жүйесінің бесігі – ежелгі Греция философиясында қалыптасқан. Оның көрнекті өкілі Демокрит балалар тәрбиесі бойынша алғашқы зерттеу еңбектерін жазған. Сол уақыттың өзінде ол: «Тәрбие адамды қайта жасайды және оны өзгерте отырып, болмыс табиғатын түзеді... Жақсы адам болу табиғат ықпалынан гөрі тәрбиеге көбірек тәуелді», – деген. Адам тәрбиесіне және тұлға қалыптастыруға байланысты идеялар мен тұжырымдар ежелгі грек ойшылдары Сократ (469-399 жж. б.э.д.), Платон (427-347 жж. б.э.д.), Аристотель (384-252 жж. б.э.д.), Тертуллиана (160-222 жж. б.э.д.) еңбектерінде жарияланған. Педагогиканың философиядан бөлініп, өз алдына ғылыми жүйеге келуі ұлы чех педагогы Ян Амос Коменскийдің (1592-1670) есімімен байланысты. XVII ғасырда педагогика статус алып, өзінше ғылым болып бөлініп шыққаннан кейін Чехияның ұлы педагогі Я. А. Коменскийдің (1592-1670) беделі және еңбектерімен әрі қарай бекіп, дами

түсті. Осы кезден бастап Коменскийдің теориялық ой-пікірлері педагогиканы дамытып, ол күні бүгінге дейін ғылыми маңызын жоғалтқан жоқ. Содан бастап, ол дүниежүзілік аренаға шығып педагогикаға әлем жұртшылығының назарын аударды, қолдау тапты. Коменский дәуірі Еуропада буржуазиялық формацияның үстемдік етіп тұрған кезі болатын, ол соған соқтығысып өзінің философ-гуманист, қоғам-қайраткері, аса көрнекті педагог екенін таныта білді. XVII ғасырдағы мектептегі білім беру жүйесінің кемшілігін жақсы түсінген Коменский Еуропадағы оқу-ағарту ісін мүлде қайта құрумен айналыса бастады. Ол оқудың жаңа әдістері мен әдістемелігінің қажеттілігін айтып, білім беру жүйесінің, оқудың прогрессивтік жүйесін – оның барлық адамға бірдей және тиімді де түсінікті болуын, өзіне мақсат етіп қойды. Оның дәлелдеуінше – «Балаларды оқыту қажет, біртіндеп қарапайым, элементарлық ұғымдардан күрделіге көшіп отыру педагогикалық талаптардың негізі деп көрсетті. Коменский бастауыш оқуды ана тілінде (тек латын тілінде емес) жүргізуді ұсынды. Ол тек ақылды адамдар тәрбиелеу емес, жеке тұлғаны түгелдей дамыту оқудың ең басты міндеті – деп есептеді. Тәрбиенің рөлін жоғары бағалаған педагог «Адам тек тәрбие арқылы ғана адам болады», «Адам болу үшін ол білім алуы тиіс», «Білімділер нағыз адам» – деді. Оның жүйесінің негізі – ақыл-ой, нравтық, діни тәрбиені жүзеге асыру. Оның айтуынша, ақыл-ой тәрбиесі ақылды еңбектің жемісі. Коменский білім алу тек жастардың ғана міндеті емес, барлық адам оқуы, үйренуі қажет – деді. Коменский мектепке арнап бірнеше оқулықтар жазды, оның мақсаты балаларға өмірдің тұтас картинасын беру. Оның ғылыми еңбектері, оны бүкіл Еуропаға және жер жүзіне танытты. Ол іс жүзінде оқуды ғылымға айналдырды. Оның педагогикалық әдістері революциялық маңыз алды. Оқуды түбегейлі өзгертті. Коменский педагогика тарихында аса көрнекті орын алды. Оның ғылыми, теориялық маңызын жоғалтқан жоқ. Оның принциптері, әдістері мен әдістемеліктері, оқыту формалары, мысалы, сынып-сабақ жүйесі — педагогиканың теориялық негізі болып сақталып қалды. Оқытудың жаңа әдісінің қажеттілігі. Коменский дәуірінде мектепте білім беру жүйесі бытыраңқылық күйде болды. Мысалы, ер балалар ғана білім алуға құқықты болды. Алайда, кедей отбасының балалары мектепке қабылданбады. Сабақтарда латын әрпімен балалардың басын қатырды. Орта ғасырда көптеген мектептер Католиктік шіркеудің бақылауында болды. Шіркеудің қызметі латын тілінде жүргізілді. Мақсат мектепті латын тілінде оқытып дін иелерінің орнын толтыру еді. Педагогтар оқыту мақсаты мен міндетін ешбір ойламады. Жайдан күрделіге көшу ешкімнің есіне келмеді. Тәртіп қатаң болды. Мектептердегі нравтық климат — ұрып, соғу мақсатын көздеді. Бұл дәуірдегі мектепті Шотландия ағартушысы Саймон Лори — «Ешбір ойластырылмаған», «Ешбір қызықтырмайтын» деп атады. Ал, Коменский оданда ауыр етіп «Ақыл соғысы» – деп атады. Англияда Фрэнсис Бэкон латын оқуын айыптады, қайтадан жаратылыс пәнін үйретуді ұсынды. Вольфганг Ратке, Иоганн Валентин Андреэ – Германияда т. б. оқу жүйесін

өзгеруге өз беттерінше жұмыс істей бастады. Демек, XVII ғасыр азабы – оқуды өзгерту туралы олардың ешқайсы-ның оқу туралы ойларын, ұсыныстарын қабылдамады. Коменскийдің педагогика туралы алғашқы еңбегі 1630 жылы отбасында тәрбиелейтін аналар мен бала күтетін адамдарға арналды. 1631 жылы «Тілдер мен барлық ғылымдардың ашық есігі» атты еңбегі жарық көрді. Бұл латын тіліндегі оқуға революциялық дәстүрде соққы берген еңбек болды. Кітапта екі колоннаға бөлінген – чех тілі мен латын тілін салыстыра оқытудың мән-жайы түсіндірілді. Еңбекте латынша оқытудың кемшіліктерін баса көрсетті. Бұл кітаптың құндылығы сонда, ол 16 елдің тіліне аударылды. Коменскийдің көпке, оқушылар қауымына таныс жұмыстарының бірі – «Картинада бейнеленген әлем заттарының көрінісі» атты еңбегі. Бұл жасөспірімдерге арналған еді. XX ғасырда педагогика профессоры Элвуд Кабберли былай деді. «Бұл кітап Еуропада бастауыш оқуда 150 жыл орнына 200 жыл пайдаланылды, бұған теңдес кітаптың болмағанының куәсі» – деп, жазды. Қазіргі кітаптар мен оқулықтар Коменский еңбектері негізінде иллюстрацияланып жарық көруде. 1657 жылы Коменский латын тілінде «Ұлы дидактика» атты еңбегін жариялады. Бұл кітап, оны дүние жүзіне танытты. Кітап Коменскийдің педагогикалық жүйесін толық және дәлелді түрде баяндаған шығарма болды.

Орыс ойшылдары, философтары және жазушы-сыншыларының арасында педагогикалық шығармаларымен белгілі болған есімдер: В.Г.Белинский(1811-1848), А.И.Герцен (1812-1870), Н.Г.Чернышевский (1828-889), А.Добролюбов (1836-1561). Бүкіл әлемде Л.Н.Толстойдың (1828-1910), Н.И.Пироговтың педагогикалық идеялары әйгілі. Олар таптық мектепті қатаң сынға алып, халықтық тәрбие саласын түбегейлі өзгерту қажеттігін ұрандады. Орыс педагогикасын әлемдік даңққа бөлеген Константин Дмитриевич Ушинский (1824-1871) оқу-тәрбие теориясын түбегейлі өзгеріске келтіріп, педагогикалық практикада төңкеріс жасады. Константин Дмитриевич Ушинскийдің есімі, шын мәнінде, XIX екінші жартысындағы орыстың оқу-ағарту қайраткерлерінің ең алдыңғы тобында саналады. Ол – Россиядағы педагогика ғылымының және орыс халық мектебінің негізін қалаушы. Оның «Балалар әлемі», «Ана тілі», «Педагогикалық антропология» атты тамаша еңбектері, балалар мен мұғалімдерге арналған басқа да кітаптары орыс педагогикалық әдебиетінің баға жетпес классикалық шығармалары болып есептеледі, бұл еңбектер педагогика ғылымына алтын қор ретінде қосылды және дүние жүзіне әйгілі де болды. Ұлы педагог өзінің бүкіл өмірін халық ағарту ісіне және балалар тәрбиесіне арнады. «Отаныма неғұрлым көбірек пайда келтіру – менің өмірімнің бірден-бір мақсаты», -деп жазды К.Д.Ушинский. Оның өмір жолының бүкіл мәнісі осы сөздерінде еді. К.Д.Ушинскийдің педагогикалық пікірінің ең негізгі мәні – әрбір елде халықтың мақсат-мүддесіне, мұқтажына сәйкес өзіндік ағарту жүйесі болуы керек деген халықтық идеясында еді. Дүние жүзінің басты елдеріндегі мектептердің білім жүйесін зер сала зерттей отыра, Ушинский өзінің білім беру

жүйелерінде кейбір жалпы ұқсастық жақтарының болғанымен әр елдің білім жүйелерінде өзіне тән ерекшеліктері болатынын байқады, бұл ерекшеліктер сол ел халқының қалыптасқан тарихи өмірімен тұрмысын, талаптары мен мұң-мұқтажына байланыстылығын көрсетті. Ушинский орыс халқына тән тарихи қалыптасқан мынадай ерекшеліктерді көрсетті. Ғасырлар бойы сиынып өткен өз отанына деген терең сүйіспеншілік, оның тұтастығы мен тәуелсіздігі жолында әрдайым күреске әзір болу, жоғары азаматтылығы мен гуманизм, мол творчестволық сезімділік К.Д.Ушинскийдің бүкіл өмірі мен қызметі өз еліне және өз халқына жан-тәнімен шын беріле қызмет етудің тамаша үлгісі болды. Орыс мұғалімдерінің ұстазы К.Д.Ушинский өзінің педагогикалық жүйесін өз кезіндегі ең озық ғылым дәрежесіне көтерді. Ушинский өз шығармаларында педагогиканың әрі ғылым, әрі тәрбие өнері екендігін, тәрбие мақсатымен тәрбиелеудің халықтығы туралы идеяны және жеке адамды тәрбиелеу теориясын, дидактиканы мұғалімдерге қойылатын талаптар сияқты педагогиканың күрделі де түбірлі мәселелерін ғылым негізінде шешті, өзінің прогресшіл педагогикалық жүйесін құрды. Қазан төңкерісінен кейінгі кеңестік педагогика жаңа қоғамдағы адам тәрбиесі идеяларын өзіндік түсінім жолымен дамыта бастады. Жаңа педагогикаға байланысты шығармашылық ізденістер аймағында белсенділікпен қатысқан белгілі педагог ғалымдар: С.Т.Шацкий (1878-1934), П.П.Блонский (1884-1941), А.П.Пинкевич (1884-1939) болды. Социалистік дәуір педагогикасын танымал еткен Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский еңбектері. Надежда Константиновна Крупскаяның (1869-1939) теориялық ізденістері жаңа кеңес мектебін қалыптастыру, сыныптан тыс тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру, енді пайда бола бастаған пионер қозғалысы проблемаларының төңірегінде шоғырланды. Антон Семенович Макаренко (1888-1939) балалар ұжымына педагогикалық басшылық, еңбек тәрбиесі, саналы тәртіп қалыптастыру және балаларды отбасында тәрбиелеу әдістемелеріне байланысты идеяларды қорытындылап, оларды практикада іске асыру принциптерін ұсынды, әрі өзі оларды тәжірибе тексеруінен өткізді. Василий Александрович Сухомлинский (1918-1970) өз зерттеулерін жастарды тәрбиелеудің моральдық проблемаларымен байланыстырды. Оның дидактикалық кеңестері мен нақты да дәл бақылаулары қазіргі педагогикалық ой дамуы және қоғамды қайта түзу дәуіріндегі мектеп тағдыры жөніндегі ұсыныстары өз маңызын әлі де сақтауда, сонымен бірге, білім сапасын жаңаша түсінуде үлкен жәрдемін тигізіп отыр. В.А.Сухомлинский «Жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің проблемаларын» зерттеді. Сухомлинский еңбектері басты да күрделі міндеттерді шешу — барлық жастарға орта білім беруге арналған. Педагогиканың мұндай күрделі де маңызды міндеттері — комплексті түрде, мектеп практикасы арқылы, мектептің қазіргі жағдайына байланысты шешіліп, нәтижесі тез арада тарап кетті. Ол халықтық педагогиканың үлгісіне сүйенеді. Ол халықты нағыз тірі құрал ретінде педагогикалық даналықтың көзіне айналдыра отырып зерттеді. Білім беру мен оқыту органикалық талдаудың көзі,

дамыған сезім мен ақылдың бірлігі, халық пен адамның үзіліссіз білім алуының қалыптасқан сұранысы. Сухомлинский өзінің көптеген еңбектерінде ең маңызды ой-пікірі – педагогтың мынадай екі мәселені шешуіне арналады. Біріншіден, оқушыларға білім қорын жинақтауға мүмкіндік беру. Екіншіден, оқушыларды ұдайы, барлық өмір бойы өз білімін толықтырып отыруға әсіресе, адамзат мәдениетінің қазынасын тиімді пайдалануға үйрету. Оның айтуынша, білім беру творчестволық процесс – адамның, жеке тұлғаның қалыптасуы өмірлік толастамайтын ағынды, тасқынды процесс. Оқыту, білім беру, тәрбие бір-бірімен тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырып, кезекпе-кезек жалғасып отыратын тарихи процесс. Сухомлинский: «Адам білім арқылы жұмыс істеуге үйренуі адамгершіліктің ең жоғарғы мұраты» – деп тұжырымдады. Барлық құндылық атауы – адамның ықыласымен жасалса, ақыл көзі – тәрбиеден шықса жақсы. Ал ұлттық тәрбиенің бастауы – әдебиетте. Халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын оқу-білімді насихаттауға арнап, ұлтымыздың болашағы үшін ғұмырын халық санасын оятудағы күреске арнаған, артында мол рухани қазына қалдырып, олардың тағлымдары талай ұрпақты тәрбиелеуге азық болатын ұлт көсемдері туралы алдағы тарауларда атап өткенбіз. Бұл жолы сол ғалымдардың, ұлт көсемдері мен ұстаздарының ағартушылық қызметтерінің, асыл қазыналарының халықтық тәрбиемен ұштасып, сын таразысынан өтіп, болашақ үшін қызмет ете алатын негізгі құралымыз екеніне тағы бір көз жеткізу. Қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетіне аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткерлер қазақ қоғамында, әдебиеті мен мәдениетінде баршылық. Кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Мұхтар, сынды дара тұлғалар өмірі мен ұрпаққа қалдырған тағлымдары Кеңестік кезеңде сараланып, зерттеліп, қолға алынғаны, халық игілігіне жарағаны, сын тұрғысынан сарапталғаны бүгінгі педагогтердің еңбектеріне қайнар бұлақ болғаны ақиқат. Ыбырайтану, Шоқантану, Абайтану, Ахметтану, Мағжантану, Мұхтартану мәселелерінің жолға қойылып, ұлт көсемдерінің деректері жинақталуы, көздің майын тауысып, зерттеу, саралау, кітап етіп шығару, насихаттау, халықтың көзқарасын оятып, түсіндіру, ұлттық руханиятымызды дәріптеу арқылы болашақты тәрбиелеу істері әдеби сынның атқарған міндеттері болып табылды. Ұрпақ тәрбиесіндегі педагогикалық бағытты жан-жақты білу мақсатындағы ізденісімізді қазақ халқының ірі тұлғалары Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев туралы зерттеулерден бастадық. Себебі Шоқан, Ыбырай, Абай мұралары ұлттық тәрбие беруде зор ықпалды екендігін ғалымдарымыздың зерттеулерінен дәлелдей аламыз. Олай болса, бүгінгі қазақ мектептері үшін олардың еңбектері қандай деген сұраққа: ол патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы шыққан Сырым Датұлы, Исатай мен Махамбет, Кенесары Қасымұлы, Есет Көтібарұлы, Жанқожа Нұрмұхаметұлы т.б. ұлт-азаттық көтерілісіне үндес күрескерлер, патриоттар деуге болады. Қазақ батырлары білекпен, қарумен күрессе, Ыбырай, Абай, Шоқан бастаған ағартушы-демократтар тәуелсіздік үшін білімді,

парасатты ұрпақ тәрбиелеу арқылы жүзеге асырды. Яғни, отаршылдық саясатқа қарсы күрес «білектің күші емес, білімнің күші» арқылы іске асты. Әсіресе, Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұраларының ықпалымен қазақ халқында тәуелсіздік үшін күресушілердің жаңа легі: Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхамеджан Сералин, Спандияр Көбеев, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев т.б. көші басталды.

«Ұлттың ұлы ұстазы» атты жинақ Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық еңбегі мен ұлт болашағы үшін күресіне арналғанын ғалымдарымыз З.Қабдоловтың «Ахаңның әдеби қисындары», З.Ахметовтың «Бүкіл қазақ «Ахаң» деген», Б.Қойшыбаевтың «Көзқарас эволюциясы», К.Нұрпейістің «А.Байтұрсынұлы – аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері» зерттеулерінен байқалады. Ахаңның кейбір мақалаларын жұртшылыққа ұсынған сыншылардың қатарында Т.Кәкішевтің «Қалам қайраткерлерінің жайынан» деген мақала бар. Ондағы ұлы ғұламаның: «Қалам қайраткерлері бұл күнде өз жұмысында емес, өзге жұмыста жүр. Оларды өзге жұмыстан алып, өз жұмысына салу үкіметтің міндеті: қалам қайраткерлерінің міндеті – әдебиет, әдебиетсіз оқу қуаттану жоқ, оқусыз мәдениет қуаттану жоқ,.. Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі оқу мен әдебиетте», – деген пікірі бүгінге дейінгі құнды сөздер екенін сыншы Т.Кәкішев біліп, жинақтап, баспаға ұсынған. Белгілі ғалым Ә.Дербісалиннің Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығын ұзақ жылдар зерттеп, халық ағарту саласындағы ерен еңбегі мен әңгімелерінің тәрбиелік мәнінің тарихи деректерге сүйене отырып жазған кітабының маңызы ерекше. Сын тұрғысынан талдау, сараптау, жинақтау арқылы жасалған бұл еңбекте автор: «Қай халықтың да өсіп, кемеліне келуі – ғасырлармен саналатын ұзақ процестің нәтижесі, қорытындысы. Мұны ғылым жолымен алуан заңдылықтар арқылы да дәлелдеуге болады. Ал, халықтың күнделікті өмірінде тіршіліктің өзіндей қарапайым заңы болып келген. Ол – жақсылығы мен жамандығын өмір сабағы, тәжірибесі көрсетіп, дәлелдеп отырған нәрсенің жаманынан қашып, жақсылығына ұмтылу, сөйтіп тұрмысын, тіршілігін сақтау, ұлғайту, жалғастыру...», – деген сөзінен де сын таразысынан сүзіліп өткен қажетті руханияттың жақсылығы мен жаманын саралап, ұрпақ тәрбиесіне қажетін қалдырады, ол елдік мәселелердің дамуына қызмет етеді [60, 127]. Ыбырай Алтынсариннің ұстаздық қызметі арқылы, ұлт болашағының тәрбиесін танимыз. Мәселен, діни мектептерде молдалардан сабақ алған балалар бір жылда әзер хат таныса, Ыбырайдың оқушылары небәрі үш айдың ішінде хат танитын. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда ол дүние жүзі педагогика классиктері Ушинский, Руссо, Каменский, Толстой, т.б. гуманистік идеяларын басшылыққа алды. Ыбырай Алтынсариннің көзқарастарынан бүкіләлемдік тәлім-тәрбиенің алтын дінгегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз.

Мысалы, өзінің екі кластық мектептердің меңгерушісіне жазған нұсқау хатында ол: «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлау тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен түсінікті етіп түсіндіру керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді...» Ә.Дербісалиннің зерттеуі арқылы Ы.Алтынсарин демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапқанын байқаймыз. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз тәлімгер ретінде күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден, шығармаларында қазақ халқының ХІХ ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси-әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбексүйгіш, өнерлі азамат болуға, жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырды. Қазақ халқының келешегі тек өнер-білімде деп түсінген Алтынсарин өз ойын іске асыруда түрлі тосқауыл кедергілерге кездесті, бірақ оларды табандылықпен жеңе отырып, өз мақсатын іске асыра білді. Алтынсарин қазақ тілінде кітаптар жазды, оларды халық арасына тарату арқылы ғана дін ықпалынан бірте-бірте бәсеңдеуге мүмкіндік туады деп түсінді. «Мәселенің мәнді жері – деп жазды ол, – қазақтарға татар фанатизмінің ықпалын тигізбеу – қазақтардың білім алуына оның кесірін тигізбеу ғой. Ондай ықпалдан құтқару үшін мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды асықпай, бірақ алған бағыттан қайтпай, қазақтың өз тілінде, олардың өздерін таныс әріппен шығара білу керек. Сөйтсек, ол кітаптарды жұрт бірден қолға алып оқиды, бұл кітаптар, татар кітаптарымен қатар зор күш болар еді». Ұлан-байтақ қазақ даласында дүнияуи мектептер ашу, балаларды өз ана тілінде оқыту – оның басты арманы болатын. Мұғалімдер даярлау ісімен қатар оларға керекті оқу-әдістемелік құралдарын жазу мәселесімен де шұғылданды. Оның ұсынуымен орыс-қазақ училищелерінде К.Д.Ушинскийдің «Балалар дүниесі», Л.Н.Толстой «Әліппе және оқу кітабы», Ф.Бунаковтың «Әліппесі мен құралы», Н.Тихомировтың «Грамматикалық элементарлық курсы» оқу құралы ретінде пайдаланылды. Орыс педагогтарының үлгісімен орыс-қазақ мектептеріне арнап Ы.Алтынсариннің өзі екі оқу құралын «Қазақ хрестоматиясын» және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» жазғанын автор тарихи деректермен салыстыра зерттейді. Бұларды қазақ-орыс мектептеріне төлтума оқулық ретінде ұсынды. Мәселен, «Хрестоматияға» ол қазақ халқының ауыз әдебиетінің асыл үлгілерін, балаларға арналған нақыл әңгімелер мен өлеңдерді, орыс жазушылары Крылов, Толстой, т.б. әңгімелері мен мысал өлеңдерін аударып енгізді. Алтынсарин өз хрестоматиясының екінші бөлімінде жаратылыстану, жағрапия, тарих, физика, сондай-ақ техника саласынан түсінік

беруді көздейтінін айтқан еді. Бірақ ол кітабы осы кезге дейін табылмай келеді. Ы.Алтынсарин оқыту әдісі мәселелеріне де ерекше мән берді. Өзінің А.А.Мазюхин, Ф.Д.Соколов, Ғ.Балғымбаев, т.б. мұғалімдерге жазған хаттарында балаларға тиянақты білім беру, оқыту өмірімен байланыстыру, оқыту әдістерін жетілдіру жайында көптеген ақыл-кеңестер берді. Ы.Алтынсариннің оқу-ағарту ісіндегі тағы бір ерен еңбегі қазақ жастарына кәсіптік мамандық беру мәселесін қолға алуында еді. Ол осы мәселеге ерекше мән беріп, қолөнер, ауыл шаруашылық училищелерін ашуға көп күш жұмсады. Көп ұзамай Торғай қолөнер училищесі ұйымдастырылып, өзі қайтыс боларының алдында Қостанайда ашылғалы отырған ауыл шаруашылығы училищесінде өзінің қора жайын беретіні туралы өсиет қалдырды. Қазақ қыздарын оқытып-тәрбиелеу ісіне де жол ашқан Алтынсарин еді. Ол Ырғызда қазақ қыздарына арнап жанында интернаты бар мектеп аштырды. Мұның өзі қазақ халқының өмірінде орасан зор маңызды тарихи оқиға болды. Ол патша әкімшілігінен Торғай облысының барлық уездерінде қыздар училищелерін ашуды өтінді. Оның бұл ұсынысы өзі қайтыс болған соң екі жылдан кейін жүзеге асты. Ы.Алтынсарин өз халқын жан-тәнімен сүйген, халқының мәдени көркейіп өсуі үшін бойындағы бар күш-жігерін аянбай жұмсаған нағыз патриот еді. Ол Н.И.Ильминскийге жазған бір хатында: «Қазақ даласын үш жыл аралығында қазақтар тапқыр, ақылды, қабілетті, бірақ білімсіз халық екен дегеніңіз әбден дұрыс. Қазақтарды оқыту бастықтардың ойына да кіріп шықпайды, бекіністерде училищелер салудан гөрі үйінің онсыз да қып-қызыл шатырын сылауды, онсыз да аппақ қабырғаларын ағартуды артық санайды»-деп жазды. Ы.Алтынсарин өз заманының ақыл-ойшылы, ірі қоғам қайраткері. Оның жарқын бейнесі мен іс-әрекетінен қазақ халқының мәдени-экономикалық дамуын, қазақтың ұлт болып бірігуін, жаппай сауатты, мәдениетті, оқыған ел болуын көкसेгенін көреміз.

Ұлттық педагогиканың қалыптасу тарихы жөнінде Т.Шонанұлының [61], Т.Тәжібаевтың [62], Ә. Қоңыратбаевтың [63], Қ.Бержановтардың [64] түрлі еңбектерінде жан-жақты баяндалған. Ұстаз туралы сөз болғанда Ыбырай, Абай тағылымдары қатар жүрері заңды. Д.Қамзабекұлының зерттеуінде: «Абай – қазақ руханиятындағы аса айрықша тұлға. Ол – алаштың рухани жетілуінің рәмізі. Сондықтан оған әр дәуір өзінше баға береді», – дейді [65,222]. Осы пікірмен-ақ автор, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Мағжан Жұмабайұлы бастап, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов сынды алыптарымыздың Абай тағлымын жан-жақты зерттеп, әр қырынан танып, ұлт көсемі ретінде әлемге паш етті. Абай – қазақ халқының ұлы ақыны, қазақ әдебиетінің негізін салушы ғана емес, сонымен қатар, ұлы ойшылы. Абай поэзиясын, оның қара сөздері мен даналық ойларын зерттемеген, оған тоқталмаған сыншы, әдебиет зерттеушісі кемде-кем. Кеңестік кезең әдебиетінде әдебиет теориясы, әдебиет сыны, әдебиет тарихы деп тарауларға бөліп, зерттеу нысанын айқындаған әр сала өкілдері Абай мұралары арқылы ұлттық мәдениетіміздің парасат пайымын анықтағаны рас. Ұлы

Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласынан бастап, ұлт зиялыларының кітаптарынан Абай тағлымын аңғарамыз. Олар М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, Б.Кенжебаев, С.Қирабаев, З.Ахметов, З.Қабдолов, М.Мырзахметов, Р.Нұрғалиев, С.Қасқабасов, Б.Майтанов, Т.Кәкішев, Д.Ысқақов, А.Ісмақова, Ж.Дәдебаев, Т.Тебегенов, Д.Қамзабекұлы, С.Қосан, сынды ғалымдар легі Абайды өзінше танып, әр қырынан зерттеді. Олардың бәріне ортақ бір түйін бар, ол – Абайдың көркемдік әлемі, адамзатты оң жолға, адамгершілікке, білімге, имандылыққа тәрбиелеу тағлымы. Барлық зерттеушілер еңбектерінде оның поэтикалық шығармалары мен «ғақлия» сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық, педагогикалық ой пікірлерге толы екені дәлелденген. Ұлы ағартушы Абай өзінің көптеген шығармаларында қазақ халқының ауыр тұрмысын және надандығын мінеп-шенеді. Қара басының қамын ғана ойлайтын, яғни тән қажеттігін өтеуді ғана ескеріп рухани қажеттілікті ойламайтын, біреуді алдып, біреуді арбап күн көрушілерге, өзінен күшті әкімдер алдына жағымпаздықпен көзге түсіп қалуға тырысушыларға Абай мейлінше қарсы болды. Оқудағы мақсат халыққа адал қызмет ету деп ұқты:

«Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге.

Артық білім кітапта,

Ерінбей оқып көруге» – деп жастарды білім – ғылымды меңгеруге шақырды.

Ел болу үшін қала салып отырықшы болу керек, егіншілікті кәсіп ету, мектеп салу, оқу оқып білім алу қажет, тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде ғана тұр деп жар салды. Өнер-білімсіз қоғамның пайдалы азаматы болудың мүмкін еместігін терең түсінген ол: «Барынды салсаң да балаға орыстың ғылымын үйрет...өнер де, ғылым да орыста тұр. Орыстың ғылымы, өнері дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі...» -деп озық мәдениетті орыс халқын өнеге етті.

«Кітапты молда теріс оқыр,

Дағарадай боп сәлдесі!...» – деп Абай бас қатыратын жаттамалы діни оқуға қарсы болған.

Абай тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Өне, оны берем, міне, мұны берем деп, бастан алданғаныңа мәз боласың, соңынан балаң алдамшы болса кімнен көресің?» деп теріс тәрбие беретін ата-ананы қатты сынға алды. Ұлы ойшыл адамның өсіп, жетілуіндегі тәрбие рөліне тоқтала келе, өзінің 19-қара сөзінде «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарына қосылады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді» -деп ақыл-естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетін ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді. Абай «сүйекке біткен мінез сүйекпен бірге кетеді» дейтін теріс көзқарасты әшкерелеп, адам мінезі өмір барысынан сабақ алып, өзін қоршаған жағдайларға байланысты өзгеріске еніп, оның іс-әрекеттері арқылы көрінеді деген тұжырым жасайды. Адам мінезінің түрлерін адамгершілік, моральдық, имандылық тұрғыдан

қарастырып, оларды жақсы және жаман деп жіктейді. Әдептілікті, сыпайылықты, құмарлықты, тәуелсіздікті жақсы мінезге; сенгіштікті, арсыздықты, мақтаншақтықты, қулықты, жауыздықты жаман мінез деп есептейді. «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңмен-өзің есеп ал»-дейді. Яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады. Абай: «Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі ақымақтық»-дей келе, адамды тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның рөлінің ерекшелігін саралап көрсете білді. Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің отыз жетінші сөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім»-деді. Абай үлгі етіп ұсынған адал еңбек, ар-ождан мәселелері қай қоғамда болмасын аса қажет, адамды қиыншылық атаулыдан аман алып шығатын тіршіліктің тұтқасы, өмірдің өзгермес заңы, жастарды алға жетелер жарық жұлдыз нысанасы екені даусыз. Абай махаббат мәселесіне де ерекше көңіл бөліп, жастарды жұбайлық өмірге үлкен жауапкершілік сезіммен қарауға шақырады. Өзінің «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деген өлеңінде:

«Жасаулы деп, малды деп байдан алма,

Кедей қызы арзан деп құмарланба.

Ары бар, ақылы бар, ұяты бар

Ата-ананың қызынан ғапыл қалма» – деп жігіттердің жар таңдау мәселесіне тоқталып, қазақтың «Аяғына көріп асын іш, анасын көріп қызын ал» деген мақалына орай тәрбиелі жақсы ананың перзентін малды болмаса да бағала, өмірлік жолдасты дұрыс таңдай біл дегенді айтады. Сөйтіп, отбасы өмірдің этикасын, ерлі-зайыптылардың бір-бірімен сыйласымды өмір сүруін ескерте келіп, күнделікті тіршілікте кездесетін қиындық атаулыны қол ұстаса отырып жеңе білуге жастардың әзір болуын талап етеді. Ұлы ақын Абайдың педагогикалық көзқарасындағы басты нысана «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол... жақсы көпке ортақ, пайдаң еліңе, халқыңа тисін», деген гуманистік ой-пікірді қуаттау болды. Оның жастарды тәрбиелеудегі педагогикалық көзқарастары дүниежүзілік педагогика классиктері Ж.Руссо, Д.Дидро, И.Кант, т.б. орыстың ұлы ойшыл педагогтары: Л.Н.Толстой, К.Д.Ушинскийдің ағартушылық ой-пікірлермен терең қабысып жатыр. Абайдың бұл пәлсапалық тұжырымдарын Шәкәрім шығармаларынан да аңғарамыз. Ғ.Есімовтің еңбектерінде бұл туралы терең, жан-жақты сараланады. Шәкәрім Құдайбердиев Абайдың реалистік дәстүрін жалғастырушы әрі ақын, әрі жазушы, аудармашы, философ, шежіреші әмбебап ғалым. Ол жастайынан өнер-білімге, әдебиет пен тілге (араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік білген) бейімділік көрсетіп, көп ізденіп, шығыс, батыс классиктерінің еңбектерін оқып үйренген. 1905-1906 жылы Орыс география қоғамының Семей бөлімшесіне мүше болған. 1905-1906 жж. Меккеге сапар

шегіп Стамбул кітапханасындағы бай мәдени мұрамен танысқан. Қайтып келе жатып, Ясная полянадағы Л.Н.Толстоймен кездесіп пікірлескен. “Толстойша” деген өлеңін жазған. Ол халық аңыздары негізінде “Қалқаман-Мамыр”, “Еңлік-Кебек” дастандарын жазып, қазақтың әдет-ғұрыптары туралы мол мәліметтер береді. 1911 ж. “Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі” атты еңбегін жазады. Ол Толстойдың қысқа әңгімелерін, Физулидің “Ләйлі-Мәжнүн” поэмасын, Пушкиннің “Дубровский” атты поэмаларын аударды. 1918 ж. “Абай” журналына Қожа Хафиз шығармаларын аударып бастырады. Шәкәрімнің дүниенің жаратылысы, философиялық-геологиялық көзқарасы “Үш анық”, “Қазақ айнасы”, “Анық пен танық”, “Мұсылмандық шарттары” атты еңбектерінен көрініс тапқан. Ол бұл еңбектерді жазбас бұрын батыс, шығыстың атақты ғалымдары: Пифагор, Маско, Эпиур, Демокрит, Аббас, Ньютон, Линней, Гасанди, Мұхаммед, Исус Христос, Дарвин т.б. еңбектерін оқып шығып үлкен дайындықпен келген. Шәкәрім өнерді, білімді, адал еңбекпен күн көруді, әділет жолын қууды насихаттады. Оның “Жастарға”, “Дүние мен өмір”, “Ар”, “Арман” т.б. өлеңдерінен көруге болады. Жастарға “өзіңе-өзің сын көзіңмен қара, өз мініңді өзің түзей біл” дей келіп:

«Ерінбесең еңбекке дәулет дайын,
Жаратқан жоқ тек жат деп бір құдайың.
Ойлансын деп ой берді, көруге көз,
Аяқ берді, тапсын деп басқан сайың».

Біреуге телміріп көзің сатпай, еңбектен, тер төк, ізден, адалдан тапқан мал тәтті дегенді айтады. Кейін бұл ілімді ұлт көсемі атанған Ахмет Байтұрсынов бүкіл саналы өмірін қазақ халқының бақытты, берекелі, бірлікшіл ел болуын аңсаған, сол жолда аянбай еңбек еткен. Ол – ақын, аудармашы, тілші, ғалым, көрнекті қоғам қайраткері қазақ елін отырықшылыққа, мектеп ашып білім алуға шақырған ағартушы. Ол бірнеше оқулықтардың авторы: (“Әліпби”, “Тіл құралы”, “Баяншы”, “Әдебиет танытқыш” т.б.) Ол И.А.Крыловтың бірнеше мысал өлеңдерін аударып, 1909 жылы Петербургте “Қырық мысал” деген атпен бастырып шығарды. А.Байтұрсынов М.Дулатовпен бірігіп 1913-1917 жж. Орынборда “Қазақ” газетін шығарды. Онда мектеп, оқу-ағарту ісі, отырықшылық, сауда, ел билеу ісі, Мемлекетік Думаға қатынас мәселелерін сөз етті. Алдыңғы қатарлы елдерді үлгі етті. Надандықтан құтылудың жолы оқу-ағарту ісі деп қарады. Мектептерге білімді мұғалім кадрларын даярлауды көтерді. Қазақ алфавитін жаңартып араб әрпіне жаңа әліппе жасады. Оқыту әдістерін жетілдіруді, оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңартуды көреді. “Оқыту жайында” атты мақаласында “Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі. Бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреуі бірдей тең болса, оқу қисаймайды, ауытқымайды, түзу жүреді... дейді. Оқу ісін жолға қою үшін ғылыми жүйелілік жасалған оқу бағдарламасы болуы керек. Сол бағдарламаға негіздей жазылған оқулық болуы тиіс. Оқулықтағы білімді оқушы бойына дарыта білетін әдіскер мұғалім керек дегендерді көтереді. Сондай-ақ А.Байтұрсынов білім негізі бастауыш

сыныпта салынады деп қарады. Бастауыш мектептерде қандай пәндер оқытылуы керек дегенге арнайы тоқталып, ол пәндерді: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, қолөнері, жағрафия, жаратылыс деп саралап көрсетіп берді. А.Байтұрсынов осы пәндердің оқулықтарын шығаруды қолға алды. Өзі бастауыш мектепке арнап “әліппе” кітабын жазды. Сондай-ақ оның “Тіл жұмсар” деген атпен екі бөлімді грамматикасы кітабы (1925) шықты. Ал М.Дулатов бастауыш мектепке арнап “есеп” кітабы мен қирағат (ана тілі оқу) кітабын жазды. А.Байтұрсынов пәндерді оқытудың әдістемесімен де айналысты. 1928 жылы “Жаңа мектеп” журналының 8-санында жарияланға “Қай әдіс жақсы?” деген көлемді мақаласында ұлы педагог Л.Н.Толстойдың “Үйрету әдістері туралы” деген еңбегіне талдау жасай отырып, “әдіс деген қатып-семіп қалған догма емес... Жақсы дерлікте, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдіспен болу. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу” деп ойын тұжырымдайды. Ол сауаттылықты негізгі жазуға жаттықтыру деп қарады. Жазу дегеніміз – әріптердің суретін салу, ал оқу дегеніміз – суреті салынған әріптердің дыбысын дұрыс айту. Балалар дыбысты ажыратып үйренген соң, сол дыбыстың таңбасы – кәріпті көрсету керек. Оны меңгергеннен кейін оқу, жазу жұмыстарының бәріне сол тіреу болады деп балаларды оқуға, жазуға үйретудің әдіс-тәсілдерін сөз етті. 1920 жылы Қазанда “Баяншы” деген атпен тілді оқытудың методикасына арналған әдістемелік құрал шығарды. А.Байтұрсынов оқытудың білімділік-танымдық жағымен бірге тәлімгерлік қызметіне де баса көңіл бөлді. Әрбір оқылатын тақырыптардың білім бере отырып, тәрби де беруін қарастыруды талап етті.

Халықтық тәрбиені насихаттап, ұрпақ санасына сіңіруде Халел Досмұхамедовтың да орны ерек. Ол Петербургтегі әскери медицина академиясын оқып, бітіріп Перм губерниясында, кейін №22 Орал қазақ-орыс атқыштар батальонында әскери дәрігерлік қызмет атқарады. Осы кезден бастап қоғамдық істерге белсене араласып, “Орал”, “Пікір”, “Қазақ” газеттеріне мақалалар жазады. 1917 жылдан бастап Алашорда үкіметінің басқару жұмыстарына белсене араласады. Батыс Қазақстан өлкесіндегі Алаш партиясының белсенді қайраткерлерінің бірі болады. 1924 жылы Орта Азия университетінде ординатор, 1926-29 жж. Қазақ педагогикалық институтында проректор, кейінне педалогия кафедра меңгерушісі, профессорлық қызметтер атқарады. Жаратылыстану ғылымы саласында тұңғыш “Адамның тән тіршілігі” (1927) “Сүйектілер туралы” (1928) Жануарлар (1929) атты оқулықтар жазып шығарады. Осы ғылым саласында тұңғыш ұлттық ғылыми терминдерді қалыптастыруда елеулі еңбек етеді. Х.Досмұхамедов тарих, әдебиет, тіл білімі ғылымдар саласында да бірнеше ғылыми еңбектер жазып көзге түседі. Мысалы: “Қазақ халық әдебиеті”, “Қазақ-қырғыз тіліндегі сингормонизм заңы”, “Кенесары-Наурызбай”, “Исатай-Махамбет қозғалысы туралы” еңбектерінде қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің тәлімдік жағына баса көңіл бөлген, қазақ әдебиетін жинап зерттеуші орыс ғалымдары: В.В.Радлов, Н.И.Ильминский, Г.Н.Потанин, А.В.Алекторов, Ә.Диваев т.б. еңбектеріне талдау жасаған. Қазақ

ауыз әдебиетін ғылыми тұрғыда тұңғыш классификация жасаған. Ұлттық өнер туындыларына, әсіресе айтыс өнеріне, қазақтың барымта-аламандығы жөнінде келелі пікір білдірген. Ұлттық тұрмыс-тіршілік, кәсіпкерлік мәселелеріне де мән бере қарастырған. Қазақтың ою-өрнек, зергерлік бұйымдардың жасалу ерекшеліктерін, Самарханд шаһарындағы “Тілләқари” және “Ширдар” медресесін салдырушы Жалаңтөс батыр туралы тың мағлұматтар берген. Х.Досмұхамедов тіл, сөйлеу-мәдениетіндегі адам психологиясының ерекшеліктерін сөз ете келіп, “Тілінен айырылған жұрт жойылған жұрт. Мектеп пен баспаның тілі дұрыс болса, елдің тілі көркейіп, гүлденеді... Ал мектеп пен баспада қолданудан қалған тіл – шатасқан тіл. Ол ел сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды” ... – дейді. Өз тілін білмей тұрып, жат елге еліктей беру зор қате” – дегенді айтады. Біз бұдан оның ұлтын, ұлт тілі мен ұлт мәдениетін қастерлейтін нағыз патриот азамат екенін байқап білеміз. Сондай-ақ, Міржақып Дулатовтың тәрбиелік мәні жоғары еңбектері де қазақ ғалымдарының зерттеулерінен тыс қалған жоқ. 1897 жылы Торғайдағы орыс-қазақ мектебіне түсіп, оны 1902 жылы бітіріп шығып 6-7 жыл ауылда мұғалім болған Міржақып кейін Омбы, Қарқаралы қалаларына барады. 1909 жылы Уфада “Оян, қазақ” атты еңбегін, кейін “Бақытсыз Жамал” романын бастырып шығарады. “Айқап” журналына әртүрлі тақырыпта мақалалар жазып тұрады. 1913-1917 жж. Орынборда А.Байтұрсыновпен бірге “Қазақ” газетін шығарады. Қазан төңкерісіне дейін, сондай-ақ Кеңестік үкімет жылдарында Алаш үкіметі мен партиясының белсенді қайраткері болғаны үшін бірнеше рет 1922-26 жж. Орынбордағы қазақ ағарту институтында оқытушы болады. 1922 жылы екі бөлімнен тұратын бастауыш сыныпқа арналған “Есеп құралы”, 1924 жылы “Қирағат” атты оқулығын басып шығарды. Ұлы педагог Ы.Алтынсариннің оқу-ағарту мәселесіне байланысты идеяларын әрмен қарай жалғастырып, ол да А.Байтұрсынов сияқты оқу-тәрбие істерін ғылыми тұрғыда қарастырды. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін марапаттап, шәкірттердің жаңа бағдарлама бойынша білім алуына, сабақтың ғылыми дидактикалық негізде жүргізілуіне зер салды. Сөйтіп, М.Дулатов математикалық оқудың негізін салды.

Алаш зиялыларының бәрі де ең алдымен ұлт тәрбиесіне баса назар аударғаны рас. Мағжан Жұмабаев та өз шығармашылығының денін осы бағытқа арнаған тұлға. Ол— әрі лирик ақын, әрі аудармашы, әрі ұстаз-ғалым Мағжан Жұмабаев ондаған поэма, жүздеген лирикалық өлеңдерімен бірге, оқытушылық қызметті атқара жүріп, тұңғыш педагогикалық оқулықтар жазып қалдырды. Ол жазған “Бастауыш мектепте ана тілі” (1925), “Сауатты бол” (1926), “Педагогика” (1922) атты оқулықтары педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан тың үлес болып саналады. М.Жұмабаев орыс, батыс педагог-психолог ғалымдар еңбектерін оқи отырып, сонымен бірге тәрбиенің ұлттық ерекшеліктерін ескере өзінің “Педагогика” атты оқулығын жазудағы ұстанымын былайша сипаттайды: “Тәрбие ғалымдарының пікірлерін тандап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым...

Бізде бұрын пән тілі болмағандықтан түрлі терминдерге тап басқанда қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орыс сөздері қазақшаға айналдырылды. Ал енді жиһан тілі болып кеткен сөздері қазақшаға аударам деп азаптануды тиіс таппадым”. Шынында да ол кезде қазақша педагогикалық терминдер жоқтың қасы еді. М.Жұмабаев жүздеген педагогикалық жаңа терминдерді ойлап тауып, тілімізге енгізген. Оқу құралының бірінші бөлімінде педагогиканың жалпы мәселесіне арналған. Оның пікірінше тәрбие саласы төртке бөлінеді. Олар: дене, жан, ақыл тәрбиесі, сұлулық пен әдеп-құлық тәрбиесі. Тәрбиенің бұдан басқа да бірнеше түрлері бар. Автордың төрт тәрбиеге баса көңіл бөлуі сол заманның талабынан туған көзқараспен астасып жатыр. Бүгінгідей экономикалық, экологиялық және құқықтық тәрбие ол жылдарды (1930) онша актуальды мәселе болмаса керек. Автор осы тәрбиенің төрт түрін тәптіштеп түсіндіре келіп, былай дейді: “Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...” Баланы келешек заманына лайық қылып шығару” – деу арқылы М.Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап береді. Автордың туған халқының тәлім-тәрбиелік бай мұрасын игеру жөніндегі бағыт-бағдары да құптарлық. “Ұлт тәрбиесі – деп жазды ол, – баяғыдан бері сыналып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті”. Мағжан сонымен бірге ұлт тәрбиесіне сын көзімен қарап, тозығынан озығын айыра білуге шақырады. “Киіз үйдің зиянды жағы болғаны сияқты, – деп жазды ол, – пайдалы жағы да бар. Әңгіме сол киіз үйдің ішінде баланы ұстай білуде. Шын таза ауа сол киіз үйде болмағанда қайда болады? Ал балаға таза ауа аса қажет... Малмен бірге жүріп, бірге өскен қазақ баласын аса нәзік қылып, үлбіретіп тәрбие қылмағаны дұрыс болмас... Қазақ баласының тәрбиесі қазақ тұрмысына қабысуы мақұл” дегенді айтады. Яғни баланы жастайынан шындау, өмірге үйрету қажет дегенді айтады. Автор “Қазақ бесігі – аса ұқыптылықпен жасалған нәрсе. Жөргегі, тартпалары, астындағы тесігі, шүмегі, түбегімен баланың таза, жинақы жатуына көп себепші” дей келе, қазақ бесігінің құрылымын жетілдіруді (қол, аяқ бауларды жалпақ жасамау және қатты тартып байламау) ұсынады. Мағжанның “Педагогикасы” он төрт тараудан тұрады. Соның он тарауы ұлттық психологияны сөз етеді. Ол жан көріністерін ол “білу, яки ақыл, сезім яки көңіл, һәм қайрат деп үшке бөліп қарастырады. Олардың өзара табиғи үйлесімін Абай тұжырымымен байланыстырып, Абайдың “Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда адам боласың елден ерек” – деуі ақыл (ми) мен ерік, жігерді байланыстыру деп қарайды. Ол сыртқы сезімдерді: көру, есту, иіскеу, тату, сипау (ет сезімі) деп беске бөліп қарастырып, олардың атқаратын

қызметіне, ерекшеліктеріне сипаттама береді. Оларды дұрыс жетілдірудің жолдарын көрсетеді. Бұларды жетілдіруде ұлттық дәстүрге сүйене отырып жүргізуді, мәселен құлынның кісінеуін, қойдың маңырауын, түйенің боздауын ажырата білу арқылы тәрбиелеуді ұсынады. М.Жұмабаев: «Адамның әдемілікті сүю сезімін тереңдететін де осы есту сезімі», – дей келіп өз пікірін гректің Орфейі, қазақтың Қорқыт күйлері туралы ойларымен тиянақтайды[67]. М.Жұмабаев адам өміріндегі қиялдың (фантазияның) рөліне тоқтала келіп «Қиялы дамымаған адам мылқау адам... Қиял адам ойын дамытады... Ол үшін балаларға жастайынан қиял-ғажайып ертегілер айтқызып үйрету керек» дейді. Мағжан ой-қиялдың өрістеудегі тілдің рөліне тоқтала келе «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі көрініп тұрады... Ұлттың тілінің кеми бастауы – ұлттың құри бастауы...» дегенді айтады. Қорыта келе айтарымыз, Мағжан орыс педагогикасының атасы К.Д.Ушинскийше, педагогиканың жан сырын терең зерттейтін психология ғылымы мен байланыстыра қарастырады. Сөйтіп, ол қазақтың халық педагогикасын ғылыми тұрғыда қарастырып, тұңғыш этнопедагогика ғылымының теориясын жасаушы болды [66, 94].

Бұл тарауда қарастырып өткеніміз қазақ әдебиет сыншыларының ұлт көсемдерінің тәрбие мәселесі туралы айтқан құнды пікірлері мен ұстанымдары, ой-тұжырымдарына сараптама жасау болатын. Жалпы алғанда А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Дулатов т.б. ұлт зиялыларының қазақ педагогикасына қосқан зор үлестеріне тоқталып өттік. Қазақстандағы ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер тарихының түп тамыры көне мәдени мұра-халықтық педагогика мен Орхон-Енисей жазуларынан бастау алып, орта ғасыр ойшылдарның парасатты тәлімгерлік ой толғаныстарымен толысып, XIV-XIX ғасыр ақын-жыраулардың терме, толғауларында жалғасып, ал XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақтың ұлы ғұлама ағартушы-демократ ұлдары: Шоқан, Абай, Ыбырай еңбектері арқылы өркен жайғанымен, шын мәнінде Қазан төңкерісіне дейін педагогика ғылымы дербес ғылымдық дәрежеге көтеріліп жетпегенін көре аламыз. Оның себептері біріншіден, Қазақстанда қоғамдық ғылымдардың сан салалаы тараулары бір-бірінен дараланып бөлініп шығып, ғылыми терминдері қалыптасып жетілмеген болатын. Екіншіден, әр ғылымның салаларын жеке ғылыми тұрғыда зерттеуші ғалымдардың жоқтығы, үшіншіден, ғылым салаларын өрісттетерлік ғылыми техникалық матриалдық базаның болмауы. Абай да, Ыбырай да, Міржақып пен Ахмет те келешегінен үміт күткен, өз халқын жан-тәнімен сүйген, халқының мәдени көркейіп өсуі үшін бойындағы бар күш-жігерін аянбай жұмсаған нағыз патриот азаматтар еді. Бұл – өз заманының ақылшы-ойшылдары, ірі қоғам қайраткерлері, олардың жарқын бейнелері мен іс-әрекетінен қазақ халқының мәдени-экономикалық дамуын, қазақтың ұлт болып бірігуін, жаппай сауатты, мәдениетті, оқыған ел болуын көксеген біртуар асыл азаматтар. Олар қазақ педагогикасының дамып, өркендеуіне белсене ат салысып зор үлес қосты: А.Байтұрсынов «Тіл құралы» -

қазақ тілін үйрететін оқулық, «Баяншы»- мұғалімдерге арналған методикалық кітапша [67], «Әліпби» кітаптарын жазды, орыс жазушыларының мысалдарын қазақ тіліне аударды; М.Дулатов «Есеп құралы» - математикадан оқу құралы[68], «Қирағат» - балаларға арналған оқу құралын жазып шығарды, Ы.Алтынсарин – қазақ балаларына алғаш мектеп ашты, Ырғызда қазақ қыздарына арналған мектеп-интернат ашты, «Қазақ хрестоматиясын» [69] «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» [70] жазып шығарды. Қорыта келе, қазақ халқының абзал ұлдары, ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көшбасшылары қазақ ғылымы мен мәдениеті, оқу-тәрбие ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбектерінің тарихтан өшпес орын алатынын бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шындығы дәлелдеп отыр.

Ұлт келешегі үшін қызмет еткен, бойындағы барын берген зиялы қауым өкілдерінің қазақ мектептері үшін пайдалануға тұратын көзқарастары мен тәжірибелері бүгінгі күнде өзектілігін көрсетіп отыр. Халық жадында бірге сақталып, бірдей бағаланатын тұлғалар болады. Мысалы: Қазыбек би, Әйтеке би, Төле би [71]. Бірі аталса, өзгелері де ауызға еріксіз ілігеді. Халқымыз ешқайсысын да аласартпай, тең дәрежеде дәріптеп келеді.

Осылайша есімдері бірге аталып, бірдей ардақталатын асылдарымыздың қатарында, әрине, Абай, Ыбырай, Шоқан бар. Өйткені, тарих зердесінде шынайы үйлесім тауып, бірін-бірімен айырғызсыз үш арыстың ағартушылық ойын ілгері дамыта келіп, өз шығармаларында ана тілімен сусындап, жетілген, қалыптасқан, халықтық педагогикаға негізделген ұлттық мектептің алғышартына негіз салғанын айрықша атаймыз. Ал жаңа дәуірдегі «қазақ ұлттық мектебі» дегеніміз қандай мектеп, оның негізгі қызметі, мақсат мүддесі, ұстанымдары мен үлгі тұғырлары қандай, ол қай бағытта жұмыс жасауы керек? Сонымен, ғылыми – педагогикалық тұрғыдан жүйелі зерттелуі, қазақ ұлттық мектебінің теориялық - әдіснамалық негізін, ғылыми-тұжырымдамалық ұстанымдары мен моделдік үлгілерін, даму үрдісін анықтау талап етілуде. Қай ұлттың, қай халықтың болсын, кемеліне келіп толысуына, рухани өсуіне, әдеби-мәдени дамыуына басты ықпал жасайтын негізгі тірек - ұлттық мектеп. «Тәжірибе – барлық ғылымның бастамасы» деп Ы.Алтынсарин айтқандай, ұлттық мектептің даму тәжірибесінен педагогикалық көзқарастардың тарихи желісі мен біртұтастығының заманалық өміршеңдігін көреміз. Олардың негізінде оқу-тәрбие ісінің жүзеге асып келгеніне және асырыла беретініне сенеміз. Осы тұста ХХ ғасырдың басында тарихи сахнаға шыққан ағартушылардың, педагогтер мен жазушылар буыны туралы ерекше атап айтқан дұрыс әрі қажет деп ойлаймыз. Олар қазақ халқының тарихи мәдени өмірінде өзіндік із қалдырған, республикада халық ағарту ісі мен жоғары педагогикалық ұлттық мектепті қалыптастыруда және оның іргетасын қалауды белсене ат салысқан, жеке басқа табыну кезінде зорлық-зомбылық пен заңсыздықтың құрбаны болған, көп жылдар бойы есімдері ескерілмей келген

халқымыздың адал перзенттері А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллиннің т.б. педагогикалық мұрасының бүгінгі таңда ғылыми мәні орасан зор. Олардың шығармашылық мұралары тек тәуелсіздік алғаннан кейін халқымызға қайтарылып, осы бағытта еңбектер жазылып, кітаптар жарық көре бастады. Өйткені олардың барлығы өз жолын таңдап, адамзаттың дамуына септілігін тигізген өз дәуірінің өкілі ретінде қазақ үшін аса қажетті болған ұлы жандар.

Ресей ҰҒА академигі А.Пискуновтың ойын басшылыққа алатын болсақ, тарихи педагогикалық жұмыстардың құндылығы, ең алдымен, нәтижеде олардың оқыту мен тәрбиелеу теориясына қалайша септігін тигізетінімен анықталады.

Сонымен, халықтың тарихи мәдениетін өркендету және педагогика тарихы дамуының келешегін айқындауда ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасыр басындағы зиялы қауым өкілдерінің педагогикалық көзқарастарын, шығармашылық мұраларын зерттеу педагогика саласындағы болашақ маман үшін қуатты, тәрбиелейтін, білім беретін әрі дамытатын құнды еңбектер болып табылады деп білеміз.

2.2. Әдеби шығармаларды оқытудың әдістемелік жолдары

Жас ұрпаққа беретін жоғары білімнің маңызы қай уақытта да артпаса кеміген емес. Оны қоғамның дамуына ықпал етіп қана қоймай, оның сұраныстарын да қамтамасыз ететін әлеуметтік институт деп білуіміз керек. Өйткені, бүгінгі ғаламдық аймаққа шығып кеткен кең ауқымды және жан-жақты мазмұнға ие экономикалық қарым - қатынастар ең алдымен жоғары оқу орындарында кәсіби дайындалған әмбебап мамандарға деген сұранысты қалыптастырып отыр. Мұның өзі жоғары білім беру жүйесін жер жүзіндегі озық ғылым мен техниканың жеткен биігі болып есептелетін “әлемдік стандартқа” талпынуға итермелейді. Халықаралық білім беру кеңістігін құру, әр түрлі елдің ұлттық білім беру жүйесінің заман талабына сай озық үлгілерін теориялық - әдістемелік тұрғыдан жақындастыру арқылы Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесін құру қажеттігі туындады. Білім беру саласындағы басты мақсат – қоғамдық-әлеуметтік белсенділігі жоғары, интеллектуалды азамат тәрбиелеп шығару. Бұл – қай халықта болмасын, қай уақытта болмасын өзгермейтін ақиқат. Жас жеткіншектерді адал, рухани бай, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген өз елінің патриоты болып қалыптасуы үшін көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Бала жастан көрген-білгенін көкейге түйген шәкірт этикалық құндылықтарға, әсемдік әлеміне, сұлулық дүниесіне ерте кезден бастап назар аудара бастайды. Әдебиет пәніндегі көркем образдар арқылы қиялында қалыптасқан ізгілік қасиеттерін бойына сіңіріп, батырлықтың, өрліктің, туралықтың, тағы басқа жақсы қасиеттердің көрінісін біліп, түсініп өседі. «Дана халқымыз иманды, еңбекқор, білімді ұрпақ өсіру үшін ауыз әдебиетінің алуан түрлі асылдарын жасады,

салт-дәстүрлерін қалыптастырды, дарынды данышпандар ұлттық тәрбиенің күдіретті құралдарын өрнекті өткір тілмен келешекке жазбаша түрде мұра етіп қалдырып, ұлт даналары ол асыл мұраларды ардақтап, жалғастырып келеді», – деп профессор Ә.Табылдиев айтқандай, әдеби шығармалар арқылы дұрыс ой-тұжырымдар, пайымдаулар, тың қорытындылар жасау арқылы шынайы өмірдегі тұлғасы қалыптаса бастайды [112, 34]. Шығармаларды талдау арқылы халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін, дүниеге көзқарасын қалыптастыруға ықпал жасаймыз. Әдебиеттің негізі болған халық ауыз әдебиетінен бастап, жекелеген авторлардың шығармаларына дейінгі көркем шығармалардың барлығы ұрпақ тәрбиесіне қызмет ете алатын сара жол. Нәрестелік, бөбектік, балдырғандық жас ерекшеліктеріне сәйкес қазақ халқы баланың бес жасқа дейінгі адами қалыптасуына ауыз әдебиетін, ұлттық дәстүрлерді (бесікке салу, тұсау кесу, атқа міну, т.б.) кеңінен пайдаланған. Ауыз әдебиеті жаңылтпаштар арқылы тіл ширатуды, санамақтар арқылы сан үйретуді, жұмбақтар арқылы ой дамытуды, мазақтамалар арқылы намыс оятуды, мақал-мәтелдер арқылы адамгершілікке баулуды, батырлық жырлары арқылы ерлікке, Отансүйгіштікке тәрбиелеуді, тұрмыс-салт жырлары арқылы дүние танытып, еңбекке баулуды, терме-жырлар арқылы бірлікке, достыққа тәрбиелеуді, айтыс өнері арқылы өнерге тәрбиелеуді, ойын өлеңдері арқылы дене тәрбиесін беріп, әсемдікке қызықтыруды, өтірік өлеңдер арқылы баланың қиялын дамытуды, ертегілер арқылы алуан түрлі тәрбие беруді, аңыз әңгімелер арқылы болашаққа сенуді, өткеннен үлгі-өнеге алуды үйреніп, тәрбиелік мақсаттарын орындайды. Көркем әдебиет ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыратын бірден-бір құрал болып табылады. Ол әдет-ғұрып, салт-дәстүр, салт-сана, сияқты ұлттық мәдениеттің негізінен бастау алады.

Әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби мәдениеттің түп негізі ғылымда екенін түсіндіріп, тәрбиенің құралы әдебиет пен өнерде екенін дәлелдеген. «Тәрбиесіз берілген білім қауіпті» деп, ғылымнан бұрын ұрпақ өсіруде тәрбиенің рөлі артық екенін баса айтқан. Жүсіп Баласағұн кемелді ел болу үшін кемелді білім алу қажет десе, сол білімнің бастауы ана тілімен даритынын атап көрсеткен. Ана тілі деп отырғанымыз – көркем әдебиет. Әдеби жанрлар арқылы көркем шығарманың образдары, табиғат сырлары, рухани-әлеуметтік мәселелер, жақсылық пен жамандық сынды мәселелермен бітпе-бет кездеседі. Оқытушы осы мәселелерді ұрпақ санасына құрғақ сөзбен түсіндірмей, әдеби шығармалардағы нақты оқиғалар желісімен, тарихи факторларға жүгіне отырып, көркем бейнеде көз алдарына көрсетіп береді. Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов ұлттық мәдениетті дамыту үшін басқа халықтың мәдениетінен де оқып-үйренуді айтса, А.Байтұрсынұлы ұлттық мәдениетті жоғары қояды: ұрпақ тәрбиесіне өз халқының ана тілі, туған әдебиеті, мәдениеті арқылы сусындап, тәрбиелену керек деп, әліпбиден бастап ұлттық ғылымды дамытуды қолға алып, халық мұраларын жинап, жас жеткіншектерге арнап қаншама оқулықтар, оқытушыларға алғашқы әдістемелерді жазды. Мағжан Жұмабаев қазақ педогогикасын қолға алып, ұлт тұлғасын

тәрбиелеудің жолдарын халықтық үрдістен іздеп, оның қайнар көзі әдебиетпен ұштасып жатқанын көрсетіп берді. Жүсіпбек Аймауытов ұлттық психологияның негізін салып, ондағы басты орын ұлттық әдебиет пен мәдениеттен бастау алатынын атап көрсеткен.

Оқытушы әдеби шығармалардың көркем бейнесін сыни тұрғыдан талдау арқылы шәкірт бойынан дербес қабілеттердің ашылуына қол жеткізеді. Жалпы білім беретін орта мектептерде көркем шығарманы талдаудың тұтастай және образдар жүйесі арқылы проблемалық тақырыптары ашылады. Сыни талдаулар арқылы әр дәуірдің шығармалары, әр жанрдағы көркем шығармалары таныстырылады. Әдеби шығарманы талдаудың жалпытақырыптық мәселелеріне байланысты, әсіресе, оның сюжетін, композициясын, әдеби кейіпкерді, әдеби туындының идеялық-көркемдік қуатын танытуды мақсат еткен зерделі зерттеулер мен оны оқытудың әдістемелері жөнінде де құнды еңбектер жарық көруде. Орыс әдебиеттану ғылымында М.А.Рыбникованың «Очерки по методике литературного чтения»(1963), В.В.Глубоков «Методика преподавание литературы» (1962), Г.А.Гуковский «Изучение литературного произведение в школе» (1966), Л.И.Тимофеев «Основы теории литературы» (1971), Я.А. Роткович «История преподавание литературы в советской школе» (1976), А.И.Ревякин «Проблемы и преподавания литературы» (1972), Т.А.Пахомова «Совершенствование методики анализа эпических произведений в старших классах» (1983), Н.И.Кудряшева «Преподавание литературы по новым программам» (1970), В.Ф.Чертов «Методика преподавания литературы» (2004), т.б. әдеби шығармаларды орта мектепте оқыту әдістемелері өткен ғасырдың 60 жылдарынан жүйелі зерттеле бастады. Ал қазақ әдебиеттану ғылымында да әдеби сын әдебиеттің жанрлық түрлеріне қарай жан-жақты қарастырылып, осы кезеңде зерттеле бастады. Оқыту әдістемелері арнайы зерттеліп, қолға алынбаса да, жекелеген мақалаларда, ғылыми еңбектердің кейбір тарауларында көрініс берді. Тәжірибелі ұстаздардың әдістемелері жеке кітап болып басылып шықпаса да журналдар мен баспа беттерінде жақсы насихатталды. Әдеби сын мақалаларды зерттеуде, оның жас жеткіншектерге жете түсіндіру әдістемелерін ұсынуда қазақ ғалымдарында А.Байтұрсынұлынан бастап, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов сынды әдебиет алыптарының зерттеулерінен сырт қалмаған. ХХ ғасырдың екінші жартасында айтулы зерттеулер М.Қаратаев, Т.Нұртазин, С.Қирабаев «Қазақ совет әдебиеті» (1970), Қ.Жұмалиев «Қазақ әдебиеті». (8-класқа арналған оқулық,1979), А.Көшімбаев «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» (1969), Ә.Қоңыратбаев «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері» (1962), С.Қирабаев «Мектеп және қазақ әдебиеті» (1979), Т.Ақшолақов «Көркем шығармаға талдау жасау» (1983), Қ.Тасболатов «Әдебиет сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары» (1974), Қ.Бітібаева «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» (1990) т.б. еңбектер жарық көрді.

Бұл еңбектердің жарық көруі ұлттық мұрамыздың ұрпақ тәрбиесіндегі маңыздылығын анық аңғартады. Ғалым Б.Сманов өз зерттеуінде: «Қазақ әдебиеті пәні көркем сөз өнері арқылы жас жеткіншектерге адамгершілік, эстетикалық, этикалық, елжандылық, еңбек, т.б. тәрбие өнегелерін беретін шәкірттердің дүниеге көзқарасын, мәдениетін, мінезін, шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыратын жалпы білім беретін орта мектептегі негізгі оқу пәні»,– деп атап көрсетеді [113,8]. Жеке тұлғаның қалыптасуына зор ықпал ететін, рухани азық беретін асыл қазына әдеби шығармаларда жатыр. Оны оқушы бойына дарыту ұстаздың шеберлігін талап етеді. Әдістемелік тұжырымдар осы жерде қажеттілігін байқатады.

Әдістеме – үйретудің, меңгертудің жолдары. Ұлт көсемдері А.Байтұрсынұлының да, М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың еңбектерінде жете қарастырылған, түсінікті жазылған. Мәселен, Ж.Аймауытовтың «Ана тілін қалай оқыту керек?» деген мақаласында жас жеткіншектерге әдебиетті оқытудың, тіл дамыту жұмыстарын қалай бастау керектігін соқырға таяқ ұстатқандай тәптіштеп жазады. Ғалым: «Білімнің қиқымы бейне бір суда жүзген жеміс: бес бармақты батырып, шеңгелдемесең, уысыңа түк ілінбейді, іліксе де, аз келеді. Ендеше, білім алуға қармақты тұс-тұсынан салу керек. Ол қармақтар – саңлау мүшелеріміз(көз, құлақ, тіл, мұрын, қол, дене). Балаға сөйлеңіз (тыңдасын!), жазыңыз (көрсін!), айтқызыңыз(тілімен қызмет етсін!), жаздырыңыз (қолмен, денесімен қызмет етсін!). Міне, тұс-тұсынан қармақ салған деп осыны айтады»,– дейді [114,187]. Әдебиет – ұшы-қиыры кең, ауқымды сала. Оны меңгерту үшін жекелеген жанрлар бойынша бөліп қарастырған тиімді. Әр жанрдың ерекшеліктеріне, көлеміне, тақырыбына, идеялық-мазмұнына сай оқытушы образдар жүйесін, көркем шығарманың даму желісін сараптап, шәкірт бойына қалай дарытады, тиімді жолы қайсы деген сауалдар төңірегінде мәселе қозғалады. Жоғарыда аталған мақалада Ж.Аймауытов әдебиетті меңгерту үшін оқытушы өз алдына мынандай талаптарды қою керек дейді: 1) осы әңгіме мектеп мүддесіне, баланың біліміне лайықты ма, 2) бұл сабақтың мақсаты не, 3) қандай әдіс қолданамын: а) әңгімеде шәкірттерге не таныс, не танық, ә) әңгімеге даярлау үшін алдын ала қай тұрғыдан қозғау керек, б) әңгіменің басқы пікірі қайсы, жанама пікірі қайсы, в) қиын сөздері қайсы, г) оқытқанда сөзді қай жерде, қалай құбылту керек? Бұл сұраулар мысал үшін, шалымды оқытушы әңгіменің түріне қарай, әдісін өзі таңдайтынын айтады. Дегенмен, көз жеткізгеніміздей, көркем шығарманы меңгертудің өзіндік күрделілігі. Шығарма көлеміне қарай, жанрына қарай, жазушының стиліне қарай шәкірттің қабылдау деңгейіне қарай сараланып, соған сай әдістеме таңдап алынғаны дұрыс. Жалпы, әдеби шығармаларды мектеп бағдарламасында оқыту әдістемесі зерттелген, жолға қойылған сала. Педагогика ғылымдарының докторы А.Көшімбаев: «Әдебиет әдістемесі – педагогикалық ғылымдардың саласына жататын ғылыми пән. Мұның қамтитын объектісі, қарастырылатын мәселелері мектепте әдебиетті оқыту сабақтары кезінде мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынасы

болып табылады, көркем әдебиетті оқып-үйрену негізінде оқушыларға берілетін білім мен тәрбие мәселелерін өз шеңберінде алып баяндайды», – дейді [115,5]. Білікті ғалым қазақ әдебиетін мектепте оқытудың әдістемелік бағдарламасын зерттей келе өткен ғасырдың қырқыншы жылдары ғана айқындала бастағанын, ал алпысыншы жылдары қазақ әдебиетінің мектепте оқыту жоспарлары жүзеге аса бастағанын атап көрсетеді. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінің оқытылуы мен оқулық-бағдарлама кешенінің біртұтас жүйесінің өзара сабақтастығын саралап, оған баға берерлік сыни дәрежеге жетуі байқала бастады. 1961 жылы С.Рахметованың, 70-80 жылдары Х.Арғыновтың, Ә.Дайырованың, Т.Ақшолақов, С.Тілешованың, Р.Құтқожинаның құрастыруымен шығарылған оқу бағдарламаларында өз кезеңдеріндегі оқу ісі саласындағы өзгерістер мен дамуларға оң ықпалын тигізіп отырды. Мәселен, Ә. Дайырованың «Қазақ әдебиетін оқытуда жаңа бетбұрыс», С.Қирабаевтың «Әдебиетті жаңа программамен оқытудың кейбір мәселелері», т.б. мақалалар мен бағдарламалар шықты. Бұл мектептегі әдебиет пәні мұғалімдері үшін көмекші құрал ретінде пайдалы болды. Осы зерттеулердің көпшілігі көркем шығарманы шәкірттерге игертудің тиімді жолдарын көрсететін әдістемелік ізденістердің жемісі. Қазақ әдебиеті сыны арқылы бүгінгі күнге дейінгі әдебиетіміздің інжу-маржандары сарапталып, оның ұрпақ тәрбиесіне тигізер оң ықпалды шығармаларын іріктеп, мектеп жасындағы балаларға лайықталып, арнайы бағдарламалармен құрастырылды. Бала санасына лайықталып, оның қабылдау ерекшеліктері ескеріліп, шығарманың көлемі, тақырыбы, образдар жүйесі сараланып, жастардың рухани дүниесінің баюына тигізер пайдасы қаперге алынған. Алғашқы кезде қысқаша көркем әңгіме, ертегі, мысал, өлеңнен бастап, жүре бара маңызды да, көлемді де ұлғайтып, әдебиеттің түрлі тараулары қамтылады. Көркем шығарма бала қиялын дамыта отырып, пернелі сөздерді, суретті бейнені, әсерлі оқиғаны жан дүниесімен қабылдайды, оны оқытушы мәнерлеп, ырғақты түрде көркем түрде оқып, оқиға желісін түсіндіріп берсе, шәкірт санасына әсер етпесе болмайды. Әдебиетті жақсы көру ұстаздың ықпалынан, ол шәкірт өзі де шығармашылықпен айналысып, көркем дүниеге құмар, рухани ізденіске бет бұрары ақиқат. Ж.Аймауытовтың пікірінше. оқытушы көркем әдебиетті меңгертуде мына мәселелерді басты назарда ұстау керек:

- Шығарманың орны, уақыты, жағдайы.
- Шығарманың қаһармандары кімдер?
- Шығарманың өте маңызды жерлері қайсы?
- Қандай сөздер әсерлі, бала қиялына ықпал етеді?
- Шығарманың қай тұсын бала қиялына қанат бітіретіндей сурет салуға болады?
- Қай жерлері өте қуанышты, өте мұңды?
- Қорытынды жасауда неге мән берген дұрыс, осы шығарма арқылы шәкірт бойына қандай ізгілік қасиеттерді игертуге болады?

Осындай мәселелерді әрбір ұстаз өзіне айқындап алып, көркем шығарманы сын тұрғысынан талдауға, меңгертуге кіріссе, нәтижесіз болмасы

белгілі. Шәкіртке жаздырар шығармашылық жұмыс тақырыбы күнделікті өмірмен сабақтас, еңбекпен ұштасқан, пайдалы, жұғысы бар нәрселерден алынса, соғұрлым бала жұмысына ынталы болмақ, елдік, ғибраттық мәселелерді көкейге түйіп, жақсы іске бағытталады, ондай іс жемісті де болады.

Әдебиетті пән ретінде оқытуда заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов ерекше ықпал еткені белгілі. Ол әдебиеттің оқытылу жүйесін сызып, бағдарламасын алғаш құрған ғалымдарымыздың бірі болды. Онда мынандай құнды пікірлерін ұсынған: а) әдебиет туындылары оңайдан бастап, қиынға қарай бағышталуы керек; ә) таңдап алынған шығармалардың балалар жасына сай келуі; б) суретті әдебиетке баланы қызықтыру; в) көркем шығарманы мектепте ғана емес, сыныптан тыс уақытта үйде оқуына бағдар беру мәселесі, қай кітапты таңдап оқуына нұсқау беру оқытушы міндеті; г) салт-сана жағынан зиянды болмайтын («боғауызы жоқ», «жалаңаш құмарлығы болмаған») пайда келтіретін кітаптың тізімін жасау керек; д) ең бастысы, ұсынылған шығармалар баланың белгілі бір жылды мектепте оқитын әдебиет сабағына байланысты болғаны жөн деген тұжырым жасайды [116,456]. Ұлы жазушы әдебиет пәніне аса үлкен қамқорлықпен қарап, әдеби туындыны шәкірттерге оқыту мәселесіне – сөйлей және жаза білуге жаттығуға, әдебиет және тіл сабақтарының қоғамға пайдалы іспен байланысты болуына, көркем шығарма талдауға т.т. ерекше мән беріп, бағалы ой, құнды ұсыныстар, орынды пікірлер білдіргенін байқаймыз. Ғалымның орта мектепте әдебиетті оқытуға байланысты жазған бағдарламасында нұсқалған кейбір әдістемелік және дидактикалық ой-тұжырымдары қазақ әдебиетін оқыту ғылымының іргетасы секілді есептеледі. Ол бағдарлама мазмұндық жағынан да, құрылымдық жағынан да ұтымды шыққан деуге болады. Онда автор өзінің дидактикалық-әдістемелік пікірлерін, пәнді оқыту жолдарын, көркем шығарманы талдау мәселесін және сыныптан тыс жүргізілген жұмыстар жүйесін дара қарастырады. М.Әуезов бірінші оқу жылының алғашқы жартысында көне әдебиет үлгілерін оқытуды ұсынады, сонан соң ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті үлгілері, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа байланысты туған өлең-жырларды, азамат соғысы, Қазан төңкерісінен кейінгі соңғы жылдар әдебиетін бөліп оқу ауқымы рет-ретімен (хронологиялық принципте) саралайды. Бағдарламада оқу материалдарының ауқымы оқушы ұғымына лайықты болуы және жеңіл туындылардан басталуы, бірте-бірте күрделенуі тиіс деген пікір айтылып, қайталауға ерекше көңіл аударылады. Осындай бағытта өрбіген көркем әдебиетті шәкірттерге оқытуда әдеби бейне, көркемдік шындық пен образдылық, жазушының стильдік ерекшеліктері секілді элементтерге мән беру қажеттігі ескертіледі.

Әдебиет пәнін оқытудың тиімді әдістемесін ұсынған авторлардың алғашқылары Ә.Үсенов сабақты шығармашылық жұмысқа айналдыра отырып, мәтінді оқудың түрлеріне, мазмұндап айтқызуға, оқушылардың жас шамасына лайықтай отырып талдау жасау, характер, тип, образдарға тоқталып, шығарманың композициясы, сюжеті тәрізді компоненттерді танытуға көңіл

бөліп, оларды оқу материалын тегіне, мән-мазмұнына қарай түрлендіріп отыру керектігін айтады [117,12]. Көркем шығарманың тілі, эстетикалық-этикалық құны, әдіс, стиль, т.б. шығарманың мазмұны мен форма бірлігінде талдауды ескеру және мұғалімнің оқушылардың пікіріне шолу беріп отыруы қажеттігі деген секілді жайттарға, оқушы жауабы туралы өзгенің пікірін тыңдап үйренуге назар аударғанды жөн деп есептейді автор.

Мектептерде әдебиет пәнін оқытудың айқын бағдарламалары мен ұстанымдары өткен ғасырдың елуінші жылдарынан кейін жүйелі түрде дамыды. Онда көркем шығарманы оқып-үйренудің әр түрлі жолдары, сыныпта және сыныптан тыс уақытта істелетін жұмыстардың түрлері мен мазмұны әңгіме өзегі болып, назарға алынды. Жалпы білім беретін мектептердің жұмысын одан әрі жақсарту ісінде Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтының әдебиет секторының алдына әдебиеттану ғылымы мен дидактикасы ұтымды, белсенді, тиімді әдіс-тәсілдерді мектеп тәжірибесіне батыл енгізу, әдеби білім мазмұнын, құрылымын қайта қарап нақтылау, жетілдіру міндеті қойылды. Осы жауапты міндетті орындау мақсатында 50-60 жылдарда әдебиеттің пән болып оқылатындығы алғаш рет ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, тұжырымдалды. Бұл кездегі бағдарлама әдебиетті сөз өнері ретінде танып, оның идеялық-эстетикалық, білімдік-тәрбиелік маңызын айқындай түсті. Осы бағдарлама негізінде Ш.Кәрібаев пен А.Көшімбаевтың, Т.Ақшолақов, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, Е.Ысмайылов, С.Мұқановтардың әдебиеттік оқу кітаптарын, жоғары сыныптарға арналған оқулықтарын жазды. Онда шығарманы мәнерлеп оқу, жаттау, талдау жұмыстары, әдебиет теориясы қалай пайдалану керектігі қамтылған.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымы көркем шығарманы талдау мәселесі пәнді оқыту, оқу бағдарламалары мен оқулықтар жасау тарихымен тығыз байланысты. Бұл мектептегі шығарма талдау жұмыстарына ерекше назар аударуға, көңіл бөлуге жол сілтеп, оқу үдерісін жандандыруға, сабақ тиімділігін арттыруға, ғылыми зерттеулерге мұрындық болды. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі мен көркем шығарманы талдауға байланысты зерттеу жұмыстары, тәжірибе нәтижелері игі ықпалын тигізді. Педагогикалық басылымдарда, оқыту әдістемелеріне арналған еңбектерде оқушы білімін тиянақтап тереңдетуге, мектеп қабырғасындағы сабақ сапасын арттыруда, сол арқылы жалпы оқыту үрдісінің тиімділігін көтеруде, оқушының өмірге көзқарасын тәрбиелеуде көркем шығарманы сын тұрғысынан талдау жұмыстарының маңызды екені жан-жақты дәлелденді. Пән мұғалімдерінің бұл бағыттағы іс-тәжірибелеріндегі сан-салалы жұмыстары жандана түсті. Бұл әдебиетті оқыту әдістемесіне, көркем туындыларға эстетикалық, этикалық тұрғыда талдау жасауға кеңінен жол ашты. Ғалым Т.Кәкішев: «Әдебиет оқу кітабын жасау қаншалықты қиын екені өзінен өзі түсінікті. Осы міндетті анық түсіну және ойдағыдай орындап шығудың өзі барынша талғампаздықты, жүйелі білімдарлықты, ненің артық, ненің кем екенін аңғара алатын эстетикалық

көзқарасты талап етеді, яғни автор әрі педагог, әрі әдебиетші, әрі сыншы болуы керек»,– дейді [118, 39]. Әдебиетті оқыту жан-жақтылықты қажет ететін, зор ізденістерден тұратын күрделі пән екенін аңғарамыз.

1960-70 жылдары қазақ әдебиетін орта мектепте оқыту әдістемесіне көрнекті ғалымдарымыздың құнды еңбектері келіп қосылды. Олар Ә.Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері» (1962), профессор А.Көшімбаевтың «Сегіз жылдық мектепте әдебиетті оқыту методикасы», «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» (1969) атты еңбектері жарыққа шықты. Бұл еңбектер мектеп қабырғасында қазақ әдебиеті сабақтарында көркем шығармаларды талдау жұмыстарының оқыту әдістемесіне мән береді. А.Көшімбаевтың пікірінше, көркем шығарманы әңгіме тәсілімен талдау тиімді. Ол екі түрлі жолмен жүргізілу керек дейді: бірі – талдау сұрақтары оқушыға күні бұрын беріледі, ола дәптерге жазылады. Екіншісі – мұғалім күні бұрын бермей, шығарманы оқу, талдау кезінде бірден қойып, оқушының таным-түсінігін анықтауға қойлады. Мәселен, Б.Майлиннің «Түйебай» әңгімесін оқыту әдістемесіне назар аударайық. Бірінші сағатта шығарманы оқу, мазмұнын ұғуға арналады, екінші сағат шығарманы талдауға арналады. Оқушыларға мынандай сұрақтар беріледі: а) «Түйебай» әңгімесі жай жақта жазылған, ә) бұл әңгімеде қай уақыттағы оқиға суртеттеледі, б) әңгімедегі кейіпкерлер, в) молда қандай адам, мінездеме беріп көріндер, г) молда Түйебайды неге ұрып жіберді, д) байдың қойын баққан Түйебайдың өмірі қандай, ж) жазушы бұл әңгіме арқылы нені көрсеткісі келді. Көркем шығарманы талдаудың негізі сұрақтармен тығыз байланысты. Талдау барысында оқушылар жауапқа көптеп қатыстырылып отырғаны дұрыс, бірін-бірі толықтырып отырады, пікірлеседі, оқушы өз ойын еркін айтуға дағдыланады. Сұрақтарға қойылатын басты талап – олар жүйелі, құрылысы жөнінен ықшамды, мазмұны түсінікті, мағынасы айқын және оқушыларды сөйлетерліктей, сөйлеуге үйретерліктей дәл қойылуы тиіс. Осы орайда Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін және оның ғылым ретінде қалыптасу кезеңін ұқыпты зерделеген Б.Әрінованың: «1980-90 жылдардағы ұлттық сананың жаңғыруындағы өрлеулерге байланысты қазақ әдебиеті пәнін оқытуда негізгі бағдарламаларға қосымша арнайы салалық бағдарламалар, әдістемелік нұсқаулар пайда болды. 1987 жылғы «Қазақ әдебиетінің жетілдірілген программалары және онымен жұмыс істеудің кейбір тәсілдері» атты әдістемелік нұсқаулардың жарық көруі соның айғағы» [119, 72], деген пайымдаулары нақтылығымен ерекшеленеді.

Ұрпақ санасындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды игертуде шығармалардың қай жанрда болмасын әсері ерекше болмақ. Әдеби шығармаларды оқып, жастар ондағы образдар жүйесін, қоғамдық саяси-тарихи мәселелерді түсінуге, өмір шындығын анықтауға, өз көзқарасын танытуға, өзінің дүниетанымын қалыптастыруға мүмкіндіктер туғызады.

2.3 XX ғ. екінші жартысындағы қазақ әдеби сынын оқытудың психологиялық және философиялық мәселелері

XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ елінде педагогикалық психологияның қалыптасуына зор үлес қосқан Алаш зиялылары екендігі мәлім. Олардың еліміздің болашағы – қазақ жастарының ертеңі үшін аяусыз еңбек етіп, ұлттық идея жолында өз бастарын қатерге тіккенін де білеміз. Бұл күндері еліміз егемендікке ие болып, тәуелсіз Қазақ елінде ұлттық мектептің іргетасы қалана бастады. Ұлттық мектептер тарихын, тілін мәдениетін зерттей отырып, әлемдік деңгейдегі білімге ұмтылудамыз. Қазіргі «Қоғамның жанару жағдайындағы ұлттық мектептердің» бағыт-бағдарын, құрылымын, өткені мен бүгінгісін және болашағын анықтап алмайынша, ұлттық мектептерді бүгінгі күн талаптарына сай ұйымдастыру, оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқу-тәрбие жұмысының тиімді түрлері мен әдістерін енгізу мүмкін емес. Сонымен ұлттық мектеп дегеніміз – ол қандай мектеп? Онда оқылатын білім мазмұны қандай болуы тиіс? Ұлттық мектеп мәселелерімен шұғылданып жүрген ғалымдардың пікіріне зер салып қарайтын болсақ, нағыз ұлттық мектеп – мемлекетті құратын ұлттық тарихи аумақта қызмет атқаратын және осы аумақта өзінің егемендігін дәріптейтін саясатын жүзеге асыратын, оқушыларды ұлттық мінез бен ұлтық ана тілі негізінде өз халқының рухани әлемін қалыптастыратын мектеп болуы керек екенін көреміз. Ұлттық мектеп тағдыры қай уақытта да, қай ұлттың болсын көзі ашық, көкірегі ояу, ұлт жанды азаматтарын толғандарып келген өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Ұлттық мектептің өз кезегінде ғылыми негізін қалаған белгілі ағартушылар мен ғалым – педагогтер Я.Коменсий, К.Ушинский, В.Стоюнин, П.Каптерев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Гессен, В.Сорока-Россинскийлер болды. Осы аты аталған педагогтер: «Мектеп ұлттық болып аталуы үшін ұлттық психология мен тарихқа негізделуі және қоғамдық қажеттілікпен санасуы шарт» деп санады. Сол себепті де өткен тәжірибені зерттеу, жинақтау және теориялық тұрғыдан қолдану қазіргі ұлттық мектептің теориясы мен тәжірибесіндегі қажеттіліктен туындап отыр. Бұл қарастырылып отырған тарихи – педагогикалық зерттеу жұмыстарының көкейтестілігі: ұлттық мектепті бүгінгі таңда реформалаудың және оның ғылыми негіздерін одан әрі дамытудың, алдын ала жобалаудың қажеттілігімен байланысты.

Алаш арыстарының бірі Жүсіпбек Аймауытов тәрбие мәселесіне, баланың бойына, жан жүйесіне тазалық пен білім нәрін ерте кезеңнен сіңіру арқылы қалыптастыру керектігін атап көрсеткен еді. Оны зерттеушілеріміз Жазықсыз жапа шеккен, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі Ж.Аймауытов қазақ топырағында тұңғыш шыққан психолог-ғалым. Ол бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының авторы. Ж.Аймауытов Павлодардағы орыс-қазақ мектебін, онан кейін Семейдегі мұғалімдер семинариясын (1918) бітірген. 1924 жылы Баянауылда

бала оқытады. 1920 жылы РК(б)К қатарына кіреді. Қазақстан Советтерінің съезіне делегат болып сайланады. ҚАССР Халық ағарту комиссариатының коллегия мүшесі, “Қазақ тілі”, “Ақ жол” газеттерінің қызметкері, мектеп мұғалімі, 1926-29 жылдары Шымкенттегі педтехникумның директоры болып істейді. 1931 жылы ұлтшыл деп айыпталып, жазықсыз өлім жазасына кесіледі. 1918 жылы “Абай” журналының бас редакторы бола отырып, тәрбиемен байланысты бірнеше ғылыми мақалалар жариялады. Солардың ішінде 1922 жылы жеке кітап болып шыққан “Тәрбие жетекшісі” атты еңбегін ерекше атап өтуге тура келеді. Ол еңбегінде Ж.Аймауытов “Адам мінезінің, ақыл-қайратының әр түрлі болуы – тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан... Адам баласының ұрлық істеуі, өтірік айтуы, кісі тонауы, өлтіруі сияқты бұзақылықтарды жасауы, тәрбиенің жетіспегендігінен” – дейді. Автор бала тәрбиесіндегі отбасының рөліне зор мән бере келіп, “Баланы бұзуға, яки түзетуге себеп болатын бір шарт – жас күнінде көрген өнегеге, ата-анасының берген тәрбиесіне байланысты “ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі” деп бала мінезін қалыптастырудағы отбасы мүшелерінің ықпалына тоқталады. Ж.Аймауытов өнегелі үйелменнен де бұзақы мінезді баланың шығуы немесе тәрбиесі нашар отбасынан да тәрбиелі, өнегелі баланың өсуі мүмкін дей келеді де, бұл айтылғандар өскен ортаның, замандас, жолдас-жора, құрбы-құрдастың ықпалынан, соларға еліктеуден болатынын дәлелдейді. Тәлімгер-ғалым бала тәрбиесінде туған елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің белгілі мөлшерде әсер ететінін ғылыми тұрғыда дәлелдей түскен. Ол “ойын-сауық, өлең-жырды естіп өскен елдің баласы өнерге бейім болады, діндар елдің баласы діншіл келеді. Жастайынан кемдік, жоқшылық, қағажу көріп өскен ауылдың баласы жасқаншақ, бұйығы болады” – деп қоғамдық салт-сана, әдет-ғұрыптың тәрбиеге тигізетін ықпалына тоқталады. Оның жазбаларынан Л.Н.Толстойдың “Тәрбие дегеніміз бір адамның екінші бір адамға жасайтын ықпалы” немесе А.С.Макаренконың “Адамдарды қоршаған орта тәрбиелейді. Адамның тұтыну заттары, табиғи құбылыс т.б. бәрі тәрбиеге белгілі әсерін тигізеді. Соның ішіндегі ең әсерлісі – адамдардың қарым-қатынасы, әсіресе ата-аналар мен ұстаздардың ықпалы ерекше” деген секілді таныс пікірлер жиі ұшырасады. Ж.Аймауытовтың пікірінше мұғалімнің айналысатыны – үнемі қозғалып, өзгеріп, өсетін, өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі әдістен табан аумай шектеліп қалуға болмайды... Сабақ үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңаны табатын өнер... Дидактика мұғалімге жиі жөн-жоба көрсетіп жетекшілік етеді... Сыннан өткен тиімді деген жолдарды ғана нұсқайды” – деп, оқыту, білім берудің әдістердің догма емес, ізденуден туатын іс-әрекет екенін дұрыс атап өткен. Ж.Аймауытов білім негізі ана тілі арқылы меңгерілетінін айта келіп, “Ана тілін жақсы меңгере алмай тұрып, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі – халық болып жаралғаннан бергі жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі” – деп, оның қоғамдық рөлін, оны жан-жақты және терең меңгеру қажеттілігін баса көрсетеді. Автор, адамның жан қуатын тәрбиелеп жетілдірудегі тарих пәнінің

алар орнын айта келіп “Тарихты оқыту арқылы шәкірттерге қазіргі өмір мен өткен заманның байланыс заңдылықтарын ажырата білерлік сана туғызамыз” – дейді. Автор мектепте “қандай тарихтың түрін оқытуды алғаш қолға алу керек?” дегенді де сөз етеді. “...Алдымен балалардың өздеріне күнделікті өмірден жақсы таныс өз жұртының тұрмыс-салты, тыныс-тіршілігіне байланысты тарихты оқытудан бастағанды жөн... басқа жұрттың тарихқа керек жерлерін ғана алу керек” – деп тұжырымдайды. Ж.Аймауытов осы еңбегінде туған өлкенің жағрафиясын оның тарихымен байланыстыра қарастыруды ұсынады. Автор ерте замандағы “половец”, “печенет” тәрізді көшпелі жұрттың шаруашылығын қазақ халқының ертедегі тарихымен байланыстыра жүргізуді қуаттайды. Көшпелі жұрттың өткендегі салт-санасы, әдет-ғұрпы, шаруашылық кәсібі және мәдени өмірінен хабардар ету үшін 4-сыныпта әдебиетті, тарихты және жағрафияны біріктіріп, яғни интеграциялап “Біздің Отан” деген атпен оқытуды қажет деген пікір ұсынды. Ж.Аймауытов адам баласының мәдениет тарихынан өнердің көрнекті орын алып келгеніне, өнерсіз қоғамның дамуы, рухани мәдениеттің молаюы мүмкін еместігіне тоқталып, ұлт мектептерінде әуелі кескін (сурет) пен әуез (ән-күй) пәнін үйретудің керектігін, әрбір баланың өнерге деген ынтасын қозғап, өнерпаздық қабілетін тәрбиелеуде бұл пәндердің маңызын баса айтты. Ж.Аймауытов 1929 жылы “Комплексті оқыту жолдары” деген еңбегінде баланың білімге деген ынта-ықыласын, зейін-зердесін арттыру үшін мұғалімдерден төмендегі шарттарды орындауды талап етті. Олар: жаңа берілетін білімді баланың бұрын меңгерген біліміне негіздеу, оқушылардың жаңа білімді меңгеруіне бағыттайтын проблемалық сұрақтар қоя отырып, олардың назарын меңгерілетін жаңа білімге бағыттау, басы артық, қажетсіз мағлұматтарды айтудан сақтану, салыстыру, тенеу, ұқсату, сияқты тәсілдерді қолдану арқылы балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру. Тәсілдерді үнемі жаңартып жандандырып отыру, көрнекілікті пайдалану т.б. дидактикалық әдіс-тәсілдерді сөз етеді. Сондай-ақ ол “Психология” (1926), “Жан жүйесі және өнер таңдау” (1926) деген оқулықтарын жазып, психология, педагогика, әдәстеме ғылымдарын ұштастыра оқытуға терең мән береді.

Жоғары мектеп психологиясы психология ғылымының бір саласы болып табылады. Бұл арада психология ғылымы негізінен жоғары мектептегі оқу – тәрбие үдерісінің психологиялық заңдылықтарын қарастырады. Жоғары мектеп психологиясының негізгі міндеті жоғары оқу орынындағы студенттердің таным үдерісінің (қабылдау, есте сақтау, дағды, іскерлік, ойлау т.б.) қалыптасуын, оқу-тәрбие үдерісінің жүруін басқарудың психологиялық аспектілерін қарастыру, оқу үдерісі нәтижесінің негізгі көрсеткіштерін анықтау, педагогикалық процесстің барысындағы студент пен оқытушының қарым – қатынасындағы психо-педагогикалық мәселелерді қарастыру.

Жоғары мектеп психологиясы студенттердің таным үдерістерін зертей отырып, педагогикалық әдістердің нәтижелілігін анықтауға мүмкіндік береді. Жоғары мектеп психологиясын зерттеу жұмыстарының дамуы психология

ғылымына қарағанда аздап кешеуілдеп дамыды. Салыстырып қарайтын болсақ, жоғары мектеп психологиясы мәселелерін зерттеу жұмыстары ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында жүйелі түрде дами бастады. С. И. Архангельский, С. И. Зиновьев, Т.В. Кудряцев, А.М. Матюшкин т.б. оқымыстылардың еңбектерінде жоғары мектеп психологиясы және жоғары мектепке қатысты мәселелер талқыланды. Кеңестік Қазақстанда бұл бағытта Қ.Жарықбаевтың еңбектері көбірек танымал.

Бір айта кетерлік мәселе, шешуін таппаған сұрақтардың қатары аз емес. Осыған орай білім беру саласында да көптген жаңалықтар енді. Осы себепті қазіргі уақытта интеллектуалдық қабілеті жоғары дамыған, шығармашылықпен ойлай білетін, белсенді тұлғаны қалыптастыру міндеті тұр.

Қазіргі кезде студенттер – қоғамның ірі интеллектуалдық потенциалы. Студенттердің әлеуметтік құрылымы негізінен біздің қоғамымызды әлеуметтік құрылымын айқындайды. Студент ұғымына педагогика және психология ғылымдары нақты түсінік бермейді. Ал ғылыми өдебиеттерде берілетін анықтамалар әртүрлі болып келеді.

Психологияда 17–18, 25–26 жас аралықтарындағы үлкендер, ересектер қатарына енген шақ деп сипатталады. Студент үшін бұл кезеңдер жеке тұлға ретінде қалыптасуымен жоғары білікті маман болу кезеңдеріне жатады.

Бұрынғы Кеңес Одағының психологы Б.Г. Ананьев студенттік кезең, жеке адам тұрғысынан алғанда, адамгершіліктік және эстетикалық сезімдердің белсенді түрде даму кезеңі, ересек адам ретінде азаматтық, саяси - қоғамдық және кәсіби мамандық міндеттерінің тұрақталу, толысу кезеңі деп көрсетеді.

а) Студенттік кезең қарым-қатынастың нағыз кең көлемде жүретін шағы.

ә) Студенттік жас – ақыл - ой мен қабілеттіліктің дамуының маңызды кезеңі.

Жоғары мектепте оқитын кезең жастық шақтың екінші кезеңімен немесе ақыл тоқтатудың алғашқы кезеңімен сай келеді (Б.Г.Ананьев, И.С.Кон, А.В.Дмитриев т.б.). Бұл кезеңнің ерекше белгілерінің бірі мінез - құлықтың саналы жақтарының молаюы. Жоғарғы курста бұрын жеткіліксіз деңгейде болған мақсатқа ұмтылушылық, шешім қабылдай білу, өзіндік пікір, өзін-өзі ұстай білу, бастамашылдық сияқты қасиеттердің айқын көрініс беруі, адамгершілік моральдық тұрғысына мақсат, өмір сүру стилі, парыз, адалдық, махаббат сезімі сияқты мәселелерге ынта-ықылас артады.

Жастық шақ өзіне-өзі баға беру мен өз ісіне талдау жасау кезеңі.

Жоғары оқу орнында оқу жастың (жас адамның) өз күніне деген сенім мен қабілеттілігін, өмірге деген құлшынысын арттырады. Оқудың екінші, үшінші курстарында оқу орны мен мамандық таңдауының дұрыс не бұрыстығы жайлы ойланады, өз іс-әрекетіне талдау жасайды, бағыт береді.

Жоғары оқу орнында білім алудың алғашқы кезеңдерінде студент оқу-тәрбие процесінің объектісі ретінде көбірек әрекет етеді. Бой үйрету барысында ол жаңа шарттар мен міндеттерді игеруі шарт. Іздемпаздық жұмыс көлемі мен мәнінің артуы, жаңарту сипатындағы оқу танымдық қызметтен оның жемісті

түрлеріне көшу, ынта-ықыластың пайда болуы және оқу-зерттеу қызметіне қатысу студенттің оқу-тәрбие үдерісінің субъектісі екендігінің айғағы.

Әлеуметтанушы Л.Я.Рубина студенттік топ ұғымына мынадай анықтама береді: «Студенттік топ – интеллигенциялық топтардың қайнар көзі, қоғамдық пайдалы қызметтерге белсенді араласатын үлкен қоғамдық топ». Студенттердің білім алуудағы мақсаттарының ортақ болуы, еңбек ету, оқу, өмір сүру сипаттарының бірдей болуы, оқу орнындағы тіпті елдегі қоғамдық істерге араласуы – студенттік топтың ұйымшылдық, достық көрсеткішінің жоғары деңгейіне алып келеді. Студенттер әр түрлі топтардың өкілдерімен танысудың мүмкінділігіне ие болады. Яғни, студенттік шақ – адамның жеке тұлға, қоғамның белсенді мүшесі болып қалыптасудағы маңызды кезең.

Атақты орыс педагогы К.Д. Ушинский осы кезеңнің жауаптылығы мен маңыздылығына ерекше көңіл аударып, былай жазған: «16–23 жас аралығын біз адам өміріндегі ең шешуші кезең деп санаймыз. Осы уақытта көптеген ой-тұжырымдырдың қалыптасу уақыты аяқталады. Ой-тұжырым, көзқарастардың бір бөлігі бір буынды құрайды және бұл буын адам мінезі мен ойлау жүйесінде басқа бағыттардан салмақтырақ болады» [120, 12 б.].

Сонымен бірге, студенттердің білім алуудағы мақсаттарының ортақ болуы, еңбек ету, оқу, өмір сүру сипаттарының бірдей болуы, оқу орнындағы тіпті елдегі қоғамдық істерге араласуы – студенттік топтың ұйымшылдық, достық көрсеткішінің жоғары деңгейіне алып келеді. Студенттік кезең адамның өзін-өзі тұлға ретінде қалыптастырудағы үлкен жұмыс істеуімен орындаумен сипатталады. Бұл орайда психолог Ю.А.Самариннің пікірі мынадай: «Осы уақытта мінезді қалыптастыру дүниетанымды қалыптастырумен тығыз байланысты. Саяси, моральдық мәселелер қайта қарастырылады» [121, 31 б.].

Жоғары оқу орнында білім алудың алғашқы кезеңдерінде студент оқу - тәрбие үдерісінің объектісі ретінде әрекет етеді. Аудиторияға бой үйрету барысында ол жаңа талаптар мен міндеттерді игеруі шарт. Ізденімпаздық жұмыс көлемі мен мәнінің артуы, оқу мен танымдық ынта-ықыластың пайда болуы және оқу-зерттеу қызметіне қатысу студенттің оқу-тәрбие үдерісінің субъектісі екендігін айқындайды.

Зерттеуші ғалымдар 17-18 бен 25-26 жас аралығын психологияда екінші жастық шақ деп атайды, яғни олардың ересек адамдар әлеміне кіру шағы. Студент үшін бұл шақ – тұлға әрі жоғары маман иесі болып қалыптасу кезеңі. Психолог Б.Г.Ананьев студенттік жасты былай сипаттайды: «Бұл жаста ахлақтық және эстетикалық сезімдер белсенді дамиды, ересек адамға тән азаматтық, қоғамдық-саяси, кәсіби-еңбектік функциялардың пайда болып, нығаюы байқалады, мектеп жасынан студенттік жасқа өту уақытында интеллектуалды, физикалық күштердің дамып жетілуіне байланысты студенттің сұранысы артады. Бірақ, осы сұраныстарын жүзеге асыру жолында уақыттың, әрі экономикалық мүмкіндіктердің жетіспеуі қайшылықтарды туғызады» [122, 33].

Әрбір студенттің жоғарғы оқу орнына бейімделуі әрқалай жүреді. Мысалы, жұмыс өтілі бар жас азаматтар жоғары оқу орынындағы оқу үдерісіне жылдам бейімделсе, мектепті жаңа бітірген студенттердің бұл жадайға бейімделуі баяу жүреді.

Мамандыққа дайындау ісі мемлекеттік жоғары маңыздылыққа ие екендігі белгілі. Студенттердің кәсіби қалыптастыру – бұл болашақ мамандарды өз кәсібіне деген дұрыс қатынасын, қызығушылығын, бейімділігін, қалыптасырып, өзін кәсіби жетілдіру арқылы, рухани, материалдық қажеттерін қанағаттандыруға тәрбиелеу. Ғалымдар студенттердің мамандықты таңдаудағы құндылықтар ұстанымы мотивациясына байланысты бірнеше типке бөліп қарастырады:

Бірінші тип – бұндай студенттер өз болашақ кәсібіне оң көзқараспен қарайтындар. Бұлар оқу соңына дейін өз мамандықтары бойынша кәсібін игеріп шығады.

Екінші тип – өз мамандықтарын толық анықтамаған студенттер, бұлардың өз мамандықтары жөнінде толық ақпараттары жоқ.

Үшінші тип – өз мамандықтарына теріс көзқарастағы студенттер. Айта кететін жайт, өз мамандығына деген оң көзқарас бірнеше іс - әрекеттердің дамып қалыптасуынан тұратын кәсіби қызығушылықтан басталады.

ЖОО кәсіби қызығушылықты қалыптастыру бұл мамандықтың негізгі мақсатын, міндетін және адамдар үшін тигізетін пайдасы жөнінде ақпаратты дұрыс беріп, сендіре білуден басталады. Бұл кәсіпті меңгергеннен кейінгі студенттердің кәсіби қабілеттерін, ол кәсіптің өндірістік мүмкіндігін көрсетіп, бұл мамандықтың эстетикалық, шығармашылық жақтарына сипаттама беру, мамандықтың болашағы бар екендігіне сендіре алумен сабақтасып жатқан психологиялық белдеу.

Жоғары оқу орынына тапсырғаннан соң жас адамдар үшін мамандық таңдау аяқталғанмен тең болып көрінетіндігі мәлім. Курстан курсқа өткен сайын өз ойына толықтырулар енгізетіндігі сөзсіз. Бірінші курсты аяқтағаннан соң өз мамандығына деген қажеттіліктің төмендеуі мүмкін.

Студенттердің өз мамандықтарына байланысты өзін - өзі тәрбиелеу ісінде жан – жақтан ағылып жататын ақпараттар көптеп қызмет атқарады. Бұл мақсатта ЖОО-да ең алдымен «Мамандыққа кіріспе» курсы жүргізіледі. Бұл курста студент болашақ өз мамандығы жөнінде ақпарат алады. ал оқытушылар оларды өз мамандықтарына психологиялық тұрғыдан дайындайды.

Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі өте маңызды құбылыс. Себебі, студенттің өзін-өзі тәрбиелеуі оның көзқарасының толық қалыптасып қалғандығын көрсетеді. Бұл арада жас адамның өзін - өзі тәрбиелеуі түрлі құралдар мен әдістердің негізінде ғана іске асады. Психологтардың пікірінше, олардың кең тараған түрлеріне *өзін - өзі міндеттеу*, *өзін - өзіне талдау жасау*, *өз – өзіне есеп беру*, *өзін - өзі бағалау*, *бақылау* жатады.

- **өзін-өзі міндеттеу** – өзіне қажетті деген қабілеттері қатарын анықтап болғаннан кейін өзін - өзі жетілдіру мақсатында тұлғаның өз - өзіне жүк артып,

міндет қойуы. өзін - өзі міндеттеудің негізінде өз өміріннің барлық кезеңін соның негінде ұйымдастырады.

- **Өз-өзіне есеп беру** – өз өткерген өміріне сыни көзбен қарау.

Өзін-өзі талдау – студенттің өзінің жетістігімен сәтсіздіктерінің себебін анықтайтын студенттің өз өзіне есеп беру іс - әрееті.

Өзін-өзі бақылау – өз мақсатынан тысқары қажетсіз әрекетке бармас үшін өз жағдайын үнемі бақылауда ұстау.

ЖОО оқытушысының атқаратын функциялары төмендегідей бағыттарды қамтиды:

1. Оқыту, білім беру функциясы студенттерге білім беру, танымдық қызмет үшін дағды мен қабілеттілікті қалыптастыру.

1. Тәрбиелеу функциясы студенттердің жеке тұлғасын қалыптастыру.

2. Ұйымдастыру - студенттердің аудиторияда және аудиториядан тыс жұмыстарын ұйымдастырып, белсенділіктерін қалыптастыру.

3. Ғылыми жұмыстар саласында – студенттерді зерттеу жұмыстарын жүргізе білуге үйрету, ғылыми-техникалық тұрғыдан шығармашылықпен жұмыс істей білуге дағдыландыру .

Жоғары мектепте оқытуда және тәрбиелесуде оқытушының жұмыс мазмұнын анықтайтын элементтің бірі – оқытушының кәсіптік қызметінің негізін құрайтын, педагогикалық қарым-қатынас. Бұл қарым-қатынастың мәні, мазмұны ақпараттармен алмасу, әртүрлі коммуникативтік әдістер арқылы солардың көмегімен оқытуда студенттермен байланысын ұйымдастыру болып табылады. Сабақ өту үдерісі барысында қарым-қатынас талапқа сай ұйымдастырылса, сол сабақтың дидактикалық және тәрбиелік міндеттері толық жүзеге асады. Себебі, қарым - қатынас арқылы оқытушы білім берудің міндетін, мәселесін шешеді. Қысқаша айтқанда, қарым-қатынас әлеуметтік, психологиялық жүйе болып табылады, ал ол жүйе тәрбие жұмысын жүзеге асырудың аса маңызды құралы. Оқыту мен тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруда, ұйымдастыруда және шығармашылықпен жұмыс істеуде қарым-қатынас маңызды орын алады. Адамгершілік пен ізгі ниеттілік, өзіне және студенттерге жоғары талап қоя білу, әріптестерімен қарым-қатынас жасау және жауапкершілікті сезімін білу – ЖОО оқытушыларына қажетті қасиеттердің бірі.

Философия негіздері. Көне дәуір философтары Платон мен Аристотель философиялық ойлардың психологиялық негізі адамның өзі түсінбейтін, түсіндіре алмайтын құбылыстарға таңдану, таңырқау сезімдерінде жатыр деген болжам жасаған еді. Олай болса, оқытушы игеретін білім өзінің мазмұны, жүйесі жағынан барлық уақытта жаңа, тың болуы тиіс. Оқытудың басты мақсатының өзі де балаға жаңа дүниенің сырын ашуымен анықталады. Сондықтан да педагогикалық психологияны зерттеушілер оқу әрекетінің басқа әрекет түрлерінен өзгешелігі оның осы жаңалыққа толы болуында деп көрсетеді [123, 23].

Христиандық гуманизм бағытының өкілі, Нидерландиялық Эразм Роттердамский (1469-1536) XVI-XVII ғғ. ойшылдарының ілімдеріне, әсіресе, француздың философ-гуманисі Мишель Монтеньге (1533-1592) мықты әсер етті. Негізгі шығармасы — «Тәжірибелер» (1580). Бұл абстрактылы-философиялық еңбек емес, адамға күнделікті қажет, практикалық туынды. Монтеньді Аристотель мен Платон философиясы қызықтырмайды Аристотельді ол тіпті «схоластикалық ғылымның құдайы» деп атайды негізінен скептиктерді жоғары бағалайды. Адамды табиғаттың бөлшегі ретінде қарастырған Монтень күнделікті болмыс, күйбең тіршілікті (адамның киім кию мәнері, өзін қоғамдық жерде ұстай білу өнері, балала тәрбиесі және тағы басқаларды суреттей отырып, философияны өмірме салыстырып байқайды, өмірге қатысы жоқ, бос, көпірме пікірталастарға әуестігі үшін философияны сынға алады: «Менің ойымша, философияның бізге парасат пен ақымақтықтың, қаталдық пен кешірімділіктің, адалдық пен арамдықтың бірлігі табиғатқа жат, қарсы деп үйретуі баланы ойыны секілді». Антика философтарының негізгі кемшілігі қарапайым адамның күнделікті өмірінен алыстығында екендігін түсіне білген Монтень өз өмірінің жақсы-жаман жақтарын сараптай отырып, адам үшін ең бастысы – философиялық ілімдер дамтатын ақыл-ойға жүгініп қана қоймай, өз табиғатының сұраныстарын да тыңдай білуі екенін көрсетті: «біз бөтен ойлар мен білімдерді сақтап қана қоямыз. Оларды өз меншігімізге айналдыруымыз қажет. Әйтпесе, біз от іздеп көршісіне барып, бөтен үйдің отына жылынып, өз үйінде от жағуды ұмытып кеткен адамға ұқсаймыз», – деді ол.

Монтень адам өмірінің мақсаты – табиғатқа сеніп, жалпылық заң бойынша бір қалыпты өмір сүру деп есептейді. Табиғи заңдарға сәйкес өмір сүру ғылымы өте қиын, бірақ адамдық міндетті орындағаннан артық ештеңе жоқ, адам өз табиғатына қарсы келмеуі керек. Өлімді қарсы ала білуді де Монтень осы тұрғыдан үйретеді. Оның ойынша, өлімнен қашып құтылу мүмкін емес, өлім – табиғат заңдылығы, бір өмірдің орнына екіншісі келеді, өмір сүргісі келетін басқа адамдарға да орын босатқан жөн, яғни өлімге философиялық тұрғыдан қарау керек. Монтень бұл мәселе жөнінде Цицеронның «пәлсапа соғу – өлімге үйрену деген сөз» деген қағидасын мойындайды.

Монтеньнің қағидалары: «Мен болсам құдай сыйлаған өмірді сүйемін. Табиғат мен үшін жасаған нәрселерді шын жүрегіммен, алғыс айта отырып қабылдаймын, оның сыйына қуанамын, ардақтаймын...» «Әрбір адам — қайталанбас, ерекше құбылыс». «Әрбір адам өзін мүлдем өзгерте алады». «Ал мен не білемін?» «Надандықтан құтылғың келсе, оны мойындау керек?» Қайта Өркендеу дәуірі ойшылдарының көбі ғылым мен өнердің бірнеше саласын бір басына жинаған тұлғаларының бірі – Леонардо да Винчи (1452-1519). Классикалық білім алмаса да, ол өз бетімен көп оқыды, антика ілімін жақсы таныс болды, өнер туындыларын жасау процесінде ұлы суретші, ойшыл ретінде қалыптасты. Оны көп адамдар қазіргі жаратылыстану ғылымының

пионері деп атайды. Мысалы, сол кездің өзінде-ақ ол танк, парашют, шлюз идеяларын және тағы басқа идеяларды ойлап тапқан екен. Суретшінің қойын дәптерлері философиялық ойларға толы болды.1) Леонардо да Винчи таным процесіндегі тәжірибенің роліне аса мән берді. Тәжірибе арқылы өтпейтін ғылымдар адасуға ұшырайды деп есептеген оның ойынша ақиқатқа жеткізетін бақылау мен қабылдау емес, тәжірибе ғана: «Даналық – тәжірибенің қызы». Леонардо да Винчи соны мен бірге теорияның ролін де бағалады: «Ғылым — әскер басшысы, тәжірибе – солдаттар». Ең басты ғылым — математика деп түсінді.

2) Адам өнері мен табиғат арасындағы байланысты Л.Винчи адамның пайдасына шешеді. Адам табиғатсыз ештеңе жасай алмайды, бірақ табиғаттың қарапайым материалдарынан күрделі заттар жасауға қабілетті.

3) Адам және Құдай мәселесінде Л.Винчи адамды Құдайға мейлін жақындатты: «Өнерге байланысты айтсақ, біз Құдайдың немересіміз деп айта аламыз».

4) Л.Винчи өнерді шындықты танып-білу құралы ретінде қарастырды, себебі ғылым заттар дүниесінің сандық жағын зерттесе, өнер сапалық жағын көрсетеді дейді және өнердің бастысы – сурет өнері, ол ғылымнан жоғары деп түсінеді. Поляк астрономы және философ Николай Коперник (1473-1543) – Өркендеу дәуірінде жақсы дамыған астрономия ғылымын тереңдей зерттеді. Коперниктің басты еңбегі: «Аспан сфераларының айналуы». Негізгі идеясы: Аристель-Птолемей теориясын терістеу немесе дүниенің гелиоцентрист жүйесін ашу:

1) Жер дүниенің қозғалмайтын орталығы емес, ол өзінің өсімен айналады.

2) Дүниенің ортасы – Күн, Жер осы Күнді айналады.

3) Ай – Жердің серігі.

Коперник ашқан жаңалықтар дүниенің жаңа бейнесін қалыптастыру деген талпыныс еді: «Дүние шексіз, ол жер субстанциясы және аспан субстанциясы болып бөлінбейді, яғни, жер мен аспанды теологиялық қарама-қарсы қою деген. «Жер аспан денелерінің біреуі ғана, қозғалыс заңдылықтары Жер үшін де, басқа планеталар үшін де бірдей. Қозғалыс планеталардың бәрінің қалыпты жағдайы». «Денелер өздігінен қозғалады, қозғалмайтын Күш беруші деген жоқ». «Құдай әлемдік механизмді жаратушы, бірақ оның кейінгі ісіне араласпайды». Әйтсе де түркітануда жердің Күнді айналатынын одан 200 жылдан аса бұрын Сәйф Сараидың білгендігі туралы деректер сақталған.

Осылайша педагогикалық ой алғашында жалпы философиялық білімдер жүйесінде, діни ілімдерде, саясаттануда, заңда, әдебиетте дамиды. Педагогиканың дербес ғылым ретінде бөлініп шығуы белгілі бір уақыт кезеңінде ішкі ғылыми дифференциялануға, педагогика ғылымдары жүйесінің түзелуіне алып келді. Қазіргі замандағы педагогика психологиямен тығыз байланысты. Психология адам жан дүниесі дамуының заңдарын, ал педагогика – тұлғаның дамуын басқаруды қарастырады.

Педагогика жеке пән ретінде философия және оның салалары – білім беру философиясы, ғылымдар философиясының, мәдениет философиясының

және т.б. жетістіктеріне сай терең ұғыну нәтижесінде дамиды. Педагогиканың ғылыми аралық байланыстары белгілі бір проблемаларды зерттеу барысында басқа ғылымдарға – тарихқа, этнологияға, этнографияға, юриспруденцияға, экономикаға, демографияға, экологияға және т.б. ұштасып жатады.

Еліміз егемендігін алып, мәртебеміздің жоғарлануға бағытталған шағында жас ұрпақ тәрбиесіне барынша аландау, білім беру сапасын жоғарлату қазіргі өмір талабы болып отыр. Осыған орай педагогикалық парадигмалардың жаңару жағдайында болашақ педагогтарды даярлау саласына көптеген өзгешеліктер енгізуде. Жоғарғы білім беру стандарттарының мазмұны қайта қарастырылып, үздіксіз білім беру бағытында «Қазақстан Республикасының жаңа формациялы педагогына үздіксіз білім беру тұжырымдасы», «Қазақстан республикасының жоғарғы педагогикалық білім беру тұжырымдасы» жасалған. Орта білім беру саласындағыдай кәсіптік білім беру саласында да жаңа буын оқулықтары, оқу құралдары, оқу бағдарламалары жазылуда. Ақпараттық заманның тез өзгеруіне байланысты жоғарғы оқу орындарындағы оқулықтардың да мазмұндары жиі жаңартуды қажет етеді. Оқытушыларды даярлауда арнайы пәндермен қатар әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің де алатын орны ерекше. Ал тікелей ұстаздыққа байланысты білімдермен қаруландырытын және практика жүзінде іскерлік пен дағдыларын қалыптастыратын педагогикалық пәндердің маңызы зор екендігі шындық. Мақсаты – студенттерді «жаһандану» феноменімен, оның еліміздің білім беру жүйесіндегі орнымен таныстыру.

Жаһандану үдерісі білім беру саласына да енеді. Адамның өз іс-әрекеттерінен туындаған қоғамдық тұрмыс өзгерістерінен заманауи адам құзіреттілігінің даму қарқынының қалыс қалуы білім беру саласын ұйымдастыруға қоғам мойындаған жаңа амалдарды талап етеді. Мысалы, Болон декларациясы білім беру үдерісіндегі жаһандану үдерісінің дамуын дәлелдейді және білім беру саласы ұйымдастырушыларының іс-әрекетін оның дамуының жалпыға ортақ заңдылықтарына сәйкес үйлестіру амалы болып табылады. Жалпыадамзаттық тұрғыдан келгенде, сөз мәдениеті ұғымы өзінің түп тамырын көне замандардан басталатын этикалық ілімдерден алады. Мәселен, әйгілі қытай философы Конфуций өз ілімінің түп қазығы етіп “адамсүйгіштік” (жэнь) проблемасын алады. Оның түсінуінше, тек адамсүйгіштік қасиет қана адамды басқаларды сыйлайтын, ешкімнің алдынан кесіп өтпейтін, шындықтан басқаға мойын бұрмайтын, батыл да байсалды, ілтипатты, достыққа берік, сөзге ұстамды (біреуді өкпелетіп алмау үшін), көмекке (кімнің болса да адамгершілік жағын жетілдіре түсуге) дайын етіп қалыптастыра алады. Бұл қасиеттердің бәрін біріктіріп, әрқайсысын қамти алатын моральдық-философиялық ой түйінін Конфуций: “Өзің қаламайтын қылықтарды сен де басқаларға жасама,”- деп қорытады [124, 348 б.]. Осы ойдың жалғасы ретінде Платонның мінсіз мемлекет жасаудың жолы – оқу, ал тәрбие ісінің басты міндеті – адамдарды ізгі ниетті, ержүрек, таза, өнерлі азаматқа айналдыру деген ойын алуға болады. Ал Аристотельдің пікірінше, ең жақсы адам – ұлылық дәрежесіне жеткен кең

пейілді, қайырымды адам, ол өзін мақтағанды, басқа біреулерді жамандағанды сүймейді, ол өзінің күштілігін әлсіздердің арасында көрсетпеуге тырысады. Қайырымды, ақ пейілді кісінің жүрісі жайлы, даусы төмен, сөзі мазмұнды болуға тиіс дейді. Осы айтылған талаптардың қайсысы да адамның ішкі мәдениетіне, адамгершілік сапаларына, сөйлеу әдебіне тікелей қатысты екені сөзсіз. Олай болса, студенттермен қарым-қатынас әдебін қалыптастыратын қазақ әдеби сыны пәнінің басты міндеттерінің бірі сынай білу мәдениетіне үйрету екендігі ақиқат. Философияның басты тақырыбы адам мәселесі болса, сол адамның адамдық қалпы, жеткен дәрежесі оның әлеуметтік сипатымен де тығыз байланысты.

Тәуелсіз Қазақстанда ұлттық құндылықтарды жаңғырту, соның негізінде жаңа мәдени белеске көтерілу заман талабына айналып отыр. Сондықтан да белгілі бір жағдайларға байланысты қазақ халқының тоқырауға ұшыраған, кері түсіндірілген ұлттық құндылықтарын терең зерттеу, олардың мәнін айқындау, жалпыадамзаттық өркениет аясындағы рөлін ашу, бағыттарын айқындау – қазіргі уақыт талабы. Ұлттық мәдени мұралардың мәні өзінің зерттеу қажеттілігімен немесе қазақ халқының сана-сезімін оятуға бағытталуымен ғана шектелмейді. «Бүгінгі ғаламдану заманында әр халықтың болмысы өз тарихымен тамырлас рухани негізде қалыптаспаса, өрісі тарылып, ішкі және сыртқы жойқын күштерге төтеп бере алмайды. Рухани тәуелсіздіктің мәні – адамның дүниеге көзқарасының қалай қалыптасуына байланысты. Ұлттық рухшылдықтың қайнар көзі сонау сақ философы Анақарыстан, орта ғасыр ойшылы әл-Фарабиден, одан беріде Абай мен Шәкәрім идеяларынан бастау алады» [125, 100 б.], – дейтін зерттеуші пікіріне қосылғанды жөн көрдік.

Қазақ философиясының өзіне тән ерекшелігі – адам, бақыт, көркемдік пен сұлулық, өмір мен өлім, дүние, әлем, болмыс пен батырлық, адам мен табиғат үйлесімі мәселелері болып табылады, осының бәрі сөз өнері мен халық тарихында өзінің молдығымен, көркемдік сұлулығымен, тарихи деректілігімен, сыршылдығымен орын алды.

Шындығында, ойлау – таным теориясының негізгі философиялық категориясы. Ғалымдардың пікірінше дүниені танудың екі жолы бар. Оның бірі – затты дерексіздендіру арқылы немесе абстрактылы ұғым арқылы ойлау болса, екіншісі – ұқсату, елестету, сезім арқылы ойлау. Дамыта оқыту бұл екеуін бірлікте қарай отырып, оқушылардың теориялық білімі мен ойлау қабілеттерін арттыру арқылы дүниені танудың ғылыми-теориялық және логикалық әдістерімен қамсыздандыруды мақсат етеді.

Ғылымда танылатын нысанның алдымен сыртқы белгілері жете анықталады. Мұны танымның нақты (эмпирикалық) кезеңі деп атайды. Адам қарастырып отырған нәрсесінен сезімдік-нақтылық белгілерді мол етіп анықтап алған соң, сол сыртқа бар қылып тұрған ішкі бір ортақ заңдылықтарды іздеуге кірісетіні белгілі. Сол ішкі заңдылықтарды анықтау барысы абстракцияға үйрену кезеңі болып табылады. Дәстүрлі оқыту жүйесінде

оқушыларға білім беру осы логикамен аяқталатыны белгілі. Дамыта оқыту – дәстүрлі оқытуға соңғы уақыттарға дейін балама жүйе деп қарастырылады. Оның нәтижесінде әр оқушының өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған орай оқыту барысында оңтайлы мүмкіндіктер тиісті нәтижелер беруі хақ.

3 ӘДЕБИ СЫНДЫ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛАРЫ

3.1. Сын жанрын тәжірибелік оқыту

Сын жанрын оқытуда интерактивтік оқыту кеңінен қолданылады. Бұл ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұқбаттасып оқыту болып табылады. Сонымен бірге инетрактивтік оқыту – бұл танымдық әрекеттің арнаулы ұйымдастыру формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдын-ала болжауға болатын оқыту түрі. Осындай мақсаттардың бірі оқушы өзінің жетістіктерін, интеллектуалдық белсенділігін сезетіндей, оқу барысының өнімділігін арттыратын оқытудың жинақы шарттарын жасау. Интерактивтік оқытудың мәнісі сыныптағы барлық оқушы таным үрдісімен қамтылады, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге мүмкіндік алады. Жоғары мектепте білім алушы білімгерлерге «Қазақ әдеби сынының тарихы» пәнін оқыту барысында талдауға объект болатын шығарманың немесе мақаланың ішкі-сыртқы ерекшеліктері: тақырыбы мен идеясы; басты образдары, характер композициясы, олардың типтілігі; шығармадағы ұсақ образдар табиғаты, олардың бас кейіпкерлермен қарым-қатынасы; ұнамсыз образдар, солар арқылы көрінетін қайшылықтары; композициялық құрылыс, олардың формалары, қызметі (пролог, эпилог, баяндау, пейзаж, диалог, портрет, монолог т.б.); шығарманың сюжеті; шығарма тілі (баяндау, пролог, эпилог, афоризм, мақал-мәтелдер) ондағы кейіпкер тілі (монолог, диалог); шығарманың жанрлары, олардың табиғаты мен анықтамалары, эпос, поэзия, драма бөлімдері, бұл жанрлардың тарихи процесте көрінетін орны; жазушының өзіндік стилі, әдісі, көзқарасы; дәстүр мен новаторлық тұрғысынан автордың ашқан жаңалығы, оригиналдығы және т.б. [113, 82].

Кейде білімгерлерді топ-топқа бөліп, мәтінді оқытып алып, бірінші тобына кейіпкерлер мінездемесін, екінші тобына композициялық жоспарын жасап, үшінші тобына кейіпкер тілін, төртінші топқа суреттеу тәсілдерін (пейзаж, портрет, сипаттау, мінездеу, эпилог, пролог, монолог т.б.) анықтап, талдау жүргізу тапсырылады. Бұған әуелі шағын әңгіме, поэма, повесть алынады. Бұл - жеке компоненттерді талдап, дағды алған соң жүргізіледі. Талдау сабақтарының басқа да (баяндамалары, пікірталас сабақтар сияқты) түрлері бар.

Білімгерлердің логикалық ойлануына және өз беттерінше зерттеу жұмыстарын жүргізуге көмегін тигізетін басқа да сабақтар түрлері бар.

Театрланған пікірталас. Театрланған пікірталас сабағының мақсаты: 1. Сабақ білімгерді тұйықталудан құтқарады, еркін ойлауға жетелеп, ойын дамытады. 2. Тақырыптың тың саласына зерттеуші ретінде тұжырым пікірлерін айтады. 3. Сахналық көріністің кейбір кезеңдерімен танысып, өздерінше жүзеге асыруға үйренеді. Бұл, әсіресе, театр сыншыларының сыни мақалаларын талдау барысында жақсы үйлесім табады.

Сот-сабақ. Сот сабағының мақсаты: 1. Білімгерлер сот процесіне қатысушылар ретінде өз пікірлерін қорғап, дәлелдейді. 2. Білімгердің тақырыпты терең меңгеруіне, өз беттерінше шешім қабылдауына жағдай жасайды. Соның нәтижесінде сабақ қызықты, тартымды болып өтіп, белсенділігі артады. Өздерінің сыни көзқарастарын білдіреді, ойларын толық жеткізіп, пікірлерін қорғай алуға дағдыланады.

Қандай сабақ болса да, сабақтардың кезеңдері қатып қалған схема емес, оны өзгертіп, түрлендіру кез келген оқытушының қабілетіне, білім деңгейіне, ұйымдастыра білу жолына байланысты болады. Әр сабақта, шығарманың тақырыбын меңгерту барысында оқытушы алдына қойған мақсаты мен шеберлігін ұштастыра отырып түрлендіріп отыруға тиіс.

Мұғалім мамандығы – ең қарапайым және ең ұлы мамандық. Себебі, бала тәрбиесіне берілетін ізгі қасиеттердің барлығы да педагогтің жан жылуы, тырнақтап жинаған білімі мен білігі арқылы тарап жатады. Балабақша балдырғандары, мектеп оқушылары немесе жоғары оқу орнының студенттері болсын барлығы да - бала бағбаны үшін күннің көзіне ұмтылған, сәулелі шуаққа арқасын тосқан, нәрлі сусын іздеген жас өскін. Жас шыбықтай бұлғақтап, заманына қарай бой түзеп кележатқан жастардың білім негіздерін, ұлттық құндылықтарды игеруіне ықпал етіп, мұрындық болатын педагог қауымға бүгінгі таңда артар жауапкершілік жүгі зор. Бұл жауапкершілікті кез-келген оқытушы жан жүрегімен сезінеді, қиналады, ізденеді, балаларын қолдарына сеніп тапсырған ата-аналардың үмітін ақтағысы келеді. Жауапкершілік – оқытушының үздіксіз ізденісіне әкеліп тірейді.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша білім беру бағдарламасы негізінде Кембридж университетінің оқытушы-тренерлерінің іс-тәжірибелері мен үшін жаңа қадам болды. Оқытушының кәсіби біліктілігін жетілдіруге зор ықпалын тигізеді. Әдебиетті оқыту әдістемесін тәжірейбе ретінде көрсете отырып, осы салада өнімді еңбек еткен Б.Әрінованың еңбектерін жетекшілікке алдым [119].

«Қазақ әдеби сынының тарихы» пәні бойынша семинар сабағын жүргізу барысында топпен жұмыс жасаудың тақырыпты ашуға ықпалы зор екендігі байқалды. Сабақтың тақырыбы - «Қазақ әдебиетіндегі сыншылдық ойлардың негіздері» деп аталды. Біз сабақ барысында оқу

тобымен бірлесе отырып, топтық жұмыстар жүргіздік. Топтық жұмыс арқылы студенттің сабақтағы белсенділігін, бастамашылдығын, ынтасын арттырамыз. Алға қарай ұмтылыстарын, ізденістерін арттырып, өздеріне деген сенімдіктерін күшейтеміз. Бұрынғыдай студент тек оқытушының бағасына ғана тәуелді болмай критерийлер, өзін-өзі, өзара бағалау жүргізу арқылы шындыққа ұмтылып, шыншылдыққа тәрбиеленеді. Топтық жұмыста оқытушы мен студент арасында ынтымақтастық жағдайы орнап, студенттер бірін-бірі тыңдауға, оқытушыға құрметпен қарауға, өзіндік жұмыс жасап, өзінің пікірін ашық айтуға дағдыланады. Топпен жұмыс сабағын төмендегі мақсаттарды жүзеге асыруға сәйкес даярлау қажет деп есептедім:

1. Оқытушының сабағының жүргізілуі студенттер үшін барынша оңтайлы болып құрылуын назарда ұстау, студенттердің топтағы жұмыста өздерін еркін ұстауына жағдай жасау.

2. Студенттерді бір – бірін бағалауға, әріптесінің сөзін тыңдай білуге дағдыландыру.

3. Оқытушылар студенттердің топта жұмыс істеу кезінде бастамашылдық көрсетулерін, өз пікірлерін еркін айтуға, көшбасшылық жасап, жанындағыларға дұрыс ықпал жасай білулеріне бағыт беруге дағдылануы.


Сабаққа қатысушыларды топтарға бөлу үшін «Жемістер» атты ойын түрі қолданылды, сол бойынша олар топтастырып отырылғызды. Содан соң үш топқа мынадай тапсырмалар берілді: 1-топ. «Әдеби сынның жүйелері»; 2-топ. «Қазақ әдеби сынының тарихы»; 3-топ. «Сынның қоғамтанудың түрлі салаларымен тығыз байланыстылығы». Әр топқа тапсырма бойынша постерлер толтырып, презентация жасау тапсырылды.

Фото№1. Жанындағыларға дұрыс ықпал жасай білулеріне бағыт беруге дағдыланады.



Келесі тапсырма жұптық жұмыс түрі болды. Топтағы студенттер интерактивті тақтаны, АКТ-ны пайдаланып, тақырыпты ашу керек. «Халықтық эстетика», «Ағартушы-демократтардың әдеби-сыншылдық ойлары», «XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзі және әдеби сын». Топтың ішінен жұптар өздерінің жобаларын қорғады.

Фото№2. Дәлелдемелер.



Сабақ соңында студенттерге бағалау парағын толтыру ұсынылды, онда өздерінің осы сабақ бойынша түсінгендерін, жұмыс түрлерінде қандай нәтижеге қол жеткізілгендігі туралы жазып берулерін өтінілді. Бағалау парағынан:

«Топтық сабағындағы мақсаттар сіздердің сұраныстарыңызды қанағаттандыра алды ма?» - деген сұраққа студенттер: «Бағалау әр студенттің білімін, түсінігін және сенімін арттыруға себебін тигізеді және осы бағалау нәтижесінде студенттердің білім деңгейлері көтеріледі»- деп жауап жазыпты. Осы жауаптардан мен сабақтың бір мақсатының орындалғанына көз жеткізе алдым.

- **Фото№3. Ойлау дағдылары жетіледі.**



Формативті бағалау интерактивті оқытудың құрамды бөлігі, онда:

- топта ұжымдық талқылау енгізіледі;
- ойлау дағдылары жетіледі;
- студенттердің сұрағына жауап беретін орта қалыптасады;
- студенттердің өз білімдерін жетілдіре алатындықтарына сенімділіктері артады.

Бастапқы талқылауда әзірленген жоспар:

Сабақтың мақсаты	Қалыптастырушы деректер жинау
Сабақ берудің дәстүрлі әдісі арқылы тақырыптың түсініктілігін студент жауаптары арқылы қамтамасыз ету.	Студенттердің жауаптарын тыңдай отырып сабаққа деген қызығушылықтарының төмен екенін білдім. Мен тек баяндау әдісін қолдандым. Студенттерді сабаққа толық тарта алмадым. Сабақ соңында 7 студент қана бағаланды.

Тәжірибеде қолданғаннан кейінгі жоспары

Сабақтың мақсаты	Күтілетін нәтиже	Деректер жинау
Қазақ әдебиетіндегі сыншылдық ойлардың негіздерін білу	Студенттердің топтық жұмыс арқылы ұйымшылдық, адамгершілік қасиеттері артады. Пікірлерінің, ойларының құндылығын түсінеді. Ойлау логикаларының дамыту үшін топтасып жұмыс жасауға үйренеді. Критерий арқылы бағалау кезінде өздерінің көшбасшылықтарын көрсете білуге дағдыланады, студенттердің ынтасы, жігерлері артады.	Студенттердің сабаққа ынталарының артқанын «Әдеби сынның жүйелері»; «Қазақ әдеби сынының тарихы»; «Сынның қоғамтанудың түрлі салаларымен тығыз байланыстылығы» туралы ой-пікірлерін жарыса отырып айтқанынан байқауға болады. Дебат бойынша өз пікірлерін қорғап, тіл ұшқырлықтарын өрсете білді. Барлық таптар өздерінің постерлерін шын ынта-жігерлерімен жасап, оны қорғағандарын, әсіресе бағалау кезінде белсенділік, бастамашылдық, көшбасшылық көрсетіп, қарсы топтағы студенттерге пікірлерін ашық айта отырып, бағалау жүргізді.

Жаңа тақырыпты меңгеру барысында барлық топтар өз белсенділігін танытқанмен, жұптық тапсырманы орындауда әртүрлі деңгей көрсетті [120]. Білімгерлердің бағалануы берілген бағалау парағы бойынша іске асты.

Бұл дәрістерде жаңа білім проблемалық сұрақтар, тапсырмалар немесе жағдаяттар арқылы берілді. Студенттердің оқытушымен ынтымақтастық пен диалогтағы танымдық үдерісі зерттеушілік қызметке жақындады. Проблеманың мазмұны оның шешімін табу жолдарын ұйымдастыру немесе дәстүрлі және заманауи көзқарастарды салыстыру, талдау арқылы ашылды.

«Қазақ әдеби сынының тарихы» пәні бойынша жүргізілген «Баспасөз және сын» атты семинар сабағында 1 топ «Түркістан уалаятының газеті», 2 топ «Дала уалаятының газеті», 3 топ «Айқап» журналы» деген тақырыптар алып, топтаса жұмыс жасады [119]. Топтық жұмыс жасауға 10 минут уақыт берілді.

Әр топқа постерлер таратылды және белгіленген уақыт аяқталған соң, бір-бірлерінің постерлерін оқып, стикерлерге өз пікірлерін жазып, жабыстырды. Бұл үдеріске 7 минут уақыт бөлінді. Топтар презентация жасады және пікірлердің келіспейтін жерлеріне қарсы уәждерін айтып, дәлелдер келтірді. 1 топ студенттері берілген жақсы бағалауларға: «Біз соншалықты тақырыпты дұрыс аша алдық па? Бұл, шын мәнісінде, шындыққа жанаса ма?» деген қарсы сауалдар қойды. Бұл іс-әрекеттерден топ студенттерінің жазылғанның немесе айтылғанның барлығына сене бермейтіндігін байқадым.

Сын тұрғысынан ойлаудың келесі бір идеясы – адамдардың өздері айтқан тұжырымдарын дәлелдеуін өтінуді білдіреді. Ал, 3 топ студенттері «Айқап» журналына шыққан сыни мақалаларды талдауда: «Қате. Сыни мақалаларды талдауда мағыналық тұрғыдан дұрыс ашылмаған» деген пікірлерге қарсы дәлелдемелер айтып, келесі сабақта сілтемелер арқылы әдебиеттерден тауып, көрсетіп, дәлелдерін нақтылап, өздері айтқан тұжырымдарының дұрыстығына келесі топтағы студенттердің көздерін жеткізді.

Сын тұрғысынан ойлау – жақсы сұрақтарды тұжырымдау дегенді білдіреді. Сабақ барысында: «Баспасөздің алғашқы қарлығаштары» деген сөзбен келісесіз бе? Қалай ойлайсыз?», «Айтылған идеяларға қосыласыз ба? Қосылмасаңыз неліктен?», «Басылымдардан сынға нақты қатысы бар мақалаларды кездестірдіңіз бе? Кездестірмесеңіз не себепті?» сияқты тапқыр қойылған сұрақтарды қорытып, ойларын тұжырымдайды.

Сабақ басталмас бұрын студенттерге қойылған түрлі сұрақтар арқылы қызығушылықтары оянды. Мысалы, «Сын» сөзінің мағынасын қалай түсіндірер едіңіздер?, Аударма шығармалар жайлы на айтасыз?, Газеттің қазақ тіліндегі негізгі шығарушылары, әрі аудармашылары кімдер? Газет бетіндегі мақалалар хақында не айтасыз?» деген сұрауларға ойланды. Дәлел ретінде ассоциация құрды, мағыналы жауаптар берілді, сарапқа салынды, ми шабуылы жасалды. Осылайша сабаққа деген қызығушылықтары артты.

Әр жұпқа газет бетінде жарияланған сыни мақалаларға талдау жасауды ұсындым. Уақыт-8 минут. Студенттер талдап болғаннан кейін, өткен тақырыппен салыстыра отырып тұжырымдады. Мысалы, «Венн диаграммасы» арқылы баспасөз беттеріндегі сыни мақалалардың, ойлардың ортақ ұқсастығын, айырмашылығын шеңберлерге толтыра отырып салыстырды, дәлелдеді, талдады, тұжырымдады.

«Сын тұрғысынан ойлау» модулінің мағынаны тану кезеңі бойынша түртіп алу стратегиясымен жұмыс жасалды. Бұл кезде студенттер мәтінмен жұмыс жасады. Мәтінді оқыды, содан соң постерге «-Білемін, - Білмеймін, - Мен үшін жаңа» деген бағандар сызып, толтырды. Әр топ бір-бірінің жауаптарын оқып, ойларын толықтырды. Мәтіндерді талдады, түсініксіз сөздермен жұмыс жүргізді. Нені оқу керектігін білді, жоспарлады.

Сөз болып отырған модульдің РАФТ стратегиясы тақырыпты кеңінен талдауға алдын-ала дайындық жұмысы десе де болады. Оған дәлел – әр студент топта құрастыру. Рөлім – студент. Аудитория – депутат. Формасы –

ұсыныс хат. Тақырып – "Дала уалаятының газеті" беттерінде шығыстың классикалық әдебиетінен келген аңыз-әңгімелер, қисса-дастандар».

«Сын тұрғысынан ойлау» модулінің сабақта жүзеге асуы – студенттердің сыни тұрғыдан ойлана отырып ойлауының көрінісі.

Ауқымды білім бастапқы ақпарат көзінің мазмұнын түсінуге көмектеседі. Мені «Сын тұрғысынан ойлау» модулінің стратегияларын сабақта қолдану қандай нәтиже береді, студенттерге бастапқы ақпарат көзінің шығу төркіні туралы ақпаратты олар тапсырманы орындауды бастағанға дейін берудің пайдасы қандай, студенттерге бастапқы ақпарат көзінің шығу төркіні туралы ақпаратты оларға қатысты сұрақтарды құрастырып болғаннан кейін берудің пайдасы қандай және студенттер әртүрлі ақпарат көздерін қолдана отырып, сын тұрғысынан ойлағаны мен қалай біле аламын деген сұрақтар ойландырды.

Аталған сұрақтар шешіміне сын тұрғысынан ойлау модулінің стратегияларын іске асырғаннан соң, яғни сабақта қолданғаннан кейін көз жеткіздім. Өтілетін тақырыпты ашу үшін студенттерге ақпараттан бұрын тақырыпқа қатысты сұрақтарды алдын-ала құрастырып берген тиімді. Себебі берілген сұрақтар төңірегінде студент ойланады, жауап іздейді, ұсыныс жасайды, топпен талдайды, өзгелермен жауаптарын салыстырады, дәлелдейді. Мысалы «Газет бетінде Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясына» кірген бірнеше өлең, әңгімелері» тақырыбында өткен семинар сабағын [119] «Миға шабуыл» стратегиясымен бастадым. Онда: «Ыбырай кім? «Балғожа бидің баласына жазған хаты» да осы газетте басылды ма? т.б. сұрақтар ұйымдастырдым. Сұрақ қою арқылы мен студенттердің ынтасын оятуды, өз-өздерінің білімдерін бағалауды, алған білімдерін дәлелдеуді, өзара талдауды, пікірлерін қорғауға, ойларын толық және ашық жеткізуге қалыптасатындықтарын, ойлануға дағдыланатындықтарын байқадым.

Тақырып аясындағы тағы бір қолданған стратегия – «Ойтолғау», яғни «Эссе». Бұл стратегия бойынша тапсырма 3 топқа берілді. 1-топқа «Мен егер сыншы болсам..»; 2-топқа «Мен ауыз әдебиетінің үлгілерін жинасам...»; 3-топқа «Мен егер аудармашы болсам...» деген тақырыптар ұсындым. Осы тақырыптар аясында ойланып, ойларын қағазға түсіру үшін 10 минут көлемінде уақыт бөлдім. Студенттер өздері жазған ойтолғамдарын тақтада ілініп тұрған постерге жабыстырды. Оқытушы тарапынан бір-бірінің ойтолғамдарын оқып шығу үшін 7 минут уақыт белгіленді. Олар үш тақырыпта жазылған ойтолғамдарды оқып, тұстарына стикерге жазылған пікірлерін жабыстырып кетті. Осылайша бір-бірінің жазбаларын оқып шықты. Келесі тапсырма – жазылған ойтолғамдарға өз пікірлерін білдіру. 5 минут уақыт берілді. Стикерлерге пікірлерін жазып, әр ойтолғамдардың тұсына жабыстырып кетеді. Әр студент өздерінің ойтолғамдарына берілген пікірледі оқиды, өзара ой бөліседі, пікірлеседі. Осылайша өз жазғандарына сыни көзқараспен қарауға үйренеді. «Ойтолғау» стратегиясын әдебиет сабағында пайдаланудың тиімділігі басым.

Сын тұрғысынан ойлауға үйренуде сабақта «жәрмеңке» ойынын пайдалануға болады. Бұл ойын түрі студенттердің шығармашылығын арттыруға, жазған туындыларының құндылығын бағалауға, талдамаларының сауаттылығына, ғылымилығына назар аударуларына, ізденіске, сыншылдыққа жетелейді. Мысалы, «Ш.Уәлихановтың 60 жылдығына орай жазылған мақала», «Қазақтың ұлы ақыны Абайдың өлеңінің алғаш рет осы газет бетінде жарық көруі», «Газетте қазақ ауыз әдебиетінің үлгілері тұрақты орын алуы», «Газеттің қазақ тіліндегі негізгі шығарушылары, әрі аудармашылары Дінмұхамед Сұлтанғазин, Асылқожа Құрманбаев, Рахымжан Дүйсенбаев туралы мәліметтер» сынды тақырыпты негізге ала отырып өлең, зерттеушілікке, ізденуге, өзіндік сыни ойларын қалыптастыруға жетелейтін тапсырмалар бердім. Уақыт – 7 минут. Ілінген жұмыстарды оқып шыққаннан соң, ұнаған туындылар мен талдамалар жайында пікірлесіп, бір-бірінен білгілері келген тұстарын сұрап, еңбекті саудалап, сатып алады. Сол құнды жұмыстарды қарап, алдағы уақытта озық үлгі ретінде пайдалануға бір-бірінен рұқсат алады.

«Сын тұрғысынан ойлау» модулінің стратегияларын сабақтарда қолданғанда мен өз тарапымнан түрлендіріп отырамын. Бұл жағдайда сын тұрғысынан ойлауды қалайша барынша тиімді дамытуға болатыны және оны дамытуда тәжірибенің рөлі қандай екендігі туралы сұрақ туындайды. Демек, барынша сын тұрғысынан ойлауға ниеттенген ойшыл болу үшін, әркім сапалы логикалық пайымдау деген түсінікке не жататынын түсінуі керек және сапалы пайымдауды қолдану мен қарастыруға қатысты міндеттемелері болуы керек. Мұндай түсінік үшін қажетті білім қарастырылатын мән мәтінге қатысты салалық білімді, жалпылама және мамандандырылған салалар бойынша дәлелдемелер мен зерттеулердің қағидаттары мен стандарттарын білуді, сын тұрғысындағы түсініктерді білуді және тиісті стратегиялар мен эвристиканы білуді қамтиды [126, 48].

Сын тұрғысынан ойлауға ниеттенген ойшыл болу үшін қажетті ақыл-ой дағдыларының түрлері, міндеттемелер мен сезімталдық, әділдік, бейтараптық, шындыққа ұмтылу, талаптану, сондай-ақ жоғары сапалы өнімдер мен әрекеттерге құрметпен қарау сияқты қасиеттерді қамтиды. Демек, сын тұрғысынан ойлауды тәрбиелеу осы сияқты білімдер мен міндеттемелерді дамытуды қамтитын болады. Сондай-ақ ол студент тарапынан орындаудың белгіленген критерийлеріне сәйкес өз білімін жетілдіруге ұмтылуды, жиі кері байланысты және ойлаудың сапасына қатысты бағалауды қамтиды.

3.2 Әдеби сынды интерактивті оқытудың моделі

Профессор Ж.Дәулетбекованың: «Жаңа заман талабына сай құзыреттіліктерді қалыптастыру, жоғарыда айтылып өткендей, пән мақсаты мен білім нәтижесін жалғастырушы компоненттерге – білім мамұнына, оқыту түрлері мен әдіс-тәсілдеріне тікелей қатысты. Бұл, әрине, қазіргі өркениетті

елдер тәжірибесінде кең өріс алып отырған білім берудің жаңа моделіне – Нәтижеге бағдарланған білім моделіне - сәйкес келетін оқыту технологияларын таңдай алумен байланысты шешіледі» [125, 174], – деген пікіріне қосыла отырып, әдеби сын мен оның тарихын ЖОО-да оқытудың заманауи әдістерінің модельдеріне тоқталамыз.

Аталған жұмыста ұсынылған ғылыми зерттеу инновациялық технологиялар негізінде 5B011700-қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша студенттердің кәсіби-әдеби құзыреттіліктерін қалыптасуындағы педагогикалық технологияларды жасауда практикалық материал бола алады.

Бүгінгі таңда мемлекет көшбасшылары өз сөздерінде инновация тақырыбына үнемі тоқталады. Қазақстанда және ТМД елдерінде инновация мәселелері көптеген жылдардан бері негізінен ғылыми-техникалық прогресстің экономикасы аясында зерттеліп келеді. «Инновация» («жаңа ендіру») ұғымының өзі латын тілінен енген – жаңа деген мағынаны білдіреді және екі мағынада қолданылады:

- 1) Қандай да бір қызметке жаңашылдық ендіру үдерісі.
- 2) Шығармашылық қызметтің соңғы нәтижесі, ол жаңа немесе жетілдірілген, еңбек нарығында немесе практикалық қызметте қолданылатын жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үдерісте жүзеге асатын өнім түрі.



Инновацияның қажеттілігі сыртқы себептермен де анықталады, ол мынадай бірқатар себептерге байланысты: адамдардың мұқтаждылығын қамтамасыз ету қажеттілігі, білім алушылардың білімге, дағдыға, шеберлікке деген ұмтылысы, жоғары сапалы білім алудағы жеке тұлғаның дамуы. Демек, жаңалықтың ену қажеттілігі білім алуға деген конъюктураның (бір нәрсеге әсерін тигізетін жағдайлардың кездесуі) мұқтаждығынан пайда болады.

В.Л. Аношкина кесте, сызбаларда көрініс табатын немесе жан-жақты сипатталған жаңа идеялар қандай-да бір салада қолданылмаса, өз тұтынушысын

таппаса, онда бұл идея жаңашыл идея болудан қалады деп атап өткен болатын. Осы айтқандар негізінде төмендегіді айтуға болады.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ	
ОҚЫТУ МОДЕЛІ	
ӘДІСТЕР МЕН ФОРМАЛАР	ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ
Оқытушының тұлғалық ерекшеліктері (түйсік, өзін ұстау мәнері, мимика, ым, қарым-қатынас т.б.)	
Педагогикалық шеберлік	

Қазіргі білім беру кеңістігі педагогикалық үдерістің инновациялық және дәстүрлі екі типін ажырататындығы белгілі. А. Тоффлердің пікірінше, осы қарам-қайшылықтан құтылу қиын, өйткені, дәстүрлі оқу үдерісі индустриялық өндірістің ерте кезеңіндегі еңбекті ұйымдастырудың конвейерлік іздерін сақтап қалған.

Инновациялық білім жаңа білім мен ақпаратты қоғамның инновациялық динамикасына негіздейді.

Инновациялық білімнің негізгі белгілері:

- антропоцентризм
- өзін-өзі басқару
- кәсібилік

Инновация – жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс деген ұғымды білдіреді. Инновация үрдіс ретінде әлде бір жаңалықты ендіру деген сөз.

Педагогикалық үрдісте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнына, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді.

Инновацияны негізгі критерийі ғылыми педагогикалық тәжірибеге де баға беруде басшылыққа алынатын жаңашылдық деп білеміз. Сондықтан инновациялық үрдіске араласқысы келетін мұғалім қолға алған жаңалығының мәнін, оның жаңашылдығының деңгейін анықтап алуы тиіс.

Инновациялық үрдістің бірнеше деңгейін бөліп көрсетуге болады. Олар: абсолютті, локальді – абсолютті, шартты, субъективті, танымалдық деңгейі және қолдану аймағы бойынша.

Критерийлер жүйесіндегі оптималдық нәтижеге қол жеткізуге мұғалім мен оқушының жұмсаған күшінің шығыны мен қолданған тәсілінің тиімділігін айқындайды. Әртүрлі мұғалімдер әртүрлі еңбек жағдайымен бөлек оқушылар ортасында бірдей жоғары нәтижеге қол жеткізеді. Оқу үрдісіне педагогикалық инновацияны енгізіп, барынша аз дене, ой еңбегін және аз уақыт жұмсап жоғары нәтижеге қол жеткізуінің оптималдығын білдіреді.

Нәтижелік инновацияның критерийі ретінде мұғалім қызметіндегі оң нәтижелердің барынша тұрақтылығын білдіреді. Өлшемдегі технологиялық, нәтижені бақылау мен белгілеудегі түсіну мен баяндаудағы тұтастық бұл критерийді, жаңа әдістің маңыздылығын, оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдерін бағалаудың басты құралына айналдырады.

«Адам ұрпағымен мың жасайды», - дегендей, ұрпақ тәрбиесі қай кезде де халықтық мәселе болған. Дарындылар мен қабілетті тұлғалар әрқашан да аса жоғары бағаланғаны тарихтан белгілі, сондықтан қазіргі оқу орындарының алдында тұрған аса маңызды міндет — талабы таудай жеке тұлғаны өсіріп, тәрбиелеп шығару.

Соңғы жылдары педагогикада практиканы және жұмыс әдістерін қайта құру жүргізілуде, атап айтқанда педагогика теориясына елеулі өзгерістер жасалып, білім беру мазмұны жақсарып, білім беру құрылымында жаңа технологиялар енгізілуде. Модульдік технология дамыта оқыту идеясына негізделген, оның мақсаты - оқушының өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту, оқу материалын өңдеудің жекелеген тәсілдері арқылы жұмыс істеуге үйрету.

Модульдік оқытудың өзегі - оқу моделі. Оқу моделі - ақпараттардың аяқталған блогынан, оқытушының нұсқауларынан, білім алушы іс - әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады.

Модульдік оқыту - білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдісі мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар жоғары оқу орындарында оқытудың пассивті әдісі емес, белсенді және интербелсенді әдісі мен түрі кең таралуда. Дидактикалық үдерістегі студенттердің қарым - қатынас мәдениетінің деңгейін жоғарлатуға деген қажеттілік білім алушылардың өздері оқып жатқан пәнге деген қызығушылығын ынталандыратын танымдық белсенділігін жоғарылатудың қажеттілігін анықтады. Бұл міндеттерді шешуде оқытудың интербелсенді тәсілдері мен түрлері көмектесе алады. Оқытудың мұндай түрлерін пайдалануды оқытудың әртүрлі кезеңдерінде қолдануға болады. Мұндай сабақтарда студенттер әрқашан қызығушылықпен жұмыс істейді.

Қазірде кең қолданылатын оқытудың пассивті моделінде, оқытушы- негізгі тұлға, ал студенттер – пассивті тыңдаушылар. Оқытушының студенттермен байланысы сұрақ-жауап жүргізу (модульді бақылауда – МБ, сынақ, емтихан), бақылау және үй жұмыстарын тексеру арқылы жүреді. Оқытудың мұндай әдісі толықтай жоққа шығаруға болмайды, өйткені бұл әдістің бірқатар артықшылықтары да болды:

- сабақтарға әдістемелік тұрғыдан дайындалуға көп уақыт кетпейді, дәріс көспектілері, жаттығулар, лабораториялық жұмыстар және т.б. дайын беріледі, студентке көптеген оқу материалын ұсынуға мүмкіндік бар;

- егер студенттің нақты мақсаты болса, меңгеріп отырған пәніне ынтамен қараса, студент кең көлемде білім алады.

Осы белгілерімен байланысты оқытудың пассивті әдісі оқу үдерісінде кең таралған.

Оқытудың белсенді моделі оқытушы мен студенттің өзара әрекеттестік қарым- қатынасына негізделген, яғни олар оқу үдерісінің белсенді қатысушылары болып табылады.

Оқытудың интербелсенді моделі тек қана студенттердің оқытушымен өзара әрекеттестік қарым- қатынасына ғана емес, бір- бірімен өзара әрекеттестігіне құрылған. Оқытушының рөлі студенттердің қызметін сабақ мақсатына жетуге бағыттаудан тұрады. Сабаққа топ студенттерінің барлығының қатысуы міндетті. Әрбір студент өзіндік үлес қосады, жұмыс барысында білім, идея, әрекет тәсілдерімен алмасады. Проблемалық жағдаятты шешу миға шабуыл тәсілін қолдану арқылы шешіледі.

Оқу орындарында жүргізіліп жатқан қазіргі тәжірибелік - сынақ жұмыстардың басты міндеті жаңаша оқытудың педагогикалық технологиясын оқыту үрдісіне енгізу болып табылады. Педагогикалық технология білім алушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметінің, іс -әрекетінің жүйелі дамып, отыратын жобасы ретінде білім алушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, білім алушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді. Сабақ - оқытуды ұйымдастырудың негізгі түрі. Демек, әрбір сабақ -оқу үрдісіндегі шешуші буын, сондықтан ол - оқытуды жетілдіру, қажетті түрлендірулер мен мақсатты нәтижеге жетуді ойластыратын орталық, сонымен бірге жоғары шеберлікті үнемі қажет ететін, дамуды керек ететін, даму үстіндегі сапалы оқуды іздестіретін үрдіс. Осыған орай, оқыту барысында әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, тәжірибеге енгізілуде, олар :

- Іскерлік ойын технологиясы ;
- Мәселелік және интеграциялап оқыту;
- Шаталовтың қарқынды оқытуы;
- Дьяченконың ұжымдық технологиясы;
- Эрдниевтің блоктап оқытуы;
- Деңгейлеп оқыту;
- Модульдеп оқыту;
- Дамыта оқыту технологиясы және т.б.

Ал енді жоғарыда айтылған оқытудың педагогикалық технологияларын оқу - тәрбие үрдісіне біртіндеп енгізетін болсақ, онда білім сапасын арттыруға, білім алушылардың дамуына бақылау жасауға, оған сәйкес бағалауға, басқару тиімділігін жетілдіруге мүмкіндік болатыны дәлелденіп отыр. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – білім алушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Оқытудың инновациялық әдістері бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиетті зерттей отырып, біз ӘС оқытудың интербелсенді моделін жасадық, біздің

ойымызша, қазіргі таңда бұл әдіс студенттерді оқыту мен олардың бойында кәсіби әдебиеттанушылық жұмыстар мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді.


1 кесте. ӘС оқытудың интербелсенді моделі

Әдеби сын							
	Білім		Талдау			Синтез	
1 модуль	Қазақ сынын ың негізде рін білу	Қазақ әдебиетінд егі сыншылды қ ойлардың негіздері. ҚӘС туралы жалпы түсінік	Презентация				
	ӘС тарихы н білу	Әдеби сынының тарихы. Әлемдік әдеби сын тарихы	Презентация				
	Білу Қазақ әдеби сынын ың қоғамд ық ой- пікірде алатын орнын	Қазақ әдеби сынының зерттелу тарихы	Мәселелгі				
		Қазақ әдеби сынының қоғамдық ой-пікірде алатын орны	Мәселелгі деріс				

2 модуль	ӘС ұлттық эстетикалық негіздерін білу		ӘС ХІХ ғ. әдеби процесін құраушы ретінде қарастыру	Шоқан, Ыбырай, Абайдың эстетикалық көзқарастары	тренинг		
	Әдеби сынның негізгі бағыттарын білу		Әдеби сынның негізгі бағыттарын және оның көрнекті қайраткерлерін қарастыру	19-ғасырдың аяғы мен 20-ғасырдың басындағы қазақ баспасөзінің дамуы	Топтық пікірталас		
	1930 ж. әдеби бағыттарды білу		Әдеби сынның әдебиет тарихымен өзара байланысын анықтау	Қазақ әдеби сыны және зерттеу. 1930-шы жылдардағы көркем әдебиет ұйымдары	Дөңгелек үстел		
3 модуль	ӘС соғыстан кейінгі кезеңдегі негізгі жетістіктерін білу		Отандық әдебиет теориясының қалыптасуы мен дамуындағы ӘС маңызын анықтау		Қазіргі заманғы автордың оқулығына өз бетінше рецензия жазу	Соғыстан кейінгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің дамуы	Мина шабуыл
	Кеңестік дәуірге ӘС білу		Әдеби бағыттардың қалыптасуындағы әдебиеттің рөлі		Қазіргі заманғы автордың кітабын	Кеңестік дәуірдегі қазақ	Кейс-стади

					а сыни мақала жазу	әдеби етін зертте у	
	Тәуелсіздік кезеңіндегі ӘС білу		Тәуелсіздік кезеңіндегі ӘС негізгі беталысын анықтау		Жаңа әдебиеттанымдық парадигма туралы пікірталас	Тәуелсіздік жылдарындағы поэзияға сыни көзқарас	дебаттар

Біз құрастырған ӘС оқытудың Интербелсенді моделінің критерийлері: білім, талдау, синтездеу болып табылады, бұл студенттердің құндылықты қарым-қатынасы мен мұғалімнің тұлғасы, әдеби құзыреттіліктердің қалыптасуы, оқу пәніне деген қарым –қатынасты сипаттайды.



1-сурет. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің әдебиеттанымдық және кәсіби құзыреттіліктерінің қатынасы.

Әдебиеттанымдық құзыреттілік дегеніміз, біздің ойымызша, мәтінді интерпретациялаудағы ғана емес, сондай-ақ, оның әдістемелік бағытын

анықтай білудегі біліктілік (бұл білім беру цикліндегі мамандықтар үшін аса маңызды).

Сонымен, әдебиеттанушылық құзыреттілік әдебиеттануға қатысты білімдердің жиынтығы, солардың негізінде қалыптасқан көркем шығармаларды өз бетінше талдай білу біліктілігі.



2-сурет.

Осылайша әдебиеттанушылық құзыреттілік әдебиеттануға қатысты білімнен және солардың негізінде қалыптасқан көркем туындыларды өз бетімен талдау білігінен тұрады.

Критерийлер және көрсеткіштер сипаттамасы негізінде әдебиеттанушылық құзыреттіліктің қалыптасуының үш деңгейін көрсетуге болады: жоғары, орташа, төмен.

Әдебиеттанушылық құзыреттіліктің жоғары деңгейі әдебиетке деген құндылықты қарым-қатынасты, теориялық білімді ұғынудағы құзыреттілікті, сұрақ-тапсырмаларды орындаудағы шығармашылық тәсілдерді меңгерудегі белсенділік, кез келген жағдайда өз білімін жүйелі және нақтылы жүзеге асыра білумен сипатталады.

Әдебиеттанушылық құзыреттіліктің орташа деңгейі әдебиетке деген құндылықты қарым-қатынастың жеткілікті қалыптаспауы, теориялық және практикалық білімдегі корреляцияның жетімсіздігі, сұрақтар мен тапсырмаларды орындаудағы келіспеушілік, белгілі жағдаятта біліктілігін іске асыруға дайын болудан анықталады.

Әдебиеттанушылық құзыреттіліктің төмен деңгейі ғылыми әдебиеттерде эмприкалық, қарапайым деңгей ретінде анықталады. Оқушылар теориялық білімді толық меңгермейді, практикалық білімі жеткіліксіз. Мұндай оқушыларда әдебиетке деген қызығушылық төмен болады, олар теориялық білімді меңгеруге, біліктілігін жетілдіруге талпынбайды. Олардың іс-әрекеті интиуитивті, сұрақ-тапсырмаларды біреудің көмегімен орындайды. Тапсырмалар жүйесін құрудың теориялық негізі оқушылардың оқу әркетін ұйымдастырумен байланысты деп есептейміз. Бұл мәселенің маңызды құрылымдық компоненттері бірқатар зерттеушілердің (И.Я. Лернер , Н.А. Лошкарева, Д.В.Татьянченко , С.Г. Воровщиков және т.б.) пікірінше, жалпы оқу біліктілігін төмендегідей топтарға жіктеуге негіз болады: оқу-ұйымдастырушылық, оқу-интеллектілік, оқу-ақпараттық және оқу-қарым-қатынастық. Сонымен, біз тапсырмалардың төрт тобын анықтаймыз: оқу-ұйымдастырушылық біліктілігін дамытуға арналған тапсырмалар, оқу-интеллектілік біліктілігін дамытуға арналған тапсырмалар, оқу-ақпараттық біліктілігін дамытуға арналған тапсырмалар, оқу-қарым-қатынастық біліктілігін дамытуға арналған тапсырмалар.

3.2 ӘС оқытудың интербелсенді моделі арқылы әдебиеттанымдық құзыреттіліктерді қалыптастыруды эксперименті

Инновациялық білім беру – бұл түрлі жаңа педагогикалық технологияларды қолдану арқылы оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық және педагогикалық мақсаттарын іске асыру процесі. Сондықтан да бүгінгі таңда оқытушылардың алдында тұрған басты міндет: табысты және тиімді әрекетке дайын, өзінің ашық пікірін білдіре алатынғ сонымен қатар қоғамдағы өзгерістер мен жаңалықтарға тез бейімделетін, өз елінің дамуына үлес қосуға атсалысуға дайын, азаматтық ұстанымы жоғары, танымдық құзыреттілігі айқын тұлға қалыптастыру.

ТҰЛҒАНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кәсіби қасиеттері	Қалыптасуы мүмкін сабақ кезеңдері
Ұйымдастырушылық, тәртіптілік	- сабаққа дайындық кезеңінде; - сабақтың барлық кезеңінде
Ұқыптылық, жауапкершілік, зейінділік, дәлдік	- жаңа тақырыпты игеру кезеңінде; - ауызша және жазбаша жауап беру кезеңдерінде
Қарым-қатынас мәдениеті, байланысқа бейімділігі	- оқытушымен және студенттердің өзара қарым-қатынасы кезінде

Өзіне және өз күшіне сенімділік сезімі	- тапсырмаларды орындау кезінде; - сабақтың барлық кезеңінде
Шығармашылық көзқарас, ұтқырлық, қисынды ойлау, мейірімділік	- сабақтың барлық кезеңінде.
Логикалық ойлау	- күрделі сұрақтарды қарастырғанда
Талдай білу және жалпылау	- тапсырмаларды орындауда
Этикалық мінез-құлық нормалары	- сабақ барысында

Филология саласы мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттердің кәсіби құзырлылығы деңгейін анықтау мақсатында 2014 жылдың қыркүйек айында арнайы сынақ жүргіздік.

XX ғасырдың екінші жартындағы қазақ әдеби сынын оқытудың эксперименттік нәтижелері

- а) *анықтау эксперименті*
- ә) *қалыптастыру эксперименті*
- б) *қорытынды эксперимент*

I кезең (анықтау эксперименті)

Тәжірибелік-экспериментальды жұмысқа Абай атындағы ҚазҰПУ студенттері қатысты. Аталған оқу орны базасында өткізілген зерттеуге 4 курс студенттері, барлығы 20 адам қатысты. Оларды 2 топқа бөлдік. Экспериментальды және бақылау тобындағы студенттердің білімі мен білігін салыстырмалы түрде қарастырдық.


Ескертетін жағдай, бағдарлама бойынша 4 курста әлі «Әдеби сын» сабағы өткізілмеген. Осыған байланысты біз студенттердің Әдебиет теориясына қатысты жалпы көзқарасын анықтауды ұйғардық. Эксперименттің мақсаты мен міндеттері:

- Білім алушылардың әдебиеттанушылық құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау;
- Жаңа технологияларды пайдаланудың тиімділігін зерттеу;
- Жүргізілген талдау негізінде болашақ филология мамандарының кәсіби бағыттағы түрлі әдістерді қолдануларына жағдай жасау;
- Студенттердің кәсіби қызметін белсенділендіру;
- Инновациялық технологияларды кеңінен қолданудың тиімділігіне көз жетізу;
- Функционалды сауатты және бәсекеге қабілетті мамандар даярлау ісіне атсалысу.

Зерттеу жұмысымыздың ғылыми божамын тексеру үшін педагогикалық эксперимент жүргізу барысында «Қазақ әдебиеті» пәніне деген жалпы көзқарастары мен ой-пікірлерін білу үшін арнайы студенттерге берліген мәтінді әдеби тұрғыдан талдау жасау тапсырмасы берілді.

Алдымен бағалау параметрлері анықталды: көркем мәтінді түрлі бағытта талдап оқудағы білім мен біліктілік:

- 1) авторы, оның өмірбаяны, дүниетанымы және қоғамдық позициясы;
- 2) жазушы\ақынның шығармашылығы және оның әдебиетте алатын орны; шығарманы жазу тарихы, жазушы\ақын шығармашылдығында туындының алатын орны мен рөлі;
- 3) шығарманың жазылу дәуірі; дәуірдің тарихи және әдеби контексіндегі шығарманың алатын орны мен рөлі;
- 4) шығарманың эмоционалды-психологиялық ықпалы;
- 5) шығарманың қойған проблемасы, негізгі және қосымша тақырып пен идеяларды алдын ала қалыптастыру;
- 6) конфликтілі жүйе және оның ерекшеліктері;
- 7) мотивтер;
- 8) мәтіннің жанрлық ерекшеліктері;
- 9) шығарма сюжетінің элементтері (пролог, экспозиция, тапсырыс, іс-әрекеттің дамуы, кульминация, эпилог);
- 10) шығарманың негізгі идеясы.




3-сурет.

Алынған нәтижелердің диагностикасы студент-филологтардың кәсіби филологиялық құзыреттіліктің негізі болып табылатын мәтінді

әдебиеттанушылық тұрғыдан талдау технологиясын меңгеруі төмен деңгейде екендігін көрсетті (3-сурет). Сауалнамалар студенттердің әдебиет теориясына деген қарым-қатынасына әсер ететін барлық аспектілерді қамти отырып құрастырылды. Сонымен қатар теориялық - әдебиеттанушылық тапсырмаларды практикада қолдану студенттер үшін қиындық тудырғанын байқатты.

Эксперимент барысында студенттерді теориялық мақалаларды, еңбектерді оқу қызықтырмайтындығы анықталды. Студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде төмендегідей қорытынды жасалды:

Сізге әдебиет сабағы ұнай ма?



4-сурет.

Студенттер әдебиет сабақтарына қызықпайды, шығармаларды оқымайды (4-сурет). Сабақтарда СОӨЖ–ді сұрау әдісі және жаңа тақырыпты түсіндіру жиі қолданылады. Мұндай кемшіліктерді жою үшін не істей керектігі әрбір педагогты толғандыруы тиіс. Себебі ел болашағы жастардың бойында рухани азықтың кемшін болуы, оған деген ынта-ықыласының аздығы қоғамға кері әсерін тигізуі ықтимал. Сондықтан да әдебиет сабағында студенттерді жан-жақты қозғалысқа түсіріп, олардың ішкі ойлары мен толғаныстарын сыртқа шығарып, тіл шұрайлылығын дамыту кезек күттірмейтін мәселе. Төменде көрсетілгендей эксперименттің соңғы кезеңі студенттер арасында әдебиеттанушылық құзыреттіліктің қалыптасу деңгейі айтарлықтай төмен екендігін көрсетті. Алынған нәтижелер проблеманың шешу жолдарын іздестірудің қажеттілігін тағы да дәлелдеді.

II кезең (қалыптастыру эксперименті):

Бұл эксперимент 2014 жылдың қыркүйек айынан 2015 жылдың маусым айына дейін жүргізілді. Бұл кезеңде 4 курс студенттерінің ЭТ «Әдеби сын» курсының бағдарламасы бойынша тәжірибелік-экспериментальды оқыту жүргізілді. Дайындалған модель бойынша сабақтар жүргіздік.

1 модуль.

Сабақ «Қазақ әдебиетіндегі сыншылдық ойлардың негіздері. ҚӘС туралы жалпы түсінік» ақпаратты жеткізуге мүмкіндік беретін ең тиімді тәсіл слайд-презентация қолдану арқылы жүргізілді. Ақпарат көрнекі және тиімді ұсынылды. Бұл таңдалған жолдың тиімділігі берілген тақырып бойынша семинар жүргізілгенде дәлелденді.

«Қазақ әдеби сынының тарихы» пәні бойынша семинар сабағын жүргізу барысында топпен жұмыс жасаудың тақырыпты ашуға ықпалы зор екендігі байқалды. Сабақтың тақырыбы - «Қазақ әдебиетіндегі сыншылдық ойлардың негіздері» деп аталды [119]. Біз сабақ барысында оқу тобымен бірлесе отырып, топтық жұмыстар жүргіздік. Топтық жұмыс арқылы студенттің сабақтағы белсенділігін, бастамашылдығын, ынтасын арттырамыз. Алға қарай ұмтылыстарын, ізденістерін арттырып, өздеріне деген сенімділіктерін күшейтеміз. Бұрынғыдай студент тек оқытушының бағасына ғана тәуелді болмай критерийлер, өзін-өзі, өзара бағалау жүргізу арқылы шындыққа ұмтылып, сыншылдыққа тәрбиеленеді. Топтық жұмыста оқытушы мен студент арасында ынтымақтастық жағдайы орнап, студенттер бірін-бірі тыңдауға, оқытушыға құрметпен қарауға, өзіндік жұмыс жасап, өзінің пікірін ашық айтуға дағдыланады. Топпен жұмыс сабағын төмендегі мақсаттарды жүзеге асыруға сәйкес даярлау қажет деп есептедім:

1. Оқытушының сабағының жүргізілуі студенттер үшін барынша оңтайлы болып құрылуын назарда ұстау, студенттердің топтағы жұмыста өздерін еркін ұстауына жағдай жасау.

2. Студенттерді бір – бірін бағалауға, әріптесінің сөзін тыңдай білуге дағдыландыру.

3. Оқытушылар студенттердің топта жұмыс істеу кезінде бастамашылдық көрсетулерін, өз пікірлерін еркін айтуға, көшбасшылық жасап, жанындағыларға дұрыс ықпал жасай білулеріне бағыт беруге дағдылануы. Алдымен сабақтың педагогикалық мақсаты қойылды:

Интерактивті технология әдісін қолданудың маңыздылығын көрсету

Пікірталас арқылы еркін әрі нақты өз ойын жеткізуді игеру

Көпшілік алдында сөйлеуге дағдыландыру

Білімін көтеру

Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру

Оқытудың түрлі параметрлерін болжау үшін келесі әдістер қолданылды: әңгімелесу, сауалнамалар, пікірсайыс, дербес және топтық бағалаулар, постер қорғау. Оқыту және бақылау жұмыстарының орындалуын талдау.

Сабақтың жоспары мен студенттерді бағалау критерийлері таныстырылды. Сонымен қатар бағалау тәсілі ретінде, яғни бағалауға қазақ халқының ұлттық ойындарының символы асықтар арқылы белгіленетіні жеткізілді. Алтын асық – 5 «өте жақсы»; Күміс асық – 4 «жақсы», Жай асық – 3 «орташа» деген мағынаны білдіретіндігі түсіндірілді.



Формативті бағалау



АЛТЫН АСЫҚ → **ӨТЕ ЖАҚСЫ**



КҮМІС АСЫҚ → **ЖАҚСЫ**



ЖАЙ АСЫҚ → **ОРТАША**



Студенттер талқылауға белсенді қатысты. Сабаққа қатысушыларды топтарға бөлу үшін «Жемістер» атты ойын түрі қолданылды, сол бойынша олар топтастырып отырғызылды. Содан соң үш топқа мынадай тапсырмалар берілді: 1 топ. «Әдеби сынның жүйелері»; 2 топ. «Қазақ әдеби сынының

тарихы»; 3 топ. «Сынның қоғамтанудың түрлі салаларымен тығыз байланыстылығы». Әр топқа тапсырма бойынша постерлер толтырып, презентация жасау тапсырылды. (Қосымша 2).

Келесі тапсырма жұптық жұмыс түрі болды. Топтағы студенттер интерактивті тақтаны, АКТ-ны пайдаланып, тақырыпты ашу керек. «Халықтық эстетика», «Ағартушы-демократтардың әдеби-сыншылдық ойлары», «XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзі және әдеби сын». Топтың ішінен жұптар өздерінің жобаларын қорғады. Оларға төмендегідей талаптар қойылды.



Сабақ барысында жаңа оқыту технологиясы ретінде К.Поппердің «Дебат бағдарламасы» қолданылды. Ол мына қарым-қатынасқа негізделеді: оқытушы – студент бағыты және өте қажеттісі студент – студент. Бұл оқу әдіс бойынша әр студенттің іс-әрекеті, білімі топтың басқа мүшелеріне біліміне тығыз байланысты. Оқытудың бұл түрі шығармашылық ойды, студент пен оқытушы арасындағы қарым – қатынасты қалыптастырады. Көркем шығарманы екі жаққа (бірінші – жақтаушы, екінші - даттаушы) бөлініп талдау арқылы оқытушы төмендегідей нәтижелерге қол жеткізеді: Мәтінді студенттің толық оқып шығуы және өз пікіріне нақты мысалдармен дәлел іздеуі; Сол дәлел мен дәйектемелерге сүйене отырып өз көзқарасын жақтап шығуы; Жүйелі сөйлеуі, сайып келгенде мәдениетті сөйлеуі; Айтылған нәрселерден өз қажетін ала білуі; Шығармаға сын айта білуі; Студентті ой еркіндігіне жетелеу.

Дебатты бастамастан бұрын студенттерге алдын-ала сандықшаға салынған тұсқағаздар таңдауын айтамын. Осы тұсқағаз арқылы даттаушы және жақтаушы топтарға бөліп, сарапшыларды анықталды. Әр топ өздері топ басшыларын сайлады. Топтық ережемен таныстырылды.



Дебат барысындағы студенттердің атқаратын рөлдері төмендегідей бөлінді:

ЛИДЕР/КӨШБАСШЫ (LEADER): Топқа бағыт-бағдар беріп, мақсатқа жетелеп отырады. Соңғы нәтиженің қандай болу керектігін үнемі еске салып, топтың барлық мүшелерінің ой-пікірлерін тыңдайды. Өзінің сезімдерін білдіріп, басқалардың да сездімдерін байқап отырады. Талқылау барысында әрбір топ мүшесінің өз даусы болғанын қамтамасыз етеді. Ұсынылған идеяға байланысты нақтылы фактілер мен анықтамалар беруді сұрайды. **TIME-KEEPER:** Берілген уақыт пен сөз сөйлеу регламентін бақылап отырады. **СПИКЕР (SPEAKER):** Жоба-презентацияны қорғайды. Тыңдаушыларға негізгі идеяны жеткізіп, қойылған сұрақтарға жауап береді. **САРАПШЫЛАР (STATISTICIAN):** Топтың шешімімен қабылданып, мақұлданған ақпарат туралы жазып отырады. Топтың барлық мүшелері ұсынған идеялар мен пікірлер туралы ескертулер мен белгілер жазып отырады. I кезеңде жақтаушы топтың қарар тақырыбы белгіленеді. Жақтаушы топ мүшелерінің даттаушы топ мүшелеріне қарсы сұрақтары 4-сұрақ (5-минут) қояды. II кезеңде даттаушы топтың қарар тақырыбы анықталады. Даттаушы топ мүшелерінің жақтаушы топ мүшелеріне қарсы сұрақтары 4-сұрақ (5-минут) қояды. III кезең бойынша жақтаушы топтың пайымдаулары (5-минут) мен даттаушы топтың пайымдаулары (5-минут), түйін сөздері айтылады. Содан соң пікірсайыс қорытындыланады. Сыншылар өз ой-пікірлерін ортаға салып, қорытынды сөздерін айтты. Сабақ соңында студенттерге жалпы барлық кезеңдер бойынша бағалау парағын толтыру ұсынылды, онда өздерінің осы сабақ бойынша түсінгендерін, жұмыс түрлерінде қандай нәтижеге қол жеткізілгендігі туралы жазып берулерін өтінілді. Бағалау парағынан: «Топтық сабағындағы мақсаттар сіздердің сұраныстарыңызды қанағаттандыра алды ма?» - деген сұраққа студенттер: «Бағалау әр студенттің білімін, түсінігін және сенімін арттыруға себебін тигізеді және осы бағалау нәтижесінде студенттердің білім деңгейлері көтеріледі» - деп жауап жазыпты. Осы жауаптардан мен сабақтың бір мақсатының орындалғанына көз жеткізе алдым.

«Сын тұрғысынан ойлау» модулін сабақ өтуде пайдалану – өтілетін тақырыпты жан-жақты талқылауда, берілген білімді жүйелі меңгеруде, индивидті шығармашылық тұрғыдан дамытуда ықпалы мол. Оны сабақ өту барысында өз тәжірибемнен дәлел ретінде айта аламын. Мысалы, С.Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы» поэмасы. Жалпы қазақ халқы ырым, наным-сенімге сенетін халық. Сол себепті олар аққуды киелі санайды. Аққуды ежелден қастерлеп, бақыттың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, пәктіктің, сұлулықтың белгісі деп ұғады, әрі оған ешқашан оқ атпаған. Аққу турасында ел аузында аңыз-әңгімелер көп, тіпті ақын-жазушыларымыз, әнші-сазгерлеріміз де қарап қалмаған. Мәселен, М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда», Қорқыт бабамыздың, Ықылас Дүкенұлының, Н.Тілендиевтің «Аққу» күйлері, Б.Аюхановтың «Аққу биі» халқымыздың аққуға деген сүйіспеншілігі мен құрметінің дәлелі. Студенттерге постер әдісі бойынша топты 3-топқа бөліп әр топқа тапсырма беремін. *Постер дегеніміз - көпшіліктің идеясын жинақтау әдісі.*



1-ші топтың тапсырмасы «Табиғатты» бейнелеу; 2-ші топтың тапсырмасы «Аң-құсты» бейнелеу; 3-ші топтың тапсырмасы «Адамды» бейнелеу. Топ мүшелері ақын шығармашылығымен байланыстырып постер қорғады. Нәтижесінде: студенттер бір-бірімен пікір алмасып, өз шешімдері арқылы өзгелердің сыни ойлауына жол ашты. Түрлі-түсті фломастер, маркерлерді қолдана отырып, өздерінің шығармашылықтарын арттырды. Постер қорғалмастан бұрын студенттерге ойын ережесі түсіндірілді.



Сын тұрғысынан ойлау түрлі пікірлерді ой таразысына салып, сыни көзқараспен қарауға үйренеді. Сабақта Сәкен Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңінің желісі бойынша сыр сандықтағы арнайы әзірленген хаттарға студенттер жауап береді. Бұл студенттердің сын тұрғысынан ойлауға, ойын дамытуға айрықша әсерін тигізеді, әрі сөздік қорлары молая түсетіндігін байқатты.

Одан кейінгі сабақтар «Қазақ әдеби сынының зерттелу тарихы», «Қазақ әдеби сынының қоғамдық ой-пікірде алатын орны» мәселелі дәріс түрінде өткізілді. «Қазақ әдеби сынының зерттелу тарихы» тақырыбындағы дәрістің проблемалық мәні оқытушының оқу материалын түсіндіру барысында проблемалық жағдаяттарды ұсынуы және оларды талдауға білім алушыларды тарту арқылы жүзеге асты. Проблемалық жағдаяттарда орныққан қарама қайшылықтарды шеше отырып, білімалушылар оқытушы жаңа білім ретінде беретін қорытындыларға өз бетінше келе алады. Бұл жағдайда оқытушы білім алушыны қарым-қатынасқа ендіру үшін нақтылы әдістемелік тәсілдерді қолдана отырып, проблеманың дұрыс шешімін табуға оларды «итермелейді».

Проблемалық лекцияларда студенттер, әсіресе, диалог түріндегі қарым-қатынаста әлеуметтік белсенді позицияда болады. Олар өз пікірлерін айтады, сұрақ қояды, жауаптарды табады және аудиторияға талқылауға ұсынады. Аудитория диалог арқылы жұмыс істеуге жаттықанда оқытушымен бірікен шығармашылық жұмыс тиімді жүреді. Дәстүрлі дәрістер аудитория мен оқытушының арасындағы кері байланысты орнатуға мүмкіндік бермесе, диалог арқылы оқыту мұндай байланысты бақылап отыруға мүмкіндік береді.

Проблемалық сипаттағы дәрістерді жүргізу барысында білім алушылардың таным үдерісі ізденіс, зерттеушілік қызметке жақындайды. Дәрісті

жүргізушінің негізгі міндеті ақпаратты беру ғана емес, сонымен қатар, білімалушыларды ғылыми білім дамуының объективті қарама - қайшылықтарына тарту және оларды жеңу тәсілдерін меңгерту болып табылады. Бұл білім алушылардың ой белсенділігін қалыптастырады, олардың танымдық белсенділігін тудырады (Қосымша 3).

2 Модуль

КӘСІПТІК МОДУЛЬ БӨЛІМІН ИГЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

БҚ	Этика	БҚ -Этикалық қағидалар: кәсіптік этикалық қағидаларды сақтайды, тіл тазалығына, жеке тұлғаның ар-намысы мен абыройына құрметпен қарау;
БҚ	Коммуникациялар және топта жұмыс	БҚ - Коммуникативті дағдылар: ұжымдағы іскерлік, тілектестік және өзара қарым-қатынасты, ынтымақтастықты орната білу, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау;
КҚ	Әдебиеттанымдық құзырет	КҚ - белгілі жағдаятта біліктілігін іске асыруға дайын және шығармаларға сын пікірін білдіре алу; КҚ- сұрақ-тапсырмаларды орындаудағы шығармашылық тәсілдерді меңгеруде белсенділік таныту, кез келген жағдайда өз білімін жүйелі және нақты пайдалана білу

Жоғарыда көрсетілген бойынша сабақ барысында кәсіптік бөлім модулін қолдану нәтижесі арқылы қазақ әдеби сынын оқыту тәсілдері мен әдістері студенттердің базалық (БҚ) және кәсіптік (КҚ) құзыреттіліктерін игеруге болатынын көрсетті.

Сабақ барысында «Шоқан, Ыбырай, Абайдың эстетикалық көзқарастары», «19-ғасырдың аяғы мен 20-ғасырдың басындағы қазақ баспасөзінің дамуы», «Қазақ әдеби сыны және зерттеу. 1930-шы жылдардағы көркем әдебиет ұйымдары» сабақтары тренинг, топтық пікірталас және дөңгелек үстел түрінде өткізілді. «Шоқан, Ыбырай, Абайдың эстетикалық көзқарастары» тақырыбындағы тренингте студенттерге жауап берулері тиіс сұрақтар жазылған ватмандар ұсынылды.

Тапсырмалары мен сұрақтары:

1. Шоқан – қазақ халқының ғылыми ой-пікірі оянуының қарлығашы
2. Ыбырай қазақ халқының педагогикалық ой-пікірін жүйелі негізге салған, сыншылық ойға педагогикалық арна дарытқан дарын.
3. Абай Құнанбаев – сыншыл реализм дәстүріндегі жаңа эстетикалық мұратты қалыптастырған ақын.
4. Сөз өнерінің қадір-қасиетін жаңа сатыға көтерген ұлы ақын.
5. Абай – қазақтың эстетикалық таным-білігінің жаңа нормасын жасаушы. Аталған сабақтан алған әсер әртүрлі болды.

1-ші студент 4 курс: «Мен Абай Құнанбаевтың әдеби сынның қажет екенін айтқан бірінші адам екенін білмеппін».

2-ші студент, 4 курс: «Мен ойлағанмын, Абай туралы бәрін білем деп, бірақ олай емес екен. Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаев өлең құрылысының теориясы мен заңдылығы туралы қызықты ойлар айтқан. Ол тұңғыш рет байлар мен хандарға жақын ақындарды, олардың әдепсіздігі мен сатқындығын талқылап, талдап айтқан әдеби сыншы ретінде өзін көрсетті».

3-ші студент, 4 курс: «Мені таң қалдырғаны, сыншы Абай Құнанбаевтың қара сөздеріндегі жұртшылыққа залалды жаманшылық атаулы орынды жазасын алатын болсын деген қамқорлық талаптары бар. Бұл қарасөз Абайдың өз тұсындағы күнделікті өмір шындығына қолма-қол қатынасып, жәрдем етсем деген талабын көрсетеді. Әсіресе халыққа күнделік іс-әрекеттерімен бейнет, дерт әкеліп отырған тергеушілік тәртіптің сорақылықтарымен алысуға кіріседі. Қырық бірінші сөзде Абайдың көп өсиет-сын өлеңдерімен ұштасатын жайттер қайта қозғалады. Халық басындағы, қоғам ішіндегі ауыртпалық күйдің бәрін теріп көрсететін осыған тән сөздердің бір алуаны (Қырық екінші сөз) жұмыссыздыққа арналады. Еңбексіз жатып ішу, қолы ұдайы бос болу жеке адамның басындағы және бар қауымдағы кеселдің үлкен себепшісі деген аса сыншыл, дұрыс ойлар айтылады. Осы бір топ сөздердің ең соңғысы Қырық үшінші сөздің алғашқы жолдарында Абай санасындағы дуализмді көрсеткенімен педагогикалық-психологиялық үлкен жүйрік ойды танытады. Қарасөздер ішіндегі көлемі үлкен, кенеуі мол сөздің бірі де осы деуге болады.

Атап өтетін жайт, ЭТ студенттерінде 2 модульдің ортасынан бастап «Әдеби сынды» оқуға құлшыныстары арта түсті. Олар «Келесі жолы сабақты қандай түрде өтеміз?», «Қандай әдістемелік әдебиетті оқуға болады?», «Қандай сыни мақалалар әкелуге болады?» деп сұрай бастады. Бұл бізді өте қуантты, біз өзіміздің дұрыс жолды таңдағанымызды көрсетті.

«19-ғасырдың аяғы мен 20-ғасырдың басындағы қазақ баспасөзінің дамуы» тақырыбындағы топтық пікірталас. Жағдайға байланысты биографиялық, тақырыптық пікірталас деп ажыратып алсақ болады.

Біз тақырыптық дискуссияны да пайдаландық. Бұл сабақ проблеманы ұжымдық талдауға негізделді, мақсаты нақтылы жалпы пікірге жету болды. Пікір талас барысында талқыланып отырған мәселе бойынша көзқарастар, бағалау және ақпараттарды салыстыру ұжымдық талқылау арқылы жүзеге асты. Дискуссияның психологиялық құндылығы кері байланыс және оқытушының

шеберлігі негізінде әр бір қатысушы белгілі бір проблеманы түрлі жолдармен шешуге болатындығын, белгілі бір жағдаятты қабылдау мен интерпретациялауда адамдардың индивидуалдық ерекшеліктері айрықша екендігін көрсете алуымен анықталады. Дискуссияның тақырыптық бағыты топтың назарын қатысушылардың көпшілігіне ортақ өзекті тақырыпқа негіздейді. Мысалы, «Баспасөздің әлеуметтік және сыни ой-пікірдің оятудағы рольдері, тарихтағы орны?». Дискуссияда өз көзқарасын ұстана білу жалпы қарым-қатынастық біліктілігі жетіледі. Мысалы, студенттер тарихи кезең, оқиғаларға өз бетінше анықтама береді және өз пікірлерін қарсыластарынан қорғайды.

Өз қарсыластарының мысалдарын жоққа шығаруда немесе өз пікірлерін негіздеуде қажетті деректерді келтірді (XX ғасыр басындағы «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1882), «Дала уалаяты» газеті (1882-1904).); Дәлел ретінде аналогия бойынша салыстыруда және қарсыласының дұрыс жауап бермегендігін дәйектеуде журнал («Айқап» журналындағы сын) деректерін келтірді; құбылыстар мен деректерді топтастырды; жағдайдың ерекшелігін есепке алды (уақыт факторы, орны, бағытталуы, сипаты және т.б.); «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаяты», «Айқап» журналдарындағы сыни мақалаларға сүйене отырып өз ойларын дәлелдеді.

Жұмыс істеудің ұжымдық түрі ретіндегі бұл дискуссияның ерекшелігі әрбір студент теориялық позицияларды, ұсынылған шешімдерді талқылауда, олардың дұрыстығы мен негізділігін бағалауда тең құқылы және белсенді қатысты. Диалогта түрлі ақпаратталған дискуссияны жүргізуші-оқытушы, тренермен қарым-қатынастан гөрі, ақпаратты тең игерген серіктестері – топ мүшелерімен қарым-қатынасқа түсуін ерекше психологиялық фактор ретінде атауға болады. Бұл топ қатысушыларының интеллектуалдық мүмкіндіктерін ашуға ықпал етеді, қарым-қатынас кедергілерін жояды, қарым –қатынастың өнімділігін жоғарылатады.

3 Модуль. «Соғыстан кейінгі дәуірдегі қазақ әдеби сынының дамуы», «Кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетін зерттеу», «Тәуелсіздік жылдарындағы поэзияға сыни көзқарас» сабақтары миға шабуыл, кейс–стади және дебаттар түрінде өткізілді.

Оқытудың барлық әдістері практикалық тұрғыдан алғанда оқытушы мен студенттің біріккен жұмысын ұсынады. Бұл бағытта жалпы стратегияны жасауға ықпал ететін, ұжымдық шешімді қабылдауға көмектесетін көптеген технологиялар бар.

Осындай технологияның бір түрі «миға шабуыл» деп аталды, аталған технология аз уақыт ішінде жана идеяны табуға немесе әріптестік шешімді қабылдауға, проблеманы шешуде ұжымдық тәсілде табуға көмектеседі. Дәстүрлі түрде бұл технологияны әдіс деп атайды, шындығында ол «миға шабуыл» жұмыс түрі болып табылады. Біз алдымен тақырыпты хабарладық та, содан кейін нақтылы сұрақ қойдық. «Тоғжанов, Ә. Байдилдин, Б. Кенжебаев, Ы. Мұстамбаев, І. Қабылов, М. Көшекөв, Ә. Марғұлан, Б. Байтуяев,

Ш.Токжігітова, Х. Жүсіпбеков сынды сыншылардың мақалаларында әдеби мәселелерді талқылаудағы ой-пікірлері».

Қатысушыларды екіге бөлдік те, әрқайсына бір көшбасшы бекіттік. Сұрақ қойылғаннан кейін, алдымен, студенттер проблеманы бағалайды, осы мәселе бойынша өздері білетін барлық ақпаратты ортаға салады. Бұл кезеңде проблеманы бағалау жүзеге асады. Барлық ақпарат жазылып алынуы керек (тақтада, ватман қағазында, компьютер мониториянда және т.б.).

Бұдан кейін әрбір қатысушы проблеманы шешудегі өз жауаптарын ұсынады. Бұл кезеңде идея талқыланбайды, алдыңғы кезеңде жасалған жұмыстарды бағалаумен жазылып алынады. Ұсынылған барлық жауаптардың ішінен көпшілігінің көзқарасы бойынша ең тиімді жауаптар таңдалынады. Барлық айтылған идеялар алдындағы проблема туралы ақпаратпен салыстырылады. Кейбір идеялар алынып тасталынады, кейбірін біріктіреді. Бұл кезеңде дұрыс бағытқа бағыттайтын оқытушының рөлі маңызды.

Өнімді идея таңдалынғаннан кейін «миға шабуылға» қатысушылар конструктивті шешім қабылдап, соңғы таңдауларын жасайды. Соңында «Проблеманың шешімі табылды ма?» деген сұрақ қойылды. Бұл жерде барлық студент мәселенің шешімі ретінде не себепті нақты осы вариант алынғандығын түсінуі керек.

Миға шабуыл әлісі тиімді, өйткені:

- барлық оқушылар тең позицияда қатысады;
- барлық айтылған идеялар үнемі жазылып отыратындықтан проблеманы көрнекі сипаттауға мүмкіндіктері бар.

- танымдық қызығушылықты дамыту үшін жағдай жасалады. Әдіс сайыс түрінде өтетіндіктен дұрыс идеяларды шығару үшін жеткілікті білім деңгейін меңгеруі қажет. Бұл оқушыларды танып білуге талпындырады.

Дегенмен, жұмыс барысында біз бірқатар қиындықтарға да кездестік:

- студенттерді топқа бөлуде көшбасшылардың басымдығы байқалды, ал басқалары үдеріске қатыспады;

- бір типті идеяларды қайталап айту байқалды.

Егер идеялар оқытушы көзқарасы тұрғысынан дұрыс емес болса, сынау маңызды емес, дискуссия жасау барысында шешімнің негізсіздігін студенттерге түсіндіру маңызды. Сондықтан тағы да арнайы сауалнамалар арқылы олардың ойлары ескерілді.

Тақырып аясындағы тағы бір қолданған стратегия – «Ойтолғау» яғни «Эссе». Бұл стратегия бойынша тапсырма 3 топқа берілді. -топқа «Мен егер сыншы болсам...»; 2 топқа «Мен ауыз әдебиетінің үлгілерін жинасам...»; 3 топқа «Мен егер аудармашы болсам...» деген тақырыптар ұсындым. Осы тақырыптар аясында ойланып, ойларын қағазға түсіру үшін 10 минут көлемінде уақыт бөлдім. Студенттер өздері жазған ойтолғамдарын тақтада ілініп тұрған постерге жабыстырды. Оқытушы тарапынан бір-бірінің ойтолғамдарын оқып шығу үшін 7 минут уақыт белгіленді. Олар үш тақырыпта жазылған ойтолғамдарды оқып, тұстарына стикерге жазылған пікірлерін жабыстырып

кетті. Осылайша бір-бірінің жазбаларын оқып шықты. Келесі тапсырма – жазылған ойтолғамдарға өз пікірлерін білдіру. 5 минут уақыт берілді. Стикерлерге пікірлерін жазып, әр ойтолғамдардың тұсына жабыстырып кетеді. Әр студент өздерінің ойтолғамдарына берілген пікірлерді оқиды, өзара ой бөліседі, пікірлеседі. Осылайша өз жазғандарына сыни көзқараспен қарауға үйренеді. «Ойтолғау» стратегиясын әдебиет сабағында пайдаланудың тиімділігі басым.

Сын тұрғысынан ойлауға үйренуде сабақта «жәрмеңке» ойынын пайдалануға болады. Бұл ойын түрі студенттердің шығармашылығын арттыруға, жазған туындыларының құндылығын бағалауға, талдамаларының сауаттылығына, ғылымилығына назар аударуларына, ізденіске, сыншылдыққа жетелейді. Мысалы, «Ш. Уәлихановтың 60 жылдығына орай жазылған мақала», «Қазақтың ұлы ақыны Абайдың өлеңінің алғаш рет осы газет бетінде жарық көруі», «Газетте қазақ ауыз әдебиетінің үлгілері тұрақты орын алуы», «Газеттің қазақ тіліндегі негізгі шығарушылары, әрі аудармашылары Дінмұхамед Сұлтанғазин, Асылқожа Құрманбаев, Рахымжан Дүйсенбаев туралы мәліметтер» сынды тақырыпты негізге ала отырып өлең, зерттеушілікке, ізденуге, өзіндік сыни ойларын қалыптастыруға жетелейтін тапсырмалар бердім. Уақыт – 7 минут. Ілінген жұмыстарды оқып шыққаннан соң, ұнаған туындылар мен талдамалар жайында пікірлесіп, бір-бірінен білгілері келген тұстарын сұрап, еңбекті саудалап, сатып алады. Сол құнды жұмыстарды қарап, алдағы уақытта озық үлгі ретінде пайдалануға бір-бірінен рұқсат алады.

«Сын тұрғысынан ойлау» модулінің стратегияларын сабақтарда қолданғанда мен өз тарапымнан түрлендіріп отырамын. Бұл жағдайда сын тұрғысынан ойлауды қалайша барынша тиімді дамытуға болатыны және оны дамытуда тәжірибенің рөлі қандай екендігі туралы сұрақ туындайды. Демек, барынша сын тұрғысынан ойлауға ниеттенген ойшыл болу үшін, әркім сапалы логикалық пайымдау деген түсінікке не жататынын түсінуі керек және сапалы пайымдауды қолдану мен қарастыруға қатысты міндеттемелері болуы керек. Мұндай түсінік үшін қажетті білім қарастырылатын мәнмәтінге қатысты салалық білімді, жалпылама және мамандандырылған салалар бойынша дәлелдемелер мен зерттеулердің қағидаттары мен стандарттарын білуді, сын тұрғысындағы түсініктерді білуді және тиісті стратегиялар мен эвристиканы білуді қамтиды [122].

Қазақ әдебиетіндегі сыншылдық ойлардың негізін қалыптастыруда сабақтан соң, үй тапсырмасы ретінде рецензия жазу жұмысын кеңінен пайдаланған орынды деп есептеймін. Сонымен қатар студенттер бұл тапсырманы ерекше ізденіспен және қызығушылықпен орындап келгендерін байқатты.

КІТАПҚА РЕЦЕНЗИЯ ЖАСАУ ӘДІСТЕРІ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР:

1. Мәтінді назар салып оқыңыз және қайталап оқыңыз

2. Сұрақтарға ойланып жауап беру:

Кітап қалай оқылды?

Оны басқа оқырмандар қалай қабылдайды?

Шығарманың тақырыбы қандай?

· Ондағы негізгі ой қандай?

· Автор бізді неге сендіреді?

· Жазушы бізді дәл осы қорытындыға не себепті әкеледі?

· Кітаптың кейіпкерлері кімдер? Олардың талпыныстары, істері, мінез - құлықтары қандай? Оларға оқырмандар қандай көзқараспен қарайды?

· Кітаптың көркемдік ерекшелігі неде?

· Ол қалай құрылған? Кітаптың тілі қандай?

· Кітап тілінде қандай ерекшеліктер байқалды?

3. Кітапты сіз қалай бағалар едіңіз?

· Бұл шығармада не құнды, бағалы?

· Қандай тұстар сенімсіздеу шыққан? Немесе мүлдем анықталмаған?

4. Сұрақтарға жауапты жоспар бойынша рецензия түрінде жазындар.

Кітапты рецензиялаудағы жоспар

1. Шығарманың жарық көру уақыты (кім жазды немесе жариялады).

2. Жазылу тарихы, шығарманың идеясы.

3. Шығарманың жанрлық ерекшелігі.

4. Шығарманы сюжеті мен композициясын ата (шығарма не туралы, ондағы негізгі оқиғаларды ата, шиеленісуі, кульминация, шешілуі, эпилог пен эпиграфтың алатын орны (егер бар болса)

5. Тақырыбы(шығармада не туралы айтылады), шығармада қандай тақырыптар көтерілген.

6. Шығармада қандай проблемалар (проблема, мәселелер) қозғалады, олар маңызды ма, не себепті автор нақты осы идеяны алған?

7. негізгі көркем кейіпкерлерді сипатта (аты-жөні, сырт бейнесіндегі ерекшеліктер, әлеуметтік жағдайы, өмірлік философиясы, өмірге деген көзқарасы, басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасы, эмоциясы, осы кейіпкермен қандай проблема байланысты).

8. Шығарманың идеясы мен пафосы (автор не айтқысы келді, автордың талқыланып жатқан проблемаға автордың көзқарасы қандай, ол нені дәріптеуге шақырады).

9. Шығарманың автор шығармашылығында алатын орны (жазушының шығармашылығын түсіну үшін осы шығарма маңызды ма, кітап автордың шығармашылығындағы негізгі тақырыптар мен проблемаларды сипаттай алады ма, осы шығарма арқылы жазушының стилі, оның дүниетанымы туралы айта аламыз ба)

10. Шығарманың әдебиет тарихында алатын орны қандай (қазақ әдебиеті және әлем әдебиеті үшін бұл шығарма маңызды ма, маңызды болса себебі неде).

11. Шығарма туралы сіздің әсеріңіз қандай (ұнады ма / ұнамады ма\ неге)

Шығармадағы кейіпкерлерді салыстырудың шартты кестесі

- Портреттік сипаттаманың ерекшеліктері: кейіпкерлер қалай сипатталады, сыртқы бейнесі, киімі т.б.

- Пайда болуы;
 - Отбасы тарихы, туыстық және жеке белгілері;
 - Мінез -құлық ерекшеліктері, әдеттері;
 - Көзге түсетін детальдар;
 - Білімі, білім түрі;
 - Сөйлеу сипаттамасы;
 - Ішкі диалогке, өзіндік талдауға қабілеттілігі;
 - Кейіпкердің адамдарға қарым-қатынасы;
 - Қоршаған ортаның кейіпкерге қарым -қатынасы;
- Таңдау жағдаятында кейіпкер өзін қалай ұстай біледі;
- Шығарма бойынша кейіпкер қалай өзгереді.

Драмалық шығарманы талдау жоспары

1. Пьесаның жазылу және жариялану уақыты
2. Драматург шығармашылығында оның алатын орны.
3. Пьесаның тақырыбы және онда нақтылы өмірлік материалдың берілуі.
4. Негізгі кейіпкерлер және олардың топтары.
5. Драмалық шығарманың конфликтісі, оның ерекшелігі, жаңашылдық дәрежесі, оның тереңдігі.
6. Драмалық іс-әрекеттің дамуы мен фазалары. Экспозиция, шиеленісу, перипетия, кульминация, шешімі.
7. Пьесаның композициясы. Әрбір актінің рөлі мен маңызы.
8. Драмалық мінез- құлық және олардың байланысы
9. Кейіпкерлердің сөздік сипаттамасы. Мінез бен сөздің байланысы.
10. Пьесадағы диалог пен монологтың рөлі.
11. Авторлық ұстанымды анықтау. Драмадағы ремарканың рөлі.
12. Пьесаның жанрлық өзіндік ерекшелігі. Жанрдың авторлық әуестік пен артықшылықтарға сәйкестігі.

Көркем бейнені (кейіпкерді) сипаттаудың үлгі жоспары.


Алғысөз. Шығарманың образдар жүйесіндегі кейіпкердің орны.

Негізгі бөлім. Мінездеме

1. Әлеуметтік және материалдық жағдайы.
2. Сыртқы бейнесі.
3. Дүниені қабылдауы мен дүниеге көзқарасының, қызығушылықтарының, икемділіктері мен әдеттерінің өзіндік ерекшелігі:

- а) іс әрекеті мен негізгі өмірлік талпыныстарын сипаттау;
 - б) қоршаған адамдарға ықпалы;
4. Сезім аясы:
- а) қоршаған адамдарға қарым қатынас түрі.
 - б) ішкі толғаныс ерекшеліктері.
5. Кейіпкерге автордың көзқарасы.
6. Шығармада кейіпкердің қандай тұлғалық қасиеті көрінеді:
- а) портрет арқылы;
 - б) авторлық сипаттамада;
 - в) басқа да әрекет етуші тұлғалар арқылы;
 - г) алғысөз немесе биография арқылы;
 - д) іс әрекеттер желісі арқылы;
 - ж) сөйлеу сипаттамасында;
 - з) қоршаған айнала арқылы.

Қалыптастыру экспериментінің нәтижесін талдау барысында арнайы әдебиеттанымдық құзіреттілікті игеру деңгейі бақылау тобында 9 студент (34,61%) жоғары деңгейді, 13 студент (50%) орта деңгейді, 4 студент (15,38 %) төменгі деңгейді көрсетсе, эксперимент тобында 13 студент (48,1%) жоғары деңгейді, 13 студент (48,1%) орта деңгейді, 1 студент (3,7%) төменгі деңгейді көрсетті (5-сурет).




5-сурет. Арнайы әдебиеттанымдық құзіреттілік деңгейі бойынша қалыптастыру экспериментінің нәтижесі (%).

Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде студенттердің әдебиет бойынша білімін жетілдіруге жүйелік әдісті қолданудың тиімділігі анықталды. Зерттеу жұмысында қарастырылып отырған мәселе толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Алдағы уақытта студенттердің әдебиеттанымдық білімін арттыруда инновациялық технологияларды қолдану әдістемесін жетілдіру қажет. Топқа бөлуде оқушылардың жеке мінез -құлықтарын ескере отырып, әр

түрлі дайындық деңгейіндегі студенттерді біріктіру сабақты меңгеруге оңайлы жағдай тудырады.

3 кезең (қорытынды):


Бақылау экспериментінің қорытынды кезеңі бойынша семестрлік оқыту соңында белгіленген кезеңде қолданылған сұрақ жауап жүргізілді. Бақылау экспериментінде жоғарыда сипатталған әдістер қолданылды. Зерттеу сонымен бірге жасырын түрде жүргізілді. Әр қатысушының әдебиеттанымдық құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі анықталды. Бақылау эксперименті «Әдеби сын» бағдарламасы бойынша педагогикалық жұмысқа дейін және кейін жүргізілген эксперименталды топтан алынған нәтижелерді салыстырудан тұрады:



6-сурет.

Көріп отырғанымыздай, ЭТ әдебиеттанымдық құзыреттілік деңгейі артқан: орташа деңгей 41 %-дан 58-ге, жоғары деңгей 30%-дан 37%-ге және төмен деңгейлі 29-дан 9-ға дейін пайыздық ара қатынас айтарлықтай азайған (6 сурет).

Сонымен бірге біз эксперименталды топтан (педагогикалық жұмыс жүргізілгеннен кейін) және бақылау топтан (мақсатты жұмыс жүргізілмеді) алынған қорытынды нәтижелерді салыстырдық (7-сурет).



7-сурет.

Интербелсенді тақта (Smart Board) оқытушылар мен студенттерге оқу қызметін ұйымдастырудың компьютерлік және дәстүрлі әдістерінің үйлесімін ұсынады: оның көмегі арқылы кез-келген бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс жасауға болады, сонымен бірге студенттердің дербес, ұжымдық және көпшілік («тақтаның алдында жауап») жұмысының түрлі тәсілдерін жүзеге асыруға болады.

Слайдтардан тұратын презентация аудиторияда материалды ұсынудың негізгі формалары болып табылады. Ондай презентацияларды жасаудың негізгі құралы Microsoft PowerPoint болып табылады. Дегенмен SMART Notebook ортасының интербелсенді тақтамен арнайы жұмысқа бағытталған бұдан да жоғары мүмкіндіктері бар.

Smart Board интербелсенді тақтасымен жұмыс жасау принциптері мен білім алушының моторика қызметі тәжірибелік жұмыс кезінде кәдімгі бормен (немесе фломастермен) жазатын дәстүрлі тақтаға сәйкес келеді. Интербелсенді тақта көмегімен Windows (Vista) операциялық жұмыс принциптерін, оның стандартты қосымшасы мен немесе кез келген қолданбалы бағдарламалармен өз роликтерін ұсынуға болады.


Осылайша, Smart Board интербелсенді тақтасы сонымен бірге қойылатын қарапайым бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану барысында сапалы жаңа нормада дайындауға және өткізуге мүмкіндік береді.

Компьютерлік техниканы қолдану мүмкіндік береді:

- пәнге қызығушылықты арттыру;
- студенттерде оқылып отырған тақырып бойынша негізгі түсініктерді қалыптастыруды жеңілдету;

- пәнді өз бетімен меңгеруге дайындау;
- тәжірибелік қызметте қолдануға қажетті нақты білімді меңгеру;
- студенттерді интеллектуалды дамыту;
- Бірге жасайтын жұмыс түрлерін кеңейту, коммуникативті тәжірибені арттыру.

Мәселелерді шешуде ойлау процесін тиімді қолдану барысында Эдвард де Бононың «Ақылдың алты қалпағы» әдісін де жиі пайдаланамын. Бұл әдіс - әртүрлі шешімдердің ішінен бір мәселе төңірегінде шоғырландыруға мүмкіндік беретін қатарласып ойлау үдерісі болып табылады. Доктор де Боно шығармашылық және танымдық қабілеттер мәселелері бойынша ғылыми зерттемелер Институтының негізін қалаушысы болып саналады. Жаңа ақпаратты қабылдау барысында студенттерде эмоциялар, әлсіздік, шарасыздық және түсінбестік сезімдері пайда болады. Осы сәтте латериалды ойлауды іске қосу жаңа ақпарды толық түсінуге септігін тигізеді. Латеральды ойлау – бұл күрделі мәселелерді қарастырылатын сұрақтарға дәстүрлі емес жанасу негізінде, адамдағы жасырын шығармашылық мүмкіндіктерді жұмылдыру арқылы шешу әдісі.



Алты қалпақтар әдісі біздің ойлауымызды байыта түсіп, анағұрлым жан-жақты етеді. Егер біз біреуді әлдебір нәрсе туралы ойлауды тек сұрасақ қана, жиі кезде олар түсінбеушілік танытады. Ал егер оларды алты қалпақтар схемасын пайдалана отырып, затты талдауға шақырсаңыз, олардың қабылдау кендігі арта түседі.

АҚ ҚАЛПАҚ - Қандай ақпаратымыз бар? Айтылған пікірді растайтын немесе жоққа шығаратын қандай фактілер бар? Қандай ақпарат қажет? Жетіспейтін ақпаратты қалай аламыз? Қандай сұрақтар қойып, жауап алуымыз керек?

ҚЫЗЫЛ ҚАЛПАҚ - Осыған байланысты менде қандай сезімдер туындайды?

САРЫ ҚАЛПАҚ -- Не себептен осыны істеу керек? Артықшылықтары қандай? Бұл кім үшін пайдалы? Осының пайдалы жақтары бар ма? Қандай жағдайларда бұл пайдалы болады?

ҚАРА ҚАЛПАҚ - Бұл көмектеседі ме? Қандай қателер бар? Кемшіліктері қандай? Бұл идея жүзеге аса алады ма?

ЖАСЫЛ ҚАЛПАҚ - Осы жағдайда не істей аламыз? Баламалы идеялар бар ма?

КӨК ҚАЛПАҚ - Неге қол жеткіздік? Болашақта не істеу керек?

Жалпы айтқанда педагогикалық эксперимент нәтижелері біздің бастапқы болжамымыздың дұрыстығын дәлелдеді. Педагогикалық эксперименттің нәтижесінде қойылған міндеттер толығымен шешімін тапты және тиісті қорытынды жасалды. Студенттерге кәсіби бағдар беру және инновациялық технологияларды тиімді қолдану олардың пәнге деген ынтасы мен қызығушылығын арттыратыны байқалды. Эксперименттік бөлім мен басқа бөлім бойынша бақылау жұмыстарының нәтижелерін салыстыру арқылы студенттердің эксперименттік материалды барынша жақсы меңгергені айқын аңғарылды. Демек тәжірибелік эксперимент нәтижесінде педагогикалық зерттеу болжамы өз мақсатына жетті. Заманауи технологияларды пайдалана білу мәселелерін шешуге дайындаудың әдістемесі – студенттердің кәсіби құзырлылығы деңгейінің жоғарылауына әкелді.

ҚОСЫМША 1

ӘДЕБИ СЫНДЫ ОҚЫТУДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР

Құзіреттілік ұғымы соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзіреттілік белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны білдіреді. Сондай-ақ белгілі бір мәселе төңірегінде жылдам және тиянақты шешім қабылдай алады дегенді білдіреді. Құзіреттілік тәсіл бірінші

орынға нақты құбылыстарды танып, білуге, қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруге, өзінің кәсіби білімін жетілдіруге, түрлі мәселелерді шешу біліктілігін білдіреді.

Бүгінгі таңда білім мазмұнын жаңалау – негізгі мақсат болып табылады. Бастысы – білім беру кезінде күтілетін нәтижеге қол жеткізу. Жаңа талап бойынша студенттер өздігінен білім алушы, үйренуші ретінде танылады. Құзіреттілік жеке тұлғаның танымы мен тәжірибесіне қатысты нәрсе. Төменде әдеби сын тарихын меңгеруде қарастырылатын құзіреттіліктер көрсетілген.

Зияткерлік құзыреттілік әдебиеттанымдық құзыреттілік құрамында зияткерлік мәдениеттің, тұлғалық тәжірибенің компоненттерін құрап, болашақ маман тұлғасының әдеби-сын тұрғысынан білім берудің негізгі мақсатына ғылыми және білім беру инновацияларының негізінде жетуге зияткерлік дайындығы деңгейін анықтайды. Бұл құзіреттілік аясында студент оқыту мазмұнын, оқытылып жатқан тілдік материалды, меңгерілуге тиісті тілдік шеберліктерді меңгереді және сөйлеу қызметінің барлық түрлері қалыптасып, шығармашылық қабілеттері артады. Осы орайда «Сұрақ қою арқылы сұрақ қою» әдісін қолданамын. Мысалы, А.Құнабаевтың «қара сөздері» мен үшін және менің замандастарым үшін қаншалықты маңызды?» деген сияқты жауап іздей отіріп, осы мәселеде жан-жақты ізденуге әрекет жасап, қиындықтарды еңсере отырып, өзінің тиісті жауабын табады. Бұл арқылы студенттер өзара бір-бірімен ой бөліскенде, білімдерін жетілдіре түседі. Сондықтан сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып саналады. Себебі, сұрақ дұрыс қойылғанда ғана сабақтың тиімді құралына айналады. Сондай-ақ студенттердің ізденуіне, зерттеушілік қабілеттерінің артуына, ақпаратты сұрыптай алуға мүмкіншілік береді. Жалпы айтқанда ой қорытуға септігін тигізеді.

Әдеби құзыреттілік әдебиеттанымдық құзыреттіліктің компоненті ретінде дербес-тұлғалық деңгейде білім беруден (мотив, құндылық), яғни көркем әдебиетті терең білуді, ұлттық мәдени мұраның белгілі шығармаларының мазмұнын меңгеруді, әлемдік мәдениет аясында қазақ көркемдік мұрасының шығармалары мазмұнын білуді, көркем үлгілерден өмірлік маңызды тұлғалық сұрақтарға жауап табуды, көркемдік мәтіндерден алған ақпараттарды өзінің дүниетанымдық көзқарастарымен және құндылықтарымен салыстыра білуді қамтамасыз етеді. Теориялық поэтиканың ұғымдары мен терминдердің, шығарманың көркем мәтіні мен көркемдік әлемінің талдау және түсіндіру әдістемесін меңгеру.

Мәтінтанымдық құзыреттілік әдебиеттанымдық құзыреттіліктің дербес-тұлғалық деңгейін құраушы ретінде студент-филологтың және/немесе тіл мен әдебиет мұғалімінің көркем, көркем-педагогикалық немесе ғылыми мәтіндерді кешенді талдауды жүргізе алатын, шығарманың интертектуалдылық

сипаттамасын ажырата алатын, тұлғаның түрлі жанрларда өзіндік көркем және публицистикалық шығармаларды жасай алатын қабілеттілігін білдіреді. Ол үшін курстың теориялық материалымен танысу, мәтінді тарихи-лингвистикалық талдау, ғылыми деректермен және көркем шығармалармен жұмыс жасау әрекеттерін ұйымдастырамын.

Оқырмандық құзыреттілік әдебиеттанымдық құзыреттілік құрылымында оқырмандық қызметтің жосығы мен дұрыстығын, яғни түрлі жанрлар мен стильдегі шығармалар мазмұнын сәйкес қабылдауды, мәтіннің мағыналық құрылымын түсіну мүмкіндігін қамтамасыз ететін тұлғаның қасиеттері жиынтығы ретінде көрінеді. Сабақ кезінде өткен материалды тексеру мақсатында студенттердің жоғары дәрежеде ойлау дағдыларын анықтайтын ашық сұрақтар қою арқылы шығарманың түр-тұлғасын ашуға итермелеймін. Әдебиеттанымдық және тарихи-әдеби ақпараттарды мазмұндау және көркем мәтіндерді талдау сияқты тапсырмалар беру арқылы студенттердің тілдік, шығармашылық қырының ашылуына әсер тудыруға тырысамын.

Интерпретациялық құзыреттілік күрделі көпдеңгейлі тұлғалық білім беру ретінде көркем, көркем-педагогикалық мәтіндерді немесе ғылыми жұмыстарды сапалы интерпретациялауға қажетті теориялық білімнен, біліктер мен дағдылардан, тұлғаның өмірлік тәжірибесінен, оның құндылықтары мен көңіл-күйінен тұрады. Сабақ барысында кейіпкер обазын сомдаудағы ақын-жазушының қолданған әдіс-тәсілдерін табу, оның мәнін ашу тапсырылады. Көбінесе студенттер көркем мәтінді мәнерлеп оқып, оның астарын ұғып, жеткілікті деңгейде орындауғы белсене атсалысады.

Коммуникативті және дискурсивті құзыреттіліктер әдебиеттанымдық құзыреттілік құрылымында тұлғаның коммуникативті тәсілдемесі негізінде көркем шығармаларды талдауды орындау, жақсы сөйлеуді қалыптастыру, кәсіби нақтылықты жүзеге асыру нысаны ретінде түрлі типтегі дискурстарды сезіну, шешендік өнер мәдениетінің жоғары деңгейіне дайындығы арқылы жүзеге асады. Оқу үрдісінде студенттердің барлығын белсенді жұмыс жасауға жұмылдыру, қажетті жағдай жасау керек. Мысалы сабақ барысында студенттерге рөлдік ойындар, қадамды сұхбат, постер т.б. тапсырмалар беру арқылы олардың тақырыпты игеруіне түрткі боламын. Бұл әдістер барлық студенттерді әрекет жасауға ықпал етеді және ұжымда жұмыс істеуге, тілдік қарым-қатынас жасауға үйретеді.

Этикалық құзыреттілік әдебиеттанымдық құзыреттіліктің құрылымында студенттерді вербальды құралдар арқылы жоғары ізгілікті және жалпы адами қасиеттерді тәрбиелеудегі студент-филологтың тұлғалық және кәсіби құндылықтарының жиынтығы. Қазақ әдебиеті шығармалары мен сын материалдарының тақырыптық шеңбері этика, мораль, ар-ождан, ынтымақ пен бірлік аясынан құралатындығы шындық. Осы орайда студенттерге этикалық құзыреттілікті сіңіру мақсатында сабақ барысында ақын-жазушының ой-қиялынан, өмірлік тұжырымы мен көзқарасынан туған рухани дүниелерінің көркемдік-эстетикалық, эмоционалдық әсерлілігін, образдардың берілу

жүйесін, суреттеу мен мәнерлеудегі көркемдік тәсілдер мен сөз саптау шеберліктерін саралай отырып, өз бойларында аталған құзіреттілікті ұялатуға, атап айтқанда өзін әдепті ұстауға, моральдық мінезді қамтамасыз етуге атсалысамын.

Ақпараттық құзыреттілік әдебиеттанымдық құзыреттілік құрылымында теориялық білім мен электронды дереккөздерден (Internet-сайттар, электронды және мультимедиалық оқу құралдары, оқулықтар, on-line-сөздіктер және т.б.) өз бетімен тауып, іріктеп, талдап, сезініп және интерпретациялау білігінің, мультимедиалық технологияларды тиімді пайдалану дағдыларының, тұлғаның ұдайы кәсіби жетілуіне дайындығының үндесе үйлесуін қамтамасыз ететін дербес білім беру жиынтығын ұсынады. Мұнда студенттің өз бетінше жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен ғаламтордан ақпараттар алады, оны сабақ барысында пайдаланады. Оған көбінесе СОӨЖ айтуға болады.

Зерттеу құзыреттілігі әдебиеттанымдық құзыреттіліктің құраушысы ретінде тұлғаның әдебиеттанымдық және білім беру мәселелерін өзіндік кәсіби қызметі аясында шешу мақсатында технология деңгейінде білім беру үшін зерттеуді жүзеге асыруға дайындығын қамтамасыз ететін дербес-тұлғалық білім беру жиынтығы болып табылады. Бұл бағытта Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романы бойынша зерттеу жүргізуді ұсындым. Сын тұрғысынан ойлау стратегиясын қолдана отырып, топты жұп-жұпқа бөлдім. Материалды игерту мақсатында жоғары дәрежелі ойлау дағдыларын анықтайтын сұрақтар әзірледім. Олар сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын анық білдірді және көркем шығарманы зерттеп, толық оқығандарын аңғартты. «Екіге жарылу тәсілі» арқылы кейіпкерлерге мінездеме беріп, адамзат баласында жағымды және жағымсыз қасиеттердің екеуі де болатындығы турасында сыни көзқарастарын ашық білдірді.

Эвристикалық және креативті құзыреттіліктер әдебиеттанымдық құзыреттілік құрылымында әдеби шығармашылық және сыни ойлау үдерісін, кәсіби қызметтің стандартты және стандартты емес жағдаяттарын шешуді қамтамасыз ететін білім берудің жиынтығы (мотив, құндылықтар, тәжірибе) ретінде көрінеді. Бұл ретте

Психологиялық құзыреттілік әдебиеттанымдық құзыреттілік құрылымында тұлғаның шығармашылық психологиясын талдауға, кейіпкерлердің психологиясын сезінуге, көркем мәтіндерді және т.б. қабылдау мен интерпретациялаудың психологиялық ерекшеліктерін ашуға дайындығында көрінетін білім беру жүйесі. Психологиялық құзыреттіліктің құрылымдық компоненттері болып табылатын іс-әрекет мотиві, психикалық қасиеттер, жағдайы, мүмкіншілігі, ерекшеліктері, үдерісі, білік пен дағдының кешені, тұлғалық тәжірибесі әдебиетші-мұғалімнің кәсіби қызметі аясында тұлғаның ақпараттық-ғылыми, көркем, мәдениеттанымдық кеңістігімен өзара әрекет міндеттерін тиімді шешуге мүмкіндік береді және білім алушылардың оқырмандық мәдениетін қалыптастыруын қамтамасыз етеді.

Әдістемелік құзыреттіліктің маңыздылығы оқырмандық мәдениеттің әдістері мен технологиясын қалыптастыра білу, оқушылардың әдебиеттанымдық мүмкіншіліктерін дамыту, мұғалімнің мектеп оқушыларына әдеби шығармашылық және шығармашылық-сыни қызметті бере білу жиынтығына негізделеді. Сыни ойлау, ғылыми еңбектерді талдау, теориялық ұстанымдарды таңдау, тарихи дамудағы тілдік құбылыстардың даму дағдыларын түсіндіру, түрлі жанрдағы мәтіндерді кешенді, стилистикалық талдау және тақырыпты зерттеу үшін жұпқа бөліп, содан соң топ болып талқылауды тапсырамын. Сонымен қатар топ ережесін студенттердің өздеріне құрастыруға беремін. Ең қызығы көп сөйлемейтін, мінезі тұйық студенттер бұл тапсырмаларға қызығушылық танытып, оңай игеруде. Бұл туралы кері байланыста басқа студенттер де өз тараптарынан пікірлерін білдірді.

Технологиялық құзыреттілік әдебиеттанымдық құзыреттілік құрылымында стратегияны жасауға, әдебиетшінің тактикалық әрекеттеріне, әдеби сын тарихы бойынша білім беруді оңтайлы түрде ұйымдастыруымен тығыз байланысты оның тәжірибесіне, білім алушылардың оқырмандық мәдениетін жасауға қажетті кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыруға, тұлғалық ерекшелігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін кешен ретінде ұсынылады. Болашақ маман технологиялық құзыреттілікті әдебиеттанымдық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және жалпы пәндік дайындық үдерісі барысында ала алады.

Қорыта айтқанда студент құзыреттілігін қалыптастыру үшін әрбір оқытушы өзіне тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана алады. Бірақ сол арқылы студент шешімді өзі шығаруы тиіс. Студент өзін-өзі дамытуға, өз мүмкіндігін көрсете алуына жағдай тудыру керек. Әдеби сынды оқытуда сын тұрғысынан оқыту арқылы студенттердің ой-өрісін, өз бетінше іздену, шығармашылықтарын дамыту мен білетін және білмейтін ақпараттарының ара-жігін ажырату қарастырылады. Шығармашылыққа баулу студенттің жеке қасиетін ашады, тілдік қорын байытады. Бұл мақсатта сабақ барысында студенттердің өзіндік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру, пәнаралық байланыстарды қалыптастыру, оқытудың жаңа технологияларын кеңінен пайдалану. Ол үшін ең алдымен арнайы бір тақырыпқа пікірталас тудыру, әдебиеттегі шығармаларға сын көзбен қарау, тарихи оқиғаларды, фактілерді дәлелдей алуға үйрету, проблеманы шешу жолдарын білу, тың деректерден жаңа білімді ала білу, іздену жұмыстарын талап етеді.

СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ПӘН СИЛЛАБУСЫНЫҢ ҮЛГІСІ

1. Пән туралы ақпарат

Пән атауы: **Қазақ әдеби сынының тарихы**

Кредиттер саны: **2**

Курс, семестр **4-курс, 7-семестр**

Мамандықтың шифры мен атауы «5B012100 – «қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

Институт, кафедра Филология және көптілді білім беру институтының Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы

Пәнді өткізу уақыты және орны Күзгі семестр, 404 – ауд.

Оқытушының аты-жөні, лауазымы, дәрежесі, атағы: Тамаев Алпысбай Тамайұлы – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы.

2. Пәннің қысқаша сипаттамасы.

«Қазақ әдеби сынының тарихы» пәні әдебиеттану ғылымының бір саласы ретінде студенттерді әдебиет теориясымен, әдебиет тарихымен сондай-ақ, әдебиеттің қоғамдық мазмұны, көркем шығарманың мазмұны мен түрі, әдебиеттің тарихилығы, сын мен сыншы туралы ой-пікірлермен жан-жақты таныстыратын олардың әдеби-эстетикалық талғамын қалыптастыратын, әдебиеттің сөз өнері ретіндегі тұрпатын, болмыс-бітімін насихаттайтын курс болып табылады.

«Қазақ әдеби сынының тарихы» пәнінің мақсаты мен міндеттері:

Пәннің мақсаты: студенттерге әдебиет сынының өзіндік табиғаты, әдебиеттану ғылымының өзге де салаларымен сабақтастығы, шығармашылық тарихы мен қалыптасу үдерістері, шығармашылық ғылыми мәселелері жөнінде білім беруге баулу.

Пәннің міндеттері:

- халықтық эстетика-әдеби сынның бастауы екендігі жөнінде түсінік беру;
- әдеби сынға қатысты көне заман ойшылдарының ой-тұжырымдарымен таныстыру;
- әдеби сынның даму тарихындағы тарихи тәжірибені оқып-үйрету;
- қазақ әдеби сынының жанрлық қалыптасуының тарихи, қоғамдық, әдеби-мәдени сипаттары жөнінде жан-жақты көзқарас, ұғым қалыптастыру;
- әдеби сынға қатысты өзіндік ой-тұжырымдарын дәйектей білу дағдыларын дамыту.

Тұлғалық нәтижелері:

Студент:

- әдеби сынның әлемдік тәжірибесіндегі жетістіктердің мән-маңызын терең түсінуі;
- қазақ әдеби сыны қалыптасуының тарихи кезеңдеріндегі объективті, субъективті факторлардың себеп-салдарларын ғылыми тұрғыда пайымдай білуді;
- кеңестік кезеңдегі әдеби сынның зерттеу методологиясының игерілу себептерін;
- әлем әдебиетіндегі әдеби сын өкілдерінің және қазақ сыншыларының еңбектерін талдап-таразылай алу дағдыларын меңгеруі;

- көркем шығарманың құрылымдық бөлшектерін ажырата алуы;
- әдеби туындының жанрлық сипаттарын айқындайтын ерекшеліктерді;
- әдебиет сынына қатысты өзіндік ой-тұжырымдарын дәйектей білуі тиіс.

3. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар.

№	Пән тақырыптарының аталуы	апта	Аудиториялық сабақтар		Тапсырма түрі (сипаттамасы)		Барлығы (сағ.)
			Дәріс (сағ.)	Практика (сағ.)	СӨЖ	СОӨЖ	
	1-бөлім. Қазақ әдеби сынының туу дәуірі мен жанр ретінде қалыптасу дәуірі(Ерте дәуірден 1937ж. дейінгі кезең).						
1	1-дәріс. Кіріспе. Халықтық эстетика-әдеби сынның негізгі бастауы	1	1			СОӨЖ-1: СОӨЖ тақырыбын таңдау. 2	6
	1-семинар сабақ. Әдеби сынның қайнар бастаулары			1	Кластер: Әдебиет сынының жанрлық түрлері 2		
2	2-дәріс. Көне дәуірдегі әдеби сын (Ж.Баласағұни, М.Қашқари т.б.)	2	1			СОӨЖ-1: бойынша ғылыми еңбекті таңдау себебін негіздеу. 2	6
	2-семинар сабақ.			1	Интеллектуалдық сайыс:		

	Ж.Баласағұни мен М. Қашқаридың әдеби, сыни-эстетикалық көзқарастары				Ж.Баласағұни мен М.Қашқаридың әдеби, сыни, эстетикалық көзқарастарына салыстырмалы түсінік беру. 2		
3	3-дәріс. Эль-Фарабидің сыни-ағартушылық ойлары. «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат».	3	1			СОӨЖ-1: жоба-жоспарын жасау 2	6
	3- семинар сабақ. Эль-Фараби «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат».			1	Глоссарий: Эль-Фарабидің «Өлең өнерінің қағидалары туралы» трактаты бойынша 2		
4	4-дәріс. Қазақтың ұлы ағартушы демократтарының сыни ойлары	4	1			СОӨЖ-1: тезис дайындау. 2	6
	4- семинар сабақ. Ағартушы демократтар Ы.Алтынсарин мен Ш. Уәлихановтың сыни-ағартушылық сипаттағы еңбектері			1	Эссе: Ы.Алтынсарин мен Ш.Уәлихановтың сыни-ағартушылық көзқарастары хақында 2		
5	5- дәріс. Абайдың ағартушылық-	5	1			СОӨЖ-1: жазбаша мәтінін	6

	эстетикалық көзқарастары					дайындау 2	
	5-семинар сабақ. Абайдың эстетикалық ойла-ры мен сыншылық пікірлері			1	Көркем мәтінмен жұмыс: Абайдың қара сөздерін талдау 2		
6	6-дәріс. «Айқап» пен «Қазақтағы» әдеби сын	6	1			СООЖ-1: тұсаукесер дайындау. 2	6
	6-семинар сабақ. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіндегі әдеби-сыни ойлар туралы			1	Шолу-реферат: Мұқаметжан Сералиннің әдеби-сыни көзқарастары тақырыбында 2		
7	7-дәріс. Алашшыл әдеби сын	7	1			СООЖ-1: Қорғау. 3	8
	7-семинар сабақ. Алаш ағартушыларының сыни көзқарастары (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М. Дулатов т.б.)			1	Ғылыми мәтінмен жұмыс: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов еңбектері негізінде 3		
7	1-аралық бақылау	7			Студенттердің аралық кезеңде әдеби сыннан алған білімдерін эвристикалық әдісті қолдана отырып айқындау, бағалау.	20 балл:	

	2-бөлім. Қазақ әдеби сынының өркендеуі мен әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі.(1938- 1990,1991- 2016 жж).						
8	8-дәріс. ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы көркем әдебиет ұйымдарын қайта құру шаралары туралы	8	1			СОӨЖ-2: Ғылыми баяндама тақырыбын таңдау. 2	6
	8-семинар сабақ. ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы әдеби сын.			1	Әдеби сын мақала мәтіндерімен жұмыс: Отызыншы жылдардағы әдеби сынның қоғамдық сипаты 2		
9	9-дәріс. Соғыстан кейінгі дәуірдегі қазақ әдеби сыны	9	1			СОӨЖ-2: Баяндама идеясын анықтау. 2	6
	9-семинар сабақ. ХХ-шы ғасырдың 50-ші жылдарындағы қазақ әдеби			1	Көркем сөз оқу: Абдолла Жұмағалиев лирикалары және Қ. Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз»		

	сыны				поэмасынан үзінді 2		
10	10-дәріс. Жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы жылдарындағы қазақ әдеби сыны	10	1			СОӨЖ-2: Ғылыми баяндаманың мазмұндық-құрылымдық жүйесін түзу. 2	6
	10-семинар сабақ. Жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы жылдарындағы әдеби сынның дамуы			1	Баспасөз конференциясы: Сағат Әшімбаев-әдебиет сыншысы 2		
11	11-дәріс. Халық ауыз әдебиетінің зерттелуі	11	1			СОӨЖ-2: Баяндама тезисін жазу. 2	6
	11-семинар сабақ. Халық ауыз әдебиеті және әдеби сын			1	Салыстырмалы кесте: Халық ауыз әдебиетінің жанрлық түрлері тұрғысынан зерттелуі 2		
12	12-дәріс. Қазақ әдебиетінің тари-хын жаңаша жүйелеу және дәуірлеу мәселелері	12	1			СОӨЖ-2: Баяндаманы толық жазып шығу 2	6
	12-семинар сабақ. Қазақ әдебиеті тарихын жаңаша жүйелеудегі әдеби сынның			1	Слайд жасау: «Сын мен сыншы» Қазақ әдеби сынының көрнекті өкілдері жөнінде 2		

	рөлі						
13	13-дәріс. Кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетін жанрлық жағынан зерттеудің нәтижелері	13	1			СОӨЖ-2: Ғылыми баяндаманы терминдендіру 1	5
	13-семинар сабақ. Кеңестік кезеңдегі әдеби сынның жанрлық қалыптасуы			1	Прозалық, поэзиялық шығармаларға талдау жасау: С.Сейфуллин шығармалары бойынша 2		
14	14-дәріс. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби сын. (1991-2015 ж).	14	1			СОӨЖ-2: Ғылыми баяндаманы талқылау. 2	6
	14-семинар сабақ. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби сынның демократиялық сипаттары			1	Лириканы мәнерлеп оқудың партитура-сын жасау: М.Мақатаев лирикалары бойынша 2		
15	15-дәріс. Қазіргі әдеби сын: даму бағыттары	15	1			СОӨЖ-2: Қорғау. 2	5
	15-семинар сабақ. Қазіргі әдеби сындағы ізденістер.			1	Дөңгелек үстел: Қазіргі әдеби сынның даму бағыттары 1		
	2-аралық бақылау				АБ-2:	20 балл:	20

					1.Тест тапсырмалары	10 балл.	
					2.Әдеби талдау.	10 балл.	
	Барлығы	15	15	15	30	30	90
	Қорытынды бақылау:				Қорытынды бақылау	100 балл	
						30 %	
					1.Тест тапсырмалары	70 %	
					2. Ауызша бақылау:	40%	
					1.Сұрау-тапсырмалар	30%	
					2. Әдеби-теориялық талдау		
	Барлығы					300 балл	

4. Оқытуға арналған әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии –Алматы, 1992.
2. Қирабаев С. Қазақ әдебиеті тарихының қысқаша очерктері. – Алматы, 2005.
3. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы –Алматы, 2003.
4. Ысқақұлы Д. Әдеби сын тарихы – Алматы, 2012.
5. Серікқалиев З. Алтын жамбы -Алматы, 2001.

Қосымша әдебиеттер:

1. Ысмайылов Е. Сын мен шығарма. –Алматы,1960.
2. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері -Алматы, 1973.
3. Қаратаев М. Казахская литературная критика на современном этапе - А., 1974.
4. Ысқақұлы Д. Сын жанрлары -Алматы, ҚазАқпарат, 1999.
5. Жүсіпова А. Әдеби сын тарихы -Алматы, ҚазҰУ баспасы, 2008.

5. Бағалау критерийі

№	Жұмыс түрі	Баға (max балл)	Саны	Қосындысы
1	Дәріске қатысуы	15	15	15
2	Семинар сабаққа қатысуы	15	15	15
3	Сабаққа қатыспаған жағдайда	1		
	СӨЖ		2	100

1	СӨЖ-1: Кластер жасау. Бағалау критерийлері: - тақырыптың ашылуы; - көркемдік компоненттерді таба білуі; - проблеманы анықтай алуы; - өзіндік пайымдаулар жасай алуы.	7 балл 2 б. 2 б. 1 б. 2 б.	1	7
2	СӨЖ-1: Интеллектуалдық сайыс: Бағалау критерийлері: - жүйелі сөйлей білуі; - тақырыпқа қатысты теориялық білім тереңдігін танытуы; - ғылыми әдебиеттерден дәйектеме келтіре алуы; - өзіндік ой түйе алу шеберлігі.	7 балл 1 2 2 2	1	7
3	СӨЖ-1: Глоссарий жасау: Бағалау критерийлері: - әдеби терминдердің мағынасын ажырата алуы; - теориялық ұғымдарды дұрыс қолдану білігі; - стильдік сауаттылығы.	7 балл 3 2 2	1	7
4	СӨЖ-1: Эссе жазу: Бағалау критерийлері: - тақырыптың ашылуы; - мәселеге қатысты ғылыми жаңалықтардың қамтылуы; - жазу тілінің байлығы; - өз ойын шебер жеткізе білуі; - өзіндік тұжырым жасай алуы.	7 балл 2 1 1 1 2	1	7
5	СӨЖ-1: Көркем мәтінмен жұмыс. Бағалау критерийлері: - мәтін табиғатын тануы; - мәтіннің құрылымдық бөлшектерін ажырата алуы; - мәтіндегі образдылыққа қатысты компоненттерді тани білуі; - мәтіндегі стильдік ерекшеліктерді бағамдай білуі.	7 балл 1 2 2 2	1	7

6	СӨЖ-1: Шолу-реферат: Бағалау критерийлері: - тақырыптың ашылуы; - ой жүйелілігінің сақталуы; - өзіндік пайымдамалар жасай алуы; - рефератты рәсімдеу сауаттылығы.	7 балл 1 б. 2 б. 2 б. 2 б.	1	7
7	СӨЖ-1: Ғылыми мәтінмен жұмыс: Бағалау критерийлері: - тақырыптың ашылуы; - ғылыми байламдарды терең пайымдай алуы; - өзіндік ой түйе алуы.	8 балл 4 б. 2 б. 2 б.	1	8
8	СӨЖ-2: Әдеби сын мақалалармен жұмыс: Бағалау критерийлері: - тақырып пен идеяның ашылуы; - көркемдік компоненттерді таба білуі; - проблеманы анықтай алуы; - өзіндік байламдар жасай білуі.	6 балл 1,5 б. 1,5 б. 1,5 б. 1,5 б.	1	6
9	СӨЖ-2: Көркем сөз оқу: Бағалау критерийлері: - шығарманың жанрлық ерекшелігін түсініп оқуы; - сөйлемдегі ілгерінді ықпал мен кейінді ықпалды ажырата алуы; - оқыту партитурасы талаптарын сақтай білуі; - дауыс ырғағын басқара білуі.	6 балл 1 б. 1 б. 2 б. 2 б.	1	6
10	СӨЖ-2: Баспасөз конференциясы: Бағалау критерийлері: - ой жүйелілігі; - өзіндік көзқарасы; - сөйлеу мәдениеті; - өз пікірінің дұрыстығын дәлелдей алуы.	6 балл. 1 б. 1 б. 3 б. 1 б.	1	6
11	СӨЖ-2: Салыстырмалы кесте: Бағалау критерийлері: - талдау сауаттылығы; - проблеманы анықтай алуы; - өзіндік пайымдар жасай алуы; - көркем шығарманың өзара ұқсастығы мен айырмашылығын	6 балл 1 б. 1 б. 1,5 б. 3 б.	1	6

	анықтай алуы.			
12	СӨЖ-2: Слайд жасау: Бағалау критерийлері: - тақырыптың ашылуы; - аса қажетті материалдарды іріктеп ала білуі; - эстетикалық әсемдігі.	6 балл 3 б. 1 б. 2 б.	1	6
13	СӨЖ-2: Прозалық шығармаларды оқу партитурасын жасау: - шығарманың жанрлық ерекшеліктерін ажырата білу; - оқу партитурасының талаптарын сақтай білуі; - шартты белгілерді жетік білу.	6 балл 2 б. 2 б. 2 б.	1	6
14	СӨЖ-2: Лириканы оқу партитурасын жасау: - поэзия табиғатын ажырата білу; - ырғақ, бунақ, тармақ, шумақ т. б. қатысты ерекшеліктерді меңгеруі; - оқу партитурасына қойылатын талаптарды сақтауы; - шартты белгілерді жетік білуі.	6 балл 1 б. 2 б. 2 б. 1 б.	1	6
15	СӨЖ-2: Дөңгелек үстел: Бағалау критерийлері: - талқыланатын тақырыптың ғылымилығы; - ғылыми әдебиеттерден дәйектемелер келтіре алуы; - өзіне дейінгі айтылған ойларды таратып, дамыта талдау, ұсыныстар жасай білуі.	8 балл 3 б. 3 б. 2 б.	1	8
	СОӨЖ		2	30

1	СОӨЖ-1: Реферат-шолу Бағалау критерийлері: - ғылыми әдебиеттерді қамтуы; - материалды көшіріп алмауы; - ой жүйелілігінің сақталуы; - өзіндік пайымдамалар жасай алуы; - рефератты рәсімдеу сауаттылығы.	15 балл 3 б. 2 б. 4 б. 4 б. 2 б.	1	15
2	СОӨЖ-2: Мақала Бағалау критерийлері: - ой-пікірдің жаңашылдығы; - талапқа сай безендірілуі; - сілтемелермен жұмыс; - талдау сауаттылығы; - өзіндік тұжырым.	15 балл 3 б. 2 б. 4 б. 3 б. 3 б.	1	15
	Аралық бақылау			40
	АБ-1: 1.Әдеби шығармаларды талдау. Бағалау критерийлері: - тақырыбы, негізгі сарындарды анықтай алуы; - көркемдік компоненттерді анықтауы; - шығарма идеясы, негізгі концептілерді шығара алуы.	20 балл 7 б. 6 б. 7 б.	1	20
	АБ-2: 1.Тест тапсырмалары. Бағалау критерийлері:	20 балл		20
	30 сұрақ бойынша 29-30 = 26-28 = 23-25 = 20-22 = 17-19 = 14-16 = 11-13 = 8-10 = 5-7 = 2-4 = 0-1 = 2.Әдеби талдау. Бағалау критерийлері:	10 балл -10 б. -9 б. -8 б. -7 б. -6 б. -5 б. -4 б. -3 б. -2 б. -0 б. 10 балл		

	- тақырыбы, негізгі сарындарды анықтай алуы; - көркемдік компоненттерді анықтауы; - шығарма идеясы, негізгі концептілерді шығара алуы.	3 б. 4 б. 3 б.		
	ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ			100
	1. Тест тапсырмалары 2. Ауызша бақылау: 1) Теориялық сұрақтар Бағалау критерийлері: - теориялық білім дәрежесі; - ой жүйелілігі; - ой даралығы. 2) Әдеби-теориялық талдау Бағалау критерийлері: - теориялық сауаттылығы; - ғылыми әдебиеттермен, жаңашыл ой-пікірлерден хабардар болуы; - автордың өзіндік ой-тұжырымдарын бағалай алуы; - талдау сауаттылығы; - ғылыми стильде сөйлеу білігі.	30 БАЛЛ 70 БАЛЛ 40 балл 15 б. 15 б. 10 б. 30 балл 6 б. 6 б. 6 б. 6 б. 6 б.		
	БАРЛЫҒЫ			300 балл

Оқытушы
Кафедра меңгерушісі

А. Тамаев
Ж. Дәулетбекова

ҚОРЫТЫНДЫ

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, дамыту бағытына байланысты. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденген де ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деп айтқандай, үнемі ізденіс пен жаңашылдықты қажет етеді.

Ғылыми қауым назарына ұсынылып отырған 60-90 жылдарындағы қазақ әдеби сыны туралы зерттеу жұмысы үш тараудан, әр тарау үш тараушадан бөлініп қарастырылды. Онда бірінші тарау «XX ғасырдың 60-90 жылдарындағы қазақ әдеби сыны» деп аталып, онда үш тарауша көлемінде зерттеу жүргізілді: *Кезеңдік әдебиеттану және әдеби сынның даму тарихы, Көркем әдебиет сыны, Сын және әдеби байланыстар*. Атап өткеніміздей, алғашқы тарауда XX ғасырдың 60-90 жылдарындағы қазақ әдебиеттануы мен әдеби сынның даму барысын зерделеу үшін Еуропа және орыс зерттеушілері мен ғалымдары М.М.Бахтин, А.С.Бушмин, В.Белинский, М.Горький, А.В.Луначарский, В.М.Крюков, Л.А.Булаховский, О.П.Пресняков, В.В.Юдинцев, П.А.Николаев, А.С. Курилов, С.И. Машинский, Л.М.Землянов, В.В.Виноградов, т.б. белгілі ғалымдардың еңбектерін оқып, олардың маңызды ой-пікірлерін назарға алып отырдық. Әсіресе, орыс әдебиетінің көрнекті сыншылары – Белинский, Добролюбов, Плеханов, Луначарский еңбектерінің әдеби сынға қатысты бағалы тұжырымдарына көңіл аударылды. Сондай-ақ, сынның туу алғышарттары, қалыптасу жағдайлары, даму ерекшеліктері жайы, оның тарихын жүйелеу, жанрлық сипаттарын айқындау бағытында ғылыми тұрғыда сараптаған ғалымдарымыз – М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Қаратаев, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Р.Нұрғалиев, С.Әшімбаев, З.Серікқалиев, Д.Ысқақов, Ж.Дәдебаев, Б.Майтанов, А.Ісмақова, т.б. зерттеу еңбектері қарастырылды, олардың сын тұрғысынан зерттеген еңбектеріне тоқталып, әдеби сынның даму бағытын, нәтижелерін, ұлттық мұрамызға қосылған салмағын айқындауға ұмтылдық. Тарауда аталып өткен тараушалар бойынша көркем әдебиеттің жанрлары – поэзия, проза, драматургия салалары бойынша жарық көрген сол дәуірдің классикалық шығармаларына, олардың авторларының шығармашылық деңгейлері анықталды. Мәселен, поэзия жанрында Қ.Аманжолов, Ә.Тәжібаев, Т.Айбергенов, О.Сүлейменов, М.Мақатаев, Х.Ерғалиев, Ғ.Орманов, Ғ.Қайырбеков, С.Мәуленов, С.Сейітов, Ә.Жәмішев, М.Әлімбаев, Қ.Шаңғытбаев, С.Жиенбаев, Ж.Нәжімеденов, Ж.Әбдрашев, М.Айтхожина, Ф.Оңғарсынова, Қ.Бекхожин, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, т.с.с. талантты ақындар ұлттық поэзияның көркемдік көкжиегін кеңейтіп, тың серпін әкелгендігі әдебиет сыншылары тарапынан жоғары баға алғандығы деректі пікірлер арқылы түйінделді. Сондай-ақ, проза саласы 60-90 жылдары өзінің көркемдік сапа жағынан ең жемісті жылдар болғанын байқаймыз, М.О.Әуезовтің («Өскен өркен») прозалық шығармаларынан бастап, Б. Майлин («Азамат Азаматыч»), С.Мұқанов («Ботагөз»), Ғ.Мүсірепов («Қазақ солдаты», «Ұлпан», «Кездеспей кеткен бір бейне», ана тақырыбындағы цикілді әңгімелері), Ғ.Мұстафин («Қарағанды», «Миллионер»), Ә.Нұрпейісов («Қан мен тер» трилогиясы, З.Шашкин («Доктор Дарханов», «Теміртау»), Т.Әлімқұлов («Ақбоз ат»), Т.Ахтанов («Боран»), Р.Тоқтаров («Ғасыр наны»), Б.Соқпақбаев («Менің атым Қожа»), Ә.Нұршайықов («Ақиқат пен аңыз», «Махаббат қызық мол жылдар»), Ө.Қанахин («Күдірет»), Б.Момышұлы («Волокаламск тас жолы»), І.Есенберлин

(«Айқас», «Ғашықтар», «Алтын құс», Қ.Ысқақов («Тұйық»), Р.Тоқтаров («Сусамыр»), Қ.Жұмаділов («Соңғы көш»), З.Қабдолов («Жалын»), Ш.Мұртаза («Қара маржан»), М.Сәрсекеев («Жаңғырық»), А.Жақсыбаев («Егес»), Д.Досжанов («Дария»), С.Бақбергенев («Кентау»), Қ.Исабаев («Сұңқар самғауы»), Б.Нұржекеев («Бір өкініш, бір үміт»), т.б. көптеген жазушылардың роман, повесть, әңгіме жанрындағы шығармалары өз дәуірінің үнін, қоғам мен өмір шындығын суреттеуде ерекше дарындылық танытты. Драма жанры да ұлттық театр сахнасында ең таңдаулы шығармаларын халыққа ұсына алды, оны зерттеген ғалымдарымыз осыны таразыға тартып, сергек сын арқылы қаламгер туындысының көркемдік деңгейін өсіруге көп қызмет жасағанын аңғарамыз. Бұл орайда, М.Әуезовтің «Қазақ-кеңес дәуірі драматургиясының ірі табыстарының бірі – қазақ драматургиясының ең зор табысы саналатын Ғабит Мүсірепов жазған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» пьесасы болды» деген жылы лебізі классик жазушыға академик қаламгер тарапынан берілген әділ баға деп санаған жөн.

Шығармаларға талдау жасай отырып, К.Тоғысовтың «Надандық құрбаны», Ж.Аймауытовтың «Рәбиға», «Ескерту», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар», «Қанапия мен Шәрбану», «Шернияз», Қошмұхаммед (Қошке) Кеменгеровтің «Алтын сақина», «Парашылдар», «Ескі оқу», Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Ел ағасы», «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөз», «Абай», «Хан Кене», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Айман-Шолпан», «Тас түлек», «Шекарада», «Түнгі сарын», «Сын сағатта», «Намыс гвардиясы» (Ә.Әбішевпен бірігіп жазған), Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», «Бақыт жолына», Бейімбет Майлиннің «Шаншар молда», «Ел мектебі», «Неке қияр», «Айша», «Сәлде», «Көзілдірік», «Майдан», «Аманкелді» (Ғ. Мүсіреповпен бірігіп жазған), Ілияс Жансүгіровтің «Кек», «Түркісіб», «Біздің жігіттер», «Исатай-Махамбет», Сәбит Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов», «Күрес күндерінде», Ғабит Мүсіреповтің «Аманкелді» (Б. Майлинмен бірігіп жазған), «Ақан сері – Ақтоқты», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» операсының либреттосы т.б. көрнекті драматург-қаламгерлердің (Ж. Шанин, Ә.Тәжібаев, Ә. Әбішев, М. Ақынжанов, т.б.) пьесалары-спектакльдері ұлттық әдебиет пен театр өнерін дамытуға мол үлес болып қосылғанын атап өтіп, олардың көркемдік сапасы туралы қарастырдық. Үшінші тараушада әдебиеттер арасындағы рухани байланыстар зерттелді. Әдеби байланыстар – түрлі әдеби-тарихи және көркемдік-эстетикалық фактілердің өзіндік көрінісі ретінде үнемі ауысатын өте күрделі, көп қырлы диалектикалық құбылыс. Біріншіден, олар әдебиеттердің әлемдік деңгейдегі өсу жолдарына, екіншіден, әртүрлі ұлт мәдениетінің тарихына, үшіншіден, нақты әрбір қаламгер шығармаларына қатысты туындайды.

Ғалымдарымыз өз зерттеулерінде әр халықтың ұлттық ерекшеліктері, характер жасаудағы көптеген өзіндік әдіс-тәсілдерін анықтап, М.Шолохов, М.Айбек, М.Әуезов, Янка Купала, А.Умит, Самед Вургун, Қ.Аманжолов, Л.Киачели т.б. сынды қаламгерлер шығармалары арқылы әр халықтың ақын-

жазушыларының шығармалары формасы жағынан әр алуан болғанымен оларды бір-бірінен жақындастыратын, бәріне ортақ олардың шығармаларының идеялық бағыты, эстетикалық талғамы, қиял әлемінің шексіздігі, ізгілік көріністері көркем түрде бір арнаға тоғысып жатқанын сараладық. Әр тілде, әр түрлі формада туып, дамыған, ұлт республикалары әдебиеттерінің бір-біріне жақындығы, өзара байланысы осыдан аңғарылатынын ғалымдар еңбегіне сүйене отырып, атап көрсетілді.

Екінші тарау «XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби сынын оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері» деп аталды. Ол *«Қайта құру кезеңіндегі әдеби сын, алаш әдебиеті және тәуелсіз таным, әдеби сынның педагогикалық қызметі»* тараушаларынан тұрады. Бұл тарауда XX ғасыр басында жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының шығармашылық-мәдени мұраларының ақталуына орай, жаңа жағдайда отаршылдық саясаттың нәтижесінде бұрмаланып келген ұлттық тарихтың беттерін қайтадан қарап, бұрын зерделеуге тиым салынып келген мәселелерге жаңа көзқарас тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік туды. Зерттеу жұмысы осы мәселелер төңірегіндегі нақты деректермен, пікірлермен сабақтас қарастырылды. Отаршылдықтың қамытын сыпырып тастап, егеменді ел болуға ұмтылған тұсымызда осы идеяны жаңғырта жырлау, тәуелсіздік пен бірліктің сөзін айту әдебиеттің абыройылы міндеті болуы керек. Бұл қозғалыс жылдар бойы қалыптасқан тоталитарлық жүйеге, оның идеологиясына наразылықтан туындаған болатын. Бұрынғы бір жүйеге мойынсұнған одақтас мемлекеттер ыдырап, КПСС-тің құлауына әкеп соқты. Бұл өзгерістер алдымен ақпарат құралдарына әсер етіп, тек қана социалистік қоғамның сойылын соғатын телерадио және баспасөз еркіндік алуға ұмтылыс жасай бастады. Қазақ әдебиеті де кеңестік дәуірдегі қатаң бақылаудан серпіліп, өзінің жаңа бағытын айқындауға бет бұрды. Бұл тараудағы тақырыпшалар арқылы Алаш зиялыларының еңбектері, олардың ақталуы, ұлы шығармаларының халық санасын оятуына, ұлт мәдениетінің дамуына қосар үлесінің өлшеусіз екендігіне тоқталып өттік. Ондағы ғалымдар еңбектері, пікірлері арқылы зерттеу жан-жақты жасалды. Әсіресе, соңғы тараудағы ұлт көсемдерінің халықтық педагогикаға игі-ықпалының зор екендігі, бүгінгі жас ұрпақ санасын оятуда, болашақта халықтық мұраларды насихаттауда, жастарды ұлттық дәстүрде тәрбиелеуде, тілді терең білуде Алаш зиялыларының еңбектерінің маңызы зор екендігіне баса назар аударылды. Ұлт көсемі Абайдан бастау алатын ұрпақ тәрбиесі қалам ұстаған бар қазақ зиялыларының абыройлы ісі болғаны рас. «Әдеби сынды оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері» деп аталатын үшінші тарауда әдеби сынды оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері мен оларды ЖОО-да енгізу тәжірейбелері, оқытудың өзге пәндермен сабақтастығы мен ерекшеліктері, әдеби сынның ұрпақ тәрбиесіндегі рөліне назар аударылады. Бүгінгі таңда мемлекет көшбасшылары өз сөздерінде инновация тақырыбына үнемі тоқталады. Қазақстанда және ТМД елдерінде инновация мәселелері көптеген

жылдардан бері негізінен ғылыми-техникалық прогресстің экономикасы аясында зерттеліп келеді. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» атты Жолдауында айтылғандай, «білім жүйесінде жаңа идеялар мен көзқарастарды пайдаланудың» бірден-бір жолы осы технологияларды қолдануға тәуелді. Бұл ретте Алаш зиялыларының туған ұлтына – қазақ халқына жасаған өлшеусіз еңбегі ешқашан өлмейтіні сөзсіз. Ал олардан кейінгі буын өкілдерінің, қазақтың көптеген қаламгерлерінің шығармалары, соның ішінде көркем әдебиет сыны да ұлт пен ұрпақ тәрбиесіне мүмкіндігінше қызмет еткенін осы зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдарына жатқызуға әбден болады. Қорыта келгенде 60-90 жылдардағы қазақ әдеби сыны келешекте әлі де зерттей, зерделей түсуді қажетсініп отырған – қилы кезеңнің күрмеулі тақырыптарының бірі деп түйіндеген абзал.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. Жүз жылға татитын он жыл. Егемен Қазақстан, 2001, №291.
2. Луначарский А.В. Статьи о литературе. – Москва:1957.
3. Ысқақов. Д. Сын өнері. Қазақпарат. – Алматы: 2001.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 374 б.
5. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Алматы: Атамұра, 2003. – 216 б.
6. Добролюбов Н.А. Собрание сочинений в 3-х т. Госиздат. Худ. лит-ры. – Москва: 1952. 312 с.
7. Белинский В.Г. Собрание сочинений в 13-ти томах, 5-т. Москва: 1954. – 481с.
8. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. – Алматы: «Жазушы», 1993. – 315 б.
9. Қаратаев М. Көргенім мен көңілдегім. – Алматы: «Жалын»,1982. – 542 б.
10. Ысқақов Д. Әдеби сын тарихы. Оқу құралы. – Алматы: 2012. – 580 б.
11. Қабдолов З. Әдебиет теориясы. – Алматы: «Ғылым», 1976 – 421 б.
12. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 532 б.
13. Ысқақов Д. Сын өнері. – Алматы: «Қаз.Ақпарат» 2001.
14. Жәмішев Ә. Биік мәртебе. Әдеби сын. – Алматы: «Жазушы» 1974. – 370 б.
15. Жуковский В.А. Пол. собр. сочин. 3-том. – «Литературная Россия», 1964.
16. Корочетина А.М. Проблемы методологии советской литературной критики в 20-е годы. – Томск: 1986. – 347 с.
17. Плеханов Г.В. Методологические проблемы современного искусствознания. – Москва: «Молодая гвардия», 1976. – 298 с.
18. Бушмин А. Наука о литературе. – Москва: Изд-во «Восток», 1980. – 340 с.
19. Қазақ әдебиетінің тарихы. Кеңес дәуірі. 9-том. «Мәдени мұра» бағдарламасының кітап сериялары. – Алматы: «ҚазАқпарат», 2005. – 462 б.
20. Бердібай. Тарихи роман. Алматы, Санат, 1997. 183-187 беттер /ердібай. Тарихи роман. – Алматы, Санат, 1997. – 456 б.

21. Досанов С. Соны іздер. Алматы: «Жазушы», 1970. –382 б.
22. Бердібаев Р. Замана сазы: Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 320 б.
23. Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: «Жалын» ЖШС, 1997. –369 б.
24. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. (Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу). / Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: «Жалын», 1991. – 464 б.
25. Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалар. 1-кітап. Алматы: «Жазушы», 1948. – 521 с.
26. Мырзалиев Қ. Сөз сиқыры. Алматы: «Жазушы», 1982. – 316 б.
27. Нәжімеденов Ж. Қадыр Мырзалиев поэзиясы хақында. «Жалын» журналы. 1994, № 5-6.
28. Ысқақов Д. Әдеби сын тарихы. Алматы: «Таңбалы», 2012. – 580 б.
29. Ахметов З. «Абай жолы» қалай туған. // Қазақ әдебиеті, 1987. – 25-қыркүйек.
30. Жұмағұлов.С. XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы(1956-1991ж.ж). Қарағанды, 2008.
31. Әуезов М. Шығармалар. 12 томдық. 2-том. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 490 б.
32. Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалар. 2-кітап – Алматы: ҚКӘБ, 1950. – 472 с.
33. Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 1997. – 368 б.
34. Жирмунский В. Теория литературы. Поэтика. Ленинград. «Русская литература», 1977. – 462 с.
35. Конрад В.М. Запад и Восток. – Москва: «Наука», 1972. – 356 с.
36. Неупокоева Н.Г. Некоторые вопросы изучения взаимосвязей и взаимодействия национальных литератур. – Москва: «Просвещение»,1961. – 352 с.
37. Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. – Алматы: «Жазушы», 1966. – 293 б.
38. М.Қаратаев. Әдебиет және эстетика. – Алматы: «Жазушы», 1970. – 429 б.
39. Қирабаев С. Революция және әдебиет. – Алматы: «Мектеп», 1977. – 430 б.
40. Дүйсенов М. Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі. – Алматы: «Жазушы», 1962. – 331 б.
41. Базарбаев М. Әдебиет және дәуір. – Алматы: «Жазушы»,1966. – 343 б.
42. История русского литературы. 6-томный сборник. 1-том, – Москва: «Просвещение», 1970. – 548 с.
43. Пушкин А.С. Мысли о литературе. – Москва: «Советский писатель», 1988. – 321 с.
44. Әуезов М. Әдебиет жайлы ойлар. – Алматы: «Жазушы», 1987. – 576 б.
45. Ісмақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: «Ғылым», 2009. – 324 б.

46. Әбуов Қ. Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» беттерінен. – Алматы: «Атамұра-Қазақстан», 1994. 342 б.
47. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: «Алаш», 2003. – 408 б.
48. Нұрғалиев Р. Өнердің эстетикалық нысанасы. Алматы: Мектеп, 1979.
49. Серікқалиұлы З. Жандауа: Көркемдік ой танымына көзқарас, талдау, толғаныстар. – Астана: Елорда, 2004. – 400.
50. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: «Білім», 1998. – 372 б.
51. Жұртбаев Т. Ұраным – Алаш. – Астана: «Фолиант», 2007. – 363 б.
52. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана. 2002. – 528.
53. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Жалын», 2002. – 412 б.
54. ҚР ҰҚК архиві материалдары. №7854-іс, 7-том.
55. Сейфуллин С. Кітапта: Бес арыс: естеліктер, эсселер және зерттеулер. – Алматы: 1992. 532 б.
56. Ғабдуллин Н. Замандас келбеті. – Алматы: «Жазушы», 1972. – 352 б.
57. Әбдиманұлы Ө. Әдебиетімізге мысал жанрын әкелген. «Абай» журналы, 2001, №3.
58. Молдаханов Ә. М.Әуезов – фольклорист. – Алматы: «Ғылым», 1997. – 252 б.
59. Нұрғали Р. Ұлт ұстазы. «Егемен Қазақстан» газеті, 200. – 26 - қыркүйек.
60. Дербісалин. Ә. Ыбырай Алтынсарин. Өмірбаяндық эссе. – Алматы: «Жазушы», 2006. – 276 б.
61. Шонанұлы Т. Оқыту әдістемесі мен програм жолындағы дамуымыз. Жаңа мектеп. 1927. № 10, 20-б.
62. Тәжібаев Т. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы ағарту ісі педагогикалық ойдың дамуы. – Алматы: Қазмембас, 1962. – 507 б.
63. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасының очерктері. – Алматы: ҚМОПБ, 1962. – 210 б.
64. Бержанов Қ., Мусин С. Педагогика тарихы. – Алматы: «Мектеп», 1971. – 242 б.
65. Қабдолов.З. Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері (ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы, 1993.
66. Елеуқенов. Ш. Мағжан: өмірі мен шығармагерлігі. – Астана: 2009. 231 б.
67. М.Базарбаев. Таңдамалы шығармалар. Көрікті ойдан – көркем сөз. – Астана: 2009 – 435 б.
68. Жұмабаев М. Таңдамалы (Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар). – Алматы: «Ғылым», 1992. – 520 б.
70. Досмұхамедұлы Х. Аламан. /Құрастырып, алғысөз және түсініктемелерін жазған Ғ.Әнесов, т.б. – Алматы: 1992. – 426 б.
71. Қирабаев С. Мектеп және қазақ әдебиеті. Алматы: «Мектеп», 1979. – 348 б.
72. Әуезов М. О Уақыт және әдебиет. Оқу ісі. – Алматы: 1962. – 395 б.

73. Сұбханбердина Ү. Қазақ. Алаш. Сарыарқа. – Алматы: «Ғылым», 1993. – 362 б.
74. Уақыт және қаламгер. Сын жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1993. – 376 б.
75. Тоқбергенов Т. Ай мүйіз. – Алматы: «Жазушы», 1990. – 343 б.
76. Оразаев Ф. Қазақ әдебиетін зерттеушілер. – Алматы: «Ғылым», 1997. – 355 б.
77. Омаров І. Әдеби толғамдар. – Алматы: «Жазушы», 1988.
78. Тілешов Е. Суреткер және көркемдік әдіс. – Алматы: 2005.
79. Исмақова А. Бүгінгі компаративистика: жаһандану – интертекст – мәдениеттер диалогы // Аударма теориясы мен тәжірибесі... (Респ. ғыл. теор. конфер. мат-ы) – Алматы: 2006. – 373 б.
80. Әбдіманұлы Ө. «Ақтаңдақтар» ақиқатын айтқан. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №9. – Алматы: «Қазақ университеті», 1997.
81. Литературный энциклопедический словарь. – Москва: «Наука», 1987. – 632 с.
82. Мағауин М. Шәкәрім. // «Жалын» журналы, 1988, №2.
83. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Шығармалары. II-том. – Алматы: 2007. 424 б.
84. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – «Фолиант», Астана. 2002. – 452 б.
85. Мұқанов С. Көркем әдебиет туралы. // «Еңбекші қазақ», 1926,14-қазан.
86. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: «Ғылым», 2001. – 385 б.
87. Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: «Қазақстан»,1992. – 273 б.
88. Тоғжанұлы Ғ. Әдебиет және сын мәселелері. – Қызылорда: 1929. – 230 б.
89. Майтанов Б. Сөз сыны. Зерттеулер. – Алматы: «Ғылым», 2002. – 344 б.
90. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 446 б.
91. История Всемирной литературы. 7-т. – Москва: «Просвещение», 1991. – 512 с.
92. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылық тұтқасы. // «Жұлдыз» журналы, 1991, №6.
93. Байтұрсынұлы А. Бастауыш мектеп. // «Қазақ» газеті, 1914, 9-мамыр.
94. Бөкейханов Ә. Есеп. // «Қазақ» газеті, 1916, 15-қазан.
95. Нұрғали Р. Әуезов және Алаш. – Алматы: «Санат», 1997. – 389 б.
96. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: «Білім», 2000. – 276 б.
97. Аймауытов Ж. Бес томдық шығар. жинағы. 1-т. Алматы: «Ғылым», 1996. – 325 б.
98. Дулатова Г. Шындық шырағы. – Алматы: ОПО «Полиграфия», 1995. – 452 б.
99. Жұмабаев М. Шығармалар. 3-томдық.1-т. – Алматы: «Білім»,1995. – 235 б.
100. Сұбханбердина Ү., Сейфуллина Д. Қазақ кітаптарының шежіресі. – Алматы: «Рауан»,1996. – 432 б.
101. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: «Мектеп»,1988. – 326 б.
102. Қамзабекұлы Д. Руханият. – Алматы: «Білім»,1997. – 258 б.
103. Тәжібаев. Ә. Жылдар.Ойлар. – Алматы: «Жазушы», 1976. – 384 б.

104. «Социалистік Қазақстан» газеті, 1989, 14-қаңтар.
105. Сүлейменов Б. Ыбырай Алтынсарин. «Соц. Қазақстан», 1945, 15-қыркүйек.
106. Нұртазин Т. Абай және орыс классик әдебиеті. «Майдан», 1945, №2.
107. Сәтбаева Ш. Әдеби байланыстар. – Алматы: «Ғылым», 1974. – 335 б.
108. Уақыт және қаламгер. Ұжымдық жинақ. – Алматы: 1990. – 366 б.
109. Бахтин М. Эстетика словесного творчества. – Москва: 1979. – 342 с.
110. Байтұрсынов А. 5 том. шығ. жин. 1-т., Өлеңдер, әдеби-ғылыми зерттеулер. – Алматы: 2003. – 208 б.
111. Белинский В.Г. Үш томдық шығармалар жинағы. II том. – Москва: 1948. – 394 с.
112. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедогогикасы – ұлттық мәдениеттің негізі. // «Қазақстан мектебі», 1999, №10.
113. Сманов Б. Көркем шығарманы талдау әдістемесі. – Алматы: «Ұлағат», 2011. – 344 б.
114. Алаштың тілдік мұрасы. Мақалалар жинағы. – Алматы: «Кие» лингвоелтану орталығы, 2009. – 364 б.
115. Көшімбаев. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Алматы, 1969. – 243 б.
116. Әуезов М. Шығармалардың елу томдық толық жинағы. 4-т. – Алматы: «Ғылым», 2001. – 358 б.
117. Кәкішев Т. Сын сапары. – Алматы: «Жазушы», 1971. – 274 б.
118. Үсенов Ә. Көркем әдебиет сабағының түрлері // «Ауыл мұғалімі», 1936, №3.
119. Әрінова Б. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы.: Монография. – Алматы: «Жазушы», 2004. – 152 б.
120. Тренерге арналған нұсқаулық. Бірінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015. – 257 б.
121. Үлестірме материалдар 1-апта. 3-5-күн. Бірінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015. 19-28 - бб.
122. Ананьев Б.Г. Психология. – Москва: «Просвещение», 1976. – 340 с.
123. Дәулетбекова Ж.Т. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. (Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация) – Алматы: 2008, 174-б.
124. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2013. – 448 б.